Бранить — ұрсу
Заступился — болысты

15

Подряд — қатарымен
Завалена — басылған
Грязнились — былғанды
Загрязненный. Запачканный —
былғанған
По вешкам — белгі ағаштармен
Прояснилась — ашылды
Защищенные — қорғалған, -ды
Рассыпали — шаштық
Жадностью — қомағайлықпен
Захватывали — асады, қар-
мады
Засмотревшись — қарап тұ-
рып қалып

16

Линяет — түлейді
Самое меньшее — ең азы
Вершинам — биліктері
Подножия — етегі
Зрение — көргіштік
Слетает — ұшып шығады
Кругов — айналыс
Слету — ұшып келген ек-
пінмен
Сопrotивляется — қарсы-
лық көрсетеді
Отгрызть — шайнап тастау
Хватают — ұстайды
Морду — тұмсығын
Сжимают — қысады
Грудь — кеуде
Задыхается — тұншығады

17

Истребляют — көзін жо-
ғалтады
Вредят — залал келтіреді
Рогами — мүйізімен
Косяк — айғыр үйірі
Жеребцы — айғырлар
Приходится — тура келеді
Уничтожают — қырады,
жоғалтады
Стрихнином — умен
Капканами — қақпанмен
Отравляют — улатады,
ашытады
Падаль — жемтік
Вдали — алыста
Набрасывается — ұмтылады

18

Воют — ұлиды
Морозная — аязды
Заржали — кісінеп қоя
берді
Отбивались — алысып жүрді
Оггонял — қуып тастап
отырды
Подоспели — жетті

19

С женой — қатынымен
Ухаживаем — күтеміз
Оставленным — қалдырылған
Заучиваю — оқимын
Обматывает — орайды
Рукавицы — қолғап
Вьет — иіреді
Веревку — жіп
Сноха — келін, жеңеше
Чинят — жамайды, бүтіндейді
Сбруя — қамыт сайман
Вслух — дауыстап

20

Узнавать — білу
Застанет — тап келсе
Сбивает — тайғызады
Сворачивает — бұрады
Следить — байқау
Меняется — ауысады
Направление — беті
Задует — қайта соғады
Помнить — ұмытпау, есте
тұту
Стихает — тынышталады,
тынады
Собьется — адасады

21

Чиновники — шенеуніктер,
төрелер
Скрывают — жасырады
Правду — шынды
Живется — тұрылады
Гимн — ұран
Молитвы — дұға
Нужды — мұқтажы
Приказал — бұйырды
Стрелять — атуға

Сотен — жүздеген
Объединиться — бірігу

22

Проводят — өткізеді
Заботится — қам қылады
Приближение — жақын-
дағаны
Края — жақтарға
Перья — қауырсындар
Пушистое — мамығырақ
Например — мысалы
Еж — кірпі
Ящерицы — кесірткелер
Редко — сирек
Пчелы — ара
Муравьи — құмырсқа
Ульях — ара ұяларында
Муравейниках — құ-
мырсқа илеуінде

23

Детство — балалық
Рассказ — әңгіме
Бедно — кедей, жүдеу
Одних лет — жастас
Живой — еті тірі
Умный — ақылды
Шаловливый — тентек
Ссорились — ұрысты
Мирились — татуласты
Булка — нан
Строго — қатал
Наказать — жазалау
Выручил — құтқарды

24

Родился — туды
Жестоко — қатты
Преследовали — қуғын
жасады
Трудящихся — еңбекші-
лердің
Вождем — көсемі

Основал — жасады
К победе — жеңуге
Создал — туғызды
Во главе — басында
Правительство — өкімет
Подорвал свои силы — ден-
саулығын азайтып алды

25

Похоронный марш — қаралы
марш
Жертвою — құрбандық болып
Пал — сұлады
Неустанной — қайтпаған,
талмаған
Из любви — сүйгендіктен
Мир — дүние
Любимый — жақсы керген
Шагает — адымдайды
Грядущее — келешек
Маяк — мұнара
Масс — қалың жұрттың
Славное — жақсы, ізгі
День траура — қаралы күн
Памяти — ескерткіш

26

Козы — ешкі
Доят — сауады
Прокорм — асырау
Полезнее — пайдалырақ
Козье — ешкінің
Дорогой — қымбат

27

Дойной — саулы
Поят — суарады
Реже — сирегірек
Болеет — ауырады
Бить — ұру
Пугать — қорқыту
Уменьшается — кемиді

Немолочных — сүтсіз
Держать — ұстау
Молочную — сүтті
Улучшать — арттыру,
асылдандыру
Породу — затын
Породистого — текті
Быка — бұқаны
Бурая — қызыл
Отелилась — бұзаулады
Загнутые — иілген
Отдельно — жеке
ыл сайын
Телок — ұрғашы бұзау-
ларды
Благополучно — аман-есен
Вымер — қырылды
Постарела — қартайды
Нынешнем — биылғы
От старости — кәріліктен

29

Война — соғыс
Произошла — шықты
Оттого — сол себепті
Государство — мемлекет
Забрать — қолына алу,
жиып алу
Побольше — көбірек
Оружие — қару
Фронт — фронт
Подвозился — тасылып
келіп отырды
Голод — аштық
Перестали — қойды
Требовали — керек қылды,
табуға бұйырды
Хлеба — нанды
Буржуазии — байларға

30

Поспорили — бәстесті, та-
ласты
Спор — дау, талас

Зажиточных — малды,
аукатты

31

Котел — кәтөл, кара бакыр
Приезжих — келгендерді
Сварилось — қайнады
Охапку — құшақ

32

Кончается — бітеді
Рубят — шабады
Дождливую — жауынды
Ленивые — жалқау
Нарубят — шауып болады

33

Переносят — шыдайды, атқа-
рады
Суровую — қатты, суық
Попону — жабу
Хороши — жақсы
Голодать — ашығу

34

Кормить — асырау
Берегут — сақтайды
Рано — ерте
Приплод — төл

35

Спасла — құтқарды
Прокатиться — жүріс жүру

Накануне — жаңа да, ал-
дында
Рассмотреть — анықтап көру
Повернул — бұрдым
Быстрее — тезірек
Поворачивала — бұра тар-
тады
Влево — солға
Вправо — оңға
Тянет — тартады
Слушала — тыңдады
Темнеть — қараңғы болу
Заблудился — адастым
Отпустил — босатып жі-
бердім
Поводья — тізгінді
Если бы не лошадь — ат
болмаса
Было бы — болар еді
Замерзнуть — үсіп қалу

36

Запасы — қоры
Беречь — сақтау
Разрезают — бөлшектейді
Вывешивают — іліп қояды
Клетки — кілеттің
Коптит — ыстайды
Портиться — бұзылу
Жалуются — қамығады
Скисло — ашып кетті
Покрылось плесенью —
көк басып кетті

VII. Весна

1

Между — арасында
Уступать — жол беру
Побеждает — жеңеді
Пробуждается — оянады
Зверьки — кішкене аңдар
Почки — түбіршіктер
Счастливы — бақытты

2

Работницы — жұмыскер
эйелді
Равноправие — бірдейлік
Митинг — жиын
Нянчить — бала жуату
Детские очаги — балалар
отары

3

Протекает — агады
Тронулась — түсті, бұзылды
Журчащие — сарқыраған
Ручейки — өзенсымақтар
Накопилось — жиылды
Разлилась — жайылды

4

Жеребыми — буаз бие
Ворону — қоңыр
Ожеребится — құлындайды
По вымени — желінінен
Поместили — кіргіздік
Окотилась — қоздады
Выклевала — шоқып кетті
Раздавить — басып өлтіру,
таптап тастау

5

Ранний приплод — ерте туған төл
Появившихся — пайда болған

6

Отелилась — бұзаулады
Попробовала — байқады
Поворачивает — бұрады
Заранее — алдын ала

7

Удержалась — аман қалды
Организованы — ұйымдасқан
Малосознательны — санасы ашылмаған
Войска — әскер
Опытом — тәжірибесімен

8

Вести — хабар

Распеваает — әндетіп айтады
Расцветать — гүлдену
Повсюду — бар жерде

9

Докармливает — жегізеді
Приучаются — үйренді
С лапшой — кеспемен

10.

Подняться — тұру
Беспокоят — мазасын кетіреді
Отмахнуться — қағынып құтылу
Исхудальный — арықтаған, көтерем
Неровном — тегіс емес жер
Продует — жел өтеді

11

Таять — ериді
Поправляет — түзетеді
Остатки — қалдығы
Балки — сырғауыл, мөткелер
Выставляет — тігеді, шығарып қояды

12

Завернутый — оралған
Придерживая — сүйеп
Шатается — теңселеді
Уводят — алып кетеді

13

Задули — соқты
Полянки — далашықтар

14

Растения — өсімдіктер
Овощи — шөп жемістер

Плоды — жемістер
Луковицы — түбірі
Корни — тамыры
Лекарство — дері

15

Прилет — ұшып келуі
Постепенно — аз-аздан
Вестниками — хабаршысы
Проталинки — қары кеткен жер
Прошлогодние — былтырғы
Вскроются — түседі, ашылады
Быстрокрылая — ұшқыр құс

16

Третьего дня — үшінші күн
Нюхали — иіскеді, -дік

17

Скучили — үйдік
Некрасивые — сұлу емес
Лохматая — ұзын жүнді
Вылиняли — түледі
Гладким — жылтыр, тегіс

18

Сельскохозяйственные — ауыл шаруашылық
Роздал — таратып берді

19

Согрелась — жылынды
Сев — егін тегін
Ветреную — жалыққан
Задолго — көптен, бұрын
Гнилые — шіріген
Прорастают — өседі
Засухи — құрғақшылық

20

Трактор — тірәктірі
Перепуг — қорқыныш
Катит — ағызып келеді
Самокатчик — өзі айдағыш
Заводить — жүргізу
Братся за разум — ақыл табу
Артелью — әртелмен

21

Прокатный пункт — уақытша пайдалануға мәшине беретін орын

22

Из кладовой — қоймадан

23

Огород — қауын, қарбыз бақ-шасы
Посадить — отырғызу
Морковь — мәркөп
Свекла — іспеклі
Репа — шалқан
Горох — бұршақ
Лук — сарымсақ
На солнечной стороне — күн жақта
Натягивали — тартты
Отмеривали — өлшеді
Грядки — өсімдіктер орнатылған жолдар
Копали — қазды
Комья — түйірлерді
Разбивали — ұсаттық, -ты

24

Интересно — қызық
Гимнастика — кемнәстике
Завтракают — таңертеңгі тамақ

Огурцы — кияр
Наблюдать — байқау
За природой — табиғатты
Обязательно — міндет

25.

По-прежнему — бұрынғыша.

26.

В озерах — көлдерде
Пристает — жабысады
Бег — жүгіріс
Блестящими — жылтырауық

27

Пестрая — шұбар
Ядовитая — улы
Добралась — жетті
Ползает — жорғалайды
Застыла — қатып қалған

28

29

Тяжкой — ауыр
Невзгоды — бейнетгер, ауырт-палықтар

30

Зарабатывали — еңбекпен тапты
Обуты — аяқкиімді
С богачами — байлармен

31

Сказочка — кішкене ертегі
Сочинил — шығарды
Яички — жұмыртқаша
Гусенички — құрттар
Куколки — қуыршақшалар
Надоело — мазасын кетірді
Затыкала — басты, кептеді

32

Загрязнилась — былғанды
Издохшая — өліп қалған
Павшее — серейіп қалған
Вывезти — бір жаққа алып шығу
Навоз — боктық
Зарьгь — көму
Очагом заразы — жұқпалы аурудың ұясы
Вычистив — тазартып

33

Крошка — кішкентай
Мошка — шыбынқай, шіркей
Надоедает — мазаны кетіреді
Смахнешь — қағып жібересің
Пищит — ысылдайды
Злится — ашуланады

34

Истребление — көзін жоғалту
Уничтожение — жоқ қылу
Задние лапки — артқы аяқтары
Осматриваясь — қаранып
Некуда — барар жер жоқ
Наружу — тысына
Силками — тормен

35

Волосатые — жүндес
Кузнечиков — шегірткелерді
Жуков — қоңыздарды
Букашек — шыбын-шіркейлерді
Опасные — қауіпті
Размножаются — көбейеді
Поедают — жеп қояды
Червей — құрттарды
Улиток — ешкімайларды

Личинки — тұқымдарын
Разорайте — ойрандандар
Гнезд — ұяларын

36

Общими силами — біріккен
күшпен
Пришлось — тура келді
Лишний — артық

37

Суетится — қарбаласады
Торопится — асығады
Куда-то — әлдеқайда
Из-под — астынан
Муравей — құмырсқа
Перетаскивает — тасиды
Стебли — шөп сабақтарын
Кувывается — домалайды
Взбирается — шығады
Еле заметный — зорға көрі-
нетін
Паучок — кішкене өрмекші
Паутинку — өрмегін
Перебирает — таппақарайды
Крошечная — кішкентай ғана
Оттолкнулся — итерілді
Подпрыгнул — секіріп мінді

38

Засушивать — кептіру
Состоит — құралады
Выкопать — қазу
Верхушка — бас жағы
С проволочной сеткой — сым-
нан жасалған сүзгімен
Перекладывая — аударысты-
рып
Промокательной — сорғыш
Оберточной — бұл орағыш
Стянуть — тану
Ремнем — қайыспен

Расправить — түзету
Приклеить — жапсыру
Клеевая бумага — желім
қағаз
Приклеено — жапсырылған
Сорвано — жұлып алынған
Местность — жер, өлке

39

Велел — бұйырды

40

Готовит — дайындайды
Жилье — үй
Клочки — үзіктері
В глубине — түбінде
Родятся — туады
Разжует — шайнайды
Проглотит — жұтады
Через некоторое время —
біраз уақыттан соң
Отрывает — қайта құ-
сады
Жевать — шайнау
Растит — өсіреді
Выпадает — түседі
Достается — жаза тартады
Беспоощдно — аямай

41

Закат солнца — күннің бағуы
Был невредим — ештеңе
залал келтіре алмайтын

42

Самая любимая — ең жақ-
сы көретін
Зашивают — тігеді
Опускают — салады
Подают — береді, ұсынады

43

Жалобно — аянышты

44

Бабочки — көбелектер
Наряде — сәнді киімде
Пятнышек — шұбар таңбалары

45

Кружились — айналды
Присесть — отыруға
Порхать — ұшып шығу

46

Прибыли — келдік
Прожили — тұрдық, -ды
Водопой — суғаруға

Направит — беттетеді
Заходят — кіреді
Особенно — әсіресе

47

Окраска — бояуы
Хлебов — астықтың
Цвести — гүлдену, ену
Пользуйтесь — пайдаланындар
Загореть — күнге күйу
Окрепнуть — әлдену
Забывайте — ұмытындар

Примечание

1. Летовка — джайлау — жайлау
2. На жеребятах — на таях — тай үстінде
3. Кошчи-союз Кошчи-союз бедноты — қосшы одағы
4. Арканом — круком — арқанмен, құрықпен
5. Коновязи — желы — желі
6. Сыр — курт — құрт
7. Кислое молоко — ирkit — см. 19.
8. Бочонку — сабе — сабаны орысша атау үшін көп сөз керек болды. Сондықтан “бөшке” деп алынды.
9. Пахталка — писпек — піспек
10. Кизяк — тезек
11. В котле — қазанда
12. Решетчатой стенке юрты — кереге.
13. Площадку — ореше — өре.
14. Циновку — чий — ши

15. Узбекских чайных и столовых — чайхана и асбузул-шайхана.
16. Сюда! Сюда! — Кель, кель! — кел! кел! (мында, мында деген мағынада да айтылады).
17. Качели — алтыбакан — алтыбакан.
18. Богачи — баи — байлар.
19. Кислое молоко — айран — айран (айран мен ірkitтің айырмасы түсіндірілсін)
20. Загородку для ягнят — коген қозы күрке. Орысша “кодей” деген сөзді аударып болмайды, сондықтан “қозы күрке” деп алынды.
21. Сыромять и палки — ту — лак и сабау — “сірі, таяқ”. тулақ, сабау деген түсінікте алынды.
22. Зимний убой скота — согум — соғым.
23. Молозиво — ууз — уыз.

ОГЛАВЛЕНИЕ

I. Воспоминание о лете

1. Летнее утро. Стих. Никитина	75
2. На летовке	75
3. Доеение кобыл	75
4. Мой жеребенок	76
5. Скачки на жеребят	76
6. Летом. Из “Мал. Турк.” I ч	77
7. Как мы сторожили ночью овец	77
8. Сепаратор в ауле	77
9. Как варят сыр	78
10. Красная юрта	80
11. Комсомольцы в ауле	80
12. В ночном. Из “Мал. Турк. I ч.”	81
13. Стрижка ягнят	82
14. Беседа с пастухом	83
15. Ярмарка	83
16. Нападение волка на стадо	84
17. Волчонок	85
18. Перепелятник	86
19. Пожар в степи	87
20. Откочевка от летовки	88
21. Жеребенок захромал	88
22. Степь. Стих. Никитина	89
23. Качели	89
24. Ак сюек	89

II. Школа

1. В школе. Из “Мал.” Турк. I ч	91
2. Школьная армия. Д. Амичис	91
3. Наша выставка. Из кн. “Мак”	92
4. Календарь погоды. Из хр. “Наш язык”	92
5. Просьба книжки. Из “Мал. Турк”. I ч	92
6. Школа	93
7. Ученическое собрание. (“По новому пути”)	93
8. Октябрьский праздник. Из кн. “Мак”	94
9. Как жили при царе. Из кн. “Мак”	94
10. Как боролись рабочие за власть. Из кн. “Мак”	94
11. Интернационал	95
12. Казахстанский праздник. Из “Жана Арна”	96
13. Праздник Казахской республики	96

14. Приготовление к празднику Октябрьской революции. Из кн. "Мак"	97
15. За работу. Из кн. "Мак"	98
16. Порядок. (По "Нов. пути")	98
17. Парнишка о книжке. Стих. А. Ширяевца	99
18. Хоровая песня. Из "Журнала юных пионеров"	99.
19. Встреча Алима с пионерами (По рассказу И. Чикина)	100
20. Что обещает пионер? Из кн. "Мак"	102
21. Смена комсомола. Из "Мал. Турк." II ч.	102
22. Школа в ауле	102
23. Новая школа	103

III. Осень

1. Сенокос. Стих. Дрожжина	104
2. Сенокосилка	104
3. Поездка в зимовку	105
4. Сенокос. Стих. Майкова	105
5. Сенокос	106
6. Наши посевы	106
7. Жатва	107
8. Признаки осени. Стих. Из "Мал. Турк." II ч	107
9. Осень. Из кн. "Мак"	108
10. Как пастухи варят молоко	108
11. Перевозка сена в зимовку	109
12. Осенью. Из "Мал. Турк." I ч	110
13. Осенняя стрижка овец	110
14. Трепка шерсти	111
15. Валяные кошмы	111
16. Поездка отца в город	112
17. Про серого зайчишку. Из "Мал. Турк." I ч	113
18. Бедный заяц. Из "Жана Арна"	113
19. Приготовление зимовки к переезду	113
20. Переезд в зимовку	114
21. Отправление лошадей на зимнее пастбище	114
22. Не хвастай прежде времени. Из кн. "Мак"	115
23. Осень. Из "Жана Арна"	115
24. Кто сильнее всех на свете? Из кн. "Мак"	116
25. Осенний перелет птиц	116
26. Рыбная ловля	117
27. Конфискация имущества у баев	118

IV. Охрана здоровья

1. Береги зуб. Из кн. "Мак"	120
2. Слепой. Из "Мал. Турк." II ч	120

3. Школьная санитарная комиссия. Из "Мал. Турк." II ч	121
4. Как бороться с сыростью. Из "Жана Арна"	121
5. Дыши носом! Из "Мал. Турк." I ч	121
6. Не кусайте ногти!	122
7. Охрана здоровья весной. Из "Жана Арна"	122
8. Постель — наше жилище. Из жур. "Юные строители"	123
9. Как Кусаин болел чесоткой	123
10. Прачка. Стих. Шервинского	125
11. В зимовке	125
12. Как заражаются чахоткой	126
13. Из дневника школьника. Из кн. "Мак"	126
14. Как был наказан знахарь	127
15. Беседа с доктором. Из "Мал. Турк. II ч"	128
16. Как уберечься от заразы	128

V. Город и аул

1. В городе. Из кн. "Мак"	130
2. Кузнец. Из хр. "Красная зорька"	131
3. Отправление каравана в город	132
4. Караван в пути	132
5. Письмо из аула	133
6. Что везут по железной дороге? (По "Нов. пути")	133
7. На кирпичном заводе. Из кн. "Мак"	134
8. Плотники. Из кн. "Школа и деревня." III ч	135
9. Что говорит поезд? Из хр. "Игра и Труд"	135
10. Поселок в нашей волости	136
11. Отчего бывает джут	136
12. Как спасти скот во время джута	137
13. Поезд	137
14. Отец поехал в город. Из "Жана Арна"	138
15. Песня пильщика. Из кн. "Школа и деревня III ч."	139
16. Сапожник. Стих. Шервинского	139
17. Новые меры. Из кн. "Мак"	140
18. В праздник на аэродроме (По "Смене")	140
19. Пожарная команда (По "Нов. Пути")	141
20. На каланче пожарной	141
21. После пожара	142
22. Автомобиль. Из хр. "Игра и труд"	142
23. На заводе. Из кн. "Мак"	142
24. Красноармейцы. (По "Нов. пути")	142
25. Красноармейская. Стих. Д. Бедного	143

VI. Зима

1. Зима. Стих. Сурикова	144
2. Первый снег	144

3. Снежинки. Из “Мал. Турк.” I ч.....	144
4. Зимний вечер. Стих. Пушкина.....	145
5. Зимние забавы. Из жур. “Юные Строители”	146
6. Катанье с гор. Из “Мал. Турк.” I ч.....	146
7. Жилман. Из “Жана Арна”	147
8. Снежиночки. Стих. Из “Мал. Турк.” I ч	147
9. Как мы убили хорька	148
10. Охота на лисицу	149
11. Зимний убой скота	149
12. Как зимой пасти овец	150
13. Заготовка мяса. Из “Жана Арна”	150
14. Как строили аккала. Из “Жана Арна”	151
15. Во время бурана. Из “Жана Арна”	152
16. Охота с беркутом.....	153
17. Как истребляют волков.....	154
18. Нападение волков на табун	154
19. Зимние работы. Из “Жана Арна”	155
20. Как узнавать дорогу во время бурана	155
21. 9 января 1905 года. Из кн. “Мак”	156
22. Как разные животные проводят зиму (по “Новому пути”)	156
23. Детство Ленина. Из кн. “Мак”	158
24. Ленин. Из кн. “Мак”	158
25. Похоронный марш. Из кн. “Мак”	159
26. Коза. Из “Жана Арна”	159
27. Уход за дойной коровой. Из “Жана Арна”	160
28. Бурая корова. Из “Жана Арна”	160
29. Февральская революция. Из “Мал. Турк.” II ч.....	161
30. Кто полезнее?	161
31. У табунщиков	162
32. Наше топливо	162
33. Как домашние животные переносят зиму	163
34. Зимний уход за животными.....	163
35. Лошадь спасла.....	164
36. Запасы мяса	165

VII. Весна

1. Весна. Из кн. “Мак”	166
2. Восьмое марта. Из кн. “Мак”	166
3. Речка. Ашшису	167
4. Весенний уход за скотом	167
5. Ранний приплод.....	168
6. Черная корова отелилась. Из “Жана Арна”	168
7. 18 марта — день Парижской Коммуны. Из кн. “Мак”	169

8. Весенние вести. Стих. Из “Мал. Турк.” I ч	169
9. Уход за ягнятами. Из “Жана Арна”	170
10. Худой скот. Из “Жана Арна”	170
11. Весенние работы. Из “Жана Арна”	170
12. Верблюжонок.....	171
13. В марте. Из ”Жана Арна”	171
14. Что дают нам растения. (По “Смене”).....	171
15. Прилет птиц.....	172
16. Маленькие ягнята.....	172
17. Табун вернулся с зимнего пастбища	173
18. Приготовление к посевам.....	173
19. Как надо сеять. Из “Жана Арна”	174
20. Трактор. Стих. Из. “Мал. Турк.” I ч	174
21. Трактор	175
22. Перед началом весенних работ.....	175
23. Огород (По “Смене”)	175
24. Пионеры в лагерях (По “Смене”).....	176
25. Выставлена юрта.....	176
26. Домашние животные линяют.....	177
27. Змея. Из “Жана Арна”	177
28. Аул. Из “Жана Арна”	177
29. Первое мая. Из “Мал. Турк.” I ч	178
30. Почему празднуют 1-е мая. Из кн. “Мак”.....	178
31. Колина сказочка. В. Шамма	178
32. Почему нужно весной очистить зимовку	179
33. Комар. Из кн. “Мак”	179
34. Истребление сусликов	180
35. Враги и друзья человека. Из “Жана Арна”.....	180
36. Работали общими силами. Из “Жана Арна”.....	181
37. Сколько жизни в траве. Из кн. “Мак”	181
38. Как надо засушивать растения. Из кн. , “Мак”	182
39. Первая кочевка	182
40. Волчата. Из “Жана Арна”.....	183
41. Черная корова	183
42. Молозиво (Ууз)	185
43. Ягнята	185
44. Бабочки	185
45. Четыре бабочки. Из “Кн. для рассказывания”	186
46. На озере Карагол	186
47. Задание на лето. По “Мал. Турк.” I ч	187
48. Словарь (постатейный).....	188

**XIX ғасыр
мен XX ғасыр
басындағы қазақ
әдебиетінің оқу
кітабы**



І. ӨЛКЕНІҢ ПАТША ҮКІМЕТІНЕ БАҒЫНЫП, ОТАРЛАНУ ДӘУІРІНІҢ ӘДЕБИЕТІ

Қай халықтың болса да әдебиеті экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдениеттік жағдайларының өзгеруіне байланысты өзгеріп тұрады. Сондықтан XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін тексеру үшін бізге алдымен сол ғасырдағы қазақ халқының жоғарыдағы айтылған жағдаятын шолып, мүмкін қадерлі зерттеу керек. Бірақ бұл жөнінде біз бір қауым ірі қиыншылықтарға кездесеміз. Бұл қиыншылықтар мыналар:

Бірінші, қазақ халқының күні бүгінге дейін жазба тарихы жоқ. Жазба тарихы болмаған жерде өткен ғасырдың әдебиетін, мәдениетін дұрыс тексеру мүмкін емес.

Екінші, біз әдебиетін зерттегелі отырған XIX ғасырдағы қазақ халқының экономикасын, саяси-әлеуметтік, мәдени жағдаятын жекелеп тексерген деректер өте аз, бәрі сыңаржақ, үстем таптардың айқын мақсаттарын орындауды көкеспе жасалған тексермелердің деректері: мұсылман дінін таратпақ болған молда-қожалардың, христиан дінін таратпақ болған миссионер-поптардың, қазақ жерін отарламақ болған патша үкіметі шенеуніктерінің, патшаның отарлау саясатын ғалымдық теориямен нығайтпақ болған буржуазияшыл күншығысшы “ғалымдардың”, үкімет етегінен жем жеп, “шен алып, шекпен кимек болған” қазақтың байшыл-бекшіл оқығандарының және “ұлтшылдарының” тексермелерінің деректері.

Сондықтан мұндай деректерді өте сақтықпен тандап-тандап пайдалануға тура келеді.

Үшінші, XIX ғасырда қазақ халқының белгілі жолға түскен жазу мәдениеті болмаған, халықтың байтақ еңбекшілер бұқарасы тегісінен сауатсыз болған. Үстем таптың билеуші адамдары орысша, арабша, парсыша оқып, жазып-сызуды осы тілдерде жүргізген.

Осылай болғандықтан, сыңаржақ тарихи деректерді тандап пайдаланып, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетін зерттеумен қатар сол ғасырдың ауыздан-ауызға, атадан балаға ауызша түрде көшіп

келген, неше түрлі жамау-жасқау көрген әдебиет материалдары арқылы тарихи жағдайларды сұлбалауға тура келеді және әдебиет мәселелерінің өзін де, көбінесе, осы материалдарға сүйеніп тексереміз. Кейін келетін басқа дәуірлер әдебиеті туралы екі мақалада да осылай болады.

Ерте ғасырлардағы, яғни қазақ халқының (ол күндерде рулардың) Шыңғыс қол астында, оның ұрпағы Алтын орда хандарының қарамағындағы жүрген уақытындағы әдебиетінен¹ біздің қолымызда салмақты деректер жоқ болса, шығарушысы, шығарған уақыты белгісіз сағымдатқан ауызша әңгімелер, фольклор материалдары. Шығарушысы белгілі, уақыты қасталған², байланысты уақиғасы белгілі әдебиет жұрнақтарын біз XVIII ғасырдың аяғынан бастап қана көре бастаймыз. Бұлай болуының себебі, сол мезгілден бастап қазақ халқының экономикалық, әлеуметтік өміріне мәдениеті жоғары, жазба әдебиеті бар Ресейдің отаршыл патша үкіметі араласа бастайды. Қазақ халқының XVIII ғасырдың аяғындағы, XIX ғасырдың ұзын бойындағы әдебиеті негізінде, бір жағынан, осы патша үкіметінің отарлау саясатына қарсылық тартысын, екінші жағынан, өзара жасаған таптық тартысын суреттейді.

Елінің байтақ еңбекшілері сауатсыз, әйелдері құқықсыз, құнсыз, мәдениеті жоққа тақау, ішін бір жағынан қожа-молда жайлап, бастарын дін уымен улап, екінші жағынан қайырымсыз хан, жебір би, зорлықшыл батыр неше түрлі сұмпайы әдет-ғұрыпқа, рудың “аруағына” бағындырып, көпшілігін қанаған қазақ халқы сақарада желдей көшіп-қонып жүрген. Кәсібінің негізі мал өсіру болған. Диқаншылық кәсібі, я басқа кәсіптер аз, ергежейлі түрде болған. Сауда-саттық айырбас түрінде жүргізілген. Қоныстың кеңі, жердің шұрайы, көштің жолы күшті, елді ата ұлдарының қолында болып, нашар атаның ұлдары, кедей еңбекшілер байлардың, билердің күні бітпес, құны жоқ, ақысы аттың майы, сиырдың сүті, жүн-жұрқа, ескі киім, құлы болған. Ру намысы үшін, ата аруағы “ұран” үшін надан, байдың қоңсысы байтақ еңбекшілер көрші елдермен, рулармен соғысқа шығып, үстем таптың мерейін көтерген, өздері қырғын тапқан. Мәселен, 1733 жылы қазақ халқы тегісіне жақын дегендей

жоңғар қалмақпен соғысып, қырғын тауып, аты шулы “Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама” уақиғаларына ұшыраған³.

Үстем таптың ықпалынан шыға алмаған, уақиғаның түпкі сырына қанаушы үстем таптың мақсаты үшін, сол таптың айдауымен қырғын тапқанына тереңдеп ой жібере алмаған надан, ықтиярсыз “құл” ақындар:

Мына заман қай заман, қысқан заман,
Басымыздан бақ-дәулет ұшқан заман... —

деп, жәлені “тағдырға”, “Кұдайға” жауып, “Ақтабан шұбырындының” қырғынын ақтайды, үстем таптың соқыр шоқпары болып қырғынға ұшыраған кедей-қоңсылар бұқарасын:

... Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса шығар көзден жас.
Тар қолтыққа оқ тисе,
Тартып алар қарындас.
Қарындасың жоқ болса,
Жауда қалар жаңғыз бас...
... Қарағай бойы қар жауса,
Жұтамайды сауысқан.
Қанды қалпақ кисе де,
Айырылмайды туысқан... —

деп жырлап, тап дұшпаны, қанаушы хан-би, бай-молдалар табына телиді, тап бейбітшілігін үгіттейді, аруақ тебірендіріп, кедей-қоңсылар байтағын қанаушы таптың айналасына қайтадан жинайды.

Міне, XVIII ғасырда қазақ елінің экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени жағдайлары осындай еді.

Бұл шақ Ресей патсалы үкіметінің (самодержавие) күшейіп, сауда капиталының нығыздалып, жан-жаққа өріс теуіп, базар іздей бастаған шағы болатын.

Ресей патсасы Петр 1717 жылы Сібір губернаторы Гагаринге “қазақ пен қалмақ шабысуында қазаққа жәрдем жаса” деп бұйрық береді.

Мырза Тепкіліп жазуларының бірінде⁴ былай дейді: “1722 жылы ұшпақты, биік даңққа лайықты патша ағзам ұлы Петр қазреттері жанында Парсы жорығында мен құпия істер жөнінде бас тілмәш болып едім. Сол жорықтан қайтып келгесін патша ағзам қазреті ұлы Петр өзінің отаны Ресей империясы үшін пай-

далы бір тілек тіледі. Бұл тілегі көптен естіліп келе жатқан, бірақ бұл күнге дейін ешкім анық білмеген қырғыз-қайсақ ордаларын Ресей қол астына қарату еді. Бұл тілекті орындау жұмысына мені қоспақ болды. Бұл ордалардың Ресейге бағынуына бар ыждахатыңды сал, миллион сом болса да шығыннан қашпа, тек бір жапырақ қағазбен болса да бұл ордалар бізге бағынатындығын білдірсін деп маған тапсырды. Неге десеңіз, 1722 жылы патша ағзам қазреті ұлы Петр Парсы жорығында және Астрахань қаласында болған уақытында ол ордалар туралы әркімдерден сұрастырып біліп, ол далалық қырғыз-қайсақ ордалары жеңілтек, ақылсыз халық болса да, бүкіл Азия елдері мен жерлеріне кілт, дарбаза (қақпа) деді”.

Дәл осы кездерде қазақ халқына қалмақтар қатты шабуыл жасайды. Болат хан өлгеннен кейін бүкіл қазаққа ұлы хан Әбілмәмбет болады. Әбілқайыр хан бұған разы болмайды. Қазақ хандарының іші ірі бастайды. Әбілқайыр өзіне қараған Кіші жүз қазақтарымен күн батысқа қарай шегініп барып, орыс патшалығына бағынбақ болып, 1730 жылы Петерборға елші жібереді. Қатын патша Анна елшіні қабыл алады. Әбілқайыр ханды қарамағындағы кіші жүз қазақтарымен қабыл алып, қол астына кіргізген. Бағынған жердің булантын (панын) алып қайтуға қатын патша жоғарыда айтылған Тепкіліп мырзаны, бірнеше “сенімді башқұрт” Упі ақсүйектерін, казак орыстарды, екі жер маманы опецерді елшіге қосып жібереді. Орта жүз Ұлытауға шегінеді. Ұлы жүз Тәшкенге қарай келіп, қалмаққа бағынады.

Қамалып, екі бүйірден қысылған Орта жүз қазақтары 1738 жылы күншығысқа қарай шығып барып, Ертіс бойын қоныс етеді. Орта жүздің Әбілмәмбет ханының тұсында қалмақпен соғыста Абылайдың даңқы көтеріледі. Соғыста қалмақтан жеңіліп, Орта жүздің қазағы Орынборға қарай үркіп, 1740 жылы Әбілмәмбет пен Абылай орыс патшасына бағынамыз деп ант береді. Бірақ Әбілмәмбет пен Абылайдың бұл анты баянды, тиянақты болмайды. Орта жүздің қазағы қалмақпен сан соғысады. Кейде жеңіп, кейде жеңіліп жүреді. Сол кездерде Абылай ресми түрде хан болады. Қазақтың жауы қалмақ, орыс, қокан, башқұрт т.б. болады. Аздап та болса қалмақ жеңіліс тапқан уақытта Абылай

өзіне ерген Орта жүздің қазақтарымен күншығысқа қарай өрбиді. Қытаймен одақтаспақ болады. Қытаймен шекаралас болып орнығу үшін қырғызды жаулайды.

Бірақ бұл шақта қазақ елінің ішінде бірлік, бүтіндік болмайды. Орыс үкіметіне бағынған елдердің үстем таптарының өзі екі жарылады: бірқатары патша үкіметімен күйіркелесіп пайдаларын тауып, оған тілекші болады; бірқатары патша үкіметіне көнбей, бұрынғы өз бетіндікті, өзі бастап-төстеп жүруді аңсайды. Мұндай патша үкіметіне, оған берілген хандарға наразы жіктер қамауға түскен бөрідей шетке ауытқып, тиіп-қашып соғыс жасап жүрген Абылайды бел қылады. Абылайдың өзінің қарамағындағы ру басылар да берік, бірауызды бола қоймады: Абылайға бір ру қосылып, екінші ру айырылып, Абылайдың қарамағы дәйім өзгеріп тұрады.

Осылайша өзгеріп, сынаптай ойнап, дәйім қайшыласып тұрған Абылайдың күйін, әрине, оның қарамағындағы үстем тап, ру басылар білген. Абылай қаншама ер, шебер, ұйымдастырғыш адам болғанмен, ол тек қана киіз қарақшы, даңқты ұран, ал қозғалысты билеуші, жетектеуші үстем тап.

Мұны біз ол кездегі (XVIII ғасыр) әдебиеттен көреміз. Абылайдың тұстасы, тізелес биі Бұқар ақын шығармаларын тексерсек, біресе Абылайдан ауа жайылғандарды “сен қашсаң да, мен қойман, жауған қардай себелеп” деп (“Керей, қайда барасың?”) өлең сөзбен бел көрсетіп, қашқан байталды қайырып үйіріне тыққан айғырдай Абылайға әкеліп бағындырады. Абылайды дәріптеп, халық алдында беделін арттырады, көсем өзін Абылайдың аруағына құл етіп көрсетіп отырады: екінші жағынан керек жерінде Абылайға тізе көрсетеді, патша үкіметіне бағынам деп берген антын бұздырады, Абылай орыспен соғыспақ болғанда, соғыспа деп тоқтата салады, тілін алғысы келмеген Абылайды “сен күні кеше Үйсін Төле бидің есігінде жүрген құлы едің!” деп сөгеді. Абылай Арғынның белді биі Бұқар жыраудың дегенінен аса алмайды.

Бұл Бұқар сияқты үстем таптың ақындарының көркем шығармаларында суреттелген XVIII ғасырдағы қазақ әлеуметшілік өміріндегі қайшылықтар тарихи мұра есебінде XIX ғасырға да көшеді. Бұқар XIX ғасырдың наразы ақындарына⁵

жол салып, жөн сілтеп кеткен тәрбиеші есебінде болады. Әрине, XIX ғасырдағы тарихи жағдайлар XVIII ғасырдағыдан басқаша, сондықтан XIX ғасырдың әдебиетінде де басқалық, айырым көп. Бірақ жалпы сарыны, мотиві бір.

Қазақ тарихын сұлбалап (шектегенде) бірінші дәуірі 1456—1730 жылдар арасы⁶ деуге болады; неге десейіз, 1456 жылдардан бастап қазақ туралы үздіксіз тарихи мәліметгер кездеседі (парсы жазушысы Мұхамбет Хайдардың қазақтың Қыпшақтан қашып Моңғолстан, Ташкен келген Жәнібек, Герей хандары туралы әңгімесі⁷, тағы осындайлар). Бұл қазақтың өзін өзі билеген дәуірі. Екінші дәуірі 1730—1822 жылдар арасы. Бұл дәуірдің басы қазақтың Ресей патша үкіметіне бағынуы. Үшінші дәуірі 1822—1891 жылдар арасы. Бұл дәуірдің басында (1822 жылы) “Сібір қазақтары туралы устав” жүзеге асады. Хандар үкіметі жойылып, аға сұлтандар қойылады. 1891 жылы дала заңы (степное положение) шығып, қазақ елі Ресейдің басқа елдерімен бірдей билене бастады. Бұл дәуірдің аяғы 1917 жылы февраль төңкерісіне ұштасып, ұлы Октябрь төңкерісінде біржола жойылады.

XIX ғасырдың басынан-ақ патша үкіметі қазақ даласын шындап отарлай бастайды. 1822 жылы шыққан “Сібір қазақтары туралы устав” бойынша, бұрынғы хандар қалып, қазақ елі округтік приказ арқылы биленеді. Округтік приказдың бастығы аға сұлтан, оның жанында қазақтан сайлап қойған екі адам, патша үкіметінің өзі қойған екі орыс жәрдемшілері болады. Аға сұлтандық лауазым атадан балаға мирас болып көшіп тұрады. Аға сұлтан майор шенінде болып, тоғыз жыл қызмет еткеннен кейін аксүйектік дәрежесін алады.

Бұл аға сұлтандар облыс бастығына бағынады. Сондықтан бұрынғы хандармен салыстырғанда елді аға сұлтандардың билеуі қазақ халқының өз бетіндік ықтияры анағұрлым тарылғанға есеп болады. Дәл осы мезгілде патша үкіметі қазақ даласына крепость-қалалар салып, айнала қоршай бастайды. Бұл крепость-қалалардың салынуына қазақ елінің патша үкіметіне наразы жіктері өзінше қарсылық жасайды. Мәселен, 1822 жылы

Қарқаралыны саларда қарсылық жасап, Өгізбай деген батыр соғыста өледі, 1824 жылы Баянды саларда Жасыбай батыр өледі, 1830 жылы патша үкіметінің Сібір қазағына сайлап қойған соңғы хан Уәли Абылай баласының рызалығын алған болып, үкімет Абылай ханның қонысына барып Көкшетауды салады. Қазақтар бұған да қарсылық жасайды. Қарсылықты бастап ұйымдастырушы Абылай ұлы Қасым, Қасымның Есенгелді, Саржан деген балалары болады.

Мұндай дәуірдің мұндай кезеңінде қалың бұқараның наразылық ереуіл қимылын үстем таптан шыққандар — қазақта не төрелер, не ру басылар бастап кететіні болады. Қара шаруа көтерілісінің нәтижесі кем бола беретіні де осындай таптық тазалығы кем болудан шығады. Қазақтың тірегі тайған ақсүйектері ендігі жерде басқа барар жер, шығар төбесі болмаған соң, осындай бұқара ереуілін пайдаланып, соны бастай кетеді. Шынында, Кенесары жорықтарының бәрін соның өзінікі ғана деуге болмайды. “Жауды көпшілік қашырып, жақсы аты Баракқа қалып” көптен кіндігі үзілмей келе жатқан бұқара наразылығының көрініске шығу түрлерінің бұл бірі ғана.

Бұл кезде Орынбор далаларында билеу түрі басқаша болды. Мұнда хандық лауазымы ресми түрде жойылған болып есептелсе де, қазақ елін патша үкіметі тікелей билеген жоқ болатын. Ел билеуші патша үкіметі бекіткен хандар, сұлтандар болатын. Орта Азиядағы Қоқан, Самарқан, Хиуа, Бұқар хандықтарын⁸ бел етіп қазақтар патша үкіметіне тегіс бағына қойған жоқ-ты. Сондықтан бұл кезеңде қазақ даласындағы наразылық көтерілістердің күрделі көрінісі есебінде Исатай Тайманұлының (ішкі Бөкей ордасында) және Кенесары Қасымұлының көтерілістері⁹ тұрды.

Орынбор далаларындағы қазақтарды бүтіндей тыншайту ниетімен 1845—1853 жылдар арасында Ырғыз, Торғай, Ақмешіт, Қазалы крепостері салынды.

XVIII ғасырдың аяғында Нұралы ханның Бөкей деген баласын бас қылып, Кіші жүздің бір бөлек елі Еділ-Жайықтың арасынан қоныс алады. 1801 жылы Бөкей патша үкіметінен бөлек хандыққа рұқсат алады. Сөйтіп ішкі, я Бөкей ордасы пайда болады. 1816 жылы Бөкей өледі. Орнына жас баласы Жәңгір хан болады¹⁰.

Бұл Жәңгірдің заманында патша үкіметі қала салу саясатын ішкі ордада да жүргізеді.

Бұл кез қалалар салынып, қазақ руларының айналасы қоршалып, араларындағы көшіп-қону қатынастар азаюмен қатар, сол қалаларға арналып жер кесіліп, қазақ қонысы да тарыла бастаған еді. Мәселен, Орынбор қазақ-орысының қазақ жерінен кесіп алған қонысының мөлшері 7 миллион, Сібір, Жетісу қазақ-орыстарының қонысы 5 миллион десятін шамалы. Осы ретте Бөкей ордасының қонысы да тарыла бастайды. Патша үкіметі Еділ бойында қалалар салдырып, қазақты Еділден ысырады. Жайық бойының қазақ-орыстары қазақты Жайықтан ысырады. Орыстың балықшылары қазақты теңізден ысырады. Терістік жақтағы жақсы жерлерге үкімет диқаншы орыс қара шаруаларын орналастырды. Сүйтіп ішкі орда қазақтары орталықтағы Нарын құмына үйіріледі. Қонысынан айырылған қазақ пен патша үкіметі әкеліп қоныстандырған орыс бұқарасының арасында жанжал-шатақтар туады. Қазақ елі Петербордағы патша мен оның үкіметінің саясатынан болып отырған пәле екенін түсінбейді. Ұраны: “Орыс атаулы — дұшпанымыз!” деп, патша саясаты арқылы келген келімсек орыс еңбекшілерімен жауығады.

Патша үкіметінің бұл саясатының түп сыры Жәңгір ханға да жат емес. Жәңгір бұрынғы хандардың жолын бұзып, бойын қара халықтан аулақ сала бастайды. Қасына орыс әскерінен күзетші алады. Елге қатаң пәрмендер жүргізе бастайды: “Сиынғанымнан сүйенгенім күшті” деген принципке түседі. Сүйтіп Жәңгір хан патша үкіметінің “генерал губернаторына” айналады.

Мұның үстіне Жәңгір ноғай түпті Тевкелевтің қызын алып, осы күнгі Орда қаласында тұрған Жасқұс деген мешітті салып, ислам дінін күшейту әрекетіне кіріседі. Бұл мешіт шынында жоғарыда айтылған патша үкіметінің саясаты бойынша крепость-қала салудың бастамасы еді. Қала салып әкімшілігін күшейткен, мұсылмандықты көтерген Жәңгірдің айналасына ноғайдың, башқұрттың молда-қожалары, тілмаштары неше түрлі кулары жиналып, ел билеу жұмысына араласа бастайды. Бұлардың келуінен патша үкіметі, әлбетте, бейхабар емес: бұлардың көбі

үкіметтің өзі жіберіп отырған агенттер. Бұл келімсектердің ішінде Қарауыл Бабажанов деген қайратты, білімді қожа болған¹¹. Мұның Жәңгір қызын алған, Қарауыл ханның бас биі болып, хандықтың барлық билігін өз қолына алған. Бұрынғы хандар заманынан заң болып келе жатқан хан қасындағы 12 би¹² 12 ойыншық, киізқарақшы есебінде болып қалған.

Салдырып жатқан қаланың, хан қасындағы патша әскерінен құрылған қарауылдың, ордадағы келімсек төрелердің рас-ходына көп пұл керек болған. Мұның барлығы халықтан жиылған. Салықты зекет түрінде, түтін ақы түрінде, хан соғымы түрінде жиған. Салықты малдай, ақшалай, киіз-жүндей, тары-құмаршықтай, ет-майдай жия берген. Мұндай ауыр салық елді титығына жете шаршатқан.

Мұның үстіне Жәңгір баяғы тарылған қоныстан өзінің қасындағы келімсегі бар, жергіліктісі бар билеріне жер кесіп береді. Жәңгірден жер алып, помещик (алпауыт) болған билер жерлерін шаруа қазақтарға жалға берді; жерлеріне қазақтың малы түссе, шөп ақы алады, көш жолдарын кеседі, тағы осындай ауыртпалықтар туғызады.

Мұнымен қатар Жәңгір-Қарауылдар патша үкіметінің “жар да биле” деген ескілікті саясатын қолданып, қазақтың үстем табы ру басы билерді екі айырып, араз қылып ұстайды. Беріштің Исатай, Бұлқы деген билерін екі айырады. Бекмағамбет Өтеміс баласы деген биді інісі Махамбеттен айырып ұстайды. Байбақты Сырым баласы Қазаны өзіне би жасап, Жаныс биді сыртқа тебеді.

Шаруасы кеміп, кедейленіп, күйі орыстың крепостнойларының күйіне жеткен қазақ бұқарасы Жәңгір ханға наразы болады. Ханның Қарауыл сияқты помещик-билеріне халықтың қаны қараяды. Халық көтеріліске дайын болады. Бұл дайындықты наразы ру басы би-батырлар пайдаланады. Көтеріліс басталады. Көтерілістің басшысы Исатай би Тайман баласы болады. Исатай көтерілісінің ұраны — Жәңгірді түсіру, Қарауыл сияқты жауыз билерді құрту, шарифатпен ел билеуді жойып, әдет-ғұрыппен билеуді жүргізу, жер алып, қоныс тарылтқан келімсектерді қуып жіберу. Бұл ұран тұрғысынан қарағанда, Исатайдың көтерілісі айқын программа жоқ орыстың қара шаруа көтерілістері есебінде болған.

Қазақтың бұл күйін Исатайдың қанды көйлек жолдасы, қолбасы батыры, қызыл тілдің өнерімен айналасына ел жиған ұйымдастырғыш ақын Махамбет:

... Мұнар да мұнар, мұнар күн,
Бұлттан шыққан шұбар күн.
Буыршын мұзға тайған күн,
Бура атанға шөккен күн.
Бұлықсып жүрген мырзадан
Бұрынғы дәулет тайған күн.
Қатарланған қара нар
Арқанын кесіп алған күн.
Алма мойын аруды
Ат көтіне салған күн.
Бұлайдай ерді кескен күн,
Буулы теңді шешкен күн.
Сандық толы сары алтын,
Сапырып судай шашқан күн... —

деп суреттеген.

Хан мен патша үкіметінің әскерінен Исатай Тайман баласы жеңіліп, аздаған жолдасымен Жайықтың сол бетіне қашып өтеді. Бері өткесін Жәңгір ханға сыйспай, Хиуаға ауып кеткен Қайбылы Имановпен ұстасып, Бұқарадан жәрдем алып, патша, хан әскерімен қайта соғыспақ болады. Бірақ бұл әрекетінен нәтиже шықпай, 1838 жылы сұлтан-правитель Баймағамбет Айшуақов отрядымен соғыста Исатай оққа ұшып өлді.

Мұны XIX ғасырдың әуелгі он жылдықтарындағы қазақ халқының әдебиеті осы Исатай көтерілісі сияқты көтерілістерді, осы көтеріліске негіз болған экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайлардан туған осы кезең әдебиетінің басты шығарушысы, ақыны — Өтемісұлы Махамбет.

Махамбет шығармалары дәуіріндегі өз бетіндік, ықтиярлық сақтаймыз деген патша үкіметіне жаттығып жанаса алмаған үстем тап жігінің, оған еріп жүдеген шаруамызды көтереміз деп сенген бұқара көтерілісінің ұраны. Шығармалардың мотиві:

“...Келе алмадық келіске,
Бара алмадық қонысқа.
Жағалай қонып қонысқа
Тағы да жақын келдік орысқа.
Ат басына соқтырып,

Ата-енені сөктіріп,
Нәлет болсын, жігіттер,
Біздің осы жүрген жүріске!”
Ту түбінен тұлпар жығылса,
Шаппаған нәмарт оңар ма?!
Қарындастың қамы үшін,
Қатын менен бала үшін,
Қайырылмай кеткен жігіттің
Өзін кәпір алғанын
Талақ деп айтпай болар ма?!” —

деген қайрау, наразылық, өлгенге қарамай қарсыласу, қиратпа қимыл мотиві.

Махамбет шығармаларында жалынды қызу ұран сөздермен қатар сондай жалындылықпен өткенді көксеу, кейінге сүйреу бар: теңеу суреттері ылғи ескілік “бүркіт”, “сұңқар”, “дулыға”, “тағы тарпаң”, “ас болған алты малта”, “өздерін быт-шыт қылып жеңген үкіметтің зеңбірек-доптарын көре тұрса да, “қияқты найзаны”, “қозы жауырын қу жебені”, тағы сондай жабайылық соғыс құралдарын мақтау, дәріптеу шығармаларда көп ұшырайды.

Көтерілістің себебі — патша, хан үкіметіне наразылық. Көтеріліс жасаушы — байтақ наразы шаруа бұқарасы. Көтерілісті бастаушы — үстем таптың кертартпа наразы жігі. Көтерілістің айқын-айқын саяси программасы жоқ. Сондықтан бұл бастаушы үстем таптың тұрғысынан заманындағы күресті суреттеген Махамбет шығармалары да бағытсыз, қиратпа қимылдың, программасыз партизандықтың сарыны басым сезіліп отырады. Бұқар Абылайды хан, бір кіндікті үкімет қарашысы етіп дәріптесе, Махамбет Исағайды:

“...Толғай, толғай оқ атқан,
Он екі тұтам жай тартқан,
Қабырғасын қақыратқан.
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан...” —

деп ертегінің алып еріндей етіп суреттей келіп, Жәңгірге қарсы ұран, орысқа қарсы үгіт жүргізеді, қимылға шақырады, ел тағдырын ру басы ақсақалдар шешкен ескі дәуірді көксейді, қоныстың тарылғанын уайым-зар етеді, бірақ Жәңгір тұсындағы қалың бұқараны жанышқан ауыр салықты әңгімелейді, патшаға

айқын түрде қарсы болмайды, “патша алыста, онда жазық жоқ, жазық Жәңгірде, оның билерінде, қонысымызды тарылтқан “кәуірде” (орыс)” дегендей болады; сүйтіп Исатай бастаған үстем тап наразы жігінің бізге тарихи мәліметтерден белгілі өзімізше ғұрып-әдетке сүйеніп ел билеуге мүмкіндік берсең, саған шын қарашы боламыз деп, патшаға берген өтініш-арыздың салт-санасы Махамбеттің шығармаларынан толық сезіледі.

XIX ғасырдың әуелгі он жылдықтарындағы әдебиет шығармалары үстем таптың наразы жігі басталған халық көтерілістерін, олардың төңкерісшіл қимылдарын, кертартпа көксеулерін, женуден үміт үзіп түңілгендіктерін, жене қалған күнде қоғамдық өмірді қалай құру жөнінде белгілі программаның жоқтығын, өздерінің күшіне сенбегендіктерінен, берік ұйымының жоқтығынан, жоғарыда айтқандай берік мақсатының жоқтығынан туған табансыздығын, әлеумет өміріндегі үстем тап жіктері арасындағы, үстем тап пен еңбекші бұқара арасындағы, бүкіл қазақ елі мен патша үкіметі арасындағы, хан мен қара арасындағы, патша мен хан арасындағы қайшылықтарды елестетеді.

Жеңілетініне көзі жете тұрып, өлсек те берілмей соғысып қарсыласып өлейік деп қимылға шақырған Махамбеттің шығармаларына тұстас бұл кезеңде:

“...Айқайдан шыққан ақ бөкен,
Қашып қайда құтылар?
Құрулы қақпан жатқан соң,
Қашып қайда құтылар?
Мойнына бұғау атқан соң, —

(Қайырлы)¹³

деп патша үкіметіне бағынудың “тағдырдай” лажсыз екендігін ыспаттап, ақтап, үстем таптың патша үкіметіне жаттығып пайдасын тапқан жігінің түсінісін шеберлеп суреттейтін шығармалар бар.

“...Аждаһаға қарашы,
Аһаһу деп келеді,
Бізге зәрін шашпаққа.
Жамандарға қарашы,
Екеу-екеу бас қосып,
Сыбыр-сыбыр етеді.

Ат ішіне кетеді,
Былай-алай іс болса,
Ерді тастап қашпаққа.
Жақсыларға қарашы,
Алдаспанын суырып,
Күлім-күлім етеді
Ақырет үйге барғанда,
Жәннаттың бір қақпасын ашпаққа, —

*(Егеубай)*¹⁴

деп, ішіне аздап та болса алалық ене бастаған, тәуекелсіздене бастаған хан қасындағы үстем тап адамдарын айқын, белсенді түрде қайрат беріп, үгіттеген шығармалар да бар.

Ием! Саған күнде шүкір етемін
Қарғадай қара басың сауына;
Қарғадай қара басың сау болса —
Әлде болса шығарсын
Қамап жатқан дұшпанның
Биік асқар тауына...” —

*(Бекжан)*¹⁵

деп, патша үкіметіне өте сене алмай, Орданы қамап жатқан қолдан қорқып, “бітісем бе, я қашам ба” деп, тайқақтап қорыққан, Жәңгірдің буынын бекіткен шығармалар да бар.

XIX ғасырдың 40-жылдарында қирай жеңіліс тауып, Исатай көтерілісі бітеді. Бірақ қазақ даласы теп-тегіс тыншая қоймайды: көрші қалаларға шабуыл жасау, орыс саудагерлерінің сауда керуендерін тонау, біріндеп қазақтардың орыстарды ұстап алып кетіп Хиуа, Бұқарға апарып сатуы, орыстардың да қолға түскен қазақтарды құл етіп сатуы, шоқындыруы болып тұруы. Ғасырдың 50-жылдарындағы патша үкіметіне наразы топтың көтерілісі Абылайдың немересі Кенесары Қасымұлының көтерілісі болуы. Кенесары көтерілісіне барлық қазақ руларының патша үкіметіне наразы адамдары қосылған. Бірақ бұл адамдардың көпшілігі үстем таптың адамдары болған. Шаруалар бұқарасы бұл көтеріліске араласпаған. Араласпауының себебі бұрынғы көтерілістерден тауы қайтты болғандық сияқты.

Екінші жағынан, сол Кенесары көтерілісіне келіп қосылған үстем таптың наразы жігінің адамдарының көпшілігі көтеріліске

сенімсіз, тайыз қараған сияқты, жорыққа, барымтаға аттанып, олжа түсіріп қайтпақ болған сияқты. Ал көтерілісті бастаушы Кенесарының өзіне келсек, ол кісі айқын программамен, бабасы Абылайдың саясатының ізімен қимылдаған сияқты.

Кенесары әкесі Қасым, бірге туған бауырлары Есенгелді, Саржандармен бірге көтерілісті Көкшетау қаласын салуға қарсылықпен бастаған, “Абылайдың күліне орыс қала салмақ!” деген жалынды ұранмен қазақтың намысын оятпақ болған. Орынбор, Сібір губернаторларымен, Орта Азия хандарымен уақыт жағдайға қарай шебер саясатты қатынастар ұстаған. Абылайдың бағытымен Қытаймен одақтық жасап, Қытайға ірге сүйеп, күл төгіп хандық орнатпақ болған. Бұл жөнінде Исатай көтерілісімен салыстырғанда, Кенесары көтерілісін програмды етпек болған. Қимыл жөнінен Исатай Бөкейліктен қашып келіп Жайықтың сол бетіндегі елдерде қонып-түстеніп бейбіт мейман болып жүрсе, ел оған ішінен тегісінен тілекші болса, Кенесарыны үстем таптың патша үкіметіне жаттыққан жігінің дұшпан көріп, қарсылық жасағаны былай тұрсын, кара шаруаның өзі де Кенесары қимылына селқос болған, сондықтан Кенесары да жүрген жеріне қатаң тиген, өзіне қарсы келген, кедергі жасағандарды қырып жіберіп отырған.

Дәл осы бағытпен Кенесары Қытайға ірге тіреуіне кедергі жасаған қырғыз елімен соғыс ашқан, қырғызды қырып, өзіне жол ашпақ болған. Бұл соғыста жоғарыда айтқандай олжа үшін жорыққа аттанған қазақтар табансыздық жасап ыдырап кеткен. Кенесары жеңіліп, қолға түскен, қырғыз оларды өлтірген.

Кенесары көтерілісі кезінде (XIX ғасырдың 50-жылдарынан бастап) патша үкіметі қазақ даласына тереңдеп еніп, қалалар салып билеп, меңгеріп алған. Маған ермейсің, қарсылық жасайсың деп Кенесары ауылын шауып алған қыпшақ Балғожа билер ол кезде немересі Ыбырай Алтынсары ұлын орысқа мектепте оқытып, немересіне:

“...Атаңды сағындым деп асығасың,
Сабакқа көңіл берсең басыларсың.
Атаңды өнер білсең асырарсың,
Надан боп, білмей қалсаң аһ ұрарсың”, —

деп хат жазып, баяу, тыныш, мәдениетшіл күйді жырлаған. Бұл қазақ елінің көпшілігінің ол кезде тауы қайтты болып, тыныштық сүйіп, көңілді көтерілістен басқа жаққа аударғанын көрсетеді.

XIX ғасырдың бұл кезеңінің көрнекті әдебиеті — осы Кенесарының қырғызбен соғысының ішінде болған, Кенесарының сарай ақыны Нысанбай жыраудың шығармалары.

Нысанбай осы жеңіліс тапқан, ақырғы бұлқыныс есебіндегі Кенесары соғысын бастан-аяқ жырлап, суреттеп шығады. Бірақ Нысанбайда Махамбеттікі сияқты жалындылық, ұран, қимылға шақыру жоқ. Нысанбайдың шығармасы баяу, болғанды толық суреттеу, қазақ бұқарасының өзбетіндік, бағынбаушылық үшін қарсылығының қаракөмірленіп, сөніп бара жатқан күйіне саз қосқан жоқтау мотивті шығарма. Нысанбай үзілген үмітті, кесілген тілекті жоқтайды. Үміт үзілді, тілек кесілді деп тікелей айта алмай:

“...Кеп құттіріп келместей,
Кенекем, саған не болды?..” —

деп, өліп қалған Кенесарыны жоқтап, көз жасына шашалып барып жырын аяқтайды.

Кенесары көтерілісінен кейін көтеріліс бүтіндей сөнгуге айналады. Батырлар күшін, билер билігін қазақтың өз руларының таласына жұмсайды, рудан ру барымта алады, жесір тартып алады, қонысқа, жайлауға, кош жолына таласып айтысады. Қазақ даласында бұрынғы крепость-қалалардың үстіне сауда қалалары салынады: 1861 жылғы Ресей қара шаруаларын жерсіз азат еткеннен кейін ол қара шаруаларға патша үкіметі қазақ даласынан жер кесіп береді, келімсектер поселкалары салынады, дала сүйтіп толығынан отарлана бастайды. Күшті рулардың “басты адамдары” көрші рулардан, өз руынан қоныс тартып алып, жеке байыды; үкіметпен күйіркелесіп әкім болады, сүйтіп тыныш отырып еңбекшілерді қанауға кіріседі. XIX ғасырда бұл күй “Айман—Шолпан” сияқты жырларда жақсы суреттеледі.

“Жүрегі ат басындай” Көтібар батыр аста орынға, мүшеге таласып, Маман байды шауып алады. Маманның екі қызын олжаға әкетеді, Көтібардың қасында інісі Арыстан би жүреді. Арыстан билік айтып, шеберлік жасап Көтібарды батыл қимылдан үнемі

тоқтатып отырады. Ақырында Айманның күйеуі Әлібек батырдан көп мал алып, сұлықтықпен, достықпен өкіл ата болып, Көтібар Арыстанға Айманды қайырып береді. Жыр:

“..Жалғанда әкім болған мына орыс,
Маман бай Торғай бойын қылған қоныс;
Жайлауы ел Шектінің Еділ-Жайық
Қараған Орынборға жүз отыз болыс...” —

деп басталады. Бұдан ол кезде Қазақ даласының “Дала заңына” бағынып, ап-сап болғаны көрінеді.

Бұдан кейінгі болған Жанғожа батырдың, Көтібар баласы Есеттің, тағы басқаларының програмсыз тиіп-қашты ұсақ көтерілістері — тарихтан орын ала алмайтын, барымта, ұрлық, ұсақ шеберлікпен жасалған көтерілістер. Бұл кездегі қаңғыған оқтай былғандап, кенеттен болып қалған оқиға Есеттің інісі Бекеттің сұлтан-правитель Арыстан Жантөреұлын өлтіргендігі. Бұл уақиғаны жырлаған жыршы Бекеттің аузынан:

— Төрт жүз қолдың алды мен,
Іркілмей барып мен бұздым
Арыстан жатқан орданы,
Толып жатқан қорданы
Тайсалмай барып енген мен.
Арыстан мінген көк қасқа
Астынан алып мінген мен.
Бүгін өліп кетсем де,
Арманым жоқ, Аллаға
Талтаңдаған төрені
Сақалынан ұстап ап,
Қонаққа сойған қозыдай
Қолымнан елім бергенмін... —

деп, Махамбет батырлардікі сияқты ірі, ерлік сөздерді салса да, Бекет үлкен жасықтық, табансыздық көрсетеді, жылауықтық жасайды; Махамбет: “Жорықтан қайтып келгенде, жас туған балаң сақал-мұрт шығып жат болсын”, — десе, Бекет: “Дүниемді шашпаңдар, аттарымды жинамаңдар, қатындарым теріс жолға түспесін, патшаның кешірімі болса, қайтып келермін”, — деп зарлайды.

Бекетті охраннык болып патша үкіметіне жалданған досы Шернияз ұстап береді. Бекетті Сібірден қатыны алтын кәсібін

жасаған саудагер ноғай болып, сегіз мың сом ақша апарып, пара беріп босатып алады. Міне, бұл әдебиеттік суреті Бекет заманындағы “ақ патшаға” алаңсыз көніп, аздап сауда кәсібiне араласып, сайлауда билікке таласып кісі өлтіріп, одан пара беріп құтылып, ішінен охранныктер шығарып, үкіметтен шен алып, шекпен киген, үкіметке сүйеніп орыс капиталшыларымен жалғасып, қазақ еңбекшілерін қанаған XIX ғасырдағы қазақ үстем табының салт-санасының, бүкіл қазақ халқы өмірінің суреті. Шернияз — кешегі октябрь төңкерісіндегі әшкереленген қазақ охранныктерінің әкесі, я бабасы.

1864—1868 жылдар арасында патша үкіметі Әулиеата, Шымкент, Тәшкен, Түркістан, Қоджент, Самарқан, Бұқара қалаларын жаулап алып, наразы қазақ топтарының ініне су құяды. 1869 жылы уақытша заңға қарсы болып, көтеріліс жасаған Кіші жүз қазақтары Шыңға қарай үркіп көшіп¹⁶, қоныс таба алмай, патша үкіметінің құрығына тоқтаған өзбек, қарақалпақтардан зәбір көріп, жолшыбай бірін-бірі талап, азып-тозып, бір-екі жылда кейін қайтады. Бұдан кейін, XIX ғасырдың соңғы он жылдыقتарында, қазақ даласы басқаша күйге түседі, әдебиетінің төсегі, сарыны, мазмұны да өзгереді. Бұл жалғас дәуірдің әдебиетінің желісі екінші мақалада тексеріледі.

БҰҚАР ЖЫРАУ

Бұқар жайындағы мағлұматтар

Қазақтың XVIII—XIX ғасырларда тіршілік еткен Бұқар сияқты көп ақындарының өмірбаяны бізге толық мәлім емес. Ол кездерден қалған жазба белгі жоқ. Ауызша айтылған тамтұм сөздер болса, оның кейбір қатары бұл күндерге жетпей жоғалып, өшіп қалған. Және ауыздағы шала-шарпы әңгімеге қарап өмірбаянын тізу тегі мүмкін емес. Онда — адам жайында желілі тұтас сөз болмайды. Ел ішінде қалған, аңыз болған, көп аузына ілінген бірен-саран сөз, мінез, істер ғана айтылатын болады. Қазақта жазба белгі сақталудан бұрын шыққан тарихи адамдардың бәрінің жайындағы сөздер осы күйде ғана болады. Пәлен хан, пәлен би, пәлен ділмәр — пәлендейлік ортаның,

заманының тұрғысы болды деп кейінгіге үлгі ғып көрсететін сол адамдарды шығарған үстем тап болады. Соның кейінгі орынбасары болған таптар, қоғамдар сол сөздерді ескінің мұра, жорасы кып сақтап, сөз кезегіне құрал етеді. Хан мен биін көпшілікке “жарықтық” дегізіп қойып, сол бұрынғыларынан қалған пікір және артқылы-кейінгі каналушы қауымның ой-сезімін тұсап отырады.

Сондай өз дәуіріндегі біртұтас салт-сананың жыршысы болған адамның бірі — Бұқар жырау. Бірақ оның өмірі туралы тұтасқан мағлұмат жоқ дедік. Сол себепті, оның кім болғаны туралы берілген мағлұмат та жамау-жасқау, үзінді-кесінді, шала-шарпы мағлұмат болады. Осындай хал Абайға шейін болған, бірқатар ақын Абай артынан шыққан тағы бірнеше ақын туралы да еріксіз болады. Түк айтпай кетудің орнына, кейінгі уақытта толықталар деген үмітпен бір сөзге бір сөз жамау-демеу болар деген сеніммен, осы адамдар туралы өзіміз естіген азын-аулақ мағлұматтарды, олардан қалған әдебиет үлгілерін тексеруден бұрын қысқаша күйде айта отырамыз.

Осымен Бұқарға көшсек, бұл: XVIII ғасырда тіршілік еткен ақын болады. Сол ғасырдың соңғы жарымында Орта жүзге хан болған Абылайдың жырауы деп аталады. Абылай 1772 жылы өлген. Бұқардың бұл ханнан кейін қанша жыл өмір сүргені мәлім емес. Бірақ Абылай ауырып, өлім үстінде жатқанда Бұқардың:

Қайырусыз жылқы бақтырған, ханым-ай,
Қалыңсыз қатын құштырған, ханым-ай,
Үш жүздің баласынан үш кісі айтсам,
Қалар да ма екен жаның-ай, —

деген сөзі бұның Абылайдан бергін кеп өлгендігін керсетеді. Бірақ Абылайдан жасы үлкен болу керек, онысы:

Абылай, сені мен көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.
Түркістанда жүр едің,
Үйсін Төле бидің
Түйесін жайған құл едің, —

деген сияқты сөзінен байқалады. Және бұдан басқа бірен-саран жерде де омырау қыла сөйлегенде, жасы үлкендігін сүйеу

қылатын сияқты. Ал, Абылай 71 жасында өлген деседі. Одан үлкенірек болса, Бұқар XVII ғасырдың аяқ кезінде туған болу керек.

Бұл *жырау* деп аталады. Жырау демек, акын деу емес. Жыраудың акын атаулыдан, жыршыдан бөлек, өз жанры бар. Бұның сөз үлгісі, шығармасы — “толғау”. Жыраудың мақсаты, міндеті — “не болса сол көңіл ашар”, “әлдене” дерлік сөзді айту емес. Ол заман сыны, мезгіл, дәуір болжалын, тарихи уақиғаның мазмұн-бағасын сөз қылады. Көбінесе әрі жырау, әрі би болады. Олжа, табыс, абыройды ханмен қатар үлеседі.

Өзі хан қасына жуан рудың — Арғынның қосқан “табан шөңгел биі” болуға лайық. Ол кез “ханнан қазық, биден тоқпақ” деген сияқты, “қолағашы мықты болса, киіз қазық жерге кіреді” дегендей, хан мен ру басы бидің өмір дәрежесіне тең немесе артық жүрген күйді білдіреді.

Бұл жағынан қарағанда, Бұқар, Орта жүз ханы Абылай болса, соның орталық елі, жуан бел руы — Арғын ішінен шыққан анық үстем тап адамы болады. Мезгілі орыс патшалығына қарамай бөлек хандық құрып, жеке өмір жүргіземіз деген талаптың мезгілі болады. Бұқар сонда үлкен, қырағы саясатты толғаушысы боп, әрбір сөзін ірі-ірі уақиғалардың, ірі мәселенің тұсында ғана айтады.

Сол сөздері жыраудың таптық-қоғамдық мазмұнын көрсетіп, дәуірінің тарихи сырын ашады.

Осы жайларын шығармалары арқылы түсіну үшін енді сол толғауларына көшеміз.

Бұқар сөздері

Бұқар айтты деген толғаулар оншалық көп емес. Кезінде көп болса да, бізге жеткені алтау-жетеу ғана. Соларының ішіндегі көрнектілері: “Керей, қайда барасың?”, “Асанқайғы сөзінің шешуі”, “Айналасын жер тұтқан”, “Ақсаннан биік тау болмас”, “Ей, Абылай, Абылай”, “Абылай орыспен соғысам дегенде айтқан толғауы” сияқтылар.

Бұл толғаулардың әрқайсысы Абылай мен Бұқар сияқты билер билігінің әрбір ірі, кесек уақиғаларымен байланысады. Сонда Бұқар сөзі құр жыр, құр шешен сөз ғана болмайды. Ол не әкімшілік атынан, өкімет атынан айтылған билік (“Керейге

айтқаны”); не өкіметтің саяси бет мақсатын болжаған программ сөзі (Асанқайғы сөзінен туған толғау) немесе хан мен қараның арасы, билер арасы ажырасуға айналған кезде айтылған ашу, қайрат, қара күш сөзі. (Ей, Абылай, Абылай). Тағы бір сөзі “Патшамен соғысамыз ба, жоқ па?” деген дүдәлдің үстінде¹⁷ билердің, кеңесшілердің бетін көрсететін, тарихи талғаудан туған толғау болады.

Мінеки, толғаудың айтылған кезі мен шешетін түйінді сөзі, мәселесінің өзіне қарағанда да Бұқардың қандай тап жыршысы екені ап-айқын көрінеді. Ол хан атынан билік айтады. Хан жүретін саяси соқпақ, бағыт не екенін белгілейді. Ірі саяси мәселе үстінде хан байлауы қолайына жақпай, бұның дегенінен теріс жайыла бастаса, ажар салмағына қарай сол ханның өзіне де қарсы келіп, төс табандап тұрып басқа ұрады. Күлін көкке ұшырғандай қылады.

Ханға биліктің тізгінін берсе де, сол биліктің шылбырын әлі өз қолдарынан шығармаған билер, ру басылар, сол уақыттың әмірші, үстем табы осы Бұқарлар болады. Сондықтан бұның сөзі шешен түрде, күйлі тілмен айтылған байлау, үкім, программ болады. Әр сөзі әрбір тарихи уақиғамен байланысты. Сондай қысталаңның ғана үстінде туады.

Бұл тарихи жырларынан тақырып жағында оқшауырақ тұратын сөзі “Айналасын жер тұтқан” деген толғау ғана. Оның хан мен биге айтылмаса, бағындырып жүрген қарашы мен кейінгі өсетін жас буынға айтқан өсиет, үгіт сөз. Өсиеті әмірші, басшы бидің, ақсақал — кәрі ру басының айтқан өсиеті. Соның салт-санасынан, таптық мақсатынан туып, өзгенің ой-сезімін тұсаймын, билеймін деген өсиет болады.

Бұқар сияқты үлкен ру басы бидің сол XVIII ғасырда ой, сезімін билеген, кернеген арман, күдік не, таптық тілек, талап не? Ол кез қазақ өлкесінің Ресей патшалығына бағынуы бүгін болмаса, ертең болатын іс сияқтанып жүрген кез. Бұрынғы ру — ру боп кешірген тіршілікте билеуші, қанаушы тап сол Бұқарлар болатын. Олар енді өлкені орыс алса, сол үстемдік халымыздан айырыламыз деп қорқады. Бұндайлардың бір алуаны Кіші жүздегі сияқты сол патсаға бағынып шен, шекпен алып жатса, Бұқар сияқты бір алуаны Орта жүзде әлі де болса жеке, емін-еркін әкімшілік

мүмкін болар деген талаппен жүргенді. Олар сол себепті орыс әкімшілігіне бағынуға қарсы. Ал, қарсылықты құр ру-ру боп көшірген күйде, ұзақ өріске апара алмайсың, сондықтан ортадан хан шығарып, соған көпшілікті бағындырып, әкімшілік басында ханмен қатар қарауыл тұрғаны өздері алып, өздері отыру керек.

Көпшілікке хан әкімшілігі қажет деп миландыру керек. Ханның кәдір, салмақ, атақ, айбынын зорайтып ұстау керек. Ол — өз билігі. Сонымен қатар патсалық үкіметтің және орыс елін де көпшілікке құбыжық қып көрсету қажет.

Құбыладан келген бір көпір,
Аузы-басы жүн көпір.

Елдің ханға бағынған іргесі ыдырамай, шашылмай тұтас, бүтін тұру керек.

Қиыр жайлап, шет қонып, ауқымынан кетіп, уысынан шығамын десе, ондай руларды үйірге шақар айғырдай сауырлап әкеп, хан үйіріне қайта тығу керек. Ел мен ру саясаты ол күндері Бұқардан осыны тілеген. Алыс-жақынның қай-қайсысынан шығатын қауіп-қатер болса, соның бәрінің таразысын ондайтын тамыршысы — Бұқар. Сондықтан бұның сөзі тағы да “еріккеннің ермегі” емес, “күндегінің керегі” боп отырады.

Осы айтылған сөздердің барлығы Бұқардай жуан би феодалдың жоғарғы толғауларда сөз қылған тақырыптары сол екенін ашады. Сол тақырыптарды шешкенде, қандай таптың тұрғысынан қарап шешкендігін көрсетеді.

Сол жоғарғы, билеуші таптың тілегін-талабын бүктемей көрсетіп ұстаған ақын екенін Бұқардың жалғыз тақырыбы мен сөз мазмұны емес, толғауларының түрі, теңеулері, сырт қалыптары да байқатады.

Бұқар Асанқайғы сөзін шешкен толғауда:

Ханға жауап бермесең,
Ханның көңілі қайтады.
Қайтара жауап сөйлесем,
Халқым не деп айтады? —

деп, хан мен халықтың арасындағы дәнекер сияқты боп, кішірейе сөйлегендей болады. Бір есептен осыған қарап қарашыл шығар деп ойлап қалуға да болады. Бірақ бұл — елге, сыртқа арналған сияқты әдіс. Сол өлеңнің өзінің-ақ ішінде:

Күндердің күні Абылай
Есе тимес өзіңе
Есіктегі құлыңнан, —

деп, хан билігіне қарсы боларлық бұқараны жауша нұсқайды.
Немесе

Аталыдан би қойсаң,
Адаспас жол мен жобадан,
Атасыздан би қойсаң,
Босамас аузы парадан, —

деп, өмір иесі аталылар болсын дейді де, оларды өзге топтан екшеп шығарады.

Көптен өзінің өмірші тобын жырып алып сыбаға, жүлдені соныкі ғана қып қоймақ. Сондықтан билік, өсиет сөздерді айтқанда, тұтас көптің бәріне арнап айтпайды. Қайта кептің басынан асып, әмірші басшыға ұғарлық ділмар күйге, сыр мінез бастасына ғана арнап айтады. Мысалы, Керейге айтқан дауы: Арғын атынан айтқан омырау жуандық бола тұрса да, сол сөздің ішінде көпшілікке жұмбақ қып, билерге тұспал билік айтып, бітімін де ұсынып кетеді.

Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын.
Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын, —

дегені — қыз беріп, құда болып бітім тап дегені боп шығады. Неше түрлі құба жондатқан, бір-бірімен байланысы жоқ аламыш суреттерді термелеп, қат-қаттап:

Ақмырзамды өлтірдің,
Ақ сойылмен тебелеп,
Енді артыңнан шығайын,
Жауған күндей себелеп, —

деп бір кетіп, немесе

Сен — бұзау терісі шеншіксің
Мен — егіз терісі талыспын, —

деп алып, арасына:

Абылай алдында сен бітсең,
Құдандалы таныспын, —

деген билік-бітімді қыстыра кетеді. “Бұны Арғыннан Керейдің көбі ұғынып талқыға салмасын, бірі іреп, бірі соймасын, ол байламалы, тас-түйін боп қалсын”, — дейді.

Ол үшін көптің ұғынбай, “Не деді?”, “Не десті?” деп аңырып қалғаны мақұл.

Көпке ана сөз, мына сөздің жотасын қылтылдатып, көп-көп керексіз салыстыруларды айтып, әдейі шаң қаптырып, адастырып отырады.

Өсиет сөздерінде де ұғынсын дегені көп бұқара емес. Оларға қайта ұғымсыз болғысы келеді. Онда да әр төбеден шаң беріп:

Қулық туған құлаша
Құрақтанбас деменіз.
Құландар ойнар ку тақыр
Көлшік болмас деменіз, —

деп кеп, түйінді сезін бірен-саран жерге ғана көмбе-көмбе қып, екшеп-екшеп тастап:

Ай не болар күннен соң,
Күн не болар айдан соң,
Құбылып тұрған бәйшешек
Қурай болар солған соң.
Хандар киген қамқа тон
Шүберек болар тозған соң.
Еңсесі биік кең сарай
Кемтік болар бөлген соң.

Байдың бос белбеуі
Шұбалаңқы тартады
Айдап жүрген малдан соң, —

деп, көксегені, күңірепкені не екенін тұспалдап өтеді.

Міне, осы соңғы келтірген мысалдың барлығы Бұқар толғауының түрі болса, сонысы түгелімен жоғарыда айтылған таптық мазмұнмен үйлесіп, ақын шығармаларының қоғамдық-тарихи мағынасы не екенін ашады.

МАХАМБЕТ (1803—1845 жж.)

Өтемісұлы Махамбет Исатай қозғалысының ең ірі адамының бірі, Исатайдың нағыз қанды көйлек жолдасы екен.

Туысы Беріш руынан. Атасы — Өтеміс. Оның атасы — Құлмәлі. Мәлі деген қазаққа бір соғыста қолға түскен тұтқын екен.

Беріш ішінде Тумас дегендер еншілес, туысқан ғып әкеткен. Мәлі тұқымы өздерін парсы патшасы Нәдіршенің нәсіліміз дейді екен¹⁸. Құлмәлі кейін өсіп, бір бөлек ел болған. Орныққан мекені: Гурьев үйезі, Тайсойған деген жер¹⁹.

Қазақ іші Құлмәлі тұқымынан би де, батыр да, шешен де шыққан деп, бұлардың түбін затты десетін болса керек.

Өтеміс Айшуақ, Бөкей деген Кіші жүз хандарының тұсында қабырғалы би атанған.

Махамбеттің Бекмағамбет деген ағасы Жәңгір ханның үлкен биінің бірі болған. Ол Исатай — Махамбеттің Жәңгірге қарсы шыққан көтерілісіне қосылмай, бұларға қарсы қимыл істеген.

Махамбеттің өзі де жас күнінде Жәңгір ханның нөкерінде болған. Бірақ Исатай ханға қарсы шығысымен, бұл барып соған қосылған.

Махамбет жаратылысында әрі батыр, әрі жырау-ақын, әрі күйші-домбырашы болыпты. Мінезі өте қызулы, әдіс-шеберлікті көп ойламайтын, бет алған жағынан қайтпайтын, қайсар, ер адам болған.

Қозғалыс уақытындағы ісі де осыны көрсетеді. Исатай ел адамы ақсақалдарымен келелі кеңесте отырғанда, Махамбет айналадағы ауыл-ауылды аралап жүріп, өлең-жырмен жұртты қыздырып, желіктіріп, артынан шұбыртып отыратын болған.

Сөзде өткір, шешен, қалжыңқой. Жақтырмаған нәрсесін бетің-жүзің демей, жара шауып айтып салғыш болған.

Соғыс үстінде ерекше ер, айлакер. 1838 жылы Ресейлік жерінде Исатай отыз жолдасымен жатқанда әскер қамайды. Махамбет өзгеден бұрын Исатай құтылсын деп, екі жолдаспен оны қашырып жіберіп, өзі қалған серіктерімен бірқатар уақыт соғысып тұрып, артынан қаша ұрыс салады. Бір кезде бұны көздеп қуған әскер жақындап ұстауға айналады. Сонда Махамбет, астындағы бұлық көпшікті жарып жіберіп, ішіндегі мамықты жақындап қалған қуғыншылардың көзіне шашып, құтылып кетіпті деседі.

Соғыста батыр, сөзде “от ауызды, орақ тісті” дегендей, жалындаған ақын, алғыр шешен болған Махамбет Исатай қозғалысының ең көрнекті кісісінің бірі.

Бұл көп жерде Исатайдың өзінен де қырағы, одан да батыр болғаны бар. Алғаш Жәңгірдің ордасын қамап, жеңуге айналғанда, хан бұларды алдап соза тұрмақ болады. Бір жағынан әскер күтіп, екіншіден бұларға кісі салып бітім сұрайды. Исатай сол жерде шынымен бітім сөйлесіп, келісу жолын іздеп алданып қалады. Дәл сол жерде Махамбет сенбей, бітімді керек қылмай, шабайық деп көп ұмтылыпты, бірақ Исатайды көндіре алмапты деген сөз бар.

Бірақ қазақтың Жәңгірдей ханымен соның ар жағындағы патса ұлығына қарсы шыққан Исатай қозғалысы сол Исатай өлген соң өрістемеді. Тез уақытта өшіп қалады. Махамбеттің ерлігі де, өнері де оны өршітуге себеп бола алмады.

Бірақ өршімеуіне кінәлі Махамбет емес, қозғалыстың өз ішіндегі көп қайшылығы болу керек. Ең әуелі бұл көтеріліс — ханға қарсы шыққан би көтерілісі. Екеуі де бір үстем тап адамы. Сондықтан көпшілік бұқараға үнемі ұғымды, әсерлі болған қозғалыс емес еді, програмы не екені мәлім емес болатын. Оның үстіне, дайындық жасалмай, шұғыл басталып, тез сөніп қалды. Және үлкен сын кезеңде, дәл хан ордасын шабар жерде Исатайдың таптық сыны білініп, қолы батпағаны да көпшілікке ой салған болу керек.

Қысқасы, сонымен қозғалыс Исатайдың өлімі емес, одан бұрын да, Исатайдың өзі барда да шөгіп, сөніп бара жатқан болатын.

Сондықтан: “Махамбет ондай басшы емес еді. Атасы даңқты емес еді” дегендер сияқты Халел сөзінің көбі орынсыз. Тарихи шындықпен жанаспайды.

Махамбет бұрынғы, соңғы қазақ ақындарының ішіндегі ең бір күштісі деп саналуға тиіс. Бұның сөзі деген сөздің кесектік ірілігінен басқа, молдығы да жеткілікті екен. Бірақ көбі біздің тұсымызға жетпей жоғалған, ұмытылған.

Қозғалыс үстінде ақындық өнерін жұртты қыздырар ұран қылып жұмсаған Махамбет қозғалыс біткен соң қашқындықпен күнелтеді. Бірақ қашып жүрсе де іштегі қарсылығынан қайтпайды. Ниеттерінің іске аспағанын арман етумен болады. Талай жалынды өткір сөзді сол кезінде айтады.

Сондай сөзінің бірі Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі. Исатай өлгеннен соң Махамбет қуғында болған дедік. Сөйтіп жүрген қысылшаң кезінің бірінде ел ақсақалының бірнешеуі Махамбетті Баймағамбетке алып барып, ел ішінде жүруіне рұқсат әпереді.

Сонда Баймағамбет өлең айт деп тілек қылған соң, жаңағы ұзақ жырын айтады. Махамбеттің ерлігі, ақындығы, кісілігі — барлығы да осы өлеңінен әбден көрінеді. Күнім түсіп алдына кеп тұрмын деп Баймағамбеттен қаймықпайды.

Басына кеңшілік алғаннан кейін де Махамбет тып-тыныш жүрмейді. Өкімет пен хан-сұлтандарға қарсы ел ішін үгіттеп жүреді. Өзінің жиренішін, жек көруін жасырмайды. Ең әуелгі бетінен қайтпайды.

Сонысы үшін өштесіп, кекті болған қазақ ұлығы — төре, сұлтандар бұны өлтіреді.

Бұрын Махамбеттің досы болған Ықылас деген адам ақынның үйіне қонаққа кеп отырып, батыр қапылыста отырғанда Махамбеттің өз қылышымен басын кеседі. Осы істі істе деп жіберген өлтіруші Баймағамбет деседі.

Махамбет 42 жасында қайтыс болған.

Махамбеттің ақындығы

XIX ғасырдың алғашқы жарымы қазақ өлкесінің тарихында, отар шабуылына қарсы шыққан ірі-ірі қозғалыстармен байланысты дедік. Сол үлкен қозғалыстың бірі Кіші жүзде болған Исатай — Махамбет қозғалысы. Бұл ханға (Жәңгірге) қарсы және соның артында тұрған патша өкіметіне қарсы жасалған, би-батырдың ереуілі болады. Бұлардікі де сол жылдарда шыққан қозғалыс сияқты, өз артынан бұқара халықты ерткен.

Бұқараның еруі Исатай — Махамбетті шын сол көпшілік басышы деп түсінгендіктен емес. Жері кетіп, салық ауыртпалығына көп ұшырап, ұлық тепкісін көп көріп, жебір сәудегер құрығына шырмалу сияқты кеп қысымшылық-қиыншылықтың барлығы бұқара көпшілігін патша өкіметі мен оның агенттеріне қарсы ереуілге айдайтын болған. Осы жолда кім серік болса, сынамай, талғамай еріп, қостап кететін... Бұл жайлы Кенесары қозғалысын баяндаған жерде айтамыз.

Негіз мазмұнына келгенде Исатай қозғалысының Кенесарынікінен айырмасы жоқ. Анау хан тұғырынан шықса, мынау хан қасындағы биден шықты. Кенесарының түп мақсаты — атасының хандығын қайта туғызу болса, Исатай да не жақсы хан тауып, не мықты биге билетпек. Патша үкіметінің тым айқын қатаң атарманы боп отырған Жәңгірдей ханды түсіріп, орнына басқасын сайламақ. Бәрібір, бұ да шыққанда үстем таптан шығып, сол үстемдік үшін алысады. Жалғыз-ақ үстемдіктің бір түрін екінші бір түрімен ауыстырмақ, жандыртпақ.

Екеуінде айырмасы болса — Кенеден кері Исатайдың жолы айқын, жорығы, бірақ, ханға қарсы. Бұл, бірақ, сапар уақиғасы да ұзақ емес, жолы болса — алғашқы ордаға шапқан шабуылмен бітіп те қаларлық сапар.

Кейінгі уақиғалар алғашқы істің арты ғана. Тартыс жаман әкімшілік жүргізген ханмен, сол әкімшіліктің өзге жолы үшін алысқан би тартысы болады. Жалғыз-ақ осы тартыс басталу, аяқталуына жаңағыдай бір тап ішінің (қанаушы үстем тап ішінің) бүлігі сияқтанса да, орта кезінде өз көлеміне көпті, бұқараны тартып, бір жағынан патша өкіметіне қарсы арналған отар қозғалысы, ұлт бостандығының тартысы да боп кетеді. Сол себепті бұл уақиға көптің жадында қалып, ұзақ үлкен жыр болып, кейінгі көп замандарда қалың елдің көңіліне ұдайы қозғау салатын уақиға болды. Себебі: бірталай кезінде бұл уақиға ханның (Жәңгірдің) тасасында тұрған патша өкіметіне қарсы беттеп еді. Көпшілік қозғалыстың сол буынын кәдірлейді. Сол арқылы уақиғаға араласқан Исатай — Махамбетті де құрмет етеді. Данқын зорайтады. Мына жағын сүйіп, дәріптегендіктен, олардың өзбасындық, таптық талап-тілектерін кейінгі бағалауда ескермей де қояды.

Және жеке бастарын салыстырғанда Исатай мен Махамбет дәл бір жерден шыға қоймайды. Барлық қозғалыстың ірі, ер басшысы болғанмен, Махамбет өзін басшы демей, орынды Исатайға береді. Бас анау болып, мынау мойын есепті жүреді. Бірақ ез пікірін айтып, өз бетін көрсететін жерде бұл анадан көрі өжет, батым және әсіресе, кепшілік, бұқарамен емеуріндес сияқтанады. Соғыс, шабуыл үстінде де, елге үгіт сөйлеп қол жиюда да Исатай ақсақал, бимен — басшы дегендермен болғанда, Махамбет көбінесе бұқара-көпшілікті аралап, соларды үгіттеп

ерту жағында жүреді. Қиыншылық, қысталаң үстінде айтқан сөз, тастаған ұраны да көбінесе осы көпке арналады. Осымен Махамбет жырлары өз заманындағы ең қанды, ең әсерлі сөз боп, көпшіліктің өз үні, өз тілі, өз арман-талабы сияктанып та жүрген. Махамбет ірі, алғыр болғандықтан, үнемі өз тұрғысынан қарап, өз тобының ғана сезімін айтып қоймайды. Ол — қозғалыс басшысы. Өзінің табынан басқа көпшілікті де ертіп жүр. Сондықтан көп атынан сөйлеп кететін, көптің сезімін білдіріп кететін жері де көп. Өзге сипаттарымен қатар осы жағы әсіресе көпке жағымды, бағалы болған.

Кейін де, қазірде де Махамбет ақын есепті бағаланғанда осы ерекшелігімен көпке де жақын, көптің де ереуілшісі, айқайшысы, ұраншысы боп көрінеді. Қозғалыс бастығы болған батырдың бұндай ақын болуы оның бағасын арттырады.

Бірақ осы жайын айтумен бірге Махамбеттің өз табы бар; ол табының таптық тұрғысы бар екенін және Махамбет көп қимыл, көп сөзінде сол табының қарауылынан қарап іс қылатынын, сөз сөйлейтінін де ұмытпау керек.

Осы жағынан қарасақ, Махамбет өзінен-өзі шыға қалған жоқ. Оның әдебиетте, тарихта да алды бар, басшысы бар. Соның бірі, салт-сана жүзіндегі төркіні — Бұқар жырау болды. Бұқар келешекке тастаған сөзінде “бөтеннен би келеді, күн қараңғы, хал қарап болады” деген саяси сарындарды айтып кеп, өз табының тұрғысынан қарап: “Хан мен би орнын қарадан шыққан” татымсыздар алам дейтін болады; есіктегі құл төрге шығады, көпшілік ноктадан басын босатып ап, есеге таласады” деген. Бұндағы негізгі екі сарынның бірі — патша өкіметіне бағынбай жеке хан өмірін сақтау, екіншісі — көпке тізгін бермеу, оны нық ұстап, баурап отырып, керегіне жарату деген жолына артыңнан ерт, тілеген бетіне айдап сал, бірақ сыр ұшығын берме. Қайта көпке мақсатың ұғымсыз, жүрісің, ісің жұмбақ болсын дейді. Осы Бұқардың өзі тұтынған жолы. Артында қалған сөзі де соны дәлелдейді.

Сол, “көпті артыңнан ерт, керегіңе жарат” деген бағыт Махамбеттің де әрі іс, әрі сөз жүзінде бірден-бір нық ұстаған програмы. Сонда басшының өзі кім? Оған “Толарсақтан саз кешіп” деген өлеңде:

Тағыдай таңдап су ішкен
Тарпаңдай тізесін бүгіп от жеген
Тағы сынды мырза едік;
Тағы да келдік тар жерге
Тандансаң тағы болар ма
Тәңірінің салған бұл іске? —

дейді. Ұстанған ісі, ойдағы ниеті бойынша бұл Бұқар ұранын қостап келген “мырза” еді.

Көнбек, бойсұнбақ емес еді. Өзінің көздегені бар еді. Онысы өзінің жеке қалпын, бағынбастық қалпын, “тағы сынды мырза қалпын” қаймағын бұзбай сақтаймын деген мақсат еді. Бірақ ол Бұқар заманы бір-сәрі өтіп кетті. Бұл сол таптың адамы болса да, өзгерген тарихи жағдайдың ортасында іс қылатын болды. Қолындағы ту жығылып, сүйенген терегі сынып, құлдилап, құлап барады. Енді бұған соңғы рет тұяқ серпу, барымен бір-ақ бұлқынып көру ғана қалды. Сонымен Махамбеттің бар сөзі — осындай соңғы бұлқыну, соңғы тулаудың жыры болады. Бұл бұлқынғанда үлкен іспен, ірі екпінмен құлшынып-бұлқынған ісі бір-ақ іс болса да, барды салатын, құлаш көретін астан-кестеннің, алай-түлейдің ісі.

Махамбет бар өмірін осыған сарп етті; сондықтан сөзі де үнемі осы бір-ақ түйіннің үстіне жиылған бір-ақ тақырыптың жыры боп шығады.

Саяси-қоғамдық мазмұнымен тарамдалған тақырыбын алсақ, Махамбет айналып үйіріліп, ылғи бір-ақ жерді шиырлайды. Бұған қарағанда, Бұқар көп кезде, көп жайды сөз қып, соның бәрі арқылы өз тұрғысын көлемді етіп, мол қып көрсеткен. Махамбетті онымен салыстырсақ, бір-ақ жақты. Бірақ бұның сол көрінген бір-ақ жағының өзі ең ірі, ең әсерлі жақ еді.

Салт-сана жүзінде жоғарғы үстем таптың көптен дайындаған қарсылығын бұл қолма-қол іске асырушы ақын болған. Бұныкі сөз ғана емес, ұлы дүбір іс, аласапыран тартыс. Жырының бәрі тұтасқан қимыл. Қан майдан үстінде көпті екілендіре сөйлеген: шабуыл, атой, ұран жыры. Ылғи сезімге соғып, ханға шабатын қыздырма жыр.

Сонымен Махамбет жырлары бір-ақ түйінге арналғанмен, ғасырлар бойында көпшілікке ұдайы үлкен дерт боп тұрған үлкен жараның аузын жұлғандай болатын. Бүкіл XIX ғасыр әдебиетінде

кимыл мен күрес жырын Махамбеттей қып жырлаған өзгеше ақын болған емес. Алды да, арты да бір өзі сияқты.

Сол себепті, ілгері, соңғы тыңдаушының бәріне де Махамбет жырының тақырыбы біреу-ақ екені байқалмаған. Қайта сол қасиет деп саналған болуға да мүмкін.

Сонымен, осындайлық бір ғана тақырып Махамбет шығармаларында қандай-қандай көріністер береді. Енді соған ауысайық.

Бұл ретте алдын ала айтып ететін нәрсе: тақырыбы біреу ғана болғанмен, ақын сол тақырыбын әр кезде әртүрлі баян етеді. Сонда бір кезінен екінші кездің айырмасы: әр уақыттағы істің халіне орай содан туған ақын халінің айырмыстарына орай кеп отырады.

Мысалы, алғашқы кезде бұлар соғысып жүреді. Ол кездегі көңіл екпіні, сөз тасқыны да бір алуан, өзгеше. Одан кейін жеңіледі. Бұдан туатын көңіл күйі екінші түрде. Ең аяғында қашқын-пысқын болып, жүдеп-жадап жүріп хан, тереге жайкүйін айтып, жәрдем дәмететін халге келеді. Ондағы күй-қалып бір басқа. Міне, Махамбет шығармаларының осындай үш кезең, үш дәуірі бар. Тексеруді де осы ізбен беттету керек.

Сондағы бірінші жыр: “Ереуіл атқа ер салмай”. Бұл өлең — Махамбеттің барлық басқа өлеңдері сияқты, ауызша айтылған, тыңдаушыға қолма-қол суырылып беріліп отырған өлең. Сол ретіне қарай: сапылдатып бір-ақ желдіртіп өткен бір шумак өлең. Мағына жағынан да барлық жыр бір-ақ ұзақ сөйлем есепті. Неше алуан қатар жарысқан, жеке-жеке суреттердің байлауын ең аяққы жолда “ерлердің ісі бітер ме?” деген бір қайырмамен аяқтайды. Ауызша айтылған желдірме болғандықтан, ұйқасы кейде келіп, кейде келмейді. Бір жерінде қат-қабаттап кетіп, өзге бір жерінде шанжау-шанжау түсіп, тырағайлап отыратын ұйқас — ауызша жырдың бір ерекшелігі. Және некұрым сөз ескек тартып, борама боп, қыздырмаға айнала берсе, соғұрлым аяқтағы ұйқас бір орында тұрмай, айнығыш бола береді. Махамбет Бұқар үлгісінің салт-санасы ғана емес, түрінде де осындай келетін жақындық бар. “Қыздырып, бойсұндырып, ертіп әкетем” деген ниетпен сөйлейді. Сондықтан ұйқасты қыздырма сөздің

құйылыс-тасқыны билейді. Ал қазақтың ертерек кездегі ауызша жырында екпін-тасқын аяқтағы ұйқастан шықпайды; сөз-сөздің басында келетін дыбыстар күйімен, үндестік орайынан шығады.

Сонда:

Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Енку, енку жер шалмай, —

дегендегі ылғи келетін “е” дыбысы — ауызша өлеңнің бар нәрі боп кетеді. Бұл дауысты дыбыстан құрылған үндестік болғанда “ассонанс” деп аталады.

Егер:

Тебіңгі терге шірімей
Терлігі майдай ерімей, —

деген сияқты “т” дыбысындай дауыссыз дыбыстардан құралған үндестік болса, оны “аллитерация” дейді. Махамбеттің қыздырамын, желдіртемін деген ауызша үгіті осындай түрге бөленген. Бірақ бұндағы жыр ішіндегі көп кернекті суреттер Бұқардікінен басқа боп мағыналанған; ішінара бірімен-бірі байланысқан болады. Бұқарда көп түсінбесін деген аттама, аламыш байламсыз суреттер әдейі келтірілетін. Сондай борасынды бұрқақтың ішінде әр жерге, ұққанға арнап көмбе көміп кететін. Сөз түйімін көптен алып қашу.

Ал мынада: сол көппен бір сапарда, тар кезеңде иық сүйесіп, “бір жеңнен қол, бір жерден сөз шығарам” деп тұр. Сондықтан енді Бұқар үлгісіндегі жалтартпа, тұспал керек емес, уақытша болса да көптің тілі боп сөйлеп бағу қажет. Сол көптің “өзі” боп тұрып, тұтас тамсандыратын қып сөйлеу керек. Бұның бәрі ақынның ұғымды болуын тілейді. Махамбет сол керекті дережеде, ұғымды, көпке түсінікті боп, жақын боп көрінеді. Бұндағы:

Алты малта ас болмай,
Өзіңнен туған жас бала
Сақалы шығып, жат болмай, —

деген,

Тебінгі теріс тағынбай
Темір қазық жастанбай,
Ту талақай бастанбай, —

деген сияқты суреттердің бәрі іштей бір тақырып, бір мақсат, мағынаға бағынады.

Неше алуан сырты бөлек көріністің барлығы да — осы тар-тыс жолында жанын аямай еңбек еткен ердің кейпін суреттеп, толықтырады. Бұрынғы өлең-жырда әр жерден шаң беріп, басы қосылмай бытырап жүретін суреттер мынада: қатты жымдасып, екшеліп, бір бас, бір тас боп алады. Ақынның көпке тастап отырған ұранындағы тілек-талап та сол. Бытырап, ыдырап жүрген ел басы қосылса, ойдағы басшы бастаса іс дәуірлеп, еңбек жанып көрікті көрініс шығар еді дейді.

Осымен “Ереуіл атқа ер салмай” деген жырдың ішкі-сыртқы құрылысы: табиғи-тұтас біткен, бірыңғай бүтіндікті білдіреді. Қысқа мезгілді, бір ғана қимылдың жыры болғандықтан, ол өзінше, бас-аяғы тұп-тұтас боп шыққан.

Жалпы Махамбет шығармаларының туысы, кезі әрдайым осыған ұқсас. Екпінді, келте, кесек бір қимылдың жыры да өзіне ұқсап, зымырап, шарқ ұрып, от шашып, іші-тысы бірдей тұп-тұтас боп тұрады.

Сонда “Ереуіл атқа ер салмайдағы” күй: “Талма, қажыма, салған сайын өршеленіп, өрлей бер” деген күй болады.

Ал “Толарсақтан саз кешіп” деген жыр тағы да алғашқы тақырыпты қозғайды. Сөз саптау, көрініс-суретті екшеу бұнда да сол тақырыбымен алғашқы өлендегідей үйлес келеді. Бірақ бұның тұсында уақиғаның беті өзгерген. Ақынның халі өзгерген. Ол енді соғыс үстінде емес. Сыртқы халі — жеңілушінің халі. Сондықтан қарсылық-ереуілін, ұранын басқа күйге айналдырып:

Ат басына соқтырып,
Ата-енені сөктіріп,
Нәлет болсын, жігіттер,
Біздің осы жүрген жүріске, —

деген қатты қарғыс, ашу серпінімен бігіреді.

“Арғымақтан туған қазанат” деген өленде Баймағамбет сияқты дұшпанның алдына келіп отырғанына қарамай, бұрынғы арманды тақырыбын қайта өршітеді.

Исатайды өлтіріп,
Қырсық та шалған біздің ел, —

деумен сол Исатайдың жауы, алдында отырған Баймағамбетті бетке ұрады.

Ол алтын ердің қасы,
Ағайынның басы еді,
Сен кім едің:
Жақсыдан туған жаман бар,
Күндердің күні болғанда,
Жарамды бір теріге алғысыз, —

деп, баяғы тізбектеліп келетін, ішкі мағынасы бір дұспал көріністі Баймағамбетке қарсы найза қып жұмсайды. Өзі бұрынғы жолы — жол, арманы — арман болған қалпында екенін білдіреді. Іс біткен, қазір бұның қолынан келер дәрмен жоқ, бірақ бұл осы жүрісте көпті де, бірді де талай талғап сынап шықты.

Соның ішінде:

Жаманнан туған жақсы бар
Атасын айтсаң нанғысыз... —

деп бір қойса:

Айғырдан туған жампоз бар
Нарға жүгін салғысыз, —

деп тағы айтады. Дандайсыған талай мақтаулы жалғыздан да, көптен, төменнен де шығып озған көп ердің қимылын қостайтыны бар. Көппен бірге жүріп, біте қайнасып, көп сынасу арқылы берген бағасы. Бұл жырында да батыр-ақын төзіп отырған жоқ, дегеніне жетпегенге өкініп қана отыр.

Осы сарынмен Баймағамбетке айтатын соңғы сөзіне келгенде, онымен жағаласқан ата жау екенін айтады. Билік, үстемдік үшін тайталасқан тең-тұсы ежелгі дұшпан екенін айтады. Жеңілдім деп бас ұру жоқ, кішіреймек емес. Қайта:

Сендей нар қоспақтың баласы,
Маған оңаша жерде жолықсаң,
Қайраннан алған шабақтай
Қия бір соғып ас етсем,
Тамағыма қылқаның кетер демес ем... —

деп тоқтайды. Бұрынғыша тізбек суреттерді (Қоспақтың баласы, шабақ, қылқан деген сияқтыларды) іштей байланыстырып не қарсы қоюмен, не үйлестірумен байланыстырып отырып, алғашқы бір беткей ереуіл-қарсылық шабуыл сарынымен

бітіреді. “Мезгіл өтіп кетті, бірақ дегенім болса нетер едім” деп ойдағысын айтады. Онысы, қозғалысының да ең үлкен түйіні болатын.

Көпті ертіп, қан кешуілден өткенде, түптің түбінде мынау сияқты, Жәңгір сияқты ханды құлатып, артын өзі баурап алмақ. Ханмен бастас, бәсекелес боп жүрген билеуші тап адамының үні осы жерде шығады. Қыздырмалап, желіктірем дейтін көп жоқ. Енді алдында отырған — бұрын жеңген жауы.

Соған айтқан соңғы сөзде жүрісінің сырын да, шынын да айтады. Бұл сыры жоғарыда айтылған билеуші тап адамының таптық сыры, таптық жоғы боп айқындалады.

1933

НЫСАНБАЙДЫҢ ӨЗ ЖАЙЫ МЕН ЕҢБЕГІ ТУРАЛЫ

Өмір жайы, жөн-жосығы туралы мағлұмат аз қалған ақынның бірі — Нысанбай. Жалғыз мәлім нәрсе — бұл Кенесарының қолымен бірге жүрген жортуыл ақыны. Қай кезде қайдан шығып кеп Кенесарыға қосылған, қанша уақыт бір жүрген, онысы да мәлім емес. Жалғыз-ақ, Кене-Наурызбай қозғалысының соңғы кездерінде бұның сол қолдың ішінде жүргені даусыз.

Мүмкін, соңғы бірер жыл ғана емес, Арқада жүргенде де төрелердің жыршысы боп: Кенесары көрген көп кешудің бәрінен өтіп, Арқадан қырғызға қарай ере шыққан Ағыбай, Бұқарбай, Бұғыбай²⁰ батырлар сияқтанып жүрген байырғы жолдас, төл ақын шығар.

Дәлді мағлұмат болмаса да, қисыны осылай болуға лайық. Өйткені, Нысанбайдың Кенесары-Наурызбайға айтқан жоқтауында:

Көп сарғайтып келместей
Кене хан, саған не болды?

Кенекемді қалдырып
Көк бурыл, саған не болды? —

деген сөздер, ақынның хандарынан айырылып алғашқы шыққан, бірге аттанған елге, жерге қайтып кеп отырып 280 айтқан сөзі

сияқты. Жорық атаулының бәр-бәрін, бас-аяғын түгел көріп, қалың ортасында болып, Кене мен Наурызбайды өз көзімен өлтіртіп, енді елге кеп соларды жоқтай отырып, өзі болған жорықтарды жыр етеді. Көргеннің куәлігін айта келіп, аналардың батырлығын, тарихын паш етеді.

Өзі болған жорықты, өзі көрген тарихи үлкен қимылды жыр қылушы қазақ әдебиетінде екі-ақ ақын. Бұның бірі — Махамбет, екіншісі — осы Нысанбай. Бірақ бұл екеуінің жыр, толғауларында екі алуан, басқашалық бар. Махамбет қозғалыстың басшысы, ұраншысы найза басы батыры. Оның сөзі де, сол көпті жетектеп, сүйреп, майданға айдап салып отырған сөз. Ал мынау жорықтың басшысы да, батыры да емес. Көбінесе Кенесарыдай ханның көңіл ашар ермегі. Даяшы халіндегі көп нөкердің бірі. Тыныштықта бұл мақтау, даттау, қошемет сөзін жырлайды. Жорықта хан мен батырдың қимылын дәріптейді. Егер панасы, иесі болған хан өлсе, соның артын күткен адал қарашы болып жоқтау айтады, зар етеді.

Шығысы хан-төре, би мен бек табынан болмаса да, солардың шашпауын көтеріп, кілеміне түскен ақын болады. Сол билеуші жоғарғы таптың санашылы боп қалыптанады.

Осы жағынан қарағанда, Нысанбай, өз шамасынша қазақ топырағындағы сарай ақынының кейпін көрсетеді. Бұндай ақынның көбі өз табынан жырылып, жоғарғы таптың жоқшысы боп кеткендері болады.

Хан, төренің қасындағы қошеметшіл ақындар Кіші жүз хандарының қасында болған Жанұзақ сияқты бірнеше адам. Негізгі қалып солар сияқты болумен қатар, Нысанбайдың дәл сарай ішінде отырған ақыннан басқашалығы бұл: хандарын мақтай отырып, көпке әсерлі болған ұлы жорық, ірі тарихи уақиғаны баян етеді. Осы жағынан қарағанда, орыс ауызша әдебиетінің ескі кездерінен сақталып қалған князьдар қасындағы жортуыл ақындары (поэт дружинник) дегендерге көбірек ұқсайды.

Бірақ Нысанбайдың біз тексеретін жыры Кенесары қозғалысының бар кездерін баян етпейді. Жалғыз қырғызға барған соғыстары мен сол жақта қаза табуы ғана айтылады. Ал, бұл Нысанбай жыры сондайлық шолақ болса да, бұрынғы, соңғы

тындаушылардың арасында үлкен елеулі өрнек сияқты орын алған. Оның себебі, Кенесарының аты да, істеген істері де қазақ тарихындағы бір даңқты, әсерлі тақырып болған.

Жыр ішіндегі үлкен рөлдің адамдары сол Кенесары, Наурызбай болғандықтан, соларды толығырақ түсіну үшін біз әуелі біраз тарихи мағлұматтарды қарастырып өтейік. Кенесары қозғалысы қазақ өлкесінің отарлану дәуіріндегі ірі уақиғаның бірі. Бұл ең әуелі 1837 жылы басталады. Патша үкіметі бүгінгі Көкшетау қаласын салуға сол жылы кіріскен еді. Бұған Көкшетауды ата қонысы, қыстауы қып отырған Абылайдың кенже баласы Қасым қарсы болды. Ержеткен балалары Есенгелді, Саржанды артынан ертіп ереуіл көрсетті. Жеріне қала салғызбауға бекінді. Үкімет әскерімен бірнеше қақтығыс болып, ақыры бұларды қуа шыққан әскер Есенгелдінің ауылын шапты²¹. Ашық көтеріліс пен ашық қуғын боп кетті. Ол кезде қазақ өлкесін екі жандаралдық билейтін: бірі Сібір, бірі Орынбор жандаралдығы. Қасым балаларымен Сібірден Түркістанға қарай ауа кешеді²². Сонда артынан патша үкіметіне қарағысы келмей, наразылық күйінде жүрген 40 мың үйлі қазақ бірге ере көшеді. Бұның біразы жарым жолдан қайтып, қалғаны хан қасынан ауып барып қана ыдырайды. Сол кеткеннен Қасым Тәшкен әміршісі Беклер бекке келеді. Ол басында жақсы күтіп алып, артынан: қазақ арасындағы салмақ беделі артып бара жатқан соң, түбінен қауіп қылып Қасымды, Есенгелді, Саржанды өлтіртеді.

Тұтқыннан құтылып шыққан Кенесары кейінгі уақиғаға өзі бас болады. Арқаға, Орынбор жандаралдығының жеріне кеп, Ұлытау, Кішітауды мекен етіп тұрып, әкесіне ас береді. Сол аста үш жүздің сабағынан жиылған ру басы билер патша үкіметін түгел мойындай қоймаған елдер атынан Кенесарыны хан сайлап, бұдан кейінгі патша үкіметіне қарсы арналған тілек-тартысына көмекші болмаққа уәде береді.

Осыдан бастап 44-жылдарға шейін Кенесары Ресейдің отаршыл саясатына қарсы шыққан отар қозғалысының басшысы болады. Тілеулес ел бұған “зекет” деп атап, күш көмек беріп тұрады. Қуа шыққан көп әскерлер жайынан алатын хабар беріп, Кенесарының ұсталмауына себепші болады. Сонымен талай рет

Кенесарыны қуа шыққан Сібір, Орынбор әскері бұны ұстай алмайды. Қарсылығын баса алмайды. Ру басы мен қазақ төрелерінің жарымы осындай тілектестік істегенде, сол төре мен билердің, ру басылардың жарымы патша үкіметінен шен-шекпен, дәреже алып, агенті боп алған еді. Олар Кенесарыны бірге қуысады. Кенесары тұстас жердегі орыс қалаларын шабады. Өзіне қарамай, жаулық ойлап патша үкіметінің жасағына қосылған ру басылар, төрелер болса, солардың өз аулын не қолтығындағы елін шабады.

Екінші жақтан Қоқаннан ата кегін алмақ боп және орайы келсе, Түркістандағы үш хандықтың біреуін өзіне қаратып, іргесін сонда орнатпақ боп, Қоқан, Бұқар, Хиуаның тартыстарына араласа жүреді. Олардың хандарының арасында алалық, жаулық бар. Қисынын тауып, соның бірімен-бірін әлсіретіп, аяғында тілеген біреуіне өзі хан болмақ ниетін де ойлай жүреді. Сол үш хандықтың үшеуінен де қару-жарақ, алтын-күміс сияқты қазына, сый ала жүрген кездері де болған.

Бірақ осы жүрістің көбінде мекен қылған жері Ұлытау болады, патша үкіметімен бірде соғысып жүріп, бірде бітімге келмек боп, сөз салысып жүретіні де болады. Патшаның өз атына жазған хатында: “Кінә менен емес, жерімді алып, аулымды шапқан, артыма ерген елімді тонаған Сібір үкіметінен” дейді. Патшадан Орынбор жандаралының өтініші бойынша Кенесары басына кешірім келіп, бұны қарсылықтан тоқтатпақ болған көп талаптар бар. Бітім сөйлесу үшін елшілер жіберілген уақыттары да болады.

Бірақ көбінде Кенесары ойысып кеп, дер кезде, өз есебі қалпына келуіне қарай ұдайы қайта шалқиып кетіп отырады.

Ақыры бұның қарсылығы басылмайтын болған соң патша үкіметі: әрі күшті әскерлер шығарып, соны Кенесары жүрген ауданнан қайтармай ұстайды да, дәл көтерілісшілер жүрген ауданнан 43—44-жылдарда Ырғыз бен Торғай қаласын салады.

Содан кейін Кенесары еріксіз ірге аударады. Арканы басып жүріп келіп, Балқаштың Қамал деген түбегінде бір қыс жатып, қару-жарақ қамдайды. Әскер құрайды. Сонымен атасы Абылайдың програмын іске асырмақ боп, қырғызға қарай басады.

Абылай Орта жүз жерінің көбін патша үкіметі отар қылып баурай бастаған соң жеке хандық қалпын сақтамақ боп, Алатауға бет алған. Ондағы ойы Алатаудай табиғи қорғанға ірге көміп, қазақ, қырғызды халық қып, орыс, қытай екі арасында таразының ортасы сияқты боп, екі жаққа көзді салып, жеке дәурен жасамақ еді. Қырғыз ол ниетке көнбей, Абылай Талас қырғызымен соғысып, мың үй тұтқын алып, Арқаға қайта қайтқан.

Сол Абылай ниетін жаңа ниет қып келген Кенесары тағы да қырғыз қарсылығына килігеді. Қырғыз қазақ ханына еркіншілікпен бағынбақ емес. Оның үстіне, әсіресе Абылай нәсіліне шылбыр тізгінін бере алмайды. Ескі кекесін бар. Осының салдарынан ұрыс болады.

Кенесары-Наурызбайдың бас кезде жолы болады. Шошытып, ықтырып жібермек боп тұтқынды, жеңілген елді, елшіні түгелімен қатты жазалайды. Қатал қимыл көрсетеді. Ақыры қырғыз руларының бәрі тұтасып, нық қарсылық көрсетіп кеп Кенесарыны мендетіп жеңуге айналады. Сол кезде Кенесары қолына көмекші боп жүрген Дулат қолы да іри бастайды.

Бұларды, басшыларды, қырғыздан сый алып аздырды деседі. Бірақ шын себебі ол емес. Дулат — қырғызбен көрші отырған тату ру. Кенесары істеген жаулықты бұлар қырғызға бұл күйде істемек емес. Себебі де жоқ. Наурызбай қимылы шектен асып, Дулат пен қырғыз арасын кескілескен жау күйіне айналдыра бастаған соң, көпшілік бұл күйдегі жаулыққа ергісі келмей, төрелердің өзін тастап, сырт беріп кеткенге ұқсайды. Осы жайлардың себебінен Кенесары жеңіліп, тұтқынға түсіп, қырғыз қолынан қаза табады.

Кенесарының барлық жүрісі қысқаша айтқанда, осындай. Бұл қозғалыстың кей кезінде, патша үкіметінің отаршылық саясатына қарсылық ойлаған бұқарасы, көпшілігі қосылып кетіп отырса да, асылында Кенесары жорығының көпшілігі бұқара қозғалысы бола бермейді. Патша үкіметіне қарсы шыққанда, өзінің таптық, ақсүйектік, бектік талабын қолына ұстап шыққан хан баласы, кей кезде ғана бұқара күйіне күй қосып қалып, көп жерде өз тілегінің соңында жүреді. Бұның ең бауыр жақыны бастап, төрелері дәл

сол кездерде округ-округке аға сұлтан, сұлтан-правитель, хан болып отырған. Олардың таптық-шаруашылық, саяси тілектері патша үкіметінің жолымен әбден үйлесіп, жымдасып кеткен-ді. Өлкені отарлап берушілер де бір жағынан солардың өзі болған. Кенесары сол таптың өкілі болғанда, олардың көбі қанағат қылған халді місе қылмай, өзгеден көрі мол жемді тілеуші болған. Бұл ретте патша үкіметімен үйлесе алмай, өзінің үстемдік, қожалығын сақтау үшін жаңағыдай тартыс, алыс жолдарын қолданып кеткен. Өз талабы орындалса, Кенесары өлкеге хандық орнатып, Абылай заманын қайырып әкеп, үш жүздің ханы өзі боп отырмақ. Осы ниетін бұрынғыдан ажырап кетпеген, бүгінгіге түгел үйлесіп болмаған ру басы билердің де қостағаны бар. Ал көпшілік бұқара ергенде, өзінің отарға қарсы болған ереуіліне мыналардың алғашқы істері үйлесетін болғандықтан ерген. Бірақ бұл қозғалыс бір программен іс қылған бірыңғай топтың ісі емес. Өз ішінде қайшылық, қос қыртыстық көп болған топтың ісі еді. Уақиғаға араласушы басшы, қосшылардың өзі де өз іштерінде де неше алуан ұғыспағандық, қиқы-жиқылық көп еді. Кенесарыны тастап кететін Дулаттың ру басылары, Кенемен ұрысқа шығатын қырғыз манаптары өздері жекебасын алғанда патша үкіметіне бағынуға қарсы сияқты боп жүріп, мынау келгенде басқа бетке шығып кететіні, бәрі де — сол уақиғаның ішіндегі қайшылықтар. Бір програмның жоқтығы. Бар, анық программ болса, ол Кенесарының қарақан қара басы үшін хандық, тақ, бақ іздеуі сияқты боп айқындап шығатын кездері де бар. Осыны біралуан Кенеге жақын батыр мен би қостайды. Кенені хан қылып, өздері билеуші үстем тап боп отырмақ. Бірақ көпшілік бұқараға Кене қозғалысының дәл бұған жеткен сатысы ұғымсыз, өте керексіз. Хан мен батырлардың тілек ниеті дәл осыған қарай айқындап жөнелгенде, бұқара бұларды тастап шыға береді. Сол бұқараның бірі — Дулат. Екіншісі — етіне теуіп, жанын ауыртқан соң, өзі ереуілші боп, өзі қиратып, өзі ұстап өлтіріп жіберген қырғыз көпшілігі.

Ал, Нысанбай жаңағы бірен-саран тілеулес батыр, би сияқты тұтасымен Кененің хандығын, жеке өмірін жоқтаушы, құптаушы болады. Сондықтан оның тарихи жыры да көбінесе сол қошемет жыры болады.

Оған орай, Кенесары қолынан өлген Алтыбайдың кегін бергі заманда да ұмыта алмай отырған немересі бар. Ол бергі — уақыттың ру басшысы Жүсіпбек Басығараұлы. Оның қоспаларында Кенесары қозғалысы:

Қашқан-пұсқан жиылып
Қарашы некер қол болды.
Қарсы келген адамның
Көзінің жасы көл болды.
Ақылы жетпей қырылып,
Ақырында қор болды.
Алатаудың жырасы
Қазулы дайын көр болды.
Көмусіз қалып сүйегі,
Ит пен құсқа жем болды... —

деп бағалайды. Бұл да сол Кенесарының өз заманында болған қайшылықтың, қос қыртыстықтың бір алуан көрінісі.

Ал Кенесарыға қошеметші, қостаушы есебінде қараған Нысанбай оны:

Қоғамы күшті ер еді,
Киімді бала тудырған.
Ықпалы жүрген ер еді,
Алтынды қылыш бұдырған,
Абылайлап ат қойып,
Дұшпанды көрсе қудырған, —

деп дәріптейді.

Бұның барлық көзқарасы, бағалауы осы сарынмен өтеді. Сонысы Кенесары жорығын жыр қылған жалпы үлгісінен, әңгімелеу түрінен, кейіптерді суреттеген қалпында да айқын көрінеді. Кенесары — Наурызбай қимылын “қу жанын шүберекке түйген” ер қимылы қып көрсету керек. Сондықтан Наурызбай хан баласымын деп қарап тұрмайды, ең қауіпті жерде өзі жүреді. Ол үлкен қайрат иесі болумен бірге, ерекше зор намыстың да иесі боп көрсетіледі. “Абылай аспас асудан” асамын деп намысына өріс белгілеп, бәйге тігіп, сол дегеніне жетіп шығады. Ол қайрат қып қамал бұзғанда, хан да жаннан кешіп ат қояды. Бастаған тобынан, жаным аяулы екен деп іркіліп қалмайды. Наурызбай намыс дегенді үнемі ойлайды. Тереңнен, алыстан ойлайды. Қырғыз Бедердің ұлы жекпе-жек тілеп кеп, қазақ қолы тіксініп

шыға алмай тұрғанда, көптің намысы үшін сол майданға өзі де кетті деп сөйлейді.

Осындай, бастатсаң бастатқандай татымды басшы деп мақтаған хандарына жолдасты да көңілдегідей мақтаулы қып бермек болады. Хан үшін, Наурызбай үшін “жанын ортаға салған Бұқарбай, Ағыбай, Бұғыбайларды” мақтайды. Жолдас болса сондай болсын дегізіп, мен де сондай істейін дегізіп, өзгеге қозғау салмақ болады.

Наурызбай да, бұл батырлар да баяғы, ертегі заман батырларындай боп көтеріліп, аспандатып жырланады. Міне, жырдың ішіндегі адамдарды, өзі сүйіп мақтаған адамдарды: майданда батыр, сөзде шешен, мінезде кемел қылып, сағымдандыра, көтере жырлау ақынның таптық тұрғысынан туады. Сол топты мақтап, соның сойылын соғамын деген салт-санасынан туады.

Көтерген іс, мінезді суреттегенде де сондай аспандатқан үлкен тенеулермен суреттейді.

Кенесары, Наурызбай
Атағы шықты аңқылдап.
Жауды үркітіп қашырды
Ақ алмастай жалтылдап.
Зәресін алды дұшпанның
Нажағайдай шартылдап, —

дейді.

Осындай боп үйлескен түр-мазмұнның бір көрінісі өлеңінің ағысынан, ұйқасынан да білінеді. Бұл — тыңдаушыға, естуші құлаққа арналып айтылған жыр-өлең. Сондықтан ішіндегі мақтап көтерген мазмұнға қарай сырты да желдірме боп, лепіріп алып-ұшып келе жатқан сөз боп шығады. Жортып, жортып кеп анда-санда бір орғып кетіп отырған сияқты, сөзді топ-топ қып ескектетіп, шумақтап кеп, анда-санда бір қайырып тастап отырады. Сегіз жол, не он жол бойында ұйқасатын бір шумақ жасайды. Сол бір топ өлең ішіндегі ұйқас жол аралатып үйлесетін шалыс ұйқас болады. Біздің ауызша әдебиеттегі ағым, екпінді көшірмені білдіретін жортпа, ақпа өлең осындай жол аралатқан көктеме ұйқаспен келеді. Ақынның жоғарыда айтылған таптық тұрмысына лайықты түр, мазмұн осы сияқты боп кеп, шығарманың барлық қалпы хан жорығын мақтаған үстем тап жыршысының үлгісін көрсетеді.

А. С. ПУШКИН
(1799—1837)

Пушкиннің өмірі

Александр Сергейұлы Пушкин 1799 жылы Мәскеуде туған. Әкесі алты жүз жылдан бері үзілмей келе жатқан ақсүйек тұқымнан. Әкелері шаруаға араласпаған, деревняны жаратпай, шашып-төгіп Мәскеуде өмір сүрген. Үйлерінен күндіз-түні қонақ арылмаған. Ақынның балалық кезінде оның әке-шешесінің барлық уақыты тек қонақпен, сауықпен еткен. Баласын тәрбиелеумен олардың жұмысы да болмаған. Ақын жылы шырайды қарт шешесі мен тәрбиеші әйел Аринадан ғана көрген.

Бұл екі кемпірден ұзақ-ұзақ ертегілер тыңдау арқылы ақын ана тілін жақсы үйреніп алған. Пушкиннің үй іші француз тілінде сөйлесетін. Балаларына (ақынның бірге туған бауырлары болған) шет ел адамдарынан “саны көбірек, бағасы арзанырақ” тәрбиешілер жалдап алған.

Пушкин сегіз жасынан кітапқа әуес бола бастайды. Әкесінің французша кітаптардан құралған кітапханасынан тілеген кітабын алып оқи берген. Қандай кітапты оқу керектігі туралы ешкім оған кеңес те бермеген. Дегенмен нәтижесінде ақын француз тілінде өте көп кітаптар оқып, көп білім алған.

Кешікпей Пушкин француз мысалдарына, поэмаларына еліктеп өзі де көркем шығармалар жаза бастайды.

1811 жылы Пушкин жаңадан ашылған Царскосельский лицейге кіріп, онда 1817 жылға дейін оқыған. Лицейде Пушкин әлеуметтік, әдебиеттік мәселелер жөнінен бір қауым жастармен танысып, пікірлес болады.

Пушкин әдебиет үйірмелерін ұйымдастыру, қолжазба журналдар, шығармалар жинақтарын шығару жұмысына белсене қатысады. Пушкиннің ақындық тәжірибелеріне шетелдер жазушыларының да, орыс жазушыларының да әсері болады.

Пушкиннің ең алғаш әдебиетшілердің назарын тартқан өлеңдері 1814 жылы шығады.

Лицейді бітіргесін Пушкин қызметке кіреді. Бірақ қызмет ақынға қызғылықты болмайды. Сондықтан ол уақытының көбін әдебиет жұмыстарына арнайды.

Пушкин көз заманындағы ірі адамдармен танысып, ол шақта жаңа құрылған жасырын ұйымдарға (декабристер) араласады. Қоғамдық-саяси мәселелермен әуестеніп, күнделік саяси мәселелермен ақынша шұғылданады, соған барынша беріледі.

Бірақ бостандық сүйгіштіктің сазайын тартатын срок ұзаққа созылмайды: үкімет 1820 жылы оны оңтүстікке жер аударады.

Ақын Кавказда, Қырымда, Бессарабияда айдауда жүрген жылдарында “Кавказ тұтқыны”, “Ағайынды қарақшылар”, “Бақшасарай фонтаны”, “Сығандар” деген ірі поэмаларын жазады және “Евгений Онегин” сияқты ірі шығармасының бас жағына жазады. Бұл еңбектері қысқа уақыттың ішінде Пушкиннің ірі ақындық даңқын шығарады.

1824 жылы үкімет Пушкинді оңтүстіктен қайырып, өзінің туған жері Михайловск деген деревняға айдап жіберді. Деревняда полиция мен монастырь бастығы попқа бақылатып қояды.

Бұл деревнядағы оңаша уақыты Пушкин өте пайдалы жұмыстармен өткізеді. Келіп-кетіп халін білген достарына ақын: “Кітап, кітап, кітап!” — деп тапсырумен болды. Достары Петербордан мол кітаптар жіберіп тұрады. Оңтүстікте ағылшын ақыны Байронмен әуестеніп, соның бағытына түскен еді. Ал Михайловскіде Шекспирдің пьесаларын, Вальтер Скоттың романдарын оқып²³, солардың бағытын тереңдете зерттейді. Орыс ескілігіне тереңдеп еніп, халық өлеңдерімен танысады. “Борис Годунов” деген үлкен шығарма жазады.

Бұл еңбекті жазып шығару үшін ақынға Карамзиннің тарихын²⁴ және тағы сондай өнімді шығармаларды оқып шамалауға тура келеді. Шығарманы жазып бітіргенде жазушының қандай дәрежеде қуанып шаттанғаны мына сөздермен көрінеді. “Мен жарияланымды жалғыз өзім оқып шығып: “Жарайсың, Пушкин!” — деп, өзімді-өзім қошеметтеп айқай салдым”.

Жоғарыда айтылған тәрбиеші кемпір Арина Радионқызының қасында Михайловскіде қамауда болу 1826 жылдың ортасына дейін созылады.

1826 жылы Пушкин Михайловскіден шығуға рұқсат алады. I Николай ақынды шақырып алып: “Мен сенің жастық “күнеларынды” кешірдім, бұдан былай сенің шығармаларынды қарап жіберіп тұратын цензор өзім болам”, — дейді. Дегенмен, “күнеларды” кешу жандармның, оның шефі Бенкендорфтың Пушкинді бұрынғыдан да қаттырақ аңдуын күшейтеді²⁵. Пушкиннің өмір тарихын жазушылардың біреуі: “Осы уақыттан бастап Пушкин уақытша босатылған тұтқын сияқты болады. Құпия ізін бағушылық күшейе береді. Пушкиннің жүріс-тұрысы саяси полицияны (үшінші бөлім) әбігерге салады. Құпия қағаздар Пушкин барған жерге ізін ала құстай ұшады. Жандармнан рұқсатсыз Петербордан Мәскеуге баруына да мүмкіндік болмайды”, — дейді.

Пушкиннің Петерборда тұрған кезіндегі жұмысының дені бұрынғыша әдебиет жұмысы болады. Пушкин тарихпен әуестеніп, архив аралап, I Петр дәуірінің материалдарын зерттей бастайды. Пугачев қозғалысын зерттеуге кіріседі. Мәселені дұрыстап тексеріп қайту үшін Пушкин Орынбор өлкесіне, Еділ бойына барған. Жергілікті архивтерді қарастырған, сүйтіп “Пугачев тарихын” және “Капитан қызын” жазған. Цензор I Николай Пугачевтың тарихы болуы мүмкін емес дегесін, әуелгі еңбегінің атын “Пугачев көтерілісінің тарихы” деп өзгерткен.

Өмірінің соңғы жылдарында Пушкин сарай ортасына араласқан. I Николай Пушкинді өзіне сарай “ақыны” (жыршысы) етпек болған. Пушкин сыртқы көрініс үшін болса да бұған көнуді жөн деп тапқан. Ақын өзінің қандай адамдарға араласқанын, бұдан жақсы нәтиже шықпайтынын білген. Сарай айналасында II Екатерина заманынан басталған²⁶ ескі туысты ақсүйектерді шеттету Николай реакциясы тұсында күшейіп, сарай шенеуніктерінің жеңіп шыққан уақытына келіп Пушкин кездеседі, сүйтіп сарай маңында Пушкинге айқын дұшпандық көзқарас туады. Ақынды үздіксіз қудалай бастайды. Зәбірленген ақын бір қорлық өсекке шыдамай, Геккерен Дантес деген сарай төресін дуэльге (жекпе-жекке) шақырған. Дуэль 1837 жылы 27 қаңтарда болған. Пушкин ауыр жаралы болып, қаңтардың 29 күні өлген.

Ақын өлісімен, патша жіберген полиция Пушкиннің сүйегін өз қолына алған. Түн бойы көше-көшеге атты қарауыл қойып, ертеңіне сүйекті Петербордан Псков губерниясына алып кеткен және “жерлеген уақытта да ешбір жиналыс, жоқтау болмасын”, — деп бұйрық берген. Пушкин Михайловск маңындағы Светогорск монастырына жерленген.

Пушкиннің өлімі Ресейдің билеуші тобының құрбаны есебінде әрбір даналықты бағалай білетін халыққа қатты батқан. Ақынның өліміне жалғыз отандастары ғана қайғырып қойған жоқ, Еуропаның бүкіл мәдениетті адамдары да қайғырған.

Пушкиннің ақындығы 20-шы жылдар

Пушкиннің ақындығының әуелгі дәуірі XIX ғасырдың 10—20 жылдары. Бұл Наполеон соғыстары болып өтіп²⁷, декабрь көтерілісі әбден жеңіліп, аяқталған кезеңдер еді.

Ол жылдар күшті тап тартысының жылдары болған. Бұл тартыстың айқын көрінісі әдебиеттен де орын алған. Пушкин өзінің шығармаларымен дәл сол таптар қайшылығы күшейген уақытта белгілі бола бастаған. Және идея жөнінен декабристерге жақын ақын болған. Ақынның 1818—1819 жылдардағы шығармалары бұл жақындықты айқын сипаттайды.

1818 жылы Чаадаев деген өте оқымысты²⁸ және ақынның өзіне тәрбиеші есебінде болған эпесерге ақын өлеңмен хат жазады. Хаттың әуелгі өлеңдерінде өзінде болған зор өзгерісті баяндайды: “Махаббат, үміт, атақ” алдауынан құтылдым. Бұл алдау-үміт көрген түстей, тұмандай тарап кетті”, — дейді.

Олардың орнына жаңа тілектер орнаған, ол тілектерді ақын былай суреттейді:

... Жанышты үкімет. Шыдаймыз.
Жүрміз отты тілекпен.
Отан даусын тыңдаймыз,
Жалындаған жүрекпен.
Намыстанған жүрегім,
Бостандықта ой барда
Жанның сұлу жігерін,
Бағыштайтын отанға.

Илан жолдас! Атар таң,
Қалмас Ресей мүлде ұйықтап,
Болса үкімет құл-талқан,
Ұмытылмас біздің ат, —

дейді.

Мұнда біз Пушкиннің өзі “отан” алдындағы борышын өтеуге міндетті азамат екендігін көреміз. Бұл борыш ақынды үкіметке, патша үкіметіне қарсы тартысқа жетелейді.

Бұл өлеңнің сөздері, теңеу-салыстырулары екпінді, шарықтаған, қанатты теңеу болады. Ақынның талмаураған үмітпен “еркіндікті” шын көксегендігін сипаттайды.

1819 жылы Пушкин “Деревня” деген шығармасын жазған. Бұл шығармасын әне бір жыл бұрын жазылған Чаадаевқа жазған хатынан басқаша жазды; “Деревняның” мазмұны негізгі екі бөлім болып лирикамен аяқталған:

Бірінші бөлімде ақын “самиян сары дала”, “тыныштықтың, еңбектің ұясы” деп деревняны дәріптеп жырлап, алдымызға далалық, мұнартқан бақша, хош иісі аңқыған скирдтер, айна көлдей тегістіктермен қоршалған тыныш, у-шусыз усадьба (жайлау) тұрмысының суретін жайып салады. Мұның барлығын ақын “патшалардың арам сарайларына, ағыл-тегіл тойлар мен сауықтарға” қарсы қояды, өзінің қаланың “уынан ормандардың баяу шуына” қашқандығын айтады.

Екінші бөлімде берілген суреттер бұған қарама-қарсы түрде. Мұнда ақын деревня дүниесін қараңғы түнекке айналдырған ұятты суреттейді: “Мұнда заңсыз, сезімсіз, тағы, жабайылыққа айқасатын қожалық шыбықпен айдап, диханның еңбегін де, меншігін де, уақытын да өзінікі етіп алған.

Мұнда жадау құлдық рақымсыз қожаның борздасымен аяғын әрең сүйреп алып жүр” дейді.

Көзге соққан қарама-қарсылық суреті ақынды “шешендіктің айбарлы дарындылығына ие болып, азаматтарымның жүрегін тебіrentсем” деген құрғақ кіжініс, тіс қайрауға жеткізеді. Ақын өлеңін: “Достарым, жаншылмаған күйінде халықты, патшаның тілеуімен құлаған құлдықты көре алам ба және ақырында отанның басына өнер-ғылыммен бозенген бостандық таңы атар ма?” — деп бітіреді.

Біз келтірген екі шығармада да шығарманың ішкі бірлігін құраған негізгі мақсат крепостной қара шаруаларды қатты қанаудың түрлерінен көрінген өзін жаншу мен зорлыққа қарсы әшкере наразылық екенін байқау оңай. Бұл жаншылған бұқараны аяу сезімі ақын көңілінде бұқараны, азат етілген отанды бостандық таңымен жарқырап ағарған қалпында көрудің тілегін туғызады.

Ақынның бұл лирикаларынан қандай қорытынды жасаймыз? Қорытынды мынадай: Пушкин крепостнойлықтың дұшпаны, азаматтық пен ғылым-мәдениетті жақтаушы. Бұған қандай жолмен жетпекші? Жолды Пушкин “патшаның тілеуінен” болатын азаттықтан іздейді. Пушкиннің бұл бетін ана Чаадаевқа жазған хатындағы бетімен салыстырсаңыз, едәуір айырым табасыз: “болса үкімет күл-талқанның” суреті патшаның тілеуімен киындаспайды.

Бұл Пушкиннің саяси бағытында беріктіктің, тұрақтылықтың жоқтығын көрсетеді. Бірақ “Деревня”, “Чаадаевқа” деген туындыларын салыстырғанда, Пушкиннің ерекше құлдыққа, крепостной қатынастарға дұшпанмын дегендігін көрсетеді. Бұл жерде Пушкин бірте-бірте капиталшы болып келе жатқан байқонысты аксүйектердің идеялық тілектерін суреттейді, көрсетеді.

“Деревнядан” кейін 1819—1821 жылдарда Пушкиннің “Қанжар”, “Аракчеевқа сықақ” сияқты төңкерісшіл өлеңдерін²⁹ де ұшыратамыз.

Ақын шығармаларындағы қайшылықтардан біз ол кездегі Ресейдің саяси құрылысының жаңаруын тілеуімен қатар, халық төңкерісінен ажалдан жаман қорыққан либерал аксүйектердің жан қайшылықтарының суретін көреміз.

Дегенмен, аксүйектік төңкерісті дайындаған жылдардағы Пушкиннің әлеуметтік-саяси лирикасы өте күшті дәрежеде пікір оятқаны даусыз. Бұл лирика алдыңғы қатар оңды адамдарды болып тұрған күйге, үкімет иелеріне сын көзімен қаратты.

Пушкин өлеңдерінің бұл “залалды”, төңкерісшіл күшін патша үкіметі жете бағалап, ақынды астанадан (Петербордан) айдап жіберді. Пушкин шынында Соловецкий монастырьға айдалатын еді, тек Жуковскийдің болысуымен ғана оңтүстікке айдалды.

Оңтүстікте ақын әлденеше поэмалар жазды. Олардың идеялық маңызы барлары “Кавказ тұтқыны” (1821) мен “Сығандар” (1824). Бұл поэмаларында Пушкин ағылшын ақыны Байронның ықпалына түсулі. Ықпалға түсуі Байронның күштілігі арқасында ғана емес, мұндағы себептің салмақтысы біздің ақын мен ағылшын ақынының таптық жағдайларының бірдейлігі. Екі ақын да XIX ғасырдағы экономика, саясат жөнінен әлсізденіп, төмендеп, орнын ақсүйектердің басқа жіктеріне беріп келе жатқан төре ақсүйектерге жататын еді. Пушкин жатқан ақсүйектер жігі экономика жөнінен ірі ақсүйектерге емес, орта ақсүйектерге қосылған болатын. Сондықтан Пушкиннің либерализмі негізінде өзінің шаруашылығын капиталшылық үлгімен қайта қарауға ұмтылған орташа ақсүйектердің салт-санасын көрсететін либерализм еді.

Дегенмен, Пушкин тобының, яғни туысты ақсүйектер тобының либерализмі оның билеушілерге дұшпандығы арқылы еш уақыт экономика жөнінен де, саясат жөнінен де күшті болып көрмеген орташа ақсүйектер еш уақыт білмеген либерализм. Неғұрлым жаңадан көтерілгендер семіп бара жатқан төре ақсүйектерді жаншыса, соғұрлым соңғыларға наразылық күшейген. Пушкин мен Байронның дәреже-күйлері бірдей бола тұрса да³⁰, Пушкиннің ана Еуропа “қиялын билеушінің” ықпалына түсуі, әрине, оңай болған, жоғарыда аталған поэмаларда бұл ықпал күшті сезіледі.

Пушкиннің бұл поэмалары ақын шығармаларының идеялық мазмұнында қандай белесті көрсетеді? Мұнда алдымен ақынның төрелік дүниесінен айқын түрде безіп, оған жаратылысты, бояма сарай мәдениетімен уланып бұзылмаған жай адамдарды (“Кавказ тұтқынындағы” бас герой — астана ақсүйектерінен Кавказға қашқан, түңілген жас жігіт, “Сығандардың” бас геройы мұнан да күшті түрде түңілген адам) қояды.

Бұрынғы шығармаларындағы сияқты ақынның бұл поэмаларында да наразылық сарын үздіксіз болып тұрады. Дегенмен, наразылық мотивтермен қатар бұл кезеңдегі ақын шығармаларында кейбір шаршағандық, түңілгендік мотивтері де кездеседі. Бұл түңіліс мотивтері Пушкиннің декабристер

жеңілгеннен кейінгі онжылдық ішіндегі, яғни 30-жылдардағы шығармаларында айқынырақ сезіледі.

30-жылдар

Декабристерді дарға асудың әсерімен, жалпы түйістік жағдайларда, Пушкин саяси бағытының айқындығын азайта бастайды. Ақын кертартпаларға қосылмаған, “бірақ лирикасы топастана бастаған”. Ақын декабрист достарын ұмытпайды, оларға ақындық сый жібереді. “Сібірге хатты” (1827) жазады.

Бұл “Сібірге хатта” ақын “Сібір түкпірінде” азап шегіп жатқандарды: “Бойларында “өршіл талап” бар, ол талап “өлмес”, істеген “ауыр еңбек кетпес құр”, — деп көтермелейді, үміттендіреді. Декабристердің ісіне ақын артықша баға береді. Өлеңнің аяғында “Қапас зындан қалар құлап” деп жырлап, Пушкин өткендегі төңкеріс сүйгіштігінен айрылмағандығын көрсетеді.

Дегенмен, бұл өленде ақынның төңкерісшілдік жөнінен үлкен тоқырағандығы байқалады. Мұнда жалынды сөз бен тартысқа шақыру жоқ. Соңғы төрт жолы достарына қуат берген сияқты болса да, реакцияны жеңудің сенімін бермейді.

Ақынның мұндай төңкерісшілдік жөнінен бой тежеушілігін цензор жағдайынан болды, ақын әлі де төңкерісшілдік көрсетер еді деуге болмайды. Неге десеңіз, бұл кезеңдегі басқа шығармаларын тексеріп қарасақ, олардың көбінде-ақ тыныштыққа, усадьбаға шақыру мотивінен келіп отырады. Бұл мотив ақынның ұсақ лирика өлеңдерінде көктей өтіп отырумен қатар ірі шығармаларында да берік орнаған.

“Евгений Онегиндегі” усадьбадан қашып қалаға кеткен герой Онегин — керексіз, қоғамға пайдасыз адамдардың кейіпкері етіліп көрсетіліп, оған деревняда өскен, күшті, берік, жас Татьяна қарсы қойылады. “Дубровскийді” ақынның артықша құрметтейтіні — кедейленген, ескі жер иесі ақсүйек, жуас Дубровский қарт. “Капитан қызында” да осылай.

Дегенмен, ақын бостандық мотивінен бүтіндей қол үзбейді. Мәселен, “Кавказ” деген өлеңінде де төңкерісшіл мотив толық сезіледі. Бірақ төңкерісшіл мотивпен айқын жырлауға ол кезде

қиын болғандықтан, Пушкин ишараттап жырлайды. Кавказдың бай көрінісін суреттей келіп, бұлқынып, жиектегі тасқа соғып жатқан Терек өзенін суреттей келіп, “меңіреу тас кәрленіп қыса береді”, толқынның бұлқынуына өлең қылмайды дейді.

Осы сияқты бұлқынған еркіндікті заң қысып отыр,
Ұсақ ұлттар әкімшілік қысымында осылайша бұлқынады.
Бұл күнде үнсіз Кавказ осылайша ренжиді,
Оны жат күштер осылайша жаншады, —

деген мағыналы төрт жол өлең “Кавказда” басылмай қалған. Бұл өлең “бостандығынан” айырылып, I Николайдың торына түскен Кавказ халықтарының аянышты күйін суреттейді.

Негізінен алып қарағанда, 30-жылдардағы шығармаларында Пушкин деревнешілдік сананы көрсетеді. Ақын деревняға, тыныштық жағдайда еңбек жасауға бойұрады. Ақынның деревнеге қашуының себебі оның жіктес ақсүйектері ол кезде өздерінің шаруашылықтарын капиталшылық негізде қайта құруға тиісті болған. Ақынның тыныш еңбекті көксеуі — сарай адамдарынан бүтіндей айырылғандығын, I Николайдан күдер үзіп, жиренгенін көрсетеді. Бұлай бола тұрса да, Пушкин ақырына дейін өзінің табының, ақсүйектің ақыны болып қала береді.

Пушкин ақындығының соңғы белесін қарасөзбен жазылған ұзақ әңгіме “Капитан қызымен” тындырады. Бұл — орыс әдебиетіне ол кездегі үлкен табыс. Бұл әңгімеде ақын өз тұсындағы барлық қиын мәселелердің шешуін бермек болған. Әңгімеде жерлі ақсүйектер де, төре ақсүйектер де, қарашылар да, крепостнойлар да, Пугачев көтерілісіндегі неше түрлі әлеумет жіктерінің адамдары да айқын көрсетілген. Пугачев қозғалысы, Пугачевтің өзі, ақсүйектер, қарашылар тұрмысы әңгімеде толық суреттелген.

Әңгімеде ақын мемлекетті қорғаған, оны қиратушыларға қарсы болған, мемлекетті қорғаушы сері ақсүйектерді дәріптеп, жоғары көтерген. Әңгіменің идеяшылық мазмұны, міне, осы.

Бұл ұзақ әңгіме ақынның бұрынғы либералдық тұрғыдан тайғанын көрсетеді. Бірақ Пушкинді Ресейді өткен замандағы қалпына апарып “таз кебін” қайта кигізем дейтін 296 реакция-

шыл, кертартпа деуге болмайды. Пушкин реакцияшыл билеуші жіктен өзінің үкімет қатаңдығына, төрешілдігіне сын көзімен қарауы арқылы айырылады. Пушкин жасап тұрған саяси құрылыс тұсында бір қауым айқын өзгерістер, түзеулер керек екендігін ашықтан-ашық мойындайды және Николайдың “қатаң заманына” мүлдем лайықсыз, үйлеспейтін іс жасап, адамгершілік үгітін жүргізеді. Бұл жөнінде Пушкин мен ресми Ресейдің арасы жер мен көктей.

Пушкиннің мәні

Біз Пушкиннің ақындық жолын шолып өттік. Кейбір шығармаларына тоқтап, түсінік беріп, талдау жасадық. Бұл біз тоқталған аз-кем шығармаларының өзінен де Пушкин шығармаларының кең өрісті, көпжақты екенін аңғарып болады.

Пушкин ақындығының кеңдігін, тереңдігін айта келіп, атақты сыншы Белинский былай деген: “Шын суретші есебінде Пушкин өзінің шығармалары үшін сырлы тақырыптар таңдап алуға мұқтажданбаған, Пушкин үшін әрбір тақырып мейлінше сырлы болған”. Пушкин бізге тек ақындығының тереңдігі, кеңдігі жөнінен ғана қымбат емес, өз уақытында оның шығармаларының атқарған қоғамдық-әлеуметтік салмағы жөнінен де қымбат, бағалы.

Аракчеев жайлаған ауыр жылдарда Пушкин жеке билікті үкіметпен, крепостной құлдықпенен, қараңғылықпен тартысқан қонысты ақсүйектердің капиталшылданып келе жатқан бөлімінің ұраншысы болды.

Кейін бұл атқарған жұмысын еске түсіріп, “Белгі” (“Памятник”) деген өлеңінде “қобызыммен ізгі сезімдер оятқаным үшін менің қайырымсыз заманымда, бостандықты дәріптеп құлағандарға рақымшылық шақырғаным үшін мен халыққа әлі ұзақ уақыт сүйкімді болам”, — дейді (Пушкин мұны өлеңмен жырлаған, біз қарасөзбен аудардық. — М.Ә.).

Пушкин шығармаларының ақырғы белесінде бостандық мотиві баяулау, сиректеу естілсе де, I Николай дәуіріндегі реакцияның “түнек түнінде” Пушкин ресми системге бағынбаған, ол системаның салт-санасына, оның агенттеріне сын көзімен қараған ақын болды. Бұған Пушкиннің шығармалары сипат,

бұған ақырғы күнге дейін ақынды Бенкендорфтың аңдумен болғаны, ақынның шығармаларына І Николайдың цензор болғаны сипат. Бағынуды сүймеген ақынды үкімет те сүймеген үкімет Пушкинді жоюды мақсат еткен.

Пушкин әдебиет шығармаларының бір түрін қолданған тар ақын емес. Оның шығармаларында жанр атаулының бәрі бар: Пушкиннен түрлі лирикалар, поэмалар, романдар, ұзақ әңгімелер, ертегілер, балладалар, драманың түрлері, тарихи әңгімелер — бәрі де табылады.

Жанрының көптігіне қарамастан, Пушкин шығармаларында бір дәуірде біртүрлі жанрлар басым болып, екінші дәуірде екінші түрлі жанрлар басым болған. Бұл кездейсоқ болған құбылыс емес. Пушкин шығармаларының әуелгі дәуірінде лирика көп кездеседі. Мұның себебі: наразылық күйге түскен ақын кейде “жанның биік жұлқыныстарын” лирика арқылы сыртқа шығарады, кейде саяси дұшпандарын улы сөзбен шағады.

Ақынның бұл дәуірдегі көңіл күйінің шабытты, алып-ұшпа болғандығынан, бұл дәуірдегі шығармаларында лирикалық пікір айтулар үшін кең өріс беретін поэмалар көп болып, ұзақ әңгімелер аз болған (“Кавказ тұтқыны”, “Сығандар”).

30-жылдарда әлеуметтік қозғалыстың бәсеңдеуімен байланысты Пушкинде жоғарыда айтылған жанрлар кеми бастайды. Бұл дәуірде ақын көңілді “жуасыған” қарасөзге көбірек бөліп, ұзақ әңгімелерге көшіңкірейді.

Өмір туралы тереңдеп ойға шому, өмірді тереңірек түсінуді көксеу Пушкинді үлкен шығармаларға жетектейді: Пушкин “Дубровскийді”, “Капитан кызын” т.б. жазады. Бұл шығармаларда ақын өзінің отанының, табының тағдыры туралы көп толғанулар көрсетті, олар арқылы жылдар бойы толғап ойлаған ойларының жемісін берді.

Әдебиет шығармаларының қай жанрында болса да, Пушкиннің тілі таза орыс тілі, бай, оңай келген.

Пушкин өлең жазудың барлық түрлерін жарыққа шығарып, үлгі етіп қалдырды. Ақынның сүйген өлең түрі ямб (бұл түрмен “Евгений Онегин” т.б. жазылған). Пушкиннің ақындық жөніндегі шеберлігі орыс әдебиетін түр жөнінен ерекше байытты, кейінгі ақындарға үлгі болды.

Пушкиннің ақындығын Ленин зор бағалап, Пушкин шығармаларын өте ұнатқан. Пушкин шығармаларынан бұл күндегі біздің жастар да қол үзген жоқ, сын көзімен зерттеп оқып, жарамдыларын пайдаланады.

М. ЛЕРМОНТОВ
(1814—1841)

Лермонтовтың өмірі

“Лермонтовтың сырт пішінінде жамандық нышаны, қайғылы бір нәрсе бар: оның кара торы жүзінен, үлкен, қимылсыз кара көздерінен жабырқау, жауыз күш, терең ойға шомылған сенімсіздік, өжеттік сезілетін еді. Көздерінің біртүрлі ауыр жанары баланың ерніндей жұмсақ, шошақтау келген еріндерінің реңкіне сәйкес келмеуші еді. Қапсағай иықтарына орнаған үлкен басты, қисық аяқ, оның төртбақ тұлғасы сүйкімсіз көрінетін еді; бірақ оның бойындағы күштілікті кім де болса бірден-ақ сезуші еді”.

Бұл суреттемеден алдымен Лермонтов келбетіндегі трагикалық (қайғылы) күш көзге түседі. Егер біз оның өмірімен таныссақ, трагедиялықты дайындайтын материалдың көп болғанын көреміз. Ақынның бала күнінде-ақ оның кез алдында кедейленген ақсүйек әкесі мен ескі ақсүйек тұқымы Арсеньевтерден келе жатқан қарт шешесінің арасында үлкен жанжалдар болып өтеді. Бұл ақынға ауыр әсер етеді. Шешесі өлгесін Лермонтов қарт шешесінің тәрбиесінде болады. Қарт шешесі оны мейлінше әкесіне қарсы тәрбиелемек болады. Бала әкесі мен қарт шешесінің арасында күйіп-піседі. Бұндай бастан кешірген ауыртпалықтар Лермонтовтың шығармаларында суреттеліп көрсетіледі. Өлеңдерінің бірінде ақын:

Басқа тұрып бөлек өлген
Әке мен баланың халі ауыр, —

бұдан кейін:

Екеуіміз де қасіретке құрбан болсақ та,
Біз бірімізден-біріміз дұшпандық таппадық, —

деп ышқынады.

Туысты, бай Арсеньев кемпірі мен ақынның әкесі кедей ақсүйек Лермонтов арасындағы қырқысуда туысты, бай ақсүйектер мен кедейленіп “үшінші слой” қатарына шығып қалған ақсүйектердің тартысы суреттеледі.

Егер Пушкиннің ақындық өмірінің бастамасы 20-жылдардағы төңкерісшіл жоғарылаумен тұстас келсе, Лермонтовтың ақындық өмірі бүтіндей 1825 жылдан кейінгі реакция кезеңінде өтеді. Бұл ауыр жылдарда Лермонтов бірнеше оңды ақсүйектермен бірге өздерінің І Николайға дұшпандығын, 14 декабрь ерлеріне достығын жасырмаған. Бенкендорф-Уваровтар үшін, бүкіл “билеуші жік” үшін Лермонтов залалды адам, “тәртіптің дұшпаны”, қауіпті адам болған. Лермонтовты қудалап итше талаған. Ақын ызаланып алас ұрған: біресе дұшпандарына қарсы шапқан, біресе өзінің әлсіздігін, күресінен нәтиже шықпайтынын біліп, ішінен тынған. 30-жылдарда ақсүйектер І Николайдың тәртібін сүйеген, оған бірен-сарандары ғана көмескі, ұйымдаспай наразы болған. Міне, сондықтан Лермонтов сол саны аз наразылардың бірі есебінде бойын жасырып, ешкімге елжіреп араласпай, суықбас болып өскен, түрлі үйірмелерге, ұйымдасқан жастарға да жоламаған.

Лермонтов офицер болып шыққаннан кейін жолдас офицерлерімен ойнап-күліп, бірге жүрсе де, ішінен бұлардың өмірлерінің бос, мазмұнсыз екендігін толық түсініп, “қайғы жеп, қан жұтып” жүрген. Әдебиет жұмысына ақын әскерлік мектепте оқып жүрген күнінде кірісе бастаған. Бірақ бұл жұмысын әлі келгенше құпия ұстаған.

Қызметтес офицерлер Лермонтовқа кедейленген ақсүйек, нашар атаның ұлынан шыққан деп қараған. Бұған ақын үндемей ыза болып жүрген. Осы кезде ақын бір досына жазған хатында: “Менің сырттан қарағанда әдемі болашағым шынында өте нашар, дәнсіз, — деп жазып, — жылы сөздеріңмен тесілген кемеге кірген суша жанымға тоқтаусыз жылжып, кіріп жатқан суық келемешті тоқтатындар”, — деп өтінді.

Лермонтов қоғамның жоғарғы жігімен, үкіметпен 1837 жылы Пушкиннің өлімімен байланысты айқын түрде қақтығысады. Лермонтовтың “Ақын өліміне” деген зәрлі өлеңі шығады. Бұл өлең үшін ақынды үкімет абақтыға салады. Сонан соң Кавказға

жер аударады. Қарт шешесінің қуынуы арқасында ақынды кешікпей Петерборға қайырады. Лермонтовтың ақындығы пісіп, “Көпес Калашников туралы өлең” (1838), “Біздің заманымыздың геройы” (1840), екі том өлеңдері тасқа басылып шығады. Дегенмен, бұл кезеңде де Лермонтов қанағаттанып тынши қоймайды. 1840 жылы француз елшісі Баранттың баласымен дуэльде соғысқаны үшін Лермонтов қайтадан қамауға алынып, Кавказға жер аударылады. Лермонтовтың үкіміне І Николайдың өзі мынадай бұйрық берген: “Лермонтовты майдан қызметінен ешбір шығарушы болма”. Николайға көкірек, батыл, бостандықсүйгіш ақынды батыру керек болған. Үкімет адамдары құрал талғмай ақынды қудалаған. Нәтижесінде 1841 жылғы 15 июльде, Бестау (Пятигорск) қаласында, Машақ тауының етегінде ақын дуэльде соғысып, полковник Мартыновтың қолынан өлген. Шіркеу ақынға жаназа оқымаған. Ақынның сүйегі көмусіз бір қауым уақыт далада жатқан. Ақынды өлтірген Мартыновты билеуші таптың сұлу әйелдері әлпештеп әйкел еткен. Мұның барлығы кездейсоқ болған уақиға емес. Петербордағы төрелер ақынның өлгенін естігенде: “Барып тұрсын!” — дескен.

Орыстың шенді ақсүйектері заманындағы екінші ұлы ақынмен де осылайша есептескен.

Лермонтовтың ақындығы

Лермонтов Пушкин замандастарының кіші буыны. Ол өзінің ақындық әрекетін төңкерістің әуелгі қаулап көтерілуіне жалғаса болған реакцияның ең қара, ең ауыр жылдарында бастаған. Бұл жылдар декабристерді қиратумен, олардың ең белсенділерін дарға асып, қалғандарын каторгаға айдаумен байланысты жылдар еді.

Бұл қаралы жылдар Лермонтов шығармаларының жалпы мінезіне, бағытына едәуір әсер етіп билеулі.

Лермонтов лирикасы (1830—1836 жылдар)

Бұл дәуірде жазған өлеңдері идея жөнінен, күй жөнінен біріне-бірі қайшы. Мәселен, “Періште” (1831), “Тілек” — бірыңғай идеялы өлеңдер де, “Сендер, көкіректер, тағы көтерілдіңдер”

(1830), “Жалғыз жалау жалтылдап”, “Новгород” (1832) — екінші түрлі идеялы өлеңдер.

“Тілек” деген өлеңінде ақын заманындағы тұрмыстан түніліп, көңілін сырлы ертегілі, күшті даңқты өткен күндерге аударады. Бірақ: “Тағдырдың қатаң заңына қарсы тілектер бекер ғой, орындалмайды ғой”, — деп, өзінің қиялдарының бостығын мойындайды.

“Періште” деген өлеңде ақын ол дүниені көкसेп: “Жердің жабайы өлеңдері” аспан дыбыстарымен салыстырғанда түкке тұрмайды”, — дейді. Ақынның мұндай көңіл күйлері, көксеулері тұрмысқа қанағаттанбаушылық пен өзінің әлсіздігін мойындаудың нәтижесі. Дегенмен, Лермонтовты бүтіндей торығу ақыны деу қате болар еді. Неге десеніз, ол қайшылықтан құрылған ақын, ішкі тартыс оның шығармаларының айырылмас жолдасы. Бұл қайшылық “Жалғыз жалау жалтылдапты” тексерсек анық болады.

Жалғыз жалау жалтылдап,
Тұманды теңіз өрінде.
Жат жерде жүр не тындап,
Несі бар туған жерінде.
Ойнақтап, толқып жел гулер,
Майысар дiңгек сықырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бой ұрлап.
Астында дария көк майдан,
Үстінде сәуле алтын күн.
Қарашы, бүлік Құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн.

Бұл өлеңінде жалау суретінің артында ақынның өзі тұрғандығы айқын. Мұндай басқа нәрсенің, я құбылыстың қалпын көрсететін суретті *символ* деп атайды.

Дауылдың шуында жалау қанағат табады. Көкірек, күшті, ол қайда бара жатқанын өзі де білмейді. (“Ол жүрген жоқ бақ іздеп, қашпайды бақтан бойды ұрлап”); оған дауыл, құйын, тартыс өзінен-өзі қымбат нәрселер. Бұл кімге қарсы жұмсалғаны белгісіз, көтеріліс бүліншілік ақынға қас нәрсе. Бұл өткенді көксеген, жалыққан көңіл күйінің орнын анықсыз, тұрпатталмаған болсада, толқынды ұмтылыс шабыттың алғанын көрсетеді.

Ақын мұндай шабытпен екі рет өлең жазып, Франциядағы Уйыл төңкерісін жасаушыларды құттықтайды. Әуелгі өлеңінде ақын “қанды бостандық туын көтергендерді” құттықтап, екіншісінде “патшалар үшін де жер соты бар” деп бұзықтарға кіжінеді. Корольге бағыштап:

Немен төлер екенсің, жауыз,
Мына төгілген ақ қанды,
Адамдар қанын, азамат қанын? —

дейді.

Лермонтовтың төңкерісшіл-ауашылдығының ең күшейген жері “Ақын өліміне” (1837) деген өлеңінде.

Бұл жерде біз бір шығармада лириканың екі түрінің, элегия мен сатираның әдемі түрде ұштасқанын көреміз.

Өлеңнің әуелгі бөлімі Пушкинді жоқтаған мұңды зардан құрылған:

Ақын өлді! Намыс құлы,
Құлады оқтан, у кекпен.
Еңкейді, иді басын ұлы,
Шыдамай сұм өсекпен.
Ақын жанын жаралады
Арсыздықтың соққысы.
Қайрат қылды, қарсы барды,
Көпке жалғыз... Оққа ұшты!

Пушкин билеушілер табының “құрбаны” болды, “намыс құлы шыдамай сұм өсекпен өлді” деп айта келіп, Лермонтов ыза, зәбірлену үстінде:

“Жан достықтан, таныстықтан,
Тар, қаскүнем жалғанға.
Неге келген құмарлықтан,
Еркін жүрек жанғанға.
Кенегі жоқ жалақорға
Неге қолын берді екен?
Сыры мәлім сұм алдауға
Неге, неге сенді екен? —

деп ышқынып, арман ете жырлайды.

Лермонтов Пушкинді өте дәріптеп жоқтайды, үстем тап адамдарын мұрдарлап сөгеді. Пушкиннің өлімінің себебі осы билеуші тап адамдарының ұсақтығы, жәдігөйлiгi, өтiрiкшiлiгi демек болады.

Өлеңнің ақырғы бөлімінде ақын билеуші тап адамдарын ащы тілмен сөгіп, сықақ етеді. Көркем шығарманы тартыс құралы ету жөнінде бұл өлең теңі болмаған күшті өлең.

“Арсыздықпен атақ алған
Аталардың ұрпағы.
Сорлыны жеп жайраңдаған,
Ішкендерің құл қаны!
Тақ мінгендер, жендетсіңдер,
Ерік, ақылды бауыздап.
Закон, еділ сот — дейсіңдер, —
Сотта әділ жоқ. — Ауызды жап!
Бұзылғандар, сот ілгері,
Болар ол сот, үлкен сот.
Сөз де, іс те аян оған,
Оны алтынмен алдау жоқ,
Онда етпес жалғандарың,
Өтірік жәрдем бола алмас,
Ақиқат ақ ақын қанын
Қара қаның жуа алмас.

Міне, Лермонтовтың билеуші тапты мұрдарлап, мысқылдауының түрі осындай.

Билеуші таптың адамдары бұл өлең үшін Лермонтовты соттау керек деп үкіметке ұсыныстар жасаған. Ал наразы қалыпты жастар жаттап алып, өлеңді декламация етіп сөйлеп жүрген. Өлең жастардың төңкерісшіл шабытын өте күшейткен.

“Ақын өлімін” жазып отырып-ақ Лермонтов дәл сол жылы басқа өлеңдерінде:

Менің шаршаған жаным
Тұманның, суықтың құшағында:
Ерте шыққан шырынсыз жемістей,
Тұрмыстың аңызак күні астында
Ол тағдыр дауылдарында семді, —

деп, түңіліс жырын жырлайды.

Лермонтов ақын соңғы екі жылында (1840—1841) жетіліп, шарасына толады. Өзінің “күншіл, тар дүниеге” дұшпандығын ресми, жуылмаған қиянатшыл, құл малданған, жандарм қамшысы арқылы үстемдік жүргізген Николай Ресейіне арнап,

айқын түрге түсіреді. 1841 жылы “Жуылмаған Ресей, құлдардың, қожалардың отаны, қош сау бол!” — деп Ресеймен қоштасады.

Бірақ бұл кезенде Лермонтовтың түңілушілігі, жаңғызсырауы да өте күшейді. “Жуылмаған Ресейде” игі жасаудың, үкіметпен күресіп нәтиже шығарудың өзінің қолынан келмейтінін мойындайды.

Бұл жаңғызсыраудың, түңілудің, дүниеден баз кешкендіктің өсіп барып, тоқыраған шегін Лермонтов 1840 жылғы “И скучно, и грустно” деген өлеңінде суреттейді. Ақын “мәңгі, бостан-бос тілеуден не пайда?” деп сұрау қойып барып, “айналаңа салқын назармен қарасаң, өмір деген сондай бір бос, ақын ақ әзіл” деп өмірді біржолата жерлейді.

Сүйтіп, біз Лермонтов бойындағы жалғызсыраған ердің көкірек наразылық көтерілісінің, ресми, “Жуылмаған Ресейге” дұшпандығының қайшы құбылыс есебінде елсіздікті мойындауды, сенімсіздікті, күдер үзіп түңілгендікті көреміз. Өзінің соңғы романы “Заманымыздың геройында” Лермонтов бұл қайшылықты жоюға, ақсүйектер әлемін тесіп шығуға талпынады. Еңбекшіл орташа зиялыларға бет бұрады. Романның бас геройы, көп жаннан ақынның өзіне ұқсас, ақылды, бірақ іс шығара алмайтын ақсүйек Печоринге қара сүйек Максим Максимұлы салыстырмалы түрде қарсы қойылады. Ақын Максимді Печориннен артық адам етіп көрсетпек болады. Сүйтіп ақын иығынан басқа таптық жүгінен құтылып, ішкі қайшылықтарын ажыратпақ болады. Бірақ мұны Лермонтов жасап шыға алмайды: ақырына дейін тұрмыста да, шығармаларында да жанғыздықтың, түңілудің, қайшылықтардың құшағында қалады.

Лермонтовтың жанғыздығы, үмітсіздігі, ішкі қайшылықтары “Мцыри” деген поэмасынан да айқын көрінеді.

Лермонтов шығармаларымен үстірт болса да танысқанымыз, І Николайдың қара заманында ақсүйектердің онды бөлімі (жігі) басынан кешірген қайшы тілектерінің суретін ашып көрсетті.

Бұл жік, әрине, аз, әлсіз болған. Оған көпшіліктің жәрдемі керек болған. Жәрдемді Лермонтов дәуірінде “үшінші слойдан”, оның ішінде, ұсақ буржуашыл оқығандардан табу мүмкін еді. Міне, дәл осыларға сүйенем деген оймен шығармаларына Максим Максимұлы сияқты жай адамдарды ендіре бастаған

болатын. Ақынның, оның жігінің тұрмыспен жанасуы тек осыларға сүйенгенде ғана мүмкін еді. Лермонтов ұсақ буржуашыл, еңбекшіл оқығандар тұрғысына көше алмады.

Өмірінің аяғына дейін ақын 30-жылдар реакциясының қаратүнек уақытындағы алдыңғы қатар ақсүйектердің көзқарастарын, күй-шабыттарын көрсетуші болып қала берді.

Лермонтовтың шығармалары ілгері басқан ақсүйектердің идеяларын, күй-шабытын көрсетіп, заманындағы, кейінгі буындардың наразылық, төңкерісшіл шабыт-күйлерінің дамуына көп жәрдем тигізді. Лермонтовтың наразылығы, қарсылығы дәйім айналадағымен қанағаттанбаушылық, мағыналы тұрмыс көксеу шабыт-күйін туғызып отырды. Егер Лермонтовтың таптық сыңаржақтығы, тапшылығы оның қарсыласуын, наразылығын жеміссіз етсе, ұсақ буржуашыл төңкерісшіл демократия Лермонтов мұрасын езілген халық үшін ақсүйектер мен буржуазияға қарсы тартысқа шақыратын ұран етіп алды. Сондықтан төңкерісшіл демократияның көсемі Н. Г. Чернышевский Лермонтов шығармаларының көтерілісшіл мотивтерін бірінші орынға қойды, оның шығармаларының қоғамдық мәнін жоғары бағалады, Лермонтовты Пушкин, Гоголь сияқты данышпан ақын деп санады. Ал, кертартпа, реакцияшыл топтардың адамдары, қанаушы таптардың жырын жырлаушылар Лермонтовтың бүлгіндігін қатаң түрде сөкті. Лермонтов шығармаларының бүлдіргіш күшін сөндіре, жұқарта сын жүргізді.

II. БЕКТІК ҚҰЛАУҒА АЙНАЛЫП, ӨНДІРІС КАПИТАЛЫ ДӘУІРЛЕЙ БАСТАҒАН КЕЗДІҢ ӘДЕБИЕТІ (1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы)

XIX ғасырдың екінші жарымындағы қазақ әдебиетін түсініп, талдау үшін, сол дәуірдегі Ресей топырағында болған шаруашылық, қоғамдық, саяси жағдайларды ұғынып алу керек. Бұл кезде қазақ өлкесінде болған тарихи жай-күйдің көпшілігі, барлық өсу, өрістеу ретінде және өзгеру жолдарында, көбінесе, жаңағы айтылған Ресей ішінің халдерімен қатты байланысты болады, әрине, бұл айтылғаннан осы дәуірдегі қазақ тарихы жекешелік ерекшелігі жоқ тарихи ауанның көлеңкесі ғана деген байлау жасау керек емес. Бектік, феодалдық қалпы³¹ капиталды қалыпқа ауысқанда, құр сырттан кірген себепші арқылы ғана ауысады деу дұрыс емес. Маркс қисыны бойынша, бұл сияқты қоғамдық-шаруашылық құрылыстар әр жерде, әр дәуірде бірі орнына бірі келгенде, сол жердің өз топырағында болған тарихи үлкен процестердің нәтижесімен байланысты туады. Осы хал дүниежүзіндегі ұлттар, мемлекеттер, өлкелер, отарлар бар-барлығында да өзді-өз топырағындағы мерзімді мезгіл жеткенде айнымай, бұлжымай орындалатын өзгерістер, ауысулар болады. Бұл занды бұрынғы-соңғының тарихы ешқашан аттап ете алмайды. Маркс қисынының осы қорытындысы — өткеннің көп-көп тарихын сынаудан, зерттеуден туған қорытынды. Сондықтан бұның көлеміне сыймай сырт жайылып кететін тарих тегі жоқ.

Қазақта да сол бектік қалпы капиталды құрылысқа да осы XIX ғасырдың екінші жарымында көп ауысады. Ауысқанда жалпы Ресей ауқымында боп жатқан ірі-ірі шаруашылық, қоғамдық өзгерістердің салдарынан қатар өз топырағында, өз тарихының кезең-кезеңінде болған ірі жаңалық, өзгерістердің себебінен ауысады.

Бұл кезде қазақ өлкесі алдыңғы дәуірлерде патша үкіметіне, отар шабуылына қарсы жасаған ереуілдерінің бәрін тауысып болып, енді сол патшалық Ресейінің табынан нық басып тұратын, көлеміне әбден кірген, тапжылмас отары болып қалған-ды.

Олай болса, сол дәуірдегі Ресейдің өз ішінің шаруашылық, тарихи ерекшелігі не еді?

Сол ерекшеліктердің қазақ өлкесіндей отарына қараған пішіні, бетке алған мақсаты не еді? Өлкеге не жаңалықтар кіріп, бұның топырағында қандай өзгеріс, өзгешеліктер туғызды? Осы жайларды қарастырып өту қажет.

Біз қарастырғалы отырған қазақ өлкесіндегі 70-жылдары Ресейде 60-жылдарда болған бірқатар қоғамдық, тарихи өзгерістермен біраз байланысты болады. Ол өзгерістер не?

Алдымен Ресейде өндіріс капиталының құлаш ұрып өсе бастауы. Өсу жолынан бұрын шабандап, кенжелеп қалып, батыстың өндіріс капиталының ізімен енді өрістеп, еңдей бастаған жаңа өндіріс капиталы Ресейде тарихи ретпен дәуірлейтін кезіне енді енді жеткен болады. Патша өкіметімен бұл жөнінде қол ұстасып бірігіп алып, “отан өндірісін” жасаймыз деген талаппен батысқа бәс таласа шыққан жаңа капиталшылар — өндіріс буржуасы мен капиталдана бастаған феодалдар болады. Осылардың қолындағы өндіріс капиталы енді өзіне “ұзын арқан, кең тұсау” алуды талап етеді. Бұрынғы Ресей тарихынан бұрынғы шаруашылық қоғамдық құрылыс бұның талабына ескілік қалдықтары арқылы көп кедергі жасайды. Өрлеп, етек алып келе жатқан өндіріс капиталы ескілік қалдықтарының арасында сығылып, қыстырылып, жазыла алмайды. Тас қорған тар бесікке бөленгендей болып, керіле алмайды. Сондықтан енді ескі қалыптың бір қатарын бүлдіріп, тартысуын кесу керек болды. Әйтпесе өндіріс капиталы бұрынғы ескілік құрылыстың тар кемерінен асып төгілетін болды. Сонымен 60-жылдардың басы ең алдымен құл-крестьянды босатып, жерсіз, жемсіз қалған қалың крестьян тобынан өзі арзан, өзі мол қалың жұмыскер көпшілігін туғызудан басталды.

Бұрын бектің құлы, пұлы болған көп крестьян жерден кетіп, өндіріс жұмыскері болған соң, өндіріс капиталы дәуірлей бастады. 60—70-жылдар деген кез Ресей өндіріс капиталының тайлақтап, құтыра, құлшына өскен кезі болады.

Сүйтіп тасы ерге домалап, дегені боп келе жатқан өндіріс капиталы қызылы толып, кемеліне келген сайын аранын аша береді. Ресей ішінде өз керегіне жарайтын жұмыскер күшін, шікі зат құрып, сауда жолын, ішкі майданын түгел бунап, уы-

сына сыйдырып алған соң, енді оңды-солдан, жақын мен алыстан, базар, отар неше алуан шикі зат дегендерді көкसेп, аңсай бастайды. Сол ретте бұрынғы Ресейдің шалаштары боп тұрған Сібір, Қазақ өлкесі, Түркістан, тіпті, арғы Қашқар, қала берсе, жақын Қытай-маңғұл өлкесі — бір-бірін де керегіне жаратпақ, көлеміне тартпақ болады. Осы жақтардың шикі затын, кенін, ен байлығын ұдайы жемі есебінде үзбей алып тұруды талап етеді. Ол үшін бұрынғы бұл өлкелердегі саяси-қоғамдық шаруашылық құрылысты сол қалпында қалдыруға болмайды. Бұлар да жаңағы өндіріс капиталының шарт-талабына сәйкес келетін тәртіп орнатуға тиіс, Ресей патшалығына шала қарағандай болып, әлі баяғы феодалдық қалпын сақтап келе жатқан өлкелер болса, ерекше ескі құрылыстар болса, енді соларды құлату, күйрету керек.

Осы кезде Түркістан Ресейге қаратылады. Қазақ өлкесінің билігіне көлемдірек күйде араласып жүрген ескі ұран басы сұлтан тұқымы сияқтылар болса, енді солардың салмағын бұрынғыдан көрі басыңқырап, жаңа тәртіп өндіру керек болады.

Осымен 69-жылдың уақытша заңы шығады. Бұрынғы округке бөлінудің орнына ұсақтанған болыстарға бөліну шығады.

Қазақ өлкесінде үлкен жәрмеңкелер ашыла бастап, мал шаруасының заттары өндіріс капиталының керегіне толық жаратыла бастайды.

Фабрик, заводтың шығарған заттары өлкеге келіп, базар табады, тұтынушы туғызады. Өндіріс капиталы өлкеде өзінің сүйеніш, таянышын табады.

Екінші жақтан, Ресейдің өз ішінде күннен-күнге молайып бара жатқан жерсіздік, жоқшылық, аштық бар-ды. Қанағаштық пәлелеріне оптыққан крестьян тобы молайған-ды. Өндіріс капиталистері өлкеге әкеп, керегіне жаратпақ болып, осы жаққа қарай аударыстыра бастады. Осылармен қатар Сібір, Түркістан жолдары сияқты үлкен жолдар салады. Ол өндіріс капиталының сол күнгі өсу, даму жолындағы сенімді көлігі.

Осындай боп ендей бастаған капиталдың омырауы өлке тұрмысының қай саласында болса да айқын-айқын сезіле бастайды. Бір күйді бір күй жетектеп кеп аз заманның ішінде неше

алуан орасан жаңалықтар пайда болады. Сол заман адамының таптық санасында, тартыс програмында да бұрынғы заманнан басқаша, ерекше жаңалықтар пайда болады.

Ең әуелі, дегенін істеп келе жатқан өндіріс капиталы бір сатыда бұрынғы аға сұлтандық сияқты әкімшілікті жойып, оның орнына болыстықты шығарып еді. Бұл бұрынғыдан икемдірек әкімшілік болды. Бірақ түбінде бұл әкім, бұл тәртіптің бәрі де өндіріс капиталының туындысы, соның қызметшісі болғандықтан, ағын күннен күн, “бұрынғыңнан икемденіп үйлесе бер” деген шарт қойылып, салмақ салынуға тиіс еді.

Сол себепті ендігі әкім жаңалыққа неғұрлым көбірек үйлететін болса, соғұрлым қолайлы агент болып саналуға тиіс.

Әкім тіл білсе, сауда қылса, тілмаш болса, қалаға қолайлы, базарға бейім болса, сонысы жаңалықтың табысы болуға лайық. Өзгерген уақыттың бел баласы сол болуға тиіс.

Сонымен ендігі заманның қазақ ішіндегі үстем табы сыртымен де, ішімен де осылайша өзгерген. Қалпын да, пішінін де осылайша өзгерткен болады.

Тағы бір күй: өндіріс капиталының тұтынушысы көпшілік те баяғы ескі тон, ескі қалыппен отыра беруге болмайды. Аздап мәдениеттену керек. Капиталды құрылыстың ыңғайына бейімделіп, аздаған оқу-білім алуға керек. Сондықтан Еуропа үлгісінде мектеп ашып, жас буынды жаңа дүкен ішінде тәрбиелеп, өндіріс капиталының жаңа үлгідегі агенттерін шығару қажет. Осымен қатар қазақ балаларына арналған төменгі сатылы мектептер салына бастайды. Тілмаш пен шала оқытушы әзірлейді.

Бұған қайшы келетін, ескілікке тартатын шығыстың қияс, қиыр қарсылығы бар. Ол — ислам діні. Соның әсерімен алысып, мүмкін болса қазақ өлкесі, қазақ елінен соның да тармағын жазу керек. Бұдан туатын миссионерлік (қазақты христиан дініне шоқындыру сияқты). Аздап берілетін оқу-білім, орысша тәрбие — түптің түбінде көпшілік көшін осылай бұруға тиіс.

Міне, Ресей тарихының 60—70-жылдары әкелген жаңалықтары осылар болатын.

Осы жағдайлар ішінде, отар болған өлкенің өз топырағында туған жаңалықтар не? Бұрынғыдан қалған қалдық, ескі күй, са-

рын не? Сонымен қатар сол бұрынғыға және оның қалдықтарына қарсы қайшы боп шыққан өзгешелік не?

Қоғамдық тұрмыстағы салт-санадағы билеуші үстем таптың күйі, көбінесе енді осы жаңғырған заманның қалпымен үйлесу, келісу жағына ауысады. Сонымен ортақ тіл таппақ, соның ағарына қарай жөнкілмек болады. Бұл күйді қостаушының өзі қазақ ішінде бір-ақ түрлі тап емес, әр алуан. Соның бір тобы бұрынғы бектік дәуірінде үстемдік алып келген аталы жуан аруақ сүйектері. Енді соның алдыңғы қатары заман тонын киіп, әуеніне басу үшін, жаңада айтылған өзгешелік, жаңалықтың бәрін қостау жолына шығады. Әкім болумен қатар, оқып білім алу, сауда қылу, ұлықпен үйлесу, дегеніне елді көндіру, базарды қостау, өндіріс капиталының тәуір тұтынушысы болу талабына қарай басады. Рас, бұл таптың арғы бұрын өзі жеке дара әмірші болған, жуан бел ру басы еді. Сондықтан бұрынғымен байланыс жағына келгенде, бұлардың ескіден ала келген бұйым, жұрнағы бар. Бұрынғысын кесіп, жаңаға қарай өтпек, соған өтеді де. Сондықтан ескілікке қарсы тұрып шенейтіні бар, бірақ сонымен қатар сол ескі, мұның ішінде қимайтыны да бар, осы жағдайға қарай бұл таптың адамдарының өзі де әр алуан боп өз таптарының, әр табының күйін әр алуандау айтатыны бар.

Әдебиеттегі осы күйдің мысалын Мұрат, Шортанбайдан бір көрсек, Абай, Алтынсарыұлынан тағы көреміз. Бұлардың кейбірі ескіліктің көлеңкесінде қап, құр соны қимағандықты айтса, екінші біреулер әр алуан жолмен үйлесуді, құптауды мақұл кереді.

Бұл мезгілдердегі шаруашылық жаңалықтарды алсақ, өндіріс капиталының ықпалы қазақ өлкесінде, қазақтың өз топырағында шыққан капиталшы, буржуа, ұсақ буржуа сияқты неше түрлі жергілікті сәудегерді туғызады. Бұның бірталай таптары қазақ өлкесіндегі қала-қалаға орнайды.

Немесе Жайық, Ертіс сияқты егістердің отырықшылықтың құйқалы тұтас іргесі болған өзендер бойларына жақындап кеп ірге тебеді. Тағы бір алуандары қыр-даланың өзінде де болады. Жергілікті қазақ капиталшы сәудегерлері мал шаруасының заттарымен оборот жасап, өндіріс капиталының ұдайы агенті болады.

Жергілікті капиталдың алғашқы сома жиып, қор жасау Дәуірін осылар атқарады. Бұлардың саудасы мен қарекеті — алыс

даланың мал мен шикі затын базарлар, қалалар, жәрмеңкелерге жеткізу. Және Ресейден келген өндіріс заттарын ен далаға жайып, тарату. Өзен жолдары, шойын жолдары сияқты арқалы көліктің бойларына апарып табыс қылу. Тіпті болмаса, Орынбор, Сібір, Нижний сияқты ұлы жәрмеңкелерге апарып, қолма-қол өткізу болады. Осындай агенттер арқылы келетін малдың бір шеті Қытайдан, Түркістаннан да келетін. Қазақтың өзінен шыққан саудагерлермен қатар жергілікті татар, өзбек, орыстан шыққан саудагерлер де сол қазақ саудагер капиталшыларының қарекетін істейді.

Осы саудагердің бәрінің істейтін әдіс-машығы бір алуан. Сол өз дәуірінің ыңғайына қарай өте қомағай-жылман (ростовщический) капиталдың қалпында болған. “Тиынға — тиын” пайда, “қызыл бұзауға бұл беру”, “өсімге сома беру”. Несиеге бұл беріп, биылғы бұзауды ендігі жылы тана, одан арғыда құнан өгіз қып алу сияқты шексіз қомағай сонда болады. Бұрын қалаға кәсіп іздеп кеп, артынан сауда арқылы байлыққа жеткен үлкен-үлкен қала байлары жалғыз қала емес, қырда да, ендігі өзгерген жаңа шаруашылық әлеуметтік күйдің ортасында және нық орын тебе бастайды. Пысық саудагер, байдан шыққан болыс, әмірші де пайда болады. Бір болыс, бірнеше руларды өзі меңгеріп жүретін, бір жағы “базар”, екінші жағы “ажар” сияқтыларды қос қалтасындай пайдаланатын болады. Ойда ұлықты алып, қырда бұрынғы ру басы жуанға не қыз беріп, не қыз алып “ойы”, “қырын” бірдей өңгере шабады. Бері таман баса бастаған сайын осыларға елдің бұрынғы бегі мен неше алуан ру басылары, үстем табы үйлесуге қарай, еліктеуге қарай, ілесем дегендей боп бой ұра бастайды. Капиталдана бастаған феодал, феодалдықтан буржуалыққа қарай аттап өткісі келген ру басылар молаяды. Бұндайлар іштей, өзінше бір бастарында неше түрлі қайшылық қос қыртыстықты ала жүрген аламыш тап. Бір шеті — баяғы ескі феодалдық, бибатырлық төркін. Екінші жағы — фабрик, заводқа қолын арта отырған сәудегерлік-жаңашылдық. Үшіншіден, осы жаңағы соңғының барып иық сүйейтіні — отар елдерінің, әсіресе жақын шығыс капиталшыларының ұстанған тартыс негізі — діншілдік, исламшылдық. Сол ретте қазақтан шыққан жаңа капиталшы,

жаңа буржуа, татар, өзбек капиталшыларының либерал топтары сияқтанады.

Бір жағынан “исламшылдық”, “түрікшілдік” сияқты тартыс әдісін түсіне бастайды. Сонымен қатар дүние ғылымын оқып, сырт қалпын түзеп, Ресей капиталымен бәсекеге жарау үшін, жаңа оқу жәдитшілік сияқтыларды да шет жағалап қостай бастайды.

Бұл империализм қалпындағы капиталшылдықпен жалғаса туған шығыс топырағындағы жаңа тартыс әдісі болатын. Жаңа қалыптанып келе жатқан жергілікті буржуалардың, енді екшеле бастаған топтың салт-санасы туғызған ғаламаттар осы болатын. Міне, осындай таптың алдыңғы қатардағы санашылығы татар — мұсылман ғаламында Шағабуддин Маржани³², Қайым Насырй³³, Ысмағұл Гаспринский³⁴ сияқтылар болса, қазақта Абай, Алтынсарыұлы сияқтылар да біраз қазақ ерекшеліктерін ала кірген либерал буржуаға айналады. Рас, барлық Абай шығармасы ол емес. Ол бас кезінде, төркін жағында феодалдан шығып кеп осыған қарай ауысады. Және сол өз табы сияқты көп қайшылық қос қыртыстықпен келген болады...

Бірақ сондағы соңғы шыққан төбесі жаңағы либерал буржуа тұрғысы болғандықтан, Абай шығармаларының қоғамдық-таптық нәтижесі, мағынасы — феодалшылдықтан капиталшылдыққа қарай басқан таптың алдыңғы либерал тобының салт-санасын көрсетуге жайып келеді. Ішіндегі қайшылықтар болса, ол сол таптың барлық ХІХ ғасыр бойында немесе одан да арғы кезде басынан атқарған ескі қалыптарының қалдықтарынан туады. Абай сол қазақтың өз топырағында болған неше алуан ұзақ процестердің қорытындысын жарыққа шығарған. Бұның шығармалары бір-ақ қана өзі өмір сүрген дәуірдің айнасы емес, сол өз дәуірімен қатар бұрынғының да “кім болғанын” толық ұғынып, терең талдаған қорытушы болады. Жаңа өрлеп келе жатқан омырау тап өмірден үлкен сыбаға аламын деген талап сеніміне қарай өткен-кеткеннің бәрін болсын, өз тұсындағыларды болсын, әр кездің өз тұсына жеткен қайшылық, қарсылықтары болсын — соның бәрін де тесіле қарап, екшеп-екшеп өтеді. Әрқайсысына өзінің көзқарасын, сынын айтады. Бұл таптың санашылдарында белгілі программ сияқты таптық талап, тілек бар.

Мысалы Абай, Алтынсарыұлы сияқтыларды алсақ, ұдайы қолға алатын тақырыптары оқу (ғылым-өнер іздеу), Еуропа үлгісіндегі мәдениетке жету, бала тәрбиесін (өз табының кейінгі жас буынының тәрбиесін) үлгілі, жаңа мектептер арқылы жүргізу; сауда сияқты сенімді орын, байлық әперетін кәсіптерді қостау; елді жаңа үлгіде билейтін әкім бол деп үгіттеу, сонымен қатар үстем таптан шығатын би, болысқа жақсылық керсетушілер болса, оларды шенеу, жерлеу.

Осымен қатар қараңғылыққа тартып, кейін шегіндіріп, заманға ілестірмей қоятын дін фанатизмінің орнына сол дінге ақылмен, сынмен қарайтын рационализм дінін ұсынады³⁵. Алтынсары ұлының діні — бұрынғы көп діндердің негізінен қорытылған — мінез-құлық түзеу діні, Абай діні — ислам діні, ислам құдайының жолынан туған мінез пәлсапасы боп шығады. Бірақ бұлардың тобы саяси-әлеуметтік құрылыста патша үкіметінен қысым көрмейді. Қайта содан сыбаға алып, соның өзіне қоңсы қонған тап. Сондықтан ол тап ақындары төңкерісшіл қарсылық тақырыбы мен төңкерісшіл сарын сияқтының ешбіріне де жоламайды. Қазақ өлкесінің олар кезінде отар боп жатуы да бұлардың сана-сезіміне әсер етпегендей болады.

Бұлардың дәуіріне келіп жеткен ескілік қалдықтары (әдет-салт, ескі үлгілердегі қоғамдық қалыптар, ескі үлгідегі санашылдар) болса, соның бәрін де найзаға іліп, түндігін ұшыра соқтығып отырады.

Осымен бұл дәуірдің ақындары, әсіресе Абай жалғыз өз тұсының айнасы ғана емес, өзінің алдындағы бірқатар заманды да сөз қылып, суретке басып, өзі де танып, өзгеге де нық танытып кеткен ақын болады. Сондай ірі ерекшелігіне қарап, жиынды білім беріп, бұрынғының өмірін танытып, дәулетті таптың сырын ашатындық жағынан Абай бүкіл XIX ғасыр әдебиетінің ең үлкен тұрғысы боп саналады. Көп жағынан қарағанда, сол XIX ғасырдың барлық ұзын бойында ілгеріде туып-өсіп, жайылып келген әдебиет үлгілерінің барлығы өздерінің үлкен, ұлы қорытындысын Абайдан кеп табады.

Абай өзінің алдындағы дәуірлер ғана емес, артқы, келешек уақыттың бірқатар кезінде де үлкен тұрғы, қарауыл биік есебінде оқшауланып тұрады. Бергі заманда Абайдың ығында, қолтығында

өсіп, соның көлеңкесінде өткен бірқатар ақындар бар. Бұлар Абайдай көп сала, көп өрісті, мол тақырып, терең мазмұнды болмай, Абай соғып өткен тақырып, мазмұнның кейбірлерін ғана алып, соны сарын етумен өтеді. Кейбірі Абаймен я тұстас, я бер жағында болып тұрса да, Абайдағы қос қыртыстың жаңалыққа шалыс қараған сыңар қыртысын ғана алып, ескіні құптау, жақтаумен қалатыны да бар. Осындай XIX ғасырдың аяғы, XX ғасырдың басы сияқты жапсарда өскен ақындар Алтынсарыұлы, Әбубәкір, Шәңгерей, Мәшһүрлер болады.

Бұл топтың ішінен жекешерек тұратын — Шәңгерей. Ол — патша үкіметінен атасы Жәңгірлер сіңірген еңбек үшін Борсыдай жер-мүлік (имение) алып, сонда тоқтық пен тыныштыққа бой ұрып жатқан ақсүйек, алпауыт. Бұның жыры — ылғи бас уайымы мен көңіл күйінің сазы.

Оңаша, оқу боп, төрт түлігі сай молшылықтың ортасында жатып “заманды”, “алыстағы ағаны”, “асыл айнаны”, “қос аяқты”, “етіп бара жатқан дәуренді” сағын етіп, жалғыздықпен күңіреніп жатқан бір алуан сарыншыл ақынның қалпын көрсетеді.

Сыртынан қарағанда, тап тартысынан, жалпы қоғамдық тақырыптардан да оқшау тұрған кісі сияқтанады. Ал, шынында, бұның күйі — орны мен қалпына ырза боп, тоқтық қызыққа кен, үлкен мүлік, дәреже иесі қазақы буржуаның күйі болады.

1905 жыл төңкерісінің алдында әлеумет тіршілігінің әуесіне кірген жаңа пікір, сана, ағындардың бәріне әдеби сырт беріп, өзінің көңіл күйін ғана білген кісі боп отырады. Бірақ шынында сол ағынымен жаңалықтан көптің бетін кейінге серпіп, өзі қостаған құрылыстың көлеңкесінде ұстап қалам деген тоқтық қалыптың жыршысы болады. Бесінші жыл төңкерісінің артынан шыққан жаңа үлгідегі ақын-жазушы бұлар тобынан шықпайды. Оларды майданға әкеп шығарған қоғамдық, шаруашылық, саяси күйлердің басқаша боп жаңғырып өзгеруі. Сондықтан олардың өздері де қыр үлгісіндегі қазақ емес, оқыған, еуропаланған, қызмет иесі боп жүрген қала туындысы болады. Олардың байшыл-ұлтшыл оқығандар боп қалыптануларында таптық досы, тұстасы да сол қала туындысы, қала ықпалындағы жергілікті буржуалар болады.

1933

ШОРТАНБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Шортанбай шығармалары XIX ғасырдың 60—70-жылдарында кеп шыққан бір ағынды көрсетеді. Тарихи, қоғамдық жағынан алғанда, бұл түрдегі әдебиет шығармалары XIX ғасырдың алғашқы жарымында болған үлгілерден басқаша боп, өзгеріп кетеді. Өз тұсында болған қоғамдық, таптық, шаруашылық өзгерістердің нәтижесі әдебиетте бір Шортанбай емес, осының тұстасы болған Мұратты, кейінірек қалыптанған Абайды, тағы басқаларын да — бұрынғыдан басқаша, ерекше сарынмен жырлауға бейімдетеді. 19-ғасырдың алғашқы жартысы бір жағынан өлкені отарлау, екінші жағынан сол отар шабуылына қарсы әр жолмен әр алуан топтың ұлт бостандығы үшін алысуымен (Исатай, Кенесары, Бекет қозғалыстары) өтеді. Ал сол ғасырдың екінші жарымы Шортанбай, Мұраттар заманы болса, бұнда бұрынғы, алдыңғы бағыттағы тартыс атаулы біткен-ді. Жеңілу артынан әлеумет тіршілігінде болған өзгеріс: көпшілік жаңа қалыпқа мойынсұнған. Үстем таптың жарымы алдыңғы дәуірдің өзінде де патша үкіметінің нық таянышы боп алған еді. Мына кезде сол тап түгелімен жаңалықтың кілеміне түсіп, ұлық та, саудегер де, бай да, жуан да өздері боп алған. Бектік қалпы, феодалдық құрылысы өзгеріп, ру тіршілігінің де іргесі ыдырай бастаған. Қазақ өлкесі бір жағынан отарға жер беріп, саудаға, жәрмеңке базарға малын беріп, өндіріс капиталының тұтынушысы болып, өз топырағында өндіріс капиталының агенті болатын сауда капиталын, жылмаң капиталды да (ростовщический капитал) туғызып тастаған еді. Қазақтың бұрынғы феодалы енді буржуаланып, саудагер байға, мал иесі, шен иесі, жер, су, мүлік, сома иесі — қанаушыға айналған. Бұлардың алдыңғы қатары, жаңашыл либерал буржуа кейпін алып, тіл білген, заң білген, ұлықпен отасқан, баласын орысша оқытқан, тілмаштықты мұрат қып базарға, қала үлгісіне бойұрған топ боп бастайды. Бірақ алдыңғы дәуірде ру басы мен бектің біразы Исатайға ұқсап өлкенің отарлыққа қарсы арналған қимыл-қозғалыстарына қатысқаны да бар еді. Сондай топ бұл күнде әлеумет майданында рөл ойнамаса да, сол ескі күйді ұмытпай, жаңалықтың ешбірін қабылдамай, әлі де баяғы еркіндік, жеке билік дәреже, одан бергі

көтеріліс — қозғалыстар ұранын ұмытпай, жадына тұтып отырушы еді. Олардың соңғы күйі жалғыз осылардың ғана күйі емес, көпшілік бұқараның да күйі болатын. Өйткені жаңалық неше алуан жолмен тұрмысына араласқанда, ауыртпалық салмағының бәрін бұқараға сала келген.

Жері кетуші, көп алым-шығын төлеуші, саудагердің, жылмаң (ростовщический) капиталдың сорғысында боп (бұзауға ақша ап) қалушы, жем болушы сол көпшілік болатын. Ол жаңалықтан бірде-бір игілік көрген жоқ. Бірақ, барлық ауыртпалықты, қорлық пен езгіні көруші сол болады. Жаңалықтың игілігін көруші аз ғана бай, жуан топ.

Сондықтан әлі жаңалыққа түгел үйлесе алмай, есе ала алмай, бұрынғы дәрежесінен айырылып, шегіп бара жатқан, аздаған феодал ескішіл ру басшылар, өзінің шетке қағылып қалуы арқылы тапқан наразылығын — жаңағы көпшілік бұқараның наразылығына әкеп қосады.

Міне, Мұрат пен Шортанбай бір жағы көпшілік бұқарамен байланысты боп, екінші жағынан, көбінесе жаңағыдай наразы феодалмен байланысты боп — өлкедегі қоғамдық наразылықтың жыршысы боп шығады. Бұлар жоғарыда айтылған шаруашылық, әлеуметтік, саяси тұрмысқа кірген көп ірі жаңалық, өзгерістерге қарсы болумен бірге сол өз тұсындағы тұрмыстың ұсақ белгі, ұсақ өзгерістерін де жақтырмайды. Шошынып, тыжырынып немесе күрсініп отырып сынап, шенейді.

Сол үстегі халге ырза болмай, алдыңғыдан ерте бастан түңіліп, шошып, артына қарай шегіне күңіренгенде, олардың аузынан шыққан сөздің бәрі “зар” боп, мұң, уайым, заман уайымы боп шығады. Уақытындағы көп зардың, көп дерттің бірі боп дін жайы да араласады. Дін әлсірейді деген уайымды шығарып, үй іші тұрмыстың бұрынғы феодалдық рушылдық заманындағы қалпы өзгеріп бара жатқанын да зар етеді. Осы сияқты жалпы күйлерді Мұрат пен Шортанбай екі алуан сарынмен баян етеді.

Мұраттың қалайша жырлағанын әзірше тексермей, өз тұсына қалдырып, біз енді Шортанбай шығармаларына көшейік.

Бұның жырының жалпы аты “зар”, “зар заман”. Жеке өлеңдерінің өзіне қойған аттары: “Тар заман”, “Бала зар”, “Опасыз жалған”, “Осылайша азды ел неден”, “Байды құдай атқаны”

деген сияқтылар болса, соның өзі де бұның тұсындағы әдебиет бағыты қандай өріске бет алғанын көрсеткендей болады. Шортанбай жоғарыда айтылған ескішіл, феодал-жуанның көңілдесі, мұндасы, санашылы боп көпшілік бұқараға қарай аяқ басқанда, ең алдымен діншіл, ескі салт-әдетшіл, ескі жорұшыл боп кеп араласады.

Бұның осы ерекшелігі, шығармаларының ішкі мазмұны мен сыртқы қалпынан тұтас көрінеді. Көрінгенде, әсіресе Бұқармен салыстырған уақытта оқшауланып, өзгешеленіп кеткендей болады. Бұқар өз тұсында көпшілік-бұқараға ұғымсыз, түсініксіз боп арнаулы өз тобына, өзінің тұстарына ғана сөйлесе, Шортанбай шамасы жеткенше сол көпшіліктің бас-аяғына түгел ұғымды болуға тырысады.

Сондағы нық ұстаған таяғының бірі — дін. Қожа, молда, ишан, сопы атаулының ұғымындағы қараңғы наным — фанатизм діні.

Атамыз адам пайғамбар,
Топырақтан жаралды:

Малдан зекет бермеген,
Аузына құдай кірмеген, —

деп, “Бала зардың” ырғағын осыдан бастайды.

Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастайтын ақын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты исламның дін кітаптарынан алған адам болады. Ең алғаш жазып жырлаған, оқыған ақын да осы болуға ылайық. Бірақ соның кітап жолындағы ұстазы, үлгісі: Орта Азия мен иран, араб сопылары³⁶. Орта Азия топырағында XII—XIII ғасырларда жарыққа шығып кейінге көп ғасырларға желісін тартып келген “тас жауып” сарыны қазақ әдебиетінде Шортанбайды өз мүриті қып алған сияқты. Әрине, бұның себебі құр ғана еліктеу емес. Бір кезде “сопылық” ақындығын туғызып өрістетіп келген Орта Азиядағы шаруашылық, қоғамдық, тарихи жағдай — Шортанбай тұсында қазақ топырағында да, өзіне лайықты жағдай тапқан болу керек. Ол жағдай жоғарыда айтылған Шортанбай шығармаларын тудырған, Шортанбайдың салт-сана, бағытын тудырған жағдай болады.

Осы жағынан қарағанда, Шортанбайдың зар замандарының көп үлгі, көп сарыны Қожа Ахмет Иасауидің “Дивани хикметіне”

ұқсайды³⁷. Сондағы сияқты Шортанбай да қазіргі өз тұсындағы өзгеріс, жаңалықтың барлығын “ақырзаман нышаны” деп көрсетеді.

Һәр нәрсенің болжалы
Бірге-бірте таянды.

Алдаушы жалған дүниенің
Алдайтұғын бұлы бар, —

демектің барлығы, бұл дүниеден ақырзаман ғаламаттарын іздеу. Басы осыдан басталып, Шортанбайға сұмдық боп көрінген неше алуан “жаман” нышан, құбыжық белгілер кетеді. Соның бірі:

Зәкүн айтып қатын тұр,
Қойнында жатқан еріне.
Зарланып тұрған әйелдер,
“Қосылғам жоқ” деп теңіме.

Тағы бірі:

Қайыр кетіп байлардан
Бұзауға ақша беріп тұр.
Пәлен теңге торпақ боп,
Тиынға тиын болып тұр.

Ел билеген жұрттан тағы осындай белгілер көреді:

Елу басы — он басы
— Ол шайтанның жолдасы...
Ендігі байға мал бітсе,
Шайдан басқа асы жоқ,
Жақыннан басқа қасы жоқ,
Ендігінің мырзасы —
Залымдардың сырласы, —

боп шығады.

Жаңалық арқылы абиыр, бақ, байлық алған әмірші таптың халі осы. Осылар үстемдік қылған заманның неше алуан бұрынғысы үйлеспейтін жат, құбыжық кейпі осы. Сонымен қатар өзі алғаш үйлескен, үн қосқан тобының мұңын көпке, бұқараға шақпақ боп келген, сол себепті бұқараға шаққанда әуелі сол бұқараның өзінің өз мұңын айтып, оның да қышыған жерін қаси кетеді.

Онымен күйі косылып, жалпы наразылықты айтпақ болған соң, әуелі көптің жері кетіп, күйзеліп жатқанын айтып:

Адыра қалғыр Сарыарқа,
Болмайын деді баянды.
Еділді алды, елді алды,
Есілді алды, жерді алды...
Енді алмаған нең қалды, —

деп бір қойып, содан әрі еңбекші қанаушы қалың бұқараның күнделік шаруашылық, тұрмысы күйіне соғып:

Кедей қайтіп күн көрер?
Жаз жатақта жатқаны,
Жаздай арық қазғаны,
Күздей пішен шапқаны:
Ішіп-жемдік болмайды,
Оны-мұны тапқаны.
Аш-жалаңаш бейнетпен
Жүдеп, арып, талады.
Бір ешкісі бар болса,
“Шығын” деп тілмаш алады.
Кедейге салып “шығынды”,
Араны бидің тояды.
Қағаздатып бұзауын,
“Ноғайына” қояды... —

деп, жалшы, батырақтың таптық жоғын жоқтап та кетеді.

Бірақ бұларға қарап Шортанбайды төңкерісші, жаңа бағыттағы тап наразылығын білдіруші, я тұтас бұқарашыл ақын деуге болмайды.

Жаңа бағытқа түсіп, үстемдік алып кетіп бара жатқан жуан шонжар мен жаңашыл сауда байына, есінен, мүлкінен, бұрынғы жоқ дәрежесінен айырылып, құлдилап бара жатқан, бұрынғы үлгідегі феодалдың мұңын әкеп, сол бұқараға көпшілікке шағады. Сол шағым үстінде онымен ұғыстыратын тіл таппақ болады. Соңы барып жаңағы бұқара күйін қорғай өтеді. Бірақ сол көктей шаншып, көп мұңның бәрін ең әуелі жоғарыда айтылған жаман ғаламаттар, ақырзаман ғаламатынша айтпақ болатын. Енді осы сияқты саналған белгілердің ар жағынан барып көксейтініне келсек, онысы:

Әуелі бастан ханды алды,
Қараны санап, малды алды.
Көшіп кетер жерің жоқ,
Жау айбынар ерің жоқ,
Кетейін десең жерің жоқ, —

деп, саяси салмақты бір түйін қып, оны айтып, одан әрі:

Қасиет кетті төреден,
Әділдік кетті билерден, —

деп кеп, бұрынғы жақсы би кетіп, ендігі би демек үшін.

Кенеуі жоқ кей билер
Кұр зорлайды таппаққа, —

деп, сөзінің түп мазмұнында бұрынғы ескі би, ескі заман дәуренді жақтайды. Бірақ ол оралмайды. Сондықтан дінінді күт, тағы ескі тұрмыс салтыңды күт.

Атаңды сыйла анаң мен,
Мекені іздеп таппаққа,
Ұмытпасаң тобыңды
Түскенің дүзу соқпаққа, —

дейді.

Жаңа заман байын мінеп-шенегенде жалпы байлық қана-ғыштық қалпын еске алып, жоғарыдағы бұқараның жоқшысы боп қана жырлай ма, жоқ әлде:

Малдан зекет бермеген,
Аузына Құдай кірмеген
Қайыры жоқ сараңды, —

деп, немесе:

Қайыр кетіп байлардан,
Бұзауға ақша беріп тұр, —

деп, соның түбі:

Залым туған сұмырайлар,
Осылай жұртты еміп тұр,
Шолақ иттей діңкілдеп,
Бір-біріне жетем деп,
Аласұрып өліп тұр, —

дегенде, айналып сараң, мейірсіз байларды ғана аямай жамандау боп кете ме, онысын айыру қиын емес. Негізгі таптық тұрғысы

бойынша бұл бай, қанаушы таптан әні алыс ақын емес. Ең болмаса қожа, молда есебінде бұқараны қанайтын бір тайпы.

Бұл байларды дін жолымен зекет беріп, мейірлі мырза болмайсың деп, бұрынғыдан өзгесін, сенен бұрынғының дәуренінде өзі де артық еді дейді.

Және осы жайдың бәрін көпке жеткізе айтып, көптің наразылығы қып сөйлейді. Сол себепті өлеңінің түрі де бұрынғы үлгілерден басқарған, өзгерген болады.

Бұл шығармалар тұтасымен көп оқушы, көп тыңдаушыға арналған, сынау сөзбен, үгіт, өсиет сөз. Өсиеті көбінде ескі дін үгіті. Сондықтан ең алдымен тілі мен әнінде “пайғамбар”, “зекет”, “Мекке” немесе: “Оллаһ, ағылам Құдай біледі” деген сияқты, болмаса үнемі “залым” деген сияқты сөздердің өзі де арнаулы үгіттік мақсаттан туған. Көппен ұғысу үшін бұл сөйлегенде ылғи ұғым тілімен сөйлейді. Бұқарша “ұқпасаң қой” дегендей қып, аламыш суреттерді көбейтпейді де, тізбейді. Сондықтан бұның жыры ескі жыршылар әдебиетіндегі шешендік, ағындылық, алып ұшпалық керіктерінен айырылған жабайы тақ-тақ өлең боп қана көрінеді.

Оның есесіне, бұл ылғи қолға ұстатып, көзге көрсететін, күндегі өмір көрініс мысалдарын айтып, солардың сынын көбейте береді. Олар ақынның көпке ұғымды болам деген талабы үшін ең қолайлы.

Сол орнықты, тиімді, желілі мағынаға, таптық мұратқа әбден қалыптанып, нық байланып туған сөз болғандықтан, бұнда өлең ұйқасы да орнықты, өлшеулі қалыптарға соғылып отырады. Үнемі айнымайтын бір төсекпен келіп, не қылса да ұйқасы көрініп тұрған болады. Сөздің сырт келісімін сонша қумайды. Оған ішкі мағына, мазмұн толық жетсін дейді. Сол себепті дыбыс күйлеу, шындықты тауып ұйқас үшін астын, үстін әкете беретін аллитерация, ассонанс бұнда болмайды.

Бұл түр мазмұнымен үйлеседі. Барлығы жиылып кеп Шортанбай шығармаларын: ескілік үшін, жаңа жолмен, діншілдік жолмен, жаңа қауым жинап кеп алысамын деген діншілдер және азғын феодал тобының жыршысы айтқан сөз қып шығарады.

НЕКРАСОВТЫҢ ӨМІРІ (1821—1877)

“Таптар тартысы айқындалып, төңкеріске жақындаған кезеңдерде ескі қоғам ішінде үстем тап арасындағы ыдырау барысы өте күшейеді, өте айқындалады; сондықтан үстем таптың кейбір бөлімі онан айырылып шығып, болашақтың туына ие төңкерісшіл тапқа қосылады”, — деп “Коммунистік манифесте” данышпан ұстаздарымыз К.Маркс пен Ф.Энгельс айтқан.

Туысы ақсүйек, крепостной усадьбада ақсүйектік мәдениет ықпалында өскен Некрасов 50—60-жылдарда төңкерісшіл қара шаруа көпшілігінің мүддесін көрсеткен қара шаруа демократиясының ірі ақыны болып шығады. Ол кезде Некрасов Чернышевский³⁸, Добролюбов дегендермен³⁹ бірге жұмыс жасаған, Некрасовтың аты да олардың аттарымен қоса аталған. Некрасов “Современник” деген журналдың редакторы болған⁴⁰.

Некрасовтың туыс жөнінен өзіне жат таптың тұрғысына шығуына екі жағдай себеп болған. Олар мыналар: 1. Әкесінен араздасып айырылып шыққаннан кейінгі тұрмыс жағдайлары. 2. Ол уақыттағы разношинецтер — Белинский⁴¹, Чернышевский, Добролюбовтардың тигізген әсерлері.

Некрасов 17 жасында әкесінен бүтіндей айырылып, 1838 жылы Петерборға келген. Қаржысыздықтан әуелгі мезгілде Петерборда тұру ақынға өте ауыр болған. Көбіне ашығып, қонуға жер таба алмай, қайда болса сонда түнеп жүріп, Некрасов разношинец оқығандардың шеккен барлық азаптарын басынан кешірген. Оның аштан өлмеуіне тек еңбек керек болған.

Сондықтан ол тынымсыз қызмет жасаумен болған. Он түрлі өтірік атпен ұзақ әңгімелер, пьесалар, өлеңдер, мақалалар жазған. Басқармалардың тапсырмасымен жазып тұратын ақынға айналған. Бірақ бұл еңбек Некрасовқа жеткілікті қаражат құрай алмаған. Тек 1844—1846 жылдарда жазып, бастырып шығарған шығармалар жинағы ғана ақынның тұрмысын аздап түзеген. Дәл осы жалғыз тамақ үшін жасаған ауыр жұмыс Некрасовтың адамдық мінезін өзгертіп қайта жасады. Жалқаулығын, балпаңдығын, жатыпішерлігін жойып, іскерлі-

гін, тәуекелшілдігін, ыждағаттылығын арттырған. Ол Петербор кедейлерімен араласа танысу — ақынның заманындағы қоғам құрылысына, еңбекшілерді қанаушылыққа дұшпандығын молайтқан. Ақырында ақын психология ретінде ақсүйектер табымен бүтіндей айырылып, төңкерісшіл разношинецтер салт-санасына бейім болып шыққан. Белинскиймен бірге жұмыс жасағандығы, әңгімелескені жас ақынға басынан кешіргендерден көп нәрсені анығырақ түсінуге себеп болды. Ол уақыттағы жағдайларды толығырақ, дұрыс түсінуге мүмкіндік берді.

50-жылдардан бастап Некрасов бірте-бірте разношинец оқығандармен, әсіресе өзіне таныс әдебиет майданындағылармен танысып, араласа бастады. Мұнымен қатар ақсүйектер қасынан аулақтай бастады. Ол күнде өзі басқарып тұрған журналына ақсүйектер әдебиетінің қаймағы — Тургенев⁴², Толстой⁴³, Григорович⁴⁴ т.б. жұмысқа шақырса да, Некрасовтың өзінің жазған өлеңдері оның ақсүйек әдебиетінен кете барысын көрсетеді. 60-жылдарда журналдың тұрақты, белсенді жазушылары Чернышевский, Добролюбовтар болған уақытта Некрасовтың көзқарасы ақсүйек жазушылардан бірте-бірте алыстап, ақырында айырылып шығады. Тургеневтің: “Бізге ересің бе, я Чернышевский, Добролюбовтармен кетесің бе?” — деп қойған сұрауына Некрасов: “соңғылармен кетем”, — деп жауап берген. Бұдан кейін Тургенев журналдан шығып кеткен. Некрасов төңкерісшіл разношинецтер жолымен кеткен.

Некрасовтың ақындығы

Некрасовтың бұл бірте-бірте өсуін шығармаларын талдау арқылы көруге болады. Некрасов өлеңді ерте жаза бастаған. Петерборға әуелгі келуінде бір тетрадь өлең ала келген. 1840 жылы өлеңдер жинағын бастырып шығарған. Жинақты Никитенко профессор мен Белинский қатаң түрде сынаған. Бұл сынды Некрасов дұрыс деп таныған. Шығармасының жарамсыздығы — жас ақын XVIII, XIX ғасырлардағы ескі ақсүйек әдебиетіне еліктеген, 40-жылдардың алдыңғы қатар оқушыларына жағымды еш нәрсе бере алмаған.

1845 жылы “Петербор жинағында” Некрасов “Бесік жыры”, “Жолда” сияқты өлеңдерді басып шығарған. Бұл өлеңдерде Некрасовтың тақырыбы, көзқарастары бүтіндей басқаша. “Бесік жыры” кертартпалардың намысына қатты тиген. “Некрасов барып тұрған коммунист... Ол төңкеріс пайдасына жанын сала жырлайды”, — деп, жазушы Булгарин жандармға шағым берген⁴⁵. Дәуірдің алдыңғы қатар адамдары Некрасовтың бұл өлеңдеріне өте разы болған; өлеңді оқығаннан кейін Белинский: “Сіз ақынсыз, ақын болғанда нағыз ақынсыз!” — деген.

Осы кезден бастап Некрасов разношинецтер стиліне түскен.

Төңкерістен бұрынғысын Некрасовты “халық қайғысын қайғырған” қара шаруа ақыны деп таныған болатын. Шынында, Некрасовтың ақындығы өте кең, көп тараулы болған. Ол заманындағы қала тұрмысын, әсіресе басқа қалалардан ертерек капитализмге ауа бастаған Петербор тұрмысын, оның ағылтегіл байлығы мен ыңыранған кедейлігін, шенеуніктердің озбыр зорлығы мен еңбекшілердің қорғаусыздығын толық суреттеген.

“Бақытсыздар” деген өлеңінде Петерборды жырлай отырып: “Қала ойсыз, үнсіз түн ортасында”, “ерсілі-қарсылы сендей соғысқан қақтығыссыз қозғалыста жылтыр арбалар, қатарласып барлық нәрсе өмірге, тынышсыздыққа толғандай болып, барлық жүздер жарқырап гүлденгенде ғана әдемі”, — деп қаланы суреттей келіп:

... Адамдар аласұрған,
Той үйлерінде емес.
Қайғылы қайыршылық үйінде,
Көңілсіз ой қалықтап кезеді, —

дейді.

Бұл “қайғылы қайыршылық үйін” ақын өзі басынан кешіріп танысқан. Бұл үйден ол бұрынғы ақсүйек ақындар білмеген жаңа геройды — қала кедейін тапқан.

1864 жылы Некрасов “Шойын жол” деген өлең жазып, жол салудың суретін берген. Бұл өлеңді М.Н.Покровский “орыс поэзиясының өте ірі пролетариаттық табысы, бүкіл Дүниелік поэзияның ірісі” деп бағалаған. Бұл бағалар өте дұрыс бағалау. Еңбек пен капиталды қарама-қарсы қойып салыстырып, Не-

красов капиталшылардың ауыр түрде жалаңаш жұмысшыларды жыртқыштықпен қанауын көрсеткен. Капиталшының кейпі — подрядчик. Өлеңнің материалын Мәскеу-Петербург теміржолынан алған. Некрасовтың жұмысшылардың шеккен зарлы азабын жырлаған өлеңінің екінші бөлімінің әрбір жолы документпен сипатталған айқын ақиқат. Бұл ақиқатты Некрасов соншама күшті етіп көрсете алғандықтан, үкімет тарапынан да, төңкерісшіл оқушылар тарапынан да көп әңгімелер қозғалған. Баспасөз басқаратын Мартынов деген төре үкіметке жасаған айрықша баяндамасында “үкіметіміздің күнбатыста жасаған бірінші игі жұмысына әдемі өлеңмен жабылған мұндай қиянатты жаланы жүрегің қалтырап, оқи алмайсың” деген. Ал, Некрасовтың жазғаны жала емес, ақиқат еді. Ірі ақындық күшпен суреттелген бұл ақиқат жас буынның көкірегі үкіметке дұшпандықпен толтырды. Композиция жөнінен мүсіндей болып сызылып “Теміржол” Покровский айтқандай болғаны “екі жүз шамалы жол, әдемі, күшті жолмен бүкіл капиталшы қоғамды, оның тірегі” Волховтан, Еділден, Окадан, ұлы мен бекеттің әр түкпірінен айдап жинаған пролетариаттан бастап, оның жоғарысы “жуан, мыстай қызыл” подрядчикке дейін, аралық жік “сауатты-ондыққа” дейін қалдырмай суреттеген.

Бұл қоғамды Некрасов былай суреттеген. Қоғамның жоғарғы тобы жанарал мен подрядчик арқылы көрсетілген. Жанарал Ваняның әкесі үстем таптың уәкілі феодал-капиталшы дүниеге тыныш мәдениет, “таңдамалы” адамдардың, өнер-ғылым адамдарының жұмысы деген пікірді жүргізеді. Оның ойынша, халық “құру білмейді, бүлдіруге ғана шебер”. Халықтың жасаушы, шығарма күшін ол бекерге жасайды. Оның көзқарасынан жұмысшылар “тағы, жабайы маскүнемдер тобы”, жанаралдың бұл пікірі буржуалар арасында әлі тірі. Некрасов бұл пікірге қарсыласа тұрған. Ол халықтың “еңбекке әдеттенгендігін” бағалайды; ол — орыс халқы бәріне төзімді, кеудемен өзіне кен, анық жол салып алады деп нық сенеді.

Капиталшылар дүниесінің, міне, екінші адамы: “көк шапанды, жуан, мыстай қызыл, төртбақ дүкенші”. Жұмысшылардың қараңғылығымен, қорғансыздығымен пайдаланып, үкімет шенеуніктерінің, ондықтың жәрдемімен ол жұмысшыларды талаған, дүре соққан, штраф салған, ақырғы қан-сөлін сығып

алған. Қысқаша мінездеп, әдемі сөзбен суреттеп, ақын бұл жыртықшыға оқушының дұшпандығын күшейтеді.

Некрасов жұмысшыларды суреттеп, ауыр жұмысқа “халық көпшілігін” айдап қосқан аштықтың күшін, орыс капитализмінің әуелгі адамдарының ойранын көрсетеді, еңбек пен капитал арасындағы қатынасты тереңдете ашады.

“Шойын жол” — Некрасовтың ең күшті шығармасы. Мұнда еңбек пен капитал тілектерінің қайшылықтары, орыс капитализмінің жыртықшыға өсуі өте толық, айқын көрсетілген.

Бірақ Некрасов өз дәуірінің ұлы, пролетариат ол шақта бала. Капитализмге ұйымдасып, қарсы шыққан тап болғалы бері келген. Міне, сондықтан Некрасов пролетариат ақыны болған жоқ. Чернышевский, Добролюбов, 60—70- жылдардың басқа ақындарының төңкерістің қорғағыш күші деп қара шаруаны есептегенін жоғарыда көргенбіз. Чернышевский мен Добролюбовтың қанды көйлек жолдасы қара шаруа демократиясының ақыны Некрасов қара шаруаға мұңын жырлайтын ақын болады.

“Мен өзімнің ақындығымды халқыма арнадым, мен сенің қасіретіңді жырлау үшін туғанмын, сабырлылығымен таңырқататын халық”, — деп, Некрасов өзінің міндетін белгілеген. Шынында да, Некрасовтың бүкіл ақындық өмірінде қара шаруа бірінші орын алып отырған. 40-жылдарда ол Тургенев, Григорьевичтерден бұрын қара шаруаның жоғын жоқтап, жырын жырлаған, крепостной заңға бұрын қарсы көтерілген. Некрасов Тургеневтен де, Григорьевичтен де крепостной заңға қарсылық жөнінде қатты қимылдаған. Ол қара шаруаның ауыр тұрмысын суреттеп қана қоймаған, оның (тұрмыстың) экономикалық, саясаттық себептерін ашқан.

Пушкин туып-өскен жерін жүрегі елжіреп, көңілі бұзылып отырып жоқтаса (“Тағы туған жерімдемін”), Некрасов “Туған жер” деген өлеңінде (1846) туып-өскен жерін: “Ата-бабамның еңбекшілерді иттен кем ұстап қанаған жері, мына қалың орманның кесіліп біткеніне, мына ата-анамның үйінің қисайып құлағалы тұрғанына өте қуанам”, — деп жырлайды.

Қазақтың ұлтшыл, лирик ақындары — Махамбет, Шәңгерей, Досбол⁴⁶, бері келгенде Алашорда ақындары — “туған жер”, “ата бабаның қасиетті зираты қақолдың қаласының арасында қалды” деп жырлап, қазақ еңбекшілерін орыс еңбекшілерімен жауықтырса, Некрасов қара шаруаны қанағаны үшін өзінің ата-бабасына нәлет оқиды, өзінің туып-өскен жерінің қирап, талқан болғанына қуанады, кегі біткендей болады. Некрасовтың ақсүйек помещиктер усадьбасына мұндай қатаң қимылын ақсүйек ақындар — Пушкин, Тургенев, Толстойлар істей алмаған. Бұлар “ақсүйектердің ұясы” қирап барады деп қайғырып, құламауына шара іздеген. Ал Некрасов “жоқ, жоқ” деп, құлауына, қирауына тілекші, себепші болған.

1858 жылы жазылған “Қонақ есік алдындағы қиялдар” (“Размышления у парадного подъезда”) деген өлеңінде Некрасов алыс жерден арызбен Петерборға келген қара шаруаларды төренің есікшісінің қалай қарсы алғанын суреттей келіп, “әдемі сарайлар иесіне” құнарлы сынмен, сөгіспен тиіседі, масқаралайды. Ақын оқушылардың назарын қанаушылар мен қаналушылардың мүдделері, тұрмыстары арасындағы қайшылықтарды, әлеуметтік теңсіздікті — біреу үшін “өмір — бітпес мейрам, басқалар үшін — жалпақ ыңқыл” біреу құдіреттіліктің төріне жеткен, айналасы қошемет, бай, “уақытты пайдасыз, ішіп-жеумен, ойын-күлкімен өткізеді, басқалар құдайдың күнінің сәулесіне қуана алмайды”, абақтыларға қамалады, шахтыларда ауыр жұмыс жасайды.

Мемлекет құрылысының таптық мінезі бұл өлеңде өте айқын көрсетілген. Сондықтан бұл өлеңді әуелі Герцен шет мемлекетте⁴⁷ “Колоколда” басып шығарды.

Некрасов өмірінің аяғында үлкен поэма жазып, қоғамның түрлі жіктерінің, бірақ, көбіне қара шаруаның тұрмысын суреттеді. Мұндай үлкен поэма жазып, шығармасын кеңітуді Некрасов бірте-бірте даярлықпен жасады. Бұл поэманың аты — “Ресейде кім жақсы тұрады?” Жазылған уақыты 1863—1876 жылдар арасы. Бұл поэманы ақын халыққа пайдалы, түсінікті, өзінің 20 жылдық тәжірибесінен, зерттеулерінен құралған кітап етіп шығаруға тырысқан. Өзінің зерттегендерінің үстіне ақын достарынан естіген мәліметтерді де поэмаға ендірген,

төңкерісшіл қара шаруа демократы көзқарасымен түзеп, фольклор материалдарын да ендірген.

Поэмаы Некрасов қара шаруаны азат еткеннен кейін жазды. 1861 жылғы 19 февраль манифесі ақынды алдай алмады. Чернышевскийдің айтуынша, Некрасов манифесті “таза ғана алдау, қара шаруаларды қорлау” деген. Өзінің өлеңдерінде ақын: “Ілгері басатын уақыт жетті: халық азат, бірақ ол бақытты ма?”— деген. Бұл сауалға жауапты өзі берген:

Білем, крепостнойлар ауларының орнына
Адамдар босқа көп нерселер ойлап шығарды.

иә:

“Бостандықтың, қозғалыстың,
Земствоның, теміржолдардың
Жаңа уақыты.

Неліктен мен сорлы отанымда жаңарудың іздерін көрмеймін?
Бұл күнде азат болған қара шаруаның өмірі — кедейлік, надандық, қараңғылық”.

Әуелі ақын поэмасында “реформадан кейінгі азат Ресейде де бақыт жоқ, мұнда тек маскүнемдер ғана жақсы тұрады” демек болған.

Бері келе, 70-жылдардағы кең түрде “халыққа шығу” төңкерісшіл халықшылдықтың толып, пісуі ақынның бағытын өзгертті: ақын поэманың бас геройы етіп сүйген Батлашинасы үшін қызмет етуге, тартысуға, жанын беруге дайын, Гриша Добросклоновты шығарады. Бақыт езілгендерге болысып, езушілер мен төңкерісшіл тартыс арқылы халықпен қосылу, Некрасовтың келе-келе “Ресейде кім жақсы тұрады?” деген сұрауға берген жауабы болды.

Поэма толық аяқталмаған болса да, Ресейдегі 50—70- жылдардағы түрлі таптардың, жайлардың, жіктердің тұрмысы айқын суреттелген.

Ақын реформадан кейінгі помещиктерді жалмауыз, алдауыш, жәдігей, түкке тұрмайтын, қолынан қызмет келмейтін, жатып-ішер оңбаған, қайта келместей болып құрыған тап етіп көрсетеді.

Қара шаруаларды ауыр еңбек жасап, көп налог төлеп, жерсіз болып, кедейліктің қасірет-зарын шеккен етіп көрсетеді. Қара

шаруаларды қай жердікі екенін айтқанда: “Қысқан” деген губерниядан, “Бәлеге төз” деген уезден, “Түк жоқ” деген болыстан, көршілес деревнялардан — “Жамау” баласы, “Тесік” баласы, “Жалаңаяқ” баласы, “Қалтыраған” баласы, “Өртенген” баласы, “Жемеген” баласы, “Астық шықпаған” баласы”, — деп губерниенің, болыстың, адамдардың аттарын, қара шаруаның кедейлігін, ауыр халін, құқықсыздығын меңзеумен көрсетіп жазған.

Қара шаруаның ауыр еңбекпен де дұрыстап тамақ асырай алмайтындығын айта келіп, ақын:

Жалғыз жұмыс жасайсың,
Жұмысынды дәл бітірген кезде
Қасыңда үш үлесші тұрады:
Құдай, патса, кожайын, —

деп, помещикті, патсаны, дінді — үшеуін бірге түйреп кетеді.

Некрасов халықты асыра бағалаудан аулақ. Ол халықтың қараңғы екенін, жоққа нанғыш, ырымшыл екенін, маскүнемдік жасап, онысын “тұрмыстың ауырлығынан” деп ақтайтынын, помещиктердің әділсіздігіне шыдап, оған мойынсұнатынын жақсы білген. Реформадан бұрын жазған бір өлеңінде:

Қара шаруалар да жабырқаған жүздерімен
Көзді сүйіндірмейді.
Олардың кедейлігі, олардың өлшеусіз сабыры
Тек өкініш туғызады, —

деп жариялайды.

“Ресейде кім жақсы тұрадыда” ақын өткір келекемен “үлгілі құл” Яковты, князь Утятиннің кебісшісін және басқаларды көрсеткен. Бұлар дәл Ленин мінездеген “мәз болып отырып құлдық өмірдің рақатын суреттегенде, аузынан сілекейі ағатын және ізгі, жақсы қожасын мақтайтын құл — арсыз, адамшылығы кем құл адамдар”.

Некрасов қара шаруалардың жақсы мінездерін де көрген: пәле-қаза тұсындағы беріктігі, ынтымақтылығы, крепостной заң мен ақсүйектер әділсіздігінің қирап құлайтынына берік наным т.б. осындай мінездерін бағалайды. Ақын өрлеп, болашақ өмірді мақтай береді, оқушының көңілін кейінге, өткенге сүйремейді, Некрасов халықты батыр деп санайды. Езілген қара

шаруаның төзімінің шет-шегі бар деп сенеді. Бұл сенімін кара шаруа көтерілістерімен сипаттайды. Қара шаруаны көтеріліске үндейді. Керісшіл-халықшыл етіп Гриша Добросклоновты суреттеп шығарады.

Некрасовтың қоғамдық идеялары

Некрасов — ақын, азамат. Ол ақынның міндетін халыққа қызмет ету деп таныған. Чернышевскийдің қанды көйлек жолдасы болғандықтан, ол Чернышевскийше көркемөнерді азамат міндеті деп таныған. Ол:

Отанның ары үшін,
Пікір, махаббат үшін
Отқа түс...
Бар, ренжімей өл,
Босқа өлмейсің...
Астынан қан ағып жатса,
Іс берік... —

деген.

Азаматтың міндетін осындай жоғары тұрғыдан қарап тексеріп, Некрасов өз басын қатаң сынаған. Ол өлеңдерінде төңкерісшілерді артықша бағалап, олардың күйіне қызығады. Өзінің тартысқа беріле алмағанына өкінеді. Өзінің шығармаларының төңкерісшіл мәніне қанағаттанбай:

Менің ақындығыма тартыс кедергі болды,
Өлеңдерім тартысушы болуыма кедергі болды, —

дейді.

Некрасовтың мұнысы дұрыс емес, оның шығармаларының үлкен, төңкерісшіл мәні болған.

Буржуазияшыл-демократшыл төңкеріс жолында, патша үкіметін құлату жолында, крепостнойлықтың қалдықтарын тұрмыстан келтіру жолында Некрасовтың шығармалары үлкен еңбек еткен.

Некрасовтың көркем шеберлігі

XIX ғасырдағы орыс әдебиетіне жаңа мазмұнмен, шығармаларын қоғамдық мәселелермен байытып, оларға айқын, саяси бағыт берумен қатар, Некрасов орыс әдебиетіне түр жөнінен де жаңалықтар енгізіп кетті.

Некрасов түрдің мазмұнынан айырылмайтындығын, мазмұның өзі көркем түрді билеп отыратынын анық түсінген.

Ақсүйектермен, олардың көркем әдебиетімен тартысқа, өзінің қанды көйлек разношинец ақын достарына сүйеніп Некрасов жаңа стиль, төңкерісшіл-разношиндік стиль жасап шығарды. Қоғамдық мәселелерге селқос қарайтын, ақсүйек әдебиетінің формсыз адамгершілігіне, нәзіктігіне, стилінің шырындығына, сөздерінің әдемілігіне, үнділігіне Некрасов саяси айқын бағыты бар қала кедейі мен қара шаруаның тілінде жазылған күнделік өмір жырын (әдебиет) қарсы қойды. Шығармаларына ол кездегі разношин оқығандар арасына жайылған сөз-атауларды ендірді. Ал деревня тақырыптарына жазылған өлеңдеріне қара шаруа тілін ендірді. Шығармаларына шешен сөзінің, кейде халық өлеңдерінің түрін берді. Бұл екі түрді қосып пайдаланған жері де болды. Шығармаларының саяси бағытын айқындау Некрасовты газет-журнал тіліне, түріне жақындатты. Бұл жөнінде ол үлкен жаңалық өндіруші болып шықты. Некрасовтың поэмалары Пушкин, Лермонтовтардікіндей емес. Оның поэмаларының геройлары зеріккен ақсүйек емес, бүлдіргіш берен де емес, төңкерісшіл демократ қозғарасынан суреттелген халық адамдары, халық өмірі. Некрасов поэмаларында жеке адамды суреттемейді, әлеуметтік топтарды, көбіне қара шаруаларды суреттейді.

Замандастарының Некрасов шығармаларына көзқарасы

Ақсүйек әдебиетінің үстіне аққа бастырылған қызыл түрдей болып шыққан Некрасов шығармаларының жаңа түрі оқушының назарын бөлмей, айтпай қалған жоқ. Пушкин, Лермонтов, т.б. ақсүйек ақындар шығармаларымен тәрбиеленген адамдар Некрасовқа жаман қарады. Оны ақын деп танымады. Тургенев, мәселен, “Некрасов өлеңдері түкке тұрмайды”, — деді.

Некрасовты жақсы түсінген — Чернышевский. Ол Некрасовты орыс ақындарының ең данышпаны деп таныды, шығармаларының идея жөнінен бағыттылығын, күшін, әсерлілігін бағалады.

Некрасов шығармаларының төңкерісшіл мәні

Некрасов шығармаларының төңкерісшіл әсер бергенін, тартысшылдық отымен қыздырғанын біз төңкерісшілдердің ескерткіштерінен көп ұшыратамыз. Мәселен, белгілі төңкерісшіл Дейш⁴⁸ былай дейді: Біздің кебімізге (70-жылдар адамдарына) Некрасов бірден дос ақын болды. Некрасовтан біз кейін үйде де, абақтыда да, айдауда да, каторгада да еш уақыт айырылмадық. 70-жылдар қозғалысының басшыларының бірі большевик Ульяновский: “Некрасовтың шығармалары менің мінезіме өмірлік әсер берді”, — дейді.

Некрасов шығармаларының заманындағы жас буынға берген әсері мынадан көрінеді:

Тез шірудің қолына түсем,
Өлімші болу ауыр, өлу жақсы.
Ешкімнің аянышын тілемеймін,
Аяйтын да ешкім жоқ, —

деген Некрасовтың өлейін деп жатқандағы өлеңіне жауап есебінде студенттер: “Бізге сүйікті, халық жырауы, халықтың қайғы-қасіретін жырлаушы ақын, біз сені аяймыз. Біздің ісімізде халыққа арналған махаббат отын жаққан, оны қысушыларға дұшпандығымызды өрттей қаулатқан адамды аяймыз”, — деп хат-әдріс жазған.

Некрасов орыс әдебиетінің кейінгі өркендеуіне де үлкен әсер еткен. Тақырыптарының айқын саяси бағыттылығы, шығармаларының идеялық толықтығы, жаңа формалы (газет, фельетон, шенегіш сықақ, халық поэмалар түрлері, фольклорды кең пайдалануы, тілінің халық тіліне жақындығы мен осының барлығын бірқатар кейінгі ақындар — Маяковский⁴⁹ мен Демьян Бедныйға⁵⁰ дейін Некрасовша пайдаланған.

Ленин Некрасов туралы

Ленин Некрасовты жақсы көрген, оның шығармаларын әлденеше рет оқып шыққан, оның шығармаларынан мысалдар келтіріп сөйлеген, жазған. Лениннің шығармаларында Некрасов

әңгіме етілген жерлері көп. “Граф туралы” деген мақаласында Ленин былай дейді: “Орыс қоғамын тексергенде, сырты таралған, сырланған крепостной-помещиктің оқымыстылығынан оның жыртқыш тілектерін айыра білу керек. Мұндай адамның жәдігөйлігін, жансыздығын сүймеу керек, оған дұшпан болу керек”, — деп бұрын Некрасов пен Салтыков та үйретіп кеткен⁵¹; ал бұл күнгі кадет партиясына, я кадеттер жаңғырығына жататын өздерін демократтық мирасты сақтаушымыз деп есептейтін Ресей ақындары халықты арсыздыққа үйретеді, партиядан тыс демократпыз, әділміз деп мактанады”. Екінші бір жерде Ленин былай жазған: “Некрасов өз басы әлсіз болғандықтан, Чернышевский мен либералдардың арасында толқыған, бірақ оның тілегі бүтіндей Чернышевский жағында болған”. Бұл айтылғандардан Ленин Некрасовтың солқылдағанын айта отырып, оны көркем шығарма мен крепостной-помещиктің “оқымыстылықтың таралған, сырланған сыртымен” бүркелген жыртқыш тілегіне қарсы күрескен ақын, төңкерісшіл қара шаруа демократы деп жақсы көргендігі байқалады.

Ленин көзінде: Некрасов — “қарт орыс демократы”.

МҰРАТ АҚЫН (1843—1906)

Мұраттың өмірі

Мұрат Кіші жүз Байұлы ішінде Беріш деген рудан шыққан. 1843 жылы туып, 1906 жылы 63 жасында өлген.

Туған жері Орал облысында Гурьев уезі болса да, Мұраттың жүрген жерлері жалғыз Орал емес, Бөкей, Маңғыстауда болған.

Шыққан жері: өмір иесі, я зор мүлік иесі емес: мал баққан қара шаруа адамдар болған. Өз ағасы Манай ақын атын алған адам екен. Мұрат жас күнінде хат танырлық білім алған болады.

Өлең айту бұнда бала күнінен бар екен. Әсіресе 15-16-ға келген соң ойын-тойда кездескен ақын атаулымен де айтыса бастайды. Жас шағының көп шығармасы сол айтыс түрінде өтіп, көбінесе сол айтылған орында қала беріп, жиылмай, ескерілмей жоғалып кеткен сияқты.

Сол айтысқа араласып, атағы шығып, ақын атанып алған соң, Мұраттың өмірлік кәсібі, еңбегі өлең жолында өткенге ұқсайды. Не мал бағып, не өзге кәсіп істеу бұның машығы болмаған.

Ал ақындық заманындағы өзге ақындардың қалпы, салты бойынша бұны да үйінде отырғызбай ел қыдырып, ас пен тойды адақтап, көп жүріске салынып, кезбе өмір кешіруге бейімдеген.

Бұндай ақынның көпшілігінің кәсібі, әр елдегі байға, жуанға, ұлық-төреге барып, солардың қонағында, сыйында, ығында жүріп күн кешіру, мал табу болатын. Сөздерінің көбін тындайтын, бағалайтын сыншысы да, тұтынушысы да көбінесе осылар болады. Көпшілік бұқара жаңағылар тындап өткен сөзді, көбінесе екінші кезекте естиді. Түбегейлі тындаушысының алдында айтылатын сөз, өзге ақынның көбінің машығында сол тындаушы мырза, жуандарын мақтап айтқан, қостап айтқан қошемет сөз болады. Мұрат дәл бұндай сөзді көп айтпаған деседі. Айтқаны болса да, сақталып қалмаған. Бірақ бұндай түрдің дәл өзінің жоқтығына қарап Мұрат сол үстем тап адамдарының салт-санасын жырламады, тұтынбады деуге болмайды. Ол салт-сананы Қалел ойлағандай⁵² жалғыз мақтау түрімен ғана шығармайды. Қалел Мұратта жуандарға арналған мақтау сөз болмағандықтан, бұны таза ғана көптің, бұқараның ақыны дегендей болады. Кейін шығармасын тексергенде, Мұраттың Шортанбай сияқты арнаулы таппен оның байланысты болғанын тексеріп, танимыз. Көптің бәрін мақтай бермесе де, бұның бірен-саран биді, бірлі-жарым ата ұрпағын мақтағанын Қалелдің өзі де айтады. Рас, Мұрат өзге жалпылама сөз сатып жүрген ақындардан бөтен, Шортанбай сияқты әлеуметтік тақырыпты қолға алған ақын. Сондықтан ол өзі мақтаған кісісінен, өзі арман қылған я сол адамды шығарушы қоғамдық топ арман қылған қасиетгерді тапқан боп, сонысын даттау керек. Мұраттың қай органың адамы, қандай сананың жыршысы екенін сондай тақырыптарының өзі де ашады.

Мұрат жайынан Қалел айтқан мағлұматтың ішінде бір елеулі жері, ақынның Есет деген бимен жақындығын айтқан тұсында көрінеді. Есет Мұратты шақырып ап, үлкен айтыс ақыны

болу үшін: “Өткен-кеткенді, ата-бабалардың бұрынғы істерін, қазақтың шежіресін жақсы білу керек”, — дейді. Содан кейін Мұрат қыдырып жүріп шалдардан сұрап, ескі әңгіме, шежіремен көп танысады. Сонда “Өте көп үлгі алған адамы, жоғарғы айтылған Есет би еді”, — дейді. Содан кейін Орақ — Мамай, Қарасай-Қази, Асанқайғы, Қазтуған секілді ескілер туралы көп-көп сөздер айтады. Сонымен қатар ескі тарихи уақиғалар мен ескі жер аттарын да көптірген болады.

Осы жайдың үстіне, өзі әлеумет күйін сөз қылатын ақын болған соң, бұл сол кездегі патша үкіметінің отарлық істеріне де көп көз салады. Оның жайы ақынның көп қайталап, еселеп-еселеп соғатын тақырыбы болады.

Қазақ өлкесіне жұмсаған жалпы саясат, жерді алу, ереуілшілерді қуғынға ұшырату, өлтіру — бәрі де Мұраттың әдейі атап, нұсқап тұрып анықтап айтқан тақырыбы.

Осылармен қатар Мұрат қазақтың өз ішінде ру таласының күшті боп, жойылмай жүрген кезінде тіршілік еткен. Бұл уақытта рудың тігіс-тігісі ыдырап, ескі ру тәртібі бүлініп, құлап бара жатқан. Сондықтан сол рушылдық қалыптың өрескел қайшылықтары сияқты боп ру таласы өте күшейген еді. Осындай жағдайдың ортасында жүрген Мұрат өзін рудың батыр жігіті, сойыл соғары, я балуаны есебінде түсініп, ру бәсекесінің көбіне өзінің ақындық күшін түгел салады.

Өз уақытында Мұрат сөздері ел ортасында (Кіші жүз ішінде) өте даңқты болып, кәдірлі саналған, көп жайылған. Орал, Бөкей, Маңғыстауда Мұрат аты ерекше мәлім ат болған.

Сол өлкелерде 19-ғасырдың екінші бөлігінде шыққан ақынның кебі, я тіпті бері кеп, кейін шыққан ақынның бірталайы да осы Мұраттың шәкірті болады.

Бірақ сондай даңққа, атакқа ие болып, өнерлі ақын деп танылған Мұрат өзі қызмет еткен ортасынан орынды баға ала алмайды. Еңбегіне орай көмек жәрдем де ала алмаған. Құр әйтеуір “үні жақсы бұлбұлы”, “құлақ құрышын қандырғаны” еріккеннің ермегі сияқты боп қана бағалап, содан артық ешбір демеу алмаған; өмірі жарлылық, жүдеулікпен өткен болады.

Мұраттың шығармалары

Мұраттың шыққан заманы мен сол кездің шаруашылық-қоғамдық жағдайы қандай еді — оны біз 19-ғасырдың екінші жарымын шолып өткен жалпы мақалада бір айтқамыз. Екінші, Шортанбайды тексерген кезде Мұраттың да таптық тұрғысы, заманға көзқарасы соныкіне ұқсас күйлес екенін ескерткеміз. Бұның өзі бай, “бағылан” болмай, орташа, көпшілік қатарынан шыққан болса да, жырлаған күй-сарыны сол көптікі ғана емес. Бұрынғы үстем таптың ішінен шетке қағылып қалған, құлдилап бара жатқан бір топтың көпке мұң қосып, өз тұсындағы жаңалықтарға жалпы наразылығын білдіріп айтатын сана-сезімі болса, Мұрат соны жыр қылады.

Өз кезінде Исатай, Кенесары қозғалыстарын шығарған, қостаған үстем тап ішіндегі кейбір наразы топ, кейінірек кеп Бекет ереуілін де шығарған-ды. Әрине, бұндай ірі уақиға, үлкен қозғалысты жасаушы олардың өзі ғана емес. Нағыз жасақшы іс қылушы, қимыл иесі қалың бұқара болатын. Олар, патша үкіметінің отарлық шабуылы күшейіп, шымбайына батқан соң, сол Исатайлар бастаған көтерілісті жасауға өздігінен дапдайын боп, жылытып күтіп отырғандай болатын. Ол қозданып, өрттей лаулап кетуге кезегін ғана күтіп келе жатқан қу еді. Исатайлар болмаса да, ол көтерілістер болар еді. Сондықтан тарихи-қоғамдық жағынан қарағанда және ішінде қайрат етуші күш бұқараның күші екенін еске алғанда, біз ол уақиға, ол қозғалыстың көбін отар шабуылына қарсы шыққан бұқараның қалың көпшілік қимылы дейміз.

Бұған орай, осы көптің қарсысына шығып, артынан ерген, қолтығында, шырмауында қалған кейбір елдерді шоқпар қып, барлық қозғалыс атаулыға жаулық істеген үстем тап адамдары бар. Бұлар ататегі мен өлкені отарлыққа өз қолдарымен тұсап беріп, сол арқылы дәреже, бірлік, байлық — жалпы үстемдік алып келе жатқан тап. Бұқара мен осы таптың арасындағы жаулықта, үстем таптың ішінен жырылып шығатын бір қауым, бір тап бар. Ол ілгеріде біз айтып келе жатқан жаңалыққа үйлесе алмай, жерден, мүліктен, бұрынғы үлкен право, биліктен айырылып, әл-қуаты ажырап бара жатқан ру басыдан, кәріден, ескішілден шыққан бір топ. Бұлардың шынымен көксейтіні — ескі дәуірдегі

қоғамдық шаруашылық күйі. Бірақ соны айта отырып, жаңағы бүгінгі күнде алысқа ертетін көпшілігіне де ұғымды бола, үйлесе сөйлеу керек. Оның қамын да ойлаған кісі боп, оның мұңынан да “ол-пұлды” айта отыру тиіс.

Шортанбайды шығарған орта мен тарихи жағдай осындай болатын. Осы күйі Шортанбайдың ғана күйі емес, Мұраттың да күйі.

Бірақ Мұратта сол сарын шыққанда Шортанбайдан өзгеше, бөлегірек боп шығады.

Сондай ерекшеліктерін тарихи, таптық-қоғамдық өзгешеліктері мен байланыстыра түсіну үшін бұдан қалған шығармалардың мән-жайын тексерейік.

Мұраттан қалған шығармалардың жинағы бірқатар сөз. Бұның біразы толғауға ұқсаған, әлеуметтік, шаруашылық, саяси мәселелерді қозғаған “Үш қиян”, “Сары Арқа”, “Қазтуған” сияқтылар да; екінші бір түрі бұрынғы шабуыл батырын жырғып айтқан, бір жағы жоқтау, бір жағы тарихи жыр: “Қарасай-Қази”, “Шәлгез” сияқтылар, бұлардан соңғы көп өлеңі — айтыстар.

Біз бұл жолғы тексеруде Мұраттың таптық тұрғысы мен саяси бетін алдымен көрсететін толғауға ұқсас сөздерін аламыз. Соның ішінде қарастыратынымыз: “Үш қиян”.

Бұл өлең 1873 жылы жазылған атақты “Уақытша заң” (жаңа низам) шығып, ел “штатқа” көніп, өлкені үйез, болыс, ауылнайлар билей бастағанда шығады.

Бұл жырды тудырған саяси жағдай мен жалпы мезгілде, 19 ғасырдың екінші жартысында қазақ өлкесінде — отарды билеудің әдісі — батым, басым әрекеттерге ауысқан кез еді. 1861 жылы құл крестьянға бостандық беріп, өндіріс капиталының бұрынғы ескі феодалдық түріндегі Ресей топырағындағы тұсауы кесілген соң, енді сол өндіріс капиталы отар атаулыны тықсырып, қымтырып, шеңберге алып, түре бастаған. Өлкелерден жер алып, переселен көшіру. Базар-жәрмеңкелерді жиілету, жол қатынасты жөнге салу, солар үшін әкімшілік тәртібін жаңалыққа икемді қылу қажет болған. Сонымен жоғарғы айтқан “Уақытша заң” шығып, өлке тіршілігі неше алуан жаңалық күйлерге түсіп, өзгере бастады.

“Үш қиян” осындай жаңа түрдегі әлеуметтік, шаруашылық, саяси күйлерге берілген жауап.

Бірақ жауап беруші, жоғарыда айтылғандай, осы жаңалық атаулының барлығын қабылдамай, ескісін, баяғысын көкसेген бір қауымның салт-санасын білдіруші ақын. Осы сияқты түсіндірме мағлұматтардың өзіне қарағанда да “Үш қиян” жырының тақырыбы, ол тақырыпты шешуі, толғауы, мазмұн жағынан да, түр жағынан да қандайлық болатыны мәлім.

Ең алдымен Мұраттың барлық толғау түріндегі әлеуметтік тақырыпқа арнап айтқан сөздеріне тиісті сипат: жер кеткенін сөз қылады. Күйініш пен ереуілінің түп қазығы сол. Бұл ретте Мұраттың естігені өте көп, көрі құлақты.

Адыра қалғыр бұл қоныс,
Қайырсыз екен азалдан.

Еділдің бойы қанды қиян,
Жайықтың бойы майлы қиян,
Маңғыстаудың бойы шанды қиян,
Адыра қалғыр үш қиян,
Үш қиянның ара бойынан,
Жеті жұрт кетін жол салған... —

деп, әр жердің мән-жайын өзінше, көне тарихынан бастап сөйлейді. Содан кейін осы үлгі, осы сарынын молайта, үдете келіп, бүгінгі көп қазақ білмейтін талай-талай жерлер, сулар, қоныс-қыстаулар атын тізбектеп жөнеледі:

Алты атаның ар жағы,
Талөкпенің бер жағы,
Сакмардың бойын жайлаған,
Сарғая бие байлаған,
Ақсуда тайы ойнаған
— Еңсемді көпір басар деп,
Ендігі бидің көшкен жер, —

дейді. Бұнысы жердің ғана жайы емес. Сол жермен байланысқан елдің де тарихы. Жер жайын түп желісі қып алғанмен, салған жерден-ақ сол жерлер жайына, толып жатқан батыр, би, хан бар, рулар, елдер бар — солардың да аттарын көгендеп, көктеп өтеді. Арғы-бергі адамдардың бәрін бір жердің кіндігіне байланыстыра

кеп, толып жатқан шежірені, шынды, бұлдырды да аламыштап тартады.

Қайырсыз неге десеңіз?
Асанқайғы, Қазтуған,
Орақ-Мамай, Телағыс
Қалған екен солардан, —

деп кеп,

Біз де бір сондай болармыз,
Артық па едік олардан, —

деумен, әр жерге түйін тастап, көмбе көміп кетіп отырады. Тарихтан, ескіліктен алған адамның бәрі осы жерге, күле келіп, күңірене кеткен болып, оқушыға ұдайы бір-ақ нәтиже жасатып отырады. Нәтижесі “жер құтсыз, баяғыдан солай, бізге де мекен болмайды” деген бір зар, бір күдікке саяды.

Жанбыршының ұлы Телағыс,
Елімді алар кәпір деп,
Тыным алмай көшкен жер.

Дендерден бергі бауырдан
Қазтуған шұбар өткен жер, —

сияқты болады да отырады.

Осылардың бәрінің артынан кеп шығаратын ақын қорытындысы:

Үргеніш пенен Бұқараға
Арбасын сүйреп барғаны..
Қоныстың бар ма қалғаны? —

деп, жердің біткенін тыныстың таусылғаны деп, бір байлау жасайды. Бұнысы жер жайында. Бірақ шығар жол ұсынбайды. Наразылық пен күйікті толық айтады. Мәселе ақынша, жалғыз жерде емес.

Мал мен басты есептеп,
Баланың санын алғаны.
Аңғарсаңыз, жігіттер,
Замананы тағы да,
Бір қырсықтың шалғаны, —

боп кетеді.

Және заман осындай қыспақ заман болумен бірге адам да өзгерді, азды:

Адамның азған белгісі —
Екі кісі дауласса,
Тату бол деп айтпайды.
Екі айырып арасын,
Арасынан пара алғаны, —

дейді.

Осындай халдің үстінде би кім? Ол:

Діні басқа біреулер
Ел біледі аралап,
Бір бәледен мың бәле
Өсіп бір кетті балалап, —

деп келеді де, дәл елдің өз ішінде, бұның дақ өз көз алдында тұрған халді:

Заманың қайтіп түзелсін
Қоңсыдан туған би болды.
Бұ сықылды күй болды,
Көрген жұртқа таң болды.
Азамат ердің баласы
Айдарына малы жоқ,
Топ көрерге зар болды.
Қара кісі хан болды,
Қоспақтан туған қортықша
Қатарға шығып нар болды.
Асылзада баласы,
Дәулеті кетіп қолынан
Қоңсысына құл болды, —

деп, өзі кімнің мұңын жоқтағанын жоғарыда біз айтқан қалыпта ашып айтып кеп, жаңа заманға үйлесіп, әмір-дәреже байлық тапқан жаңа үстем тап адамдарын:

Асылсыздың баласы
Ақшасына сүйеніп,
Айтқан сөзі бұл болды... —

дейді.

Жаңаның осы сияқты “жүлде алғандарын” сүймей, шенеуді, ең ақыр аяғында көптің мұңы сияқты бір күймен бітіреді.

Кейінгі туған баланың
Ұстай ма деп білегін,

Шая ма деп жүрегін,
Шашын-мұртын қойдырып,
Ащы суға тойдырып,
Бұза ма деп реңін
Адыра қалғыр заманның
Мен жаратпаймын сүреңін, —

дегенді айтады. Бұнысы, көптің көңіліне күдік қып тастаған, өзінше ең үлкен түйіні, түп-түйіні. Сонысын осы сияқты тұспалмен келте ғана қайырады.

Міне, Мұраттың әлеуметтік, саяси тақырыпты өз тобының тұрғысынан қарап өрістетуі, шешуі осындай. Тұп тамырлары, өкше іздері бір болса да, Шортанбайдың бұдан жырыла шығатын айырмасы: ол бүгінгі биліктен әбден күдер үзіп болған қауымның адамы емес. Ресей ниеті, орыс ұлығының үлгісі оларды шетке қаға жүрсе де, түбінде қожа-молда, ишан, қазырат-ысламшы, дінші тап өздеріне тәуір боларлық жағдайдан біржолата күдер үзбейді. Сол үшін алысатыны да бар. Осы себепті сөздерін көпке ұғымды қып, өте айқын тұрған көріністерді ғана сөз қылып, ылғи ұғым тілімен ғана сөйледі. Сол барлық тақырып, қалып, сыртқы түрдің бәрінен де көрінеді.

Мұрат болса, көпке Шортанбайша қарасты білмейді. Ол көпті ертіп ап, тағы бір қия үшін алысармын-ау деген санашыл емес. Бұның өзінше програмы болса, онысы алыс, тартыс, бәсеке програмы емес, құр ғана бүгінгіні қабылдамау. Және сәл қабылдамай артқыға бұрылып, күңіреніп отыруды көптің күйі демек болады. Шынында, онысы шын бұқара көптің күйі емес. Мұратты шығарып, өз салт-санасын жырлатып отарған Есет би сияқты бірен-саран ескішіл феодалдың⁵³, азғана таптың күйі.

Сол себепті Мұрат артқа ғана үңіледі. Неше алуан сала тауып, сол ескілікпен көп кіндікті боп жалғасады. Жалғасу арқылы сол баяғының көлеңкесінде, я жұртында ғана қалады. Бүгінгіні ол жирене теуіп қабылдамауды ғана біледі. Онымен ұғысқысы келмейді. Түсіністігерлік тіл де, түр де іздемейді. Сол себепті өзі сүйген ескілігінен, тарих қоймаларын ақтарып ескі батырлар, хандарды табумен қатар, өзі үлгі қылатын ескі ақырды да аршып, құшып алады. Бұндағы үлгісі Бұқар мен Махамбет болады.

Бұл мазмұн, негізін Мұраттың кейінгіге сақтатып, бүгінгіге жеткізіп отырған нәрсе — оның ірі өлеңшілдігі мен өз уақытына қарай терең білімді болмауы.

Бірақ шешен өлеңді, мағыналы, мазмұны мол өлеңді айтқанда, Мұрат сол бұрынғы толғау қалпына ауысып, ауызша сөйлеп айтатын ақынның бірі боп айтады. Сөзі тыңдаушының ақылы емес, сезіміне арналған. Логика, мағына, қисын дегенді қумайды. Өткеннің неше алуан өзіне қызықты ескі сурет, салыстыру, ескі кейіптерін ала-шұбар топ қып шұбатып кеп, бүгінгіні: сол топтың саналған сел-толқынының өзімен-ақ қағып, жұлып әкетпек болады. Сол себепті бүгінгіні тарихи күйде түсінбейді. Олай талдап, дәлелмен сынамақ та емес. Тек қана қабылдамай сыртқа серпе береді. Сондай мағына жағынан нық болмағандық, қара боран сияқты, үлкен ескектік түрін де өзінше қалыптаған. Өлеңінде аспанға шалқығандай, үлкен ырғақпен қайырылғандай, ауыз толтыра айтылатын алып ұшпа сөз, көп суреттер де солай. Бірақ, соның көбі желісі бір, іргесі бір сөзді баяндамайды. Ұйқасты да Мұрат қумайды. Орнықты ұйқас жоқ, сезімге, құлаққа екпіндеп соғып отыратын жортпа өлеңнің шумағы ғана бар.

Осы қалыптағы Мұрат 19-ғасырдың екінші жарымында жаңаға бойсұнбай, ылғи ескімен болған зар заман ағымының соңы.

АЛТЫНСАРЫҰЛЫ ЫБЫРАЙ (1841—1889 жж.)

Ыбырай Торғай облысы, Қостанай уезі, Арақарағай болысында, Тобыл өзенінің бойында туған. Руы — қыпшақ.

Ыбырайдың ата-аналары шонжар байлар, билер болған. Ұлы атасы — бүкіл қазаққа аты шыққан Балқожа би. Байлық пен билік жеті атасынан арылмаған.

1868 жылы патша үкіметі жаңа заң шығарып, қазақ елін: “күнбатыс қазақтары”, “күншығыс қазақтары” деп екі бөліп билеген уақытта, Торғай облысы күнбатыс көлемінде болған.

Қазақ елі патша үкіметіне 1731 жылдан бастап бағынған болса да, үкімет пен қазақ арасында жанжал-шатақтар көп заманға

дейін болып тұрды. Бұл шатақтар патша үкіметі үшін ең ауыры орыс саудагерлерінің қазақ даласына, қазақ даласы арқылы басқа елдерге сауда керуендерінің еркіндеп жүре алмағандығы болды. Керуендерді қазақтар тонап алатын еді.

Сондықтан үкіметке қалай да болса қазақ даласын жуасытып, шын бағындырып алу керек болды. Бұл үшін жасайтын шаралардың бірі қазақтың байларының, билерінің балаларын оқытып, байтақ қазақ елін солар арқылы билеу, соларды ел мен үкімет арасына дәнекер жасау еді.

Осы ретпен 1844 жылы Орынборда қазақ балалары оқитын мектеп ашылсын деп қаулы шығарады. Үкімет мектепке бала жинау ниетімен қазақ ішіндегі достары байларға, билерге, төрелерге хат жазып, адам жіберіп, “балаларды оқуға беріңдер” деп үгіт жүргізе бастайды.

Патша үкіметінің етегінен жем жеген, үкіметке сүйеніп байтақ еңбекшілерді қанаумен болған, өз басының барлық пайдасын үкімет арқылы тапқан Балқожа би 1846 жылы 5 жасар немересі Ыбырайды Орынборда ашылатын мектепке оқушы етіп жаздырып қояды.

1850 жылы 23 августа мектеп ашылды. Мектепке кірген 30 баланың бірі 9 жасар Ыбырай Алтынсарыұлы болды. Мектеп жеті жылдық еді. Әуелгі кезде қазақтың көңілін табу саясатымен үкімет оқуды ноғай тілінде жүргізді. Оқушылары ноғайлар болды. Оқушы балалар қаза қылдырмай намаз оқып, ораза ұстап тұратын болды. Оқу орыс тіліне бірте-бірте көшті.

Қазақ даласын өзіне шын бағындырып алу үшін қазақ байларының, билерінің, төрелерінің балаларын тартқанда, үкіметтің түпкі мақсатында қазақ елін шоқындырып, христиан дініне көшіру де бар еді. Өйткені, үкіметтің түсіндіруінше қазақ елі орыс елімен діндес болып, поптардың уағыз-насихатына ұшырағанда ғана шын бағынатын болған. Сондықтан қазақ балалары үшін ашылған мектепте мұсылмандықпен қатар христиандық та орын алған. Ноғай молдалары оқушыларға мұсылман дінін үйретсе, орыс поптары жіңішкелеп христиан дінін де үйрете береді.

Ыбырай Алтынсарыұлы осы жетіжылдық мектепті бітіріп шыққанда, мұсылман дінін де, христиан дінін де тәуір түсініп

шыққан сияқты. Алашордашылар өздерінің ұлтшылдық ниетін орындау үшін қазақ еңбекшілерінің тілегін Кеңес үкіметінен аударып, өздерін бағындыру үшін Ыбырайды “ұлтшыл еді, шын мұсылман” еді деп дәріптейді.

Ыбырай мектеп бітіргеннен кейін тілмаш болған, оқытушы болған, мектептерді басқаратын инспектор болған, қысқасы, халық ағарту майданында көп еңбек сіңірген, көп жұмыс жасаған. Бірақ бұған қарап Ыбырай бүкіл қазақ елінің досы еді, оның ішінде қазақ кедейлерінің де, еңбекшілерінің де досы еді деу дұрыс емес. Капиталшылар жұмысты жақсы жасасын, аспап-құралды дұрыс ұстай білсін деп жұмысшылардың оқу оқуына тілекші болған. Капиталшылардың досы патша үкіметі де мектептер ашып, елді оқытқан. Бұдан капиталшылар мен патша үкіметі бүкіл елдің, оның ішінде, еңбекшілердің де досы еді дегенге кім нанады. Капиталшылар мен патша үкіметі өздеріне, өздерінің таптарына ғана дос. Ал олардың табы — қанаушылар табы. Қанайтындары — жұмысшылар мен еңбекші қара шаруалар.

Алтынсарыұлы Ыбырайға келсек, бұл да еңбекшілердің досы емес. Бұл өзінің табы — байлардың досы. Қазақ байларымен бірлесіп қазақ еңбекшілерін қанаған капиталшылардың, патша үкіметінің досы, Қазақ елін патша үкіметіне шын қарашы шаруаға еңбек сіңірген, үкіметтің сүтін ақтаған адам. Бірақ жоғарыда айтқанымыздай, осы өз пайдасын, өзінің табының пайдасын, патша үкіметінің пайдасын көздеп жасаған жұмысының қазақ елінің мәдениетінің, әдебиетінің дамуына жәрдемін де тигізген адам.

Сондықтан әдебиет сабағын өткен уақытта бізге Алтынсарыұлы әдебиеттік шығармаларын талдап тексеріп, түсініп, сынап, сырын ашуымыз керек. Бұлай етумен біз ол шақтағы қазақ елінің шаруашылығы мен тұрмыс күйі, таптары мен таптардың ара қатынастарымен, тартысымен таныса аламыз. Арам байлар табынан шыққан ақын деп таныспай, тексермей кетсек, тап дұшпанымыздың күшін, әдісін, қару-жарағын, ататегін тексермеген болып шығамыз. Мұны кейін Ыбырайдың көркем шығармаларын талдау арқылы сипаттаймыз.

Ыбырай өзінің табына қызмет етті, табының үмітін орындады. Табының үміті:

Үміт еткен көзімнің нұры балам,
Жаныңа жәрдем берсін Құдай тағалам.
Атаң мұнда анаңмен есен-аман,
Сүйіп сәлем жазады бүгін саған.
Атаңды сағындым деп асығарсың,
Сабаққа көңіл бөлсең басыларсың,
Ата-атаңды өнер білсең асырарсың,
Надан боп білмей қалсаң, аһ ұрарсың...
Шырағым, мұнда жүрсең нетер едің?
Қолыңа құрық алып кетер едің.
Тентіреп екі ауылдың арасында,
Жүргенмен не мұратқа жетер едің? —

деп, оқуда жүрген немересі Ыбырайға жазған Балқожа бидің өлең-хатында айтылған.

Балқожа бидің аузымен қазақ байларының табы, “үміт еткен көзінің нұры” Ыбырайға не дейді? Атадан туып жат болмай, ата-ананды өлгеніңше асыра дейді. Бірақ ауылда қолыңа құрық алып жүріп асырай алмайсың, “өнер білсең асырарсың” дейді.

Балқожа бұрын әмірі екі болмаған, ықпалы күшті, үстем таптың жұртты аузына қаратқан биі. Балқожа оқу оқып, өнер таппай-ақ үстемдігін жүргізіп келді. Үстемдігін жүргізуде өнері жетпей қалған жоқ, ендеше ата мұрасына ие болатын ұлына оқу оқып, өнер тап деп үгіттеуінің мәні қалай? Артындағы ата мирасқа онсыз да ие болатынын білмей ме?

Рас, Балқожа оны жақсы білген, қарапайым халықша емес — тереңірек. Жалғыз үстем болу емес, сол үстемдігін қалай ұстауды да басқадан гөрі озатырақ білген. Өлеңіндегі ата-ана деп отырғаны жалғыз өз басы емес, өзінің табы. Тап үстемдігін “надан боп, өнер білмей қалсаң, аһ ұрарсың” дегені — заманның ыңғайын көріп, әлеуметтік ахуалын терең ұға білгендіктен артындағы ізбасар ұрпағына тастап кеткен ақылы. Бұрынғы өзінің тұсындағыдай еркін кесіп, ен жайлап жүретін заман жоқ, орысқа бағынып, бірте-бірте апшысы қуырылып барады. Енді оқусыз, өнерсіз ежелгі жолмен үстемдік сақтау қиын. Сондықтан кейінгілерін заманға ыңғайластырып кетіп отыр.

Балқожа бидің бұл ақылы, бұл қызметі үстем таптың өмірінде үлкен тарихи еңбек. Заманның сырына жетіп, келешегінің қалай боларына зейіні жеткендіктен айтқан басалқалы кеңес. Тамыры

курап, өткені суалып келе жатқан үстем таптың өмірін ілгергі қоғам өмірімен ұластырғысы келіп, ұмтылатындар тарихта бола келген. Ондайлар ескі таптың әлінше қырағыларынан, қабілетті ерінен саналады. Заманында сондай кісінің бірі Балқожа би болған.

Ыбырай бабасы Балқожа бидің осы айтқан қариялық басалқалы ақылын алды ма? Айтқанын орындады ма? Орындады. “Кел, балалар, оқылық?”, “Өнер, білім бар жұрттар” деген Ыбырайдың өлеңдері бабасының өсиетіне берген жауабы есебінде. Балқожа өнер үйрен десе, Ыбырай тереңдетіп — өнер-білімнің не үшін, неге пайдасы бар екендігін ашық айтады:

Әлпештеген ата-ана
Қартаятын күн туар.
Қартайғанда жабығып,
Мал таятын күн туар.
Ата-анаң қартайса,
Тіреу болар бұл оқу.
Қартайғанда мал тайса,
Сүйеу болар бұл оқу.
Кел, балалар, оқылық.
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық!

Қазақ бұрын малды бай болды, қоқ етпейтін шикі надан болды. Ыбырай сол байлық, надандық пен оқуды қатар қойып салыстырады.

Мал дәулеттің байлығы,
Бір жұтасаң, жоқ болар.
Оқымыстының байлығы
Күннен күнге көп болар...
Сиса көйлек үстіңде
Тоқуменен табылған,
Өнер, білім бәрі де
Оқуменен табылған, —

деп келіп:

Сен білмеген наданға
Қыдыр ата дарымас, —

деп, ендігі жерде оқусыз байлықтың жоқтығын айтады.

“Өнер-білім бар жұрттар” деген өлеңінде өнер-білімнің пайдасын тереңірек айтады. Капитализмнің өнер техникасын дәріптейді. Отарба, телеграмм, электр, пароход, айрпланнан өнерлі жұрттардың көріп отырған рақатын айта келіп:

Біз де бекер жатпалық,
Осыларға таныспай.
Ат өнері білінбес,
Бәйгеге түсіп жарыспай, —

деп, өнер-білім жолында басты бәйгеге тігуге шақырады.

Біз надан боп өсірдік
Иектегі сақалды.
“Өнер — жігіт көркі” деп,
Ескермедік мақалды.
Біз білмесек, сіз барсыз.
Үміт еткен достарым,
Сіздерге бердім батамды, —

деп, кейінгі жастардан үміт күтіп, үлкен міндет артады.

Бұл жағынан қарағанда, Ыбырай Алтынсарыұлын қазақ өлкесінде туып келе жатқан жаңалықтың жыл құсы деп айтуымызға болады. Өйткені, күншығыстан келген бұйығы, кең қадам ислам мәдениетінен қашып, болымды, құнарлы батыс мәдениетіне қол артады. Қазақты батыс мәдениетіне тартып, оның өнер-білім техникасын дәріптейді. Сондай болуға тырысайық деген ұран тастайды, ой түсіреді.

Ыбырай — қазақ әдебиетіне өнер-техниканы жырлау сарынын енгізген ең бірінші ақын. Батыс мәдениетіне шақыру пікірі, батыстың техникасын жырлауы қазақ даласындағы жаңа қозғалыс жолына өз тұсынан әкелген тұңғыш жаңалық олжасы. Ыбырайдың қазақ әдебиет тарихында бағаланатын жері де осы жер.

Ыбырайдың тұрғысы — Абай. Екеуінің таптық тегі де бір — қазақтың ескі феодал табы. Абайдан мұның жасы үлкен. Екеуі бір-біріне өмірі кездеспеген. Абай Шыңғыстаудан шықса, Ыбырай Қостанай жағынан шыққан. Бірақ екеуінің ой-өрісі, пікір майданында кеп ұқсастық, бірегейлік бар. Онысы екеуінің әлеуметтік тұрғысының бір екендігінен. Екеуі қазақ орыс патшасына алаңсыз қарап, бұрынғы дәурені бастан көшіп бара жатқан фео-

дал табының заманының сазына пірдей қол беріп, ендігі үмітті замана ыңғайына үйлесуден күткен саналы уәкіл. Сондықтан бір жағынан бұлардың пікірі, жолы жана туып келе жатқан сауда капиталының тілегімен де қосылып кетеді. Қосылып кететіндігі сол ескі тұрмыстың ілгергі өмірге үйлеспейтін жерлерінің бәріне де қарсы шығып, өнерлі, мәдениетті жұрт болудың жолын қуады. Бұл жолы тура туып келе жатқан сауда капиталының мүддесі болып шығады.

Ыбырайдың бұл жолы өз табының мұңын мүлде ұмытып кеткендік емес, өз табының мұңын тереңнен ойлай білгендік. Яғни, қазақтың малынан ерік, басынан билік кетті, орыс жаһангерлеріне отар болды. Қазақ жұртының өз ішінде үстем болып, дәурен сүрудің өрісі тарылды. Кешегі бақ бүгін жоқ, бүгінгі үміт ертең бос, емі жоқ аранға келіп килігеді. Сондықтан:

Бұ дүние бір қисық жол бұраңдаған,
Бақ тайса, бас пен дәулет құралмаған.
Меңзеген асқар тауға қайран көндім,
Дүниеде еш нәрседен тына алмаған, —

деп жырлайды ақын. Бұл ақынның өз басының ғана қайғысы емес, бүкіл өз табының шаршаған жүрісінің жолы. Бұрынғы үстем болып келген феодал табының заманы бір уыс болып, кешегі бақ бүгін алдамшы болады, жаңа байығандар дес бермеуге айналады.

Кей пенде кем емен дер бір малданса,
Жаман ат жан жолатпас бір жалданса.
Қадамы ғазиз ердің ұзамайды,
Жігітке бақыт шіркін сырт айналса.

Өлкені үйтіп жеп бара жатқан отар саясаты тасыған судай қанаттасып, туып келе жатқан сауда кәсібі ескі феодал табының тозбасына қоймады. Қарсы тұрса — таптайды, ығына көнсе — бірге ағызып әкетеді. Ол күнде бұрынғы ірілікті қойып, төменнен көтерілгендермен істесе білуі керек. Мұндай әлеуметтік әлсіздікті Ыбырай да сезген. Өз табының ақуалына көз жіберіп:

Ренжітпе, болсаң дана қарияларды,
Бір сынған қаріп көңілі пиалады, —

деп есіркеп, өзгенің де есіркегенін сұрайды. Әрине, іштен жарып, алдын тосқан тарихи зауал оларды есіркемек емес. Бұрынғы бастан ұшқан тарихи дәуірдің бағы қайта келу жоқ.

Екі-ақ жол: не өлу, не көну. Әрине, оның кертартпа жағы ағынмен ілгері басады. Бұл феодал табының өмірге қабілетті жағы, бірақ ілгері басқанда феодалдық күйінде емес, жас буржуазияның салтына көшеді.

Ағайын жат болады алыс болса,
Болады жат та жақын таныс болса, —

деген өлеңі бұрынғы жора-жолдасының алыстап, жаттан жақын табудың мүмкін екендігіне көзі жеткендіктен айтқан. Сол сияқты Ыбырайдың басқа сөздерінің де буржуазия табымен өрісін бірлестіргендік бар. Өнер-білімге, кәсіп қылып, мал табуға шақыру Абай сияқты мұнда да негізгі жол.

Араз бол, кедей болсаң, ұрлықпенен,
Кете бер кессе басың шындықпенен.
Қорек тап бейнеттен де, тәңірінді ізде,
Телмірме бір адамға мұңдықпенен.

Бұл тура Абайдың “Есек көтін жусаң да мал тауып кел” деген өсиетінен өзгелігі жоқ.

“Ей, достарым!” деген өлеңінде азған елдің (өз табының) көп істеріне қарсы.

Азған елдің хандары,
Так үстінде отырғандары.
Жарлыдан асып байларға
Сыйлар берсе керекті, —

деп, заманындағы әкімдердің парашыл әділетсіздігіне қарсы тұрады. Өтірік айтып, тамағын тауып жүрген молдасын да жерлейді.

Азған елдің байлары
Ұлық тұтар басын-ай.
Қайда дәулетті адам болса,
Берер соған асын-ай.
Көзін сүзіп бір ғаріп,
Төгіп келсе жасын-ай,
Бермек түгіл, бейшараны
Масқара қылса керекті, —

деп, жалпы байлар ниетінің бұзылғандығын айтады, өлеңдеріндегі кездесіп отыратын жарлы, ғаріп, бейшара 350 деген бұқа-

рашыл сөздер буржуазия табының алғашқы төңкерісі дәуіріндегі қалың қара шаруаны жетектеген сөзі. Әйтпесе шын кедейшіл, кедейді ынты-шынтымен есіркегендік емес.

Ыбырайда буржуазия табының жаратылысындағы дарашылдық бар. Кісінің дара басының қасиетін, қабілетін, өнерін, білімін дәріптеп, қоғам өмірінің ортасынан оған кең орын береді.

Жақсыны көзден салмаңыздар,
Жақсыдан қапыл қалмаңыздар.
Өзі болған ерлердің
Аяғынан алмаңыздар.
Әр елге, әр жұртқа,
Алтын сақа табылмас.

“Өзі болған жігіт”, әрине, ата бақ, ата дәулетпен жетілген жігіт емес, төменнен сауда капиталының туғызған жарамдылары.

Сүйтіп, Ыбырай мектепте оқып, батыс мәдениетімен таныса келе, ұлт буржуазия табының мақсатына көшеді, соны жырлайды.

Ыбырай Алтынсарыұлының оқуына себеп болған орыс патшасының қазақты шоқындыру саясаты. Ыбырай да христиан дін оқуын оқыған. Ел кезінде Ыбырайды “шоқыншық” деп жек көретін болған. Алайда “атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі” деген сияқты, Ыбырайды өз жұртын сатып кеткен кісі деп айтуға болмайды.

Патша үкіметіне отар болып, қараңғылықтан жол таба алмай, мал-басынан билік кетіп, ұлттық қорғану дәуірінен өтіп бара жатқан кезде о жағын тастай беріп, жұртты ілгері мәдениетке тартып, ендігі теңдікті өнерлі өмір арқылы ізденуі үлкен тарихи бағалы еңбек. Ыбырайдың қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны, маңызы осылай бағаланады.

Әрине, бұлай дегенде, төрт аяғынан тең басқан төңкерісшіл кісі еді деп айтпаймыз. Ыбырайда ескі таптық тұрғысы мен жаңа жолының қайшылығы күшті. Кейде баяғы тұрғысынан булығып шыға алмай қалушылық бар. Бірақ ол қазақ тарихының даму күшінің жетілуі жөнінен қарағанда, занды қайшылық.

Ыбырай қазақ дарынды сөзіне тұңғыш рет өнер-техника әуезесін жырлауды енгізді. Бұл идеясын іске асыру үшін жастарды қолға ұстады. Жастарға тәлім-тәрбие, білім беретін қарасөзді білім әңгімелерін жазды. “Надандық”, “Киіз үй мен ағаш үй” деген қарасөздері әдейі балалар үшін арналған.

Ыбырай Алтынсарыұлы қазақ тарихының белгілі дәуіріндегі жаңалыққа бастаған тарихи еңбегі бар кісі. Оны шығарған дәуір қазақ орысқа кәміл қарап, қорғану қозғалысының аяқсып, саябырлаған өлкеде сауда кәсібі туып, ескі феодал — ақсақал құрылысы ыдырай бастаған дәуір. Осы кездегі ішкі, сыртқы әлеуметтік саяси қатынас Ыбырайдың өміріне де, пікіріне де үлкен әсер еткен, баулыған. Ескі феодал табынан шығып оқып, жаңа заманның өскелең майданында жаңа пікірін палуан қыла білген кісі.

АБАЙ (1845—1904)

Абайдың өмірі

Абай 1845 жылы бұрынғы Семей облысы, Семей үйезі, Шыңғыс болысында туған. Шыққан руы — Тобықты. Ататегі сол Тобықты ішінде билік құрып, ықпалын жүргізіп, үстемдік етіп келген тұқым. Үлкен әкесі Өскембай Тобықтының атақты биі Кеңгірбайдан бата алып, өмір бойы сол өз руының биі боп өткен. Өз әкесі Құнанбай көп заман Тобықты болысына старшын (ол уақыттың дәреже ретіне қарағанда болыс) боп кеп, бір уақыт Қарқаралы өкірігіне аға сұлтан да болады.

Ол уақытта Сібір өлкесіндегі қазақ аймақтары 1822 жылдың “Сібір қазақтары турасындағы устав” деген заңмен бойынша биленетін. Бұдан бұрын патша үкіметі бекіткен хандық-хандыққа бөлініп, биленіп жүретін қазақ өлкесі мына заңнан соң өкірік-өкірікке бөлінетін болған.

Сондай өкіріктердің бірі жоғарыда айтылған Қарқаралы өкірігі. Өкірікті өкіріктік приказ билейді. Бұл — бес адам. Соның бастығын *аға сұлтан* деген. Орынбасары — *кіші сұлтан*. Қалғандары мүше. Құнанбайдан бұрын Қарқара өкірігіне аға

сұлтан болушылар Бөкей нәсілі төрелер екен. Құнанбай тұсында кезектесіп аға сұлтан болып жүргендер Жамантай⁵⁴, Құсбек дегендер болды⁵⁵. Аға сұлтандардың төреден сайлануы ол кездегі патша үкіметінің саясатына шарт есепті болады. Бұрын хандық құрған — қазақ ұлығы, төрелер арқылы билей тұру керек. Ол — шырға. Аналарды әкімшіліктен шұғыл жұлып тастаса, ел бүлініп, өлке басы ноқтадан шығып кететіндей көрінген. Сол себепті аға сұлтандық сияқты дәрежемен, әуелі, осындай топтарды алдандыра тұрмақ болады. Алдандырады да.

Міне, осындай жайда Құнанбайдың аға сұлтан болуы дағдыдан тысқары іс болған, ол аға сұлтандықты алғанда, Құсбек, Жамантайдың бақталас партиясы арқылы арадан килігіп, бейнетсіз алып кеткен. Бірақ қалай да болса, алғаш рет төре еместің аға сұлтан болушысы осы. Бұл уақиғаны өз тұсындағы қазақ ру басылары “қарадан хан болған”, “жабыдан тұлпар туған” деп көтеріп, Құнанбай басына көп абиыр, даңқ бітірген.

Сондаймен өкірік көлемінде “жүлде алған”, “хан баласын қармай озған” Құнанбай өзінің Тобықты руының ішінде теңі жоқ, жалғыз әмірші халына ие болады. Дәреже, атақпен қатар мол байлық оралады. Оңды-солды көрші рулардан, әлсіз жақтарынан жер молайтып, қоныс баптап алады. Жалпы Тобықты қонысын бір молайтса, соның ішінде өз атасы, өз аулының қоныс, қыстауларын Тобықты жерінің тап ортасынан сара тіліп алып, кейінгі ұрпағының байлық сақтауына да ірге қалайды.

Заманындағы ел билеген әміршілерге үлгі қылып, діндарлықты ұстайды. Қарқаралы қаласынан мешіт салып, Меккеде тәкие салады. Қолында молдалар, дін басылар ұстайды.

Осындайлардың бәрімен атақ-даңқын зорайтып, әміршілік, үстемдік салмағын нығайтып алып, Тобықты руларын бір шыбықпен айдайды. Әмірші жалғыз өзі емес, бұның інісі, ағайыны болса — бәрі де Тобықты көпшілігінің басына қамшы үйіруден, тізе көрсетуден айықпайды.

Бірнеше үлкен руларды мекен етіп отырған қоныс-қыстауларынан аударып, екінші жерге әкеп сап, оның орнына тысқа сондай мол руларды тойдырып қондыру сияқты көп-көп аударыс, төңкерістер жасайды.

Сол сияқты көп мінез, көп қылықтардың салдары Тобықты ішінен Құнанбайға қарсы күшті ереуіл, үлкен қимыл туғызады. Жаулық ел ішінің көлемінен асып, ұлыққа шағу, араздасу, бас кетіру (айдату-байлату) сияқты халдерге да жетеді.

Сенер туысқаны өлді болмай, жалғыздық көруге айналған Құнанбай, өз балаларын іске салады. Соның ішінде, алдымен көмегіне алып, сүйеніш қылғаны Абай болады.

Қысқасы, кейін ақын болатын Абай өз әкесінен үлкен күш, үлкен үстемдік билеушілікті мұраға алумен қатар, сол әкесінен бері келе жатқан Тобықты ішінің үлкен “араздық, жаулық, жұлқысуын” да мұра қып алады. Абайдың балалық, жастық шағына алдыңғы заманнан, жуан атадан қалған сыбаға-міндет осылайша болған.

Абай әкесінің алты баласының ішінде ертеден дәме қылғаны болады. Сол себепті оны әкесі жас күнінде Семейге апарып, Ахмет-Риза деген имамның медресесіне оқуға береді⁵⁶. Бірнеше жыл сонда мұсылманша оқып жүріп, әредікте 3-4 ай орысша да оқиды. Мұсылманша оқудан алғаны: араб, парсы ақындары мен шағатай үлгісіндегі түркі әдебиетімен танысқан. Бұның үстіне өз уақытына, дін жайына жетік, молдалығы бар бала боп қалады. Медреседегі кезде көбірек бой салып оқығаны ақындар болу керек. Бірен-саран сол уақытынан сақталып қалған “Әліп-би” өлеңі, “Жүзі раушан” деген сияқты бірен-саран өлеңі, араб-парсы ақындарын оқып, танысу ғана емес, солардың үлгісінде жазып байқамақ талабын да көрсетеді.

Зейінді, талапты шәкірт жасының аздығына қарамай, өзінше нәрлі оқу деп таңдағанда, дін схоластикасынан гөрі сол ақындарды сүйіп кеткен сияқты.

Бірақ оқуы ұзаққа бармаған, 13 жасынан әрі сол шала сүрлеу оқудың да есігі жабылады. Ел тартысында жалғыздық сезе бастаған әкесі бұны оқудан алып, өзге жұмысқа қосады. Ол жұмысы: ел сөзі, ел билеу жұмысы. Әуелі ат үсті “барып кел”, “пәленге пәлен сәлем айтып келмен” жүріп, аяғы азғана жылдың ішінде жап-жас Абайдан: мықты, жуан би, ру басы, ел тартысының атқа мінері қалыптанып шығады.

Әкесіне көмекші ғана емес, әр уақытта ол істеп жүрген іс, биліктің бәрін өз қолына меңгеріп алады. Құнанбаймен алысқан туысқаннан 17 кісіні Сібір айдатады. Сонымен бір тартыстың бастықтары бұлардан жеңіледі. Бірақ сол жеңудің өзі де атадан ұрпаққа кететін үзілмес жаулықтың себепшісі болады. Әкесі бастаған істі айқтаймын деген Абай өзінің ұзын өміріне жетерлік пәле, тартыс-талас пәлесін тілеп алады.

Ұлықпен, ағайын ішіндегі күш салмақпен жеңіп алған Абайға тартысушы жауларының өштігі кемімейді. Күшейе береді. Бұның өзі қолданған әдісті қолданып, үстінен ұлық атаулыға арыздар беріледі. Неше алуан жала жабылады. Бұл бір ғана жыл емес, әрбір жыл болып отырады. Мысалы, 28 жасына келгенде, бір қыс ішінде 12 түрлі зор қылмысты іспен тексерілетін болған кезі де бар. Ол істердің түрлері — кісі өлтіру, ауыл шабу, қос талау, жер өртеу тағы-тағы сондайлар. Әрине, Абай бұның бәрін өз қолымен істемеуі де мүмкін. Көбі сол күнгі шағымқойлық, жала-қорлық арқылы берілген өтірік арыз, жалған куәлік, бос жала болуға тиіс.

Бірақ ол күндегі тартыстың тәсілі сол. Ұлық арқылы мұқату керек болса, осындай жалалар жауып, соны жалған куәлік жан-күмән, ант-иманмен бекіту керек. Абайдың 17 кісі жауларын айдатқанда өзі қолданған әдіс-айласы да осы болатын.

Жаңағы 28 жасында 12 арызбен тергелуі, сол өмір бойында талай рет болған, кезек жабылатын пәле-жаланың бірі ғана болса, бұл жылдағы іс-арыздың саны ғана молырақ болған. Бірақ Абай бұндай тартысқа ысылып, қалыптанып алған еді. Бір қыс бойы қалада жатып, қарсы қимыл істеп, қайратын да, пұлын да шашып жүріп: “әне кетті”, “міне кетті” десіп жаулары жүргенде бұл ап-аман ағарып шығып, бар жаладан бір-ақ құтылып келеді.

Осындай тартыс-даудың қалың ішіне кіріп, белшесінен батып жүрген уақытта Абай қара күш, айламен қатар, тіл безеуді, шешендік жүйріктікті де үлкен құрал қылған. Ерте уақыттан-ақ жауапқа жүйрік, ескі жораға жетік, алғыр би қалпына келіп алады.

Естімеген шешені, ақыны, ескі сөзі некен-саяқ болады. Уақытындағы не жүйрік, не білгір-ділмар болса, соның еш-

қайсысынан кем түспей, асып түсіп отыратын болады. Бұнысы бұрыннан ауыздан ауызға көшіп, сақталып келе жатқан қазақ ішіндегі сөз қазынасын молынан ұғынып, біліп алуына себеп болады. Көп жерде өзі де өлендетіп, тақпақтатып сырлап, сымбаттап сөйлейтін болады. Өлең жас күнінен білінген өнері болса да, дәл жаңағы қызу тартыс кезінде, жас шағында өріс ала алмайды. Ақындықты бойына лайық өнер деп білмейді. Қайта би басын кішірейтетін, абиыр, атағын кемітетін нәрсе деп біледі. Ол кезде ақындық тіл безеген, соны кәсіп қылған әлсіздің, күнсіздің ісі сияқты бағаланатын. Абай өзі де солай қараған. Сол себепті ерте уақытының өлеңі әлдеқалай суырып салу ретінде айтылып, сол айтылған жерінде қала беретін болған.

Өлеңге Абай, бері келіп, орта жасқа іліне беріп қана ауысады. Бұған бірнеше себептер бар. Ең әуелі ел тартысында жасы 35, 40-қа келген шамада бар дегенін істеп, өмір, биліктің бәрін өз қолына, өз тұқымына меңгеріп барып алады. Тартыс өмір бойы үзілмейді. Бірақ кейінгі тартысушылар Абайдан үстемдікті жұлып әкетем деушілер емес, бұның қол астынан, үстемдігінен құтылып шығам деушілер болады. Өз басына жеке жуандық жүргізем деушілердің талабы. Бірақ Абай сыбағасын тартып алам деушілер емес.

Сонымен орын дәрежесі, үстемдігі өз қолына, өз тұқымына әбден нық орнаған соң Абай ел сөзін, ел билігін жалғыз өзі ұстамай, інілеріне де ұстатады. Сыртқы үлкен таразыны, үлкен даудамайды өзі алып, болыстық билікті де сол інілеріне береді.

Осындай ретте өзіне билеуші серік есебінде өсіріп алған адам туған інілері Ысқақ, Оспан және немере інісі Шәкәрім болады.

Ел сөзін көбінесе соларға беріп, 1880 жылдар шамасына келгенде өзі кітап оқып, білім толтыру сияқты істерге беріле бастайды. Бұрын оқыған аз оқуы бар, соның үстіне көп дау-шардың кезінде неше алуан ұлық пен шенеунікке кездесіп, орыс тілін бірталай біліп қалған болады. Және неғұрлым орыс адамдарына көп кездесе, соғұрлым орыс тіліндегі өнер-білімді танығысы, білгісі келген құмарлық, ынта-талап арта береді. Сонымен, ел

ісін тапсыратын сенімді көмекшілері жетілген соң, өзі кітап оқуға беріледі.

Қалада жатсын, елде жүрсін, кітапханамен байланыс жасап ап, ұдайы іздену, тімтінумен болады. Сүйтіп кітап қарастырып жүргенде Семей кітапханасында Михаэлиспен таныс болады⁵⁷. Бұл Семейге Петербордан айдалып келген 80-жылдың социалистерінің бірі болатын. Бұлар патша үкіметіне қарсы алысқан, бұқарашыл-халықшыл социалистер деп аталған төңкерісшіл қауым еді. Саяси басшысы, санашылы Чернышевскийлер болатын. Михаэлис өзін Чернышевскийдің шәкіртімін деп санаған.

Абайдың ақылы, талабы өзге қазақтан ерекше боп көрініп, Михаэлис бұған жақындайды. Жақсы таныс болады. Кейінірек келе, Абаймен қатты сыйлас, дос қалпына келеді. Өзі ғана емес, бірге айдалып келген дос серіктері Гросс⁵⁸, Долгополов⁵⁹ сияқтыларды да таныс етеді. Жазғы уақытта әрқайсысы Абайдың аулына қонаққа кеп, бірер айлап тұрып қайтатын да болады. Сол араластардың үстінде бұл адамдардың барлығы да Абайдың неге құмар, не өнері бар екенін түсініп — бұның оқып өсуіне жәрдем ете бастайды. Оқитын кітаптарын таңдап беріп, ұдайы жетекші болады. Абай өзін осы адамдарға қатты қарыздар санаған. “Дүниеге көзімді ашушы Михаэлис” дегенімен қатар, олармен араласу, солар берген көп кітапты оқу — Абайдың ішкі дүниесін де қатты өзгерткен сияқты. “Күншығысым күнбатыс, күнбатысым күншығыс боп өзгеріп кетті” деп, тағы өзі айтқан екен.

Абайдың кейінге сақталып қалған өлеңдерінің басы 1884—85-жылдардан басталады. Бұл сол өзгергеннен соң кіріскендегі сөздері. Жаңа оқып, өрлей, бастап, бет түзей берген кезінің шығармалары. Содан өле-өлгенше кітаптан қол үзбей, ғылым-өнерін тереңдете, өсіре берген, өзі өсуімен қатар қоғам ішіндегі тіршілікке, оның бүгінгі қалпына, тарихи бағытына да бағасы, көзқарастары өзгеріп, сыны молаяды. Ортасын сынап отырып өзін де сынайды. Таптың үстемдігі мен дәреже-мүліктен бойын алып қашып кетпейді. Бірақ жас күнде “Айлаға, ашуға да жақтым шырақ” дегендей боп қыңыр, теріс, бір-ақ бетпен келген болса, мына дәуірде ол күнгі мінез, іс, талаптың барлығын сынап, сөгіп, жиренішпен еске алады.

Міне, оқу, өсу арқылы ой тұрмысы осындай боп, сыртқы орын дәрежесі, әдеті бұрынғыша боп, Абай бір қос қыртыстық қайшылыққа ұшырайды. Жиырма жыл бойына созылған әдебиет қызметі Абай ішіндегі сол мол қайшылық, екіұдайлықты баян етеді. Анығында, бұл қайшылық Абайдың өз басының ғана қайшылығы емес. Оның табының қайшылығы. Бұны шығарған қоғамдық таптың сол күнгі, сол 19-ғасыр аяғындағы шаруашылық, әлеуметтік, саяси, тарихи жолындағы қайшылық, екіұдайлығының салдары еді. Ол жайын шығармаларын тексергенде толығырақ қарастырамыз.

Әзірше айтатынымыз, Абай әншейінде, жас кезінде, сол қайшылықты көп сезбей, сыртына айқын қып шығара алмай жүрсе, оқып, ашылып алған соң, өнер арнасына түсіп алған соң, өз табының өзге адамдарының барлығынан әлдеқайда айқын, ашық сөйлейтін болады. Сол қайшылықты ашық айтатын болады. Бұл табының көзі ашық, алдыңғы қатар санашылы. Сондықтан өз табындағы тарихи өзгерістерді шын, мол айнаға түсіріп көрсететін болады.

Жылдан жыл асқан сайын Абай оқи-оқи үдей береді. Оқыған сайын білімге құмарлығы артады. Семей қаласынан 250 шақырым жерде жатқан қыстауынан қалаға әдейі кісі жіберіп, кітапханаға оқып бітірген кітаптарын жеткізіп, екінші тың кітаптар алғызып оқитын болған. Көп оқығаны — әдебиет. Әсіресе орыстың классик әдебиетін түгел зерттеп, тексеріп шыққан. Содан әрі жалпы тарих, табиғат ғылымы, философия кітаптарын оқыған. Бұл оқыған кітаптардың ішінде Дарвин⁶⁰, Спенсер⁶¹, Дрепперлер⁶² де бар.

Оқуы тегінде жалғыз орысша емес, мұсылман ғұлама шайырларын да (ақындары) тастамаған сияқты. Және оқу-зерттеу жалпы білім-ойын тереңдетіп отырғанмен, көп жерде бұның санасын, ой жүйесін бұзып, өз қанжығасына бөктеріп әкетпеген. Сол ретте ол 80-жылдың төңкерісшілдерімен жолдас боп, Чернышевский, Добролюбовтерді оқығанмен де, төңкерісшілдік пікіріне, хатта патша өмірін сынау пікіріне де баспаған, бармаған. Табиғат ғылымын оқып, Дарвин, затшылдар қисыны сияқты жүйелерге де ермеген. Бұнысы өзінің таптық тұрғысы мен салт санасын бермеймін деп әдейі нық ұстанғанын көрсетеді. Сол

ретте мұсылман үлгісінде дін иесі болуынан да жазбаған. Оның да себебі әлгі.

Бірақ оқу, жазу арқылы өзінің бір бетімен күнде түлеп өсе берген. Ғылым іздеуді жалғыз өз басына алмай, балаларын да оқытқан. Ең көп оқыған, әпесер болған баласы Әбдірахман⁶³ 90-жылдарда құрт аурудан өледі. Оның артынан сүйеніш боп жүрген мықты інісі Оспан өледі.

Осы екі өлім бас қайғысының ішіндегі үлкен қаза боп тиеді. Екеуінің өліміне арнап шығарған күйініш, қаза өлеңі ақынның, көңіл лирикасының ішіндегі ең бір күшті сөздері.

Бас қайғысымен қатар Абай сол жылдарда үйез алдында өзінің ел ішіндегі дос деген адамдарының қиянатын, алдауын, өтірігін де көреді. Бір сайлауда Абай бұрынғы әдетпен өзінің інісін болыс сайлаймын деп, зор сеніммен келгенде, бұрын ешбір сыр бермейтін тыныш жүрген достары бір-ақ түнде жарқ беріп жат боп шығып, бұның інісін жардан құлатып, өз кісілерін сайлап кетеді. Абайды алдағанда мазақ ете алдаған сияқтанады. Түңіле сөйлеген көп сөзі осындай халдармен байланысатыны да бар. Оның үстіне, бері келіп, өлім алдына жақындаған уақытында, кәрілікке тарту салдарымен жаңа, бұрынғы қылғандарының көбіне өкіну ретімен және көпшіліктен ой білімі қара үзіп, асып кетіп, бұрынғы басқан ізінің көбін енді қанағат етпей мінеумен барып, ертеде жаулап, сауырлап қуған ағайынының көбімен татулық іздеп, кешірімге келіспек талабын да істейді. Бұнысы да билеуші таптың сол таптық мұратын көксеу жағында табиғи бір жол есепті.

Сондай күйде жүргенде, ежелден Тобықты ішінде бұнымен көп сілкілесіп келген бастас жуан Оразбай⁶⁴ деген Абайды бір сайлауда өз кісілеріне сабатып та алады.

Бұл кез Абайдың өз басы жаңағы айтылғандай күштермен тартысқа шабан тартып, салқындап қалған еді. Абай үшін кек қуушы іні, баласы болады. Ел ішінде тағы көп пәле-ылаң басталады. Бірақ оның бәрі енді кейінгі бала, шәкірт, інілерінің сыбағасына қалады.

Абай өзі осы сияқты әр алуан соққылармен шөгіп келе жатқанда, 1904 жылы, ең жақсы көрген өнерлі, ойлы баласы Мағауия⁶⁵ өліп, соның артынан қырық күннен соң өзі де өледі. Мағауияның өлімінен соң ешкіммен сөйлеспейтін боп үндемей, ас ішпей жапа-жалғыз отырып алған болады. Дерт болса өзінше

бір алуан осы сияқты дерт болады. Немесе өмірінен қажыған соң өзін-өзі өлтіру ретінде тандап алған өлім түрі осы болу керек.

1904 жылы 23 июньде өзі де қайтыс болады. Сүйегі, өзінің ата қыстауы Жидебай деген жерге қойылған.

Абайдың ақындығы

Абайдың ақындық қызметі, шығармалары туралы бізде өлі Маркс-Ленин сыны түгел айтылып болған жоқ. Айтылған пікірлердің қысқаша қорытындысын алсақ, онда: 1. Абайдың қай тап ақыны екені ашылған. 2. Бұның табы Абай тіршілік еткен дәуірде қандай тарихи, шаруашылық өзгерістер көрді? Неден бастап, нендей нәтижеге келді? 3. Абай шығармалары, сол жаңағы өз табының басынан кешірген өзгерістерін қандай-қандай күйде суреттеп жарыққа шығарды? 4. Бүгінгі пролетариат мәдениеті үшін Абайдың маңызы қандай? Оған ендігі, бүгінгі көзқарас, баға қандай болмақ? Міне, әзірше талқыға түсіп, ашылып келе жатқан мәселелер осы.

Абай өлі көп тексеріліп, көп-көп зерттелетін ақын. Оның жайындағы бұл кітапта айтылатын сөз жаңағыдай төрт тұрғыдан қаралып айтылады. Одан кең алып тексеру — ғылыми тексеруді, Маркс-Ленин қисынының терең жүйелеріне салып тексеруді керек етеді. Ол сияқты сынды бұл кітаптың көлемі де, оқушы балалардың әзірлігі де көтермейді. Ауырырақ сын боп саналып, жоғарғы мектептің программасына кіретін болады. Осымен жаңағы төрт сұраудың алғашқысына келейік.

Абайды бірталай заман қазақтың байшыл-ұлтшыл, Алаш ордашыл сыншылары өз програмдарының бетімен пайдаланбақ болған. Сонымен, бұл “қазақтың ішінде бір-ақ таптың ғана жоғын жоқтап, сойылын соғушы болмады. Тап ақыны ғана болмай, таптық тілектен асып кетіп, жалпы ұлт ақыны болды” дескен.

Бұл көзқарас Абай жайындағы тарихи шындық емес. Ғылым жолымен ақынды дұрыстап тану да емес. Ұлтшылдардың өздерінің таптық тұрғысына тартып, саяси есеп-таргысына ыңғайлап, әдейі бұрмалап айтқан сөзі. Ұлтшылдар кеңес негізі мен пролетариат мәдениетіне қарсы күрес жасағанда, қазақ еңбекшілеріне,

көпшілік-бұқараға айтатын сөзі: “қазақ ішінде жіктеліп екшелген тап та жоқ, тап тартысы да жоқ. Ол қазаққа большевиктердің сырттан жауып жүрген тоны” дейтін.

Осымен тарихты бояп аламыштап, өтірікті шындай, ақсақты тыңдай ғып кеп, бүгінгі күндегі ауылдағы шын болып отырған тап тартысынан көптің көңілін бөлмек, көзін тайдырмақ. Әрбір бояма, жалған қисындармен көптің көзін бояп, сол арқылы өздерінің дегенін, таптық тілектерін өткізбек болатын.

Осы мақсатқа Абайды пайдаланғанда, оны таптан жоғары деумен: “Міне, тарих көрсетіп отыр, Абай таптікі болмай, көптікі болып отыр, ал біз де, біздің сөйлеген сөз, істеген ісіміз де — бір бай табынікі ғана емес, еңбекші тап, көпшілік бұқара, сенің де сөзің, сенің де мұның” демек болатын. Алаш орданың, әсіресе, кеңес уағындағы іс, тартыстағы, салт-санадағы тартыс әдісінің бір түрі осы болғанда, Абайды тапсыз деп алып, жаңағыдай жалған айтып жүрген өз қалыптарына үйлестірмек болған.

Өткен тарихтың ірі адамын өз ауылынікі қылып алып, соны жаңағыша керегіне жаратпақ болады. Маркс-Ленин қисынының тап тартысы жайындағы негіздеріне қарсы алысудың бір құралы осы болған. Абайды олар өздерінің жалған пішініне ұқсатып, өзінікі қыламын дегенмен, олардікі болып қоймайды. Жалпы қазақ елінің ескі тарихынан қалған мәдениет мұрасына ие бай табы, бай табының санашылдары емес. Шын ие, шын мирасқор еңбекші көпшілігі, пролетариат табы боп, ескілік мұраларының керекке жарағанын жарайтын шамасына шейін пайдаланады. Құр ғана бай табының, қанаушы үстем таптың ғана санашылы бопты, сол жетеді деп лақтырып тастамайды. Оның сол таптың туындысы, санашылы болғанын зерттей отырып, көре, біле отырып: табының, табы кешірген тарихының мән-жайын түсінеді. Содан алған қорытынды мағлұмат арқылы өткен тарихтың, ескі мәдениеттің кезең-кезең дәуірлерін біледі. Маркс-Ленин қисынының өткен мәдениет туындыларына беретін бағасы осылайша.

Сондықтан біз әуелі Абайдың табы: 19-ғасыр аяғында билік, дәреже, үстемдік үшін алысқан, жаңашыл феодал табы алысу ретінде феодалдықтан буржуазиялыққа көшкен тап десек, ол құбыжық емес. Қандай таптың және де құр қатардағы “сойыл

соғары”, көбінің бірі де емес. Үстемдікті дәл өз қолына ұстаймын деп, айла-әдістер көп қолданып, құбыла жұлысқан, қырқыса тартысқан феодал ішіндегі ең алдыңғы қатар топтың нағыз найза басы санашылы тағы сол Абай болады. Сонысын біле отырып, үрікпеу керек.

Тарихты танып, ескі мәдениет сырға жете түсіну үшін әсіресе сондай айқын сыншылды жете тексеріп, түгел толық білу керек.

Абай табы қай тап екенін біз жаңада айттық. Бұны майданға шығарған, Ресей ішіндегі тарихи күйлер мен қазақ топырағындағы шаруашылық, қоғамдық жаңалықтар не екенін біз 19-ғасырдың екінші жарымына арналған жалпы мақалада айтқамыз. Абайдың сол табы, сол кезінде бірыңғай тап болып, бір-ақ қалыпта ғана тұрған жоқ. Ол қайта аз заман ішінде неше алуан қайшылықтарға киліге отырып, дәурен сүрген тап дегеміз. Сол қайшылық, қос қыртыстық Абайдың табында бар мінез, сол кездегі тарихи хал-жағдаймен байланысты ерекшелік болған соң — осы қайшылық күйі ақынның өз басынан да, шығармаларынан да ұдайы ерекшелік есебінде айқындалып, сыртқа шығып отырады.

Ақынды бұл жағынан толық ұғыну үшін “әдебиет үлгілері” деген кітаптағы Ильяс Жансүгірұлының мақаласын оқу керек⁶⁶.

Сол мақалада айтылған сөзді бұл жерде қайталамайтын болып, біз енді жоғарыда қойылған сұраудың үшіншісіне, яғни “Абай шығармалары өз табының басынан кешірген өзгерістерін қандай-қандай күйде суреттеп жарыққа шығарады” деген сұрауға жауап беруге көшеміз.

Бұл үшін Абайдың шығармаларын, ақынның өнер қызметі өрбіп өскен ретпен басынан бастап тексеруіміз керек. Сонда Абай басып өткен жиырма жылдық ақындық еңбектің не түрлі өріс-қонысы, не түрлі өзгерістері, не түрлі күнгей-теріскейі болды — сол сияқты өзгешеліктерінің кебімен қоса түрінген боламыз.

Өмірбаянына қарағанда, Абайда ақындық ерте оянса да, ол бұған бой ұрмай, тартына келіп, жасы 40-тан аса бергенде ғана шынымен қолға алады.

Сонда Абайдың жиырма жыл ішінде көптен-көп жазғаны қоғамдық тақырыптар болады. Бір өлеңінде “үйрен”, “ұғын”,

“түзел” деп ұстаздық етіп жетектеймін десе, басқа бір топ өлеңінде түзелмегенге күйініп, қиналып ыза-ашумен сөйлеп “ұрысып”, “жерлеп”, “шенеп” айтады. Тағы бір топ өлеңінде: неше түрлі ғып айтқан жұмсақ үгіт өсиетке де, ұрсып айтқан ашу сөзге, сынға да түзелмеген соң — енді қайғырып, күңіреніп: “жалғыз түзеуші мен ғана болдым, сендер ұғымсыз, меніреу топ, көп болдың дегенімді істете алмадым, пайданды түсіндіре алмадым” деп әлсіз басшы болғанын білдіріп, өкініп сейлейді. Жоғарғылардан бөлек бір алуан өлеңі осындайларға арналған.

Осы сияқты тақырыптарға арналған шығармаларының ішінде өз табына ендігі ашық, айқын жол мынау деп: “оқу-білімге жармас, балаңды оқыт”, “еріншек болмай, орнықты кәсіпке салын, сауда қыл, шаруаңды мықты ұста” дейді. Бұрынғы “қалғыған, еңбексіз, өнерсіз тіршіліктің мезгілі кетті, енді жаңғырған дәуірге бейімделіп — өнерлі бол, мағыналы қайрат тап” дейді. Осындай қасиеттерді таба алсаң “еліңнің үлгілі басшысы, саналы биі боласың. Сонда атадан қалған үстемдік орныңды нық сақтап, жаңғырған заманның тұрғысы — тағы да өзің боласың” дейді.

Осымен Абай, өзінен бұрын, бүкіл 19-ғасыр бойында, билік үстемдігін сақтап қалам деп неше алуан күйде алысып келген феодал таптың ендігі уақыттағы қорытынды, тиянақ пікірін айтады. Табының енді шығатын, сенімді тұрғысы не болатынын көрсетеді. Тарихи ретімен қарасак, бұл жөнге келгенде сонау Бұқардан бері қарай келе жатқан қазақтың әдебиет, мәдениет тарихы, жалпы тарихи уақиғалары, шаруашылық, әлеуметтік күйлері бәрі жиылып Абайдың шығуын әзірлеген алды сияқты. Абай сол өз алдында болған, сана жүзіндегі неше алуандық қайшылықтардың да, үлкен қимыл тартыстың да, неше алуан сөз иесі ақын, шешеннің пікірлерінің де түгел берілген бір толық жауабы есепті.

Сондықтан бұның шығармасының ең молы, ең негізі, ең салмақты жағы да — сол әлеуметтік тақырыптарға арналған өлеңдері болады.

Абай бір ауыз сөзін: “кұр ермек”, “кұр ақындық үшін”, “кұр қызық үшін айтамын” деген емес. Сөзі ондай араға кетер-ау деп түсінсе, Абай бір ауыз да жазбас еді. Өлеңін тап тартысында, әлеумет тіршілігінде, өз заманында ең әсерлі, ең мықты, сенімді

құралы деп білген. Осымен “түзеймін — түзелесің”, “бастаймын — басталасың” деген сеніммен кіріскен.

Бірақ бойындағы өнерді өзінің тобының тілегімен байластырып, осындай тар арнаға салып қойса да, барлық шығармаларының нәтижесінде Абай: табының барлық болмысын алып, соны өте үлкен, айқын сурет қып тегіс көрсетті. Ақын айнасы арқылы біз оның қауымының неше алуан сорақы, қыңыр, ақсақ, жиренішті пішінін түгел танып алатын болдық. Бірақ бір нәрсені естен шығармау керек: Абай өз қауымын сондай қып көрсеткенде, сол табынан жырылып кетіп, я қарсысына шығып отырып, бөтен тілек-ниетті ұстанып отырып солай суреттеді деу керек емес. Ол қате түсінік. Қайта сол қауымы үшін жанын өртеп отырып, ылғи көмек етем деп отырып, солай суреттеді. Жаманын өзім айтып, бетіне басып, жерлеп отырып түзеймін, сүйтіп алға бастырамын деген ниетте болған. Осы жолда: үміттенеді, сенеді, түңіледі, ашуланады, өкінеді, зарлап күңіренеді, кейде күледі де. Бірақ бәрібір тұп ниетінен, түзеп жөнге салып, адам қылам, жақсы басшы қылам деген програмынан айырылмайды.

Ақын ниеті осы: бірақ оның еңбегінің нәтижесі табына залалды боп — сол таптың ылғи сорақы, жиренішті реңкін көрсеткен айна боп шықса — ол ғажап емес. Бұл ақынның өзі ойлап, өзі күтпеген нәтижесі болады. Әдебиетте бұл бірінші рет боп отырған хал емес. Орыстың атақты жазушысы Гоголь⁶⁷ де өзінің топтас помещиктерін сорақы қып мазақтағанда, сол мазақ пішінге қарап түзелсін, өзгерсін деген таптық берік ниетпен жазған. Ал нәтижеде оның берген суретінің барлығы помещик тобын масқаралау, жерлеу боп шықты. Бұны Гоголь күтпеп еді. Бірақ тарих күтпегеніне қарамай, осылай бағалап әкетті. Міне, Абайдың өз тұсындағы болыс, би, атқа мінер, партия басы, пәлекорлар сияқты көп таптың бастас адамдарының пішінін көрсеткен суреттері осылайша бағалануға тиіс.

Осымен енді Абайдың әлеуметтік тақырыптағы жырларына көшуден бұрын, қай тап ақыны екенін оңай жерден оп-оңай ашып көрсететін бірер өлеңін алайық.

Бұлардың бірі “Қақтаған ақ күмістей” 84-жылы жазылған, екіншісі “Ат сыны” 86-жылы жазылған. Осы екі жыл ақынның

өлеңге, өнерге қарай шындап бет бұрып ап, алғаш мойындап кіріскен жылдары деп саналады.

Тақырыбының өзін алсақ, бұл екі өлең өзгелеріндей қоғамдық жайды қозғамайды. Бірі сұлу қыз, екіншісі ат жайында. Осындай кішкене, оқшау ғана тақырыптар. Бірақ соларды баурау, жадырату, шешу қандай?

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласыз кара көзі нұр жайнайды.
Жіңішке кара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын,
Ақша жүз, ал қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса көрінер кірсіз тісі,
Сыкылды қолмен тізген, іш қайнайды...

Осылай әйелді, адамзатты сипаттау мен жүйрік атты сипаттаудың бас жағын алайық:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген келсе сағак.

Осы екі суреттеудің біріне-бірі өте ұқсас. Әуелі әйелдің маңдайынан түсіп, қас-көзіне, мұрнына, бетіне, одан аузына тоқтап өтіп, содан әрі мойын, жауырын ұлы мүшеге кетеді. Ал атқа келгенде тағы да сол кекіл, құлақ, жақ, қабақ, ауыз омыртқа, сағактан түсіп, жал, желке, қабырға, жотаға қарай сырғиды.

Не себепті мал баласы ат пен адам баласы — сұлу қыздың келбеттері — мүшелері ғана саналады? Сезім, сана, ақыл, мінез иесі — ішкі дүниесі бар әйел қайда? Ол айырмыс бұнда жоқ. Кінәлі көруші көз.

Бұл көзге ат таңдап, талғап, сынап отырып қолға алатын зат-мүлік. Осыған ұқсатылып отырған әйел де, ол көзге сол мүліктен өзге емес. Мүлік беріп алатын бұ да екінші сапалы зат. Сонда ақын, сұлу қызды я тоқалдыққа алғалы отырған, я бала мен інінің біріне келіндікке айттырғалы отырған “сыншы”, базар сыншысы есепті боп шығады. Бұл сонда пішін, мүсінімен жайлы болған әйелді өз сыбағасы деп түсінген таңдаушы, талғаушы, мыңда бірді алатын бірдің өзі боп, шарты зор сыншы боп

көрінеді. Қолмен қойғандай болмаса, әлдекімге иілмейді. Бұның мүлкі мол, күші зор көптен қара үзгендер болмаса, өзгені місе қылмайды. Осы күйді ат талғауда барып толық шешеді.

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,
Иек қағып, елеріп жүрсе әсем.
Шапса — жүйрік, мінсе — берік, жуан-жуас,
Разы емен осындай ат мінбесем.

Бұны айтып отырған адам бір жазда талай-талай сәйгүлікті қолынан өткізіп, бөгіп отырған, тілегі зор, дегені болғыш, қолы ұзын, ерке таптың адамы.

Қызды көріп көркін, сыртын ғана тамашалау сияқты, атты да жалғыз тамашалау үшін ғана керек қылатын кезі де бар:

Шідерлігі жуандау, бота тірсек,
Бейне жел тынышты екпінді мініп жүрсек.
Екі көзін төңкеріп қабырғалап,
Белдеуде тыныш тұрсын байлап көрсек...

Ат әр-берден соң, жүріс, еңбек, әрекет үшін емес, құр жұмыссыз тып-тыныш қарап отырып тамашалау үшін, көзді алдандырып, көлік болу үшін, жарастық үшін де керек. Міне, Абайдың үстем, ерке таптан екенін осы азғана жайлардың өзі де анық көрсетеді.

Бұл Абайдың шыққан орта, болған қалпы.

Енді сол ортада өсіп, тартыс таласына араласа келіп, бертінде өлеңге ауысқанда не күйден бастайды?

Осы жағынан ақын бетін айқын көрсететін өлеңнің бірі: “Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да”. Бұнда бұрынғы құрылыстың бұзылып, өзгеріп бара жатқанын сөз қылып: “Ендігі жұрттың сөзі ұрлық, қарлық” деп келіп:

Байлар да мал қызығын біле алмай жүр...
Саудагер тыныштық сауда қыла алмай жүр...
Естілер де ісіне қуанбай жүр...
Бектікті біреу бектеп тұра алмай жүр...
Бір күшті көп тентекті жыға алмай жүр,
Іште жалын дерт болып шыға алмай жүр... —

деп, өз тұсындағы өзгерістерді санап өтеді. Осында қоғамдық тұрмыстың өзгерістері, бұрынғы үстем таптың бір қатар қауы-

мына жайсыз, жағымсыз болғанын сарын етеді. Бұл күйдің ішінде наразылық көп. “Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да” деудің өзіне себеп болған жаңағыдай көріністер. Соны Абай әзірше өз алдындағы Мұрат, Шортанбай сарынына ұқсатып жырлайды.

Жасы кіші үлкеннен ұялмай жүр,
Сұрамсақтар нәпсісін тыя алмай жүр, —

демек “заман азды — заң тоздының” қалпынан алыс емес. Бұнда әлі шығыс айтқан сөз жоқ, көріністің көріксіздігін санау ғана бар. Осы сияқты бірқатар өлеңімен (алғаш жаза бастағандағы өлеңдерімен) Абай өзінің төркінін танытады. Ол төркіні — бір аяғы ескілік топырағына нық басып тұрған феодал қалпы болады. Ақын үлгісі, бағыты — бұрынғы өз алдындағы заршы ақындардың үлгісі бола тұрады. Бірақ олардан айырмасы: жалпылап сөйлемейді. Құрғақ сарын қылмайды. Наразы қылған жайларды “мынау, мынау” деп таңбалап теріп, нұсқап-нұсқап айтады. Сол себепті өлеңі: феодалдықтың құлауға айналған қалпының келісті, кең суреті боп шығады. Сондағы ақын тұрғысы, таптық тұрғысы ескілік күйін қимай, жаңадан әлі жол таппай тұрған дағдарыстағы бір таптың тұрғысы болады.

Осы өлеңімен қатар, тағы сол 86-жылы жазылған өлеңінің бірі: “Қыран бүркіт не алмайды салса баптап”. Бұнда некен-саяқ, жалғыз боп кездесетін қыран мен көп күйкентай, көп қарға салыстырылады.

Өлең сыртқы құрылысымен аңшылық суретін көрсеткен сияқты. Бірақ алғашқы кезде жазылған ақын шығармаларының ішінде бұл өлең құр ғана көрініс суреті болмай, терең мағыналы қоғамдық мағыналы бір кейіпті баян еткен шығарма болып, өзге өлеңдерінен оқшауланып тұрады.

Бұнда аспанға жем іздеп қалқып шыққан қыран құс қыраны емес. Күйкентай, қарғалар да аңшылық, нағыз аңшылық бұйымы емес. Екеуі де тұспал. Сирек кездесетін қыран — аталы, сайлы, туысты би. Күйкентайлар — сол жалғыз, жарым-жарамды би мен сол күнде бақ сынасып, бос таласып жүрген, жаңадан шыққан, жаңа тартыс басшылары, көп ұсақ пысықтар. Ақын бұлар жағында емес. Жалғыз қыран жағында. Көп пысық, көп күпілдек қыранға елді көндірмейді, өздігінен еш нәрсе

өндірмейді. Бірақ олардан құтылу да мүмкін емес. Бүгінгінің майданына осылар еріксіз шықты. Шығарушы жаңаның “елі”. Жалғыз-ақ шығарғанынан олжа тапты ма?

Басқа сая, жанға олжа дәнеме жоқ,
Қайран ел, осыменен жүр далақтап, —

дейді. Осыдан кейінгі көп өлеңінде Абай, осы “татымды” жалғыз бен “татымсыз” көп пысықтың кездесуін, қоғамдық қайшылығын ұдайы сөз қылады. Жалғыз — әлі қоғамдық тіршілікте сыртқа қағылып шыққан жоқ. Ол мол сыбағаның иесі өзіммін дейді. Соған жаңа күй ішінде шығып, бөгеуіл жасап, бәсеке мен қарсылық көрсетіп жүрген тартыс күйкентайлары жарамсыз, мінді топ боп қарсы қойылады. Өз табына қарсы шыққан қайшылықтың Абай шығармаларына кіргізетін ең алғашқы қос қыртысының бірі осы. Абай билік үшін тартысады да, бір жағынан өз тұсындағы көп биді найзалап, сауырлап отырады. Сол найзалауы арқылы жұртты түзеймін, бастаймын, терісінен оналтып, дегеніне беттетемін дейді.

Бұл өлең осы бағытта жазылған көп өлеңдерінің ішінде тұспалмен, үлкен ақындық суретпен айтылған таптық мағынасы өте зор өлең. Ақынның сол кездегі саяси-таптық програмын білдіретін өлең болады. Осы сияқты өлеңдермен қоғам тартысындағы өз орнын көрсете келіп, 87-жылғы “Сабырсыз, арыс, еріншек” деген өлеңде “күйкентай” дегендерінің тұтас бір кейпін береді.

“Пысық кім?” деп сұрасаң:
Қалаға шапса дем алмай,
Өтірік арыз кеп берсе,
Көргендерден ұялмай...
Өтірік, есек, мақтанға
Ағып тұрса бейне су,
Ат-шапаннан кем көрмес,
Біреу атын қойса қу, —

дегені сол, ендігі майданның балуаны боп бара жатқан көп, ұсақ атқамінерді шенеу. Патша үкіметінің қазақ елін билеудегі саясаты: сол ел ішінің іріткісі, ала-құласы болатын. Кім арызды көп беріп, шағымды көп тасып, қыр жайын жиірек мәлімдеп отырса, бірен-саран жуанды ғана басшы қып жібермей, ондайдың абы-

ройын түсіріп, салмағын кемітіп, тамырына балта шаба жүрсе — сондайлардың сөзі көп тыңдалып, өріс алып отыратын болған. Абай тұсында сондай қу пысықтан шыққан әкім де, саудагер де, би де көп болған.

Сонымен, бұндайлар құр ел ішінің тынышсызы ғана емес. Әкімшілік, үстемдік үшін Абайлармен жағаласа, тең түсе жүргендер болады. Айырылып келіп, жаңа күйдегі үстем таптың бір алуаны осылар болады.

Ондайлардың бірі би, әкім болса, екінші біреулері соның шашпауын көтеруші, сойылын соғушы болады. Өсек тасу, өтірік арыз беру, пәле туғызу — көбінесе осы соңғылардың ісі. Бұларға солай істететін басшылары, иелері. Бұның көбі бай болмай, жалғыз атты жарлыдан шыққан аздырылған құйыршықтар болуға да мүмкін:

Еңбегі жоқ еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп, —

дейді. Абай өзімен тірескен басшыны айтпай, оның бер жағында жүрген жаңағы атарман-шабарманды шенейді. Әкімшілік пен ел өзіне осындайлардың араласқанын өте жек көрмейді. Өзімен бас-тас адамдарына үгіт айтып, осындай көмекшіден аулақ бол деп:

Қылып жүрген өнері,
Қарекеті әрекет.
Өзі оңбаған антұрған,
Кімге ойлайды берекет, —

дейді. Табына айтатыны осындайға сыбаға, орын берме, тобына, ортана алма. Керегіңе жаратпай-ақ қой дейді.

Жаңағы өлеңінде осындай топтың кейпін өте сүйкімсіз, жиренішті қып суреттеп, содан өз қауымы, шын басшы дегендер жиренсін, бойын тартсын дейді.

Осындай атқамінердің бірін “Бөтен елде бар болса” деген өлеңінде жаңағыдан да толық қып суреттейді. Ол — басшыға мойын боп, қолтығына кіре жүрген салмақты партия басы. Бірақ саған жақынымсып жүрсе де, ол дос емес.

Басына жұмыс түскен күн,
Татулықты бұрынғы
Не қылып ол ойласын?
Ашып берер жауына,
Өзі көрген қоймасын... —

деп, соның неше алуан қыздырмалық, пәлеқорлық мінездерін жамайды. Жаңа заман мінезі осы болды деп көп наразы болады. Бұл өлең тұсында Абай ой-санасы- мен ескілікке жақын.

Қызығы кеткен ел бағып,
Қисыны кеткен сөз бағып,
Ендігі атқа мінгендер
Күнде ертеңге талмайды, —

деп, биліктің қызық дәурені артқа қарай сырғып кеткенін арман еткендей болады.

Нанымы жоқ анты бар
Ел нұсқасы кетті ғой.
Елмін деген салты бар,
Әлі күнге уайым
Қылған жан жоқ ұялмай, —

деп, өзін заман зарын айтушының қолына апарып та қояды.

Бірақ жаңағы “күйкентайлар” үнемі күйкентай боп жүрмейді. Оның ішінде де қолы жетіп, жекебасы бір сыбаға алып, өрлеп кететіні бар. Тартыстың бірде шабарманы, бірде қыздырмасы боп жүріп, кейде соның бірі “қыран” алатын жүлдені қағып әкетіп отыратыны да болды. Атасы ел билемесе де, пысықтық шеберлікпен мына заман тартысына оңқайланып алып: кейде би, кейде бай, кейде болыс та боп кететін болды.

Бұл Абай тобымен нағыз тап бәсекесіне түсіп, өмірді өз қолына баурап, “жіліктің майлы басын жұлып әкетіп” бара жатқан, атасыз болса да мал, сауда сома иесі “саудагер” буржуа тобы.

Өз тобының тұрғысынан қарап, Абайдың барынша қатты соққыға ұшырататыны осы қауым. “Болыс болдым, мінекей”, “Күлембай” деген өлеңдері осы сияқты адамдардың кейпін береді. Оларды барынша күлкі ғып, мазақтап, ажуалап суреттейді. Бірақ мазағы: бойы кең, орны мықты топтың мазағы емес. Өз қалпы үшін күдік ойлап, ызаға толып отырып айтқан мазақ болады. Күлкісі ызалы, қыжал күлкі “шоқ-шоқ” деген бәсекешінің күлкісі.

Осы орайда “Сәулең болса кеуденде” деген өлеңінде “жаманнан қойған би ел берекесін кетіреді:

Көп шуылдақ не табар,
Билемесе бір кемел, —

деп, нашар би тоздырады” деген үгітті айта кеп:

Единица жақсысы,
Ерген елі бейне нөл.
Единица нөлсіз-ақ,
Өз басындық болар сол.
Единица кеткенде,
Не болады өңкей нөл... —

дегенді айтады. Бұнысы, өз тұсындағы үстемдік тартысының жайын да көпке ұғындырсам деген програмы. “Аталы”, “нәрлі” бір кемел, бір басшы жалғыз ғана билесін, “өзге, ана жоғарғының бәрінен без дейді.

89-жылдың шығармаларына осымен қатар “Мәз болады болысың” деген өлең қосылады. Ондағы жалпы сарын — бұрыннан даттап келген “нәрлі” жалғызының жеңілейін деген күйінің сарыны, жүлдені анау бәсекешілер әкетті, солар жеңіп барады:

Ол “болдым-ақ” дей берер,
Бұлғақ қағып басқанға.
Елбең қағып елірер,
Елертіп көзді аспанға, —

деп, жолы болған қалпын жақтырмай, мазақтай отырып, соның жеңгенін мойындай бастайды да, енді өз артынан ергендеріне:

Жайы мәлім шошқаның,
Түрткеніне жасқанба,
Бір ғылымнан басқаның
Кеселі көп асқанға, —

деп, ендігі нық тұтынған діңгегін айтады. Онысы — ғылым. Тартыс, талас, бәсекенің құлшынып барып алатын тұрғысы — ғылым, өнер ғана. Сен енді соны ал. Жетілтетін, сөндіретін құрал сол ғана дейді.

Осыдан соң Абай ғылым-өнер мәдениет жоқшысы боп, өз табын, жалпы үстем тапты сол жаңалыққа сүйрейді. Ескілікті жоқтаған бектік қалпынан капиталды буржуа тұрғысына қарай секіріп, жаңалық атаулының қостаушысы боп, өзінің бұрынғы қалпына өзі қайшылыққа келеді.

Содан кейінгі уақытында бірде сеніп, бірде торығу, күңірену кезектесіп отырса да, ақын оқу, ғылым, өнер арқылы ағару-ағарту деген ұранынан жазбайды.

Бұл жолында мәдениет көп үшін дей отырса да, көптен көп өз табының қарауылын еске алады. Ел ішіне еңбек орнасын. Салттағы жалқаулық, тіленшілік, көзсүзгіштік жойылсын. Жұрт қарекет кәсіпке салынсын, сауда қылсын, мал тапсын, үлгілі елдің өнерлісінен үлгі алсын дейді. Балалар оқысын, заманға үйлессін дейді. “Интернатта оқып жүр талай қазақ баласы” деген өлеңде оқушы жас буынның көздейтін, көксейтіні не болуға лайық екенін айтады.

Бұл кезде тамам ел ішінен таңдап алатын ашық досы: шаруа-сын ғана біліп, малын молайтып отырған “момын” бай.

“Бойы бұлған” деген өлеңде тамам бұзықтың соққысы, кесірі байға тиетін болды деп, сол бай атаулыны қолтығына алмақ боп, өзіне серік қыла сөйлейді.

“Антпенен тарқайды” деген өлеңі жаңағы күйді бұрынғыдан да тереңдетеді. Абай жаңалыққа қарай көшкенде де ең алғаш жек көріп жамандаған қу пысықтармен бітім тапқан жоқ-ты. Ол жаңалыққа көшкенде де солармен тартысу арқылы көшкен. Заманға олардан оза барып үйлесем деген феодал болатын. Мынау өлеңде солардың билігі байдың соры:

Кедей би жантайды Сауыр мен әркешке.
Саумакка ол байды Кенесер би кешке, —

деп, байды өз жағына тартып, аналар:

Таласып тарқайды Ақшадан төрт-беске.
Бірлікті шайқайды Араз боп енбеске, —

деп, тентек, ұя бұзар, құнсыз боп көрсетіледі. Бұл 94-жылдың өлеңдері. Мезгіл бұған жеткен уақытта Абайдың бұрынғы өз тобы да, баяғы бір қалпында тұрған жоқ-ты. Жаңалыққа үйлесуге қарай Абай беттегенде, жалғыз өзі беттеген жоқ, сол тобы беттеген соң беттеген. Бірақ сол “жұртым” деген қауымның өзі жаңа күнге үйлесем деп ұмтылғанда, бұрынғы Абай шенеп жүрген “күйкентайлардан” артық болмай, қулық-сұмдыққа, бұзықтыққа

олардан да сорақы боп кеткен. Абай осы дәме қылған, нық байланысқан тобының азу, тозуын 90-жылдардан аса бергенде әбден көп таныды. Сонымен бұрынғы өлеңдерінде жаудай шенейтіні “күйкентайлар” ғана болса, енді “бұзылдың”, “түзел” деген ниетпен өз қауымын күйкентайларға қоса шенейді. Бұл табынан жырылып кету емес, оны сөге отырып, түзеймін деген талаптың белгісі.

Сонымен жұрт билеушінің суретін көрсетем деп: “Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек” деген ажуа өлеңін шығарады. Ол адамын кекесінмен, мазақпен суреттегенде:

Кісімісір қайда болса олжаға тоқ,
Шоқыма халық көзінше, қарғаша бөк,
Жұрт бала, еш нәрсесін тартып алма,
Білдіртпей, ептеп алсаң залалы жоқ, —

деп, әдеттегі жемқорлықтарын, жалған пішіндерін, мысық-сопылығын күлкі қып кеп:

Жат елге жадағайда сөйле шәрgez,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты “жау” деп еліңді үрпитіп ап,
Жауға жабдық деп жиып, пайда қыл тез, —

деп, басшылардың ел жеудегі қулық, қоймаларын ашады. Осы жерде суреттелген жуан бұрынғы “Болыс болдым, мінекидегі” болыссымақ емес. Бұл күйкентайлардан да көп өзге. Бұндағы кейіп — Абайдың нағыз жанкүйер жақынының, таптасының кейпі. Оны осымен ұялтпақ, сонымен түзеп, жақсы би қылмақ.

Бірақ бері келгенде бұл қауымы күйкентайлар мен Күлембайлардан ұзамады. Солар не болса, сол болуға тырысты. Арамдық, пәле бұзықтыққа олардан “бір кілем, бір тонын” арттырып та жібереді. Абайдың өзін де алдады, өз басына да соққысын тигізді. Содан кейін 94-жылдардан бері асып, бір жағы кәрілікке қарай бейімдеп, екіншіден, баласы, інісінің өлімін ауырлап, үшіншіден, әсіресе жаңағы өз тобы, етбауыр, өз жағының сұмдық бұзықтығы қосылып — осының бәрі тағы бір үлкен қат-қабат қайшылықтарға әкеп тіреді. Соның артынан Абай алданған, соққы көрген жалғыздың күйіне түсіп, көбінесе уайым мен күңірену сарынына басады. “Болды да партия” деген өлең осы

күйдің ең ашық суреті болады. Тобы үшін жасалған тартыстың найза басы адамы болғанын:

Ортаға кеп салдым,
Өзім де барымды.
Япырым-ай, неңді алдым,
Сау қоймай арымды?! —

деген сөзбен зарлана айтып кеп:

Өріңнен асырдың
Сұм тілді қарынды.
Жасырдым, жасырдым,
Енді айттым зарымды, —

дейді. Осылайша шыққан зар ақынды неше түрлі күңгірт үмітсіздікке жетектейді. Сол жолда ең алдымен тірек еткені — дін болады.

“Лай суға май бітпес қой өткенге” деген өлең соңғы тапқан таянышы — ислам дінінің құдайы екенін баян етеді.

Бұл — тығырыққа камалған күндегі дағдарыс сарыны еді. Ақын осы қалпынан өле-өлгенше сытылып шыға алған жоқ. Жалғыз-ақ бір кезде дінді тыныс қылса, бірде: “Өлсем, орным кара жер” сияқты кейінгі ұрпақтың сотына арыз айтып, өз басының дерттілігін шағады. Бұл өлең ерекше шыншылдықпен жазылған. Ішінде: “Қаны кара бір жанмын, жаны жара” деген сөзбен өзі басып өткен жолдың қиянатқа, қанауға толы екенін де ашып айтады. Өзін-өзі аямай ұрып, өкіне отырып, сонысын бір тыныс қылады.

Бұдан соңғы бір тынысы — ақындық. Өлеңге, өнерге берілгенін Абай бұрын да бірнеше айтқан. Бірақ соларының ішінде қажыған, торыққан көңілінің ең соңғы тиянағы өлең екенін “Көңіл күйі тағы да” деген өлеңінде айтады. Бұл 1900 жылы жазылған.

Сынып, құлап, бойсұнып бара жатқан халде:

Көңіл күйі тағы да
Өмірсіз жанның алды ішін.
Аударды өлең жағына
Нәпсінің сынған қайғысын, —

дегізіп, соңғы бір жұбанышы өлең екенін көрсетеді. Міне, Абай ақындығын осындай күймен аяқтайды.

Бұл тексеруде Абайдың қоғамдық тақырыптармен байланысқан шығармалары және соған тіркес, өз басының таптық орнын, күйін білдіретін шығармалары ғана қарастырылады.

Бұлардан басқа Абайдың оқымысты, өнерлі, мәдениетті ақын боп шығарған: “Жылдың төрт мезгілі”, “Махаббат жайындағы өлеңдері”, “Өлең, ән” жайындағы сөздері, тағы басқалары тексерілген жоқ. Олардағы таптық-қоғамдық мазмұнды, мұғаліммен қосылып шәкірттер өзі шешіп байқау керек. Сондайлық тексеруге біздің осы жазғанымыз желі, жетекші болуға тиіс.

ӘБУБӘКІР

Өмірі мен ақындығы

Әбубәкірдің өмірі туралы біздегі мағлұмат азғана. Бұ да жайкүйі тексерілмеген ақынның бірі. Оның шығармалары да қазақ баспасөзінің бетінде жарыққа шықпаған.

Сақталып қалған сөзі 1905 жылы Кәримов баспаханасында Неғметжан Неғматуллин бастырған “Әдебиет қазақия” деген бір кітапша ғана. Бұдан басқа жазғандары бар болса да, бізге мәлім емес. Әлі жиналып басылған жоқ.

Өмірі турасындағы үзілді-кесілді хабарларға қарағанда, ол: Кіші жүз ішінде Жетіру, Кердері болады. Бергі аталары — Тарын. Ел іші мұны атасыз деп аңыз қылады-мыс. Әбубәкірдің өз ауылы — Жайық алабы. Жезбұғы суының жағасында, Бударин қаласының тұсында туған.

Сол жерде “Әбубәкір ағашы” деген жалғыз ағаш әлі күнге оның мекенін білдіреді. Тарын шетінен өлеңші-ақын келеді деседі. “Өлеңші баба Тарынға қоныпты” деген көрші елдерінің аңызы бар. Ақындықтың иесі болады деген ескі нанымның салдары.

Жасында ескіше бірқатар жыл оқып, соның артынан молдалық қылыпты. Сол себепті бір кезде “бала молда” атанып жүрген.

Сондай молдалық ретінен бе, болмаса басқа себеп түрткі болған ба, әйтеуір Әбубәкір ұдайы өз мекенінде тұрмай, бір уақыт Түзтебенің қасында Томар еткел деген жерге келіп тұрған.

Алғаш молда болған жылдарында өзі құрбы көп молда не істесе, соны бұ да істеп: “Жаназа шығару, садақа алу” сияқтыларды да кәсіп ете жүрген.

Томар өткелге келген соң, сол аудандағы Сейіт Нұрмұқамбет баласы, Сейіт Қадырәлі баласы, Сабыр Байәділ баласы дегендерге және басқа да солар сияқты төрелер, билерге жыршы, қостаушы боп жүрген.

Бұл кезде молдалық қалып, жаңағы сияқты кісілерді бірде мақтап, бірде шенеп, көңіл ашар ақын атанып, кәдімгі жыршының кәсібіне түскен.

Солармен жалғаса жүріп өз кезіндегі әкімшілік иесі, мүлік иесі адамдардың да бірқатарын көрген, білген сияқты. Орынбордың саудагер, бай татарларының біразымен де білісе жүрген. Тағы бір кезде ауылнай мен болыстарға қазақша песір болған уақыты да бар.

Сонымен жасы 60 шамасына келгенде, XX ғасырдың басында қайтыс болады.

Өз уақытында да, кейін де Әбубәкір ел ішінде даңқты ақын болған. Сөздерін жазып алып, жаттап алып, көпшілікке оқып, соның үгітін тыңдаушыға миландырамын, сіңіремін деп пайдаланатын қауым аз болмаған. Ақындық қуаты күшті болмаса да, Әбубәкірдің таптық тұрғысы, салт-санасы өте айқын болғандықтан, өз табы бұл шығарған сөздерді жанды сөз есебінде пайдаланады. Көпшілікке бұның атын зорайтып, дәріптеп, асыл сөздің иесі деп түсіндірмек болады. Өзі молда, шығармасы жазылып басылған сөз болады. Айтқан жайы, тақырыбы көпшіліктің көз алдындағы күнделік жайлар болады. Соны қазбалап, термелеп, көп шұқылап айтады. Жиып келгенде, өлеңінде заман жайының көп ерекшелігі саналып, тергеліп өткен сияқтанады. Кейде олақ тілмен айтса, кейде оқта-текте тауып айтып қалатыны да болады. Және осындай күйде жазылған сөзінің барлығы айнымастан бір-ақ бағыт, бір-ақ мақсұтқа арналған. Ол мақсұты: молданың, ұстаздың, сыншы-ойшының үгіті боп шығу. Заманындағы басалқа айтқан қария, ұстаздық еткен үгітші билер болса, солардың сөзін жыр қылады. Ел ішінде өте-мөте ұғысқанда сондай топпен ұғысады. Күйлеген, көксеген салт-санасы да солардікі.

Осылайша болу, Әбубәкірдің бас изегіш, мақтағыш тобын көбейтеді.

Жаңағы үгітші, сыншы, күдікшіл қария, молда, қажы, сопы, ескі би атаулының бәрі де Әбубәкірдің тыңдаушысы, қостаушысы болады. Бұлар әкімшілікке ие болмаса да, қоғам билігінде шетке қағылысыңқырап отырса да, жалпы салмақтан айырылмаған. Ескінің қалдықтарының ішінде жаңаға көп жерде соққы беріп отыратын мықты түбірлер еді. Әбубәкір осылардың сөзін сөйлеп, солардың мұңына бейім мұң айтқан соң, жаңағы қауым өзінің салмағы мен әсерін көпке жұмсап, Әбубәкір үгітін өз үгіттері қып жұмсаған. Ел ішіндегі даңқтылықта Әбубәкір осы қауымға борышты.

Бірақ осы жайы бұның таптасы кім екенін, салты-санасы не екенін де ашып береді.

Оны анығырақ түсіну үшін жырларына көшейік.

“Әдебиет қазақияда” басылған үлкен жырының бірі “Өз өмірі туралы сырқау боп жатқанда” айтқан сөзі. Бұл өлең көп жағынан ақынның өз өмірбаяны боп келеді.

Әуелі туғаннан соң бірге жеттім,
Еңбектеп екі жаста төрге жеттім.
Үш пенен төрт жасымда тілім шығып,
Шүлдірлеп ата-ананы ермек еттім, —

дегеннен бастап, өзі жасаған жыл-жылдың бәрін санай-санай келіп, аяғы сол күнгі тұрған жасы жиырма жетіге жетеді.

Бұл жасқа келгенінше өмірінде елеулі орын алып, есте қалған халдер не, соны санайды.

Мысалы 14-15-ке келгенде:

Қосылды мәжілісім молдаменен,
Жақсыға жақын болдым Алла деген, —

деп, тәрбиеші жетекшісі, үлгісі де молда болғанын айта кеп:

Жел кірді көңіліме он бесімде,
Айдады ерікке қоймай жел-несібе.
Ол күнде ойлағанның бәрі қызық,
Түседі адасқаным енді есіме, —

деп, өлеңшілікке берілгенін, молда қасынан кеткенін біраз өкініш қыла сөйлеп кеп:

Алтынды жерге төктім уыстаған,
Ерліктен ғылым артық ту ұстаған.
Тап болдым он алтымда бір мінезге,
Топ көрсе жеті мүшем құрыстаған, —

дейді. Бері келіп ғылым-өнердің жақтаушысы бола отырып, ерте кезде ол жолдан ақындық жетектеп, тайғанын тағы айтады.

Бұл өлеңіндегі өз өмірінің ерекше бір кезі қып, жұбаныш ете сөйлейтіні:

Он тоғыз, жиырманың бәрі қатар,
Жаманның қайда барса таңы атар.
Белгілі халық үстінде жақсылармен
Бір жүріп, тізгін түйіп, қылдым сапар, —

деген жері. Бұнысы, өзі шыққан жері аласа болса да, үстем таптың тобына кіріп, соның көңіл ашар думаны болғанын және жоғын жоқтаған санашылы болғанын баян етеді.

Сол жайын әсіресе:

Мен тұрмын жиырманың жетеуінде,
Жаманның жүргенім жоқ жетегінде.
Белгілі жақсыларға ой салысып,
Жаманның басы жүрді етегімде, —

деген сезімен анықтап кетеді. Өмірбаянында ақын өзі кіммен болып, кім арқылы қандайлық күш алғанын айтады. Соны мақтан етеді.

Бұл өлең содан әрі әр алуан кезбе ойларды термелеп кетеді. Көбі өзіне айтқан және басына өзінікіндей дерт келген мұндастарына айтқан жұбату сөз болады. Жұбаныш қылатын бір үлкен дінгегі — дін. “Бұны Алла жібереді, ол пендесіне жіберетін қазасы, сыны. Оны кім көрмеген, әуелі пайғамбарлар, әулиелердің көргені де осындай болған” деген өсиеттерге сарқады. Дін атынан жұбату, үгіт айтатын молда, қарияның сарынына басады.

Сонымен өзінің өмірін, дертін өзгеге тындатып, жұртқа үлгі қалдырмақ болады.

Қазақ әдебиетінде өмірбаянын бір жастан бастап, дәл бүгінгі тоқтап тұрған жеріне дейін тізбектеп, жалпылап санап шығу жалғыз Әбубәкір туғызған түр емес. Бұның бір түрі, ауызша айтылған “Тарғын” жырында да бар. Бірақ соны Әбубәкір

пайдаланғанда жаңағы түрлі бас сырларын ашып, содан ғибрат туғызам деген мақсұтпен айтады. Мазмұны: “Жаста ғылым ізде, содан білім алып, өнер тап, сонан соң жақсыға ілесіп жақсы бол; көптен кейін қалма, өрле де үске шық” дегенмен бітеді. Осы жайларын ұғымды қып сөйлемек, сондықтан ақындық күйіне терең сурет-көрініске ұмтылмайды. Бар сөзін өсиеттік жағынан, мағына жағынан ұғымды қылмаққа тырысады. Тілі: тақ-тақ, жадағай, екінің бірі сөйлеп жүрген тіл. Қолына қалам ұстап отырып, жекеше еніп, үңіліп отырып жазған өлең. Сондықтан бұнда айнымайтын бірқалыптылық бар. Оқушыға арналған. Тындаушыны көріп отырып айтқан емес. Желдірме де, үлкенді-кішілі, айнымалы шумақ та жоқ. Өзінің бірқалыпты жорға емес, жортақы құрғақ үгітіндей: айнымайтын бірқалыпты — төрт жолды ұйқасы бар. Соның көп жерін ұйқастырғанда үнемі қайталап отыратын: “Білдім-білдім”, “жеттім-жеттім” деген сияқты; бір орында көп тереңдеп тұратын олақ ұйқасты да қолданып кетеді.

Ескі, баяғы сияқты боп қалған тозған үгітті, тозған тақырыпты қайта тебіндеу — өлеңіне де ағын, екпін бермейді. Бір ұйқас, бір сарынмен “сары жұртты” қайта-қайта шиырлай бергенге ұқсайды.

Ескілікті жақтап, соны даттаумен отырған қария-молда өсиетте де жаңа сөз айтпайды. Ол жаңалықтың бар түріне қарсы да, ескіліктің не күйіне болса да бас шұлғиды.

Тарихи жағынан қарағанда, бұл түрге де: өзіндей өзгерісі жоқ, тұрақты бірқалыпты әкеп телиді.

Осы өлеңнен көрінетін тағы бір ерекшелік — Әбубәкір көбінесе “мен-мен” деумен келеді.

Бұны шығарған орта, сол кезде дәл үстем таптың өзі боп тұрғандар емес. Қайта солар шығу арқылы, бұрынғы орын, дәрежесінен айырылып қалған, бү күнде “ұсақтаған бай”, “ұсақтаған ру басы”, “тұғырдан түскен би”, “әл-қуаты кетіп, ескісіне жармаса беруді ғана білетін қария” болса, Әбубәкірдің ортасы сол болады. Еріп жүрген “жақсылары”, “бастылары” да сол. Бұл ұсақ байшылдық салт-санасының ортасы.

Ондағы ақын-ділмәрдің бәрі бас мұңын айтқыш, жекеленгіш, дарашыл бола береді. Әбубәкірдің жекешілдік, екшеле бергіштік сипаты, көп келетін “мен-мені” де осыдан туады.

Мен-меншілдік Әбубәкірде жалғыз бұл өлеңде ғана емес, өзгелерінде де осындай. Не қылса да өз жайын, өз ойын, өз мұңын айтқысы кеп тұрады.

Сондықтан: “Мынау өлең өз өмірінің жайы ғой, мен деп айтпай қайтеді?” — деген сұрау орынды болмайды.

Жалғыз бұл түс емес, өзге көп жағынан да, басқа өлеңдерінің бәрі осы алғашқы өлеңмен үйлес, бітімдес келеді. Өлеңіне қарап Әбубәкір пәлен-пәлен өзгерістерге, алуан-алуан жолдарға түсіпті деп айта алмаймыз. Оның сөзінің бәрі бірқалып, бір мазмұн, бір түрден көп айнымайды.

Сол себепті түр жайынан айтқан жаңағы сөзден, кейінгі, өзге өлеңдерінің де ерекшелігі боп қала береді. Оларын түр жағынан тексеру оқушылардың өз міндеті болуға тиіс.

Біз Әбубәкірдің салт-сана жағы мен таптық тұрғысындағы ерекшеліктерін толығырақ байқау үшін басқа бір-екі өлеңінің мазмұн сарынын қысқаша шолып өтеміз.

Сонда Әбубәкірдің өз тұсындағы қоғам құрылысына көз-қарасы қандай екенін білдіретін өлеңінің бірі: “Еменшілік заманды жоқтаған”.

Бұның басы:

Бісіміллә деп сөйлесем,
Тілге жәрдем бере көр.
Тіл жаратқан жалалым
Жанға жәрдем бере көр,
Жан жаратқан жалалым, —

деп барлық кітапшыл, діншіл, шала оқулы ақындардың үлгісін тұтынып, құдайына сиынудан бастайды. Тегі, Әбубәкірдің барлық өлеңінің басы осымен келеді.

“Еменшілік заман” деп ол өткен күннің өзіне қызықты, қымбат болған күйлерін санамақ. Бүгінгі заманға айтатыны:

Қайғылы болды заманым,
Заманым солай болған соң,
Тайғақ болды табаным.
Патсадан жәрдем болмаса,
Түзеуге жоқты амалым, —

деп, заманының ауыртпалығын, соған наразылығын айта отырып, “патсадан жәрдем болмаса” дегенді айта кетеді.

Бұл жері екіұшты. “Патсасы” құдай болуға ылайық, бірақ Әбубәкір осы сөзді әдейі алады. Бір жағынан тұсындағы әмірші “патсасын” айта кетуден де жат емес.

Оны кейінгі бір өлеңінде:

Патсаға қызмет қылдық жолға кіріп,
Бұ қазақ жуасыды қолға кіріп.
Бұрынғы надандықты жерге тастап,
Түзелді осы күні ғылым біліп, —

деген сөзімен білдіреді. Заманға жалпы наразылық айтумен қатар, бұл патса үкіметінің өзіне қарсы сөйлемейді.

Абай туған шаруашылық-қоғамдық жағдайда туып, сонда өскен Әбубәкір сол Абайша тұрғыдан қарамайды. Қазақтың өз ішіндегі көрініске наразы. Бірақ әкімнің үлкеніне келгенде қиялап өтеді, қарсымын демейді. Екеуінің де тобының тұрғысы солай. Бір кісі билеген, патса билеген әмірге негізінде қарсы емес. Сондықтан жаңағы жаратушы патса мен әмір иесі патсаны егіз қып, парлай сөйлеу бұның жырында болуға лайық. Ол жалпы көзқарасында, салт-санасында болған қайшылық, қос қыртыстықтың айнасы.

Әмір иесі патсаға солай дей отырып, бұл өзге жөндегі наразылықтарының бәрін санайды.

Асыл заттар қор болды,
Мықтыға нашар зор болды.

Қараның ұлы хан болды,
Құлдан туған паң болды, —

деп, өзі қостаған тобының күні кетіп, оның орнын жаңаның мықтылары алып келе жатқанын арман етеді. Бұл “мықты” — Абайдың шенеген, жерлеген мықтылары. Ол да өз тобымен бәсекеге түскен. Жаңа би, жаңа пысықтарға осылайша қарсы болған. Әбубәкірдің қорашсынып, жақтырмай отырғаны да сол жаңа топ.

Бірақ мұның көргені жалғыз ол ғана емес. Бұрын өзі сиынып, даттап жүрген “шын мырза”, “шын бекзада” деп жүргендері де бір қалпында қалмапты. Олар да заманға үйлесіп, сыбағаға сатыла бастапты:

Аруакты ердің тұқымы
Дұшпанменен дос болды.
Балдағы алтын күріш болат
Балалар ойнап тас болды, —

деп сөйлейді. Әбубәкір өзі билеуші, әмірші болған емес. Солардың шашпауын көтеруші болған. Ал, Абай ертеден келе жатқан әмірші, жуан тұқымнан еді. Ол сол жаңағы Әбубәкір айтқан “дұшпанмен дос болды” деген адамның бірі. Бұның тобының алдыңғы қатары жаңалыққа қоңсы қонып, үйлесіп, тағы да бұрынғысындай сыбағалар алған.

Сонда ылғи осылардың артқы күнін дақтап жүріп, жұртында қалған Әбубәкірлер кейде жаңағыдай күйді де шығарып қояды.

Осы сияқты болған өзгерістің бірі:

Атаны билеп ұл кетті,
Қожаны билеп құл кетті.
Баласы келсе он беске,
Ата-анадан күн кетті, —

деп, жалпы зар заман сарынына түсіп, “адам мінезі өзгерді” деген тақырыпты да қозғай өтеді.

Сол сияқты кеп-көп жерлерді санап, олардан да, “береке-қайыр кетті” дейді.

Жақтайтыны не?

Мыннан жылқы айдаған,
Жүзден бие байлаған,
Атаны бала құрметтеп,
Ағаны іні сыйлаған,
Сақтаған таза иманды,
Зекетпен пактеп жиганды, —

дейді. Немесе

Ақсүйектен хан қойып,
Ақсақалдан би қойып,
Төресін ғадыл жолдаған, —

дейді.

Сонда бұл заман кімнің заманы?

Дұспанды көріп ысқырған
Ер қазақтың пірі екен.
Қазақты тегіс басқарған
Әбілқайыр хан екен.
Ұрыға шыбық соқтырған,

Халыққа тыныштық таптырған
Хандардың салған жолы екен, —

дегенді айтады. Көксегені кешегі хан Әбілқайыр заманы, соның хандығы болады. Онысы өзі қостап жүрген би-төренің, әкелерінің, аталарының заманын жоқтау. Солардың бүгінгі билікке араласа алмай отырған кейбір мешеу тобының жоғын жоқтау боп шығады.

Шынында, Әбубәкірдің шығармаларындағы таптық-қоғамдық мазмұн осындай азғана таптың санашылы болумен аяқтайды.

Сол бағыт-програмын “Замананың опасыз халіне” деген өлеңінде бұрынғыдан да анықтап айтады:

Бұрынғы өткен билер сондай еді,
Қақ жарған қара қылды қандай еді.
Қызығып дүниеге жол айтпаған
Ақылы жанып тұрған шамдай еді, —

деп келіп:

Әкімдер жаңа өспірім жастан болды,
Басына ұрылардың бостан болды.
Қой бағып, торсық емген топырыштар
Бұл күнде қол жеткісіз аспан болды, —

дегенді айтады. Жаңадан келіп, бұрынғының орнын басқандарды осылайша көрсетеді.

Бұлардың тұсында туып, ақынды күйзелтетін күйкі көрініс не?

Билік қадірсіз болды. Сопылық жерде қалды; секер-шай екінің біріне жем болды:

Бұ күнде қатын-қалаш, пақыр малай,
Мырзамен қатар ішті дәулеті сай, —

деп, сол сияқты кебіс-мәсі де екінің біріне тиді.

Тағы да қор болушы кім?

Қор болған, бесіншіде, сұлтан-төре,
Көрген жан тұрушы еді аяқ өре.
Бір адам сұлтанмын деп елге келсе,
Ат беріп барушы еді жүзін көре, —

дейді. Сонымен қатар:

Қартайды батырларым ашу жайлап
Дұспанға кылыш сілтеп кезенген жоқ, —

дейді. Міне, айналып келе жоқтайтыны осылар. Жаңалық кеп жойғанда осыны жойды. Орнына не берді?

Дау менен ер талабы сауда болды,
Түйеміз қатар-қатар арба болды.
Тар шалбар, қынамалы бешмет киіп,
Әлхамды шала білген молда болды,⁶⁸ —

деп келіп:

Тар шалбар, бешмет шықты қынамалы,
Жігітке шапан киген ұнамады.
Сары жез самауыры тағы шықты,
Мәшине шүмегі бар бұрамалы, —

дейді. Бұл тұста Әбубәкір қайшылыққа ұрынады. Өзі ғылым-білім дей отырып, соның туындыларына қарсы әрекет істегендей болады. Бірақ бұл бары емес:

Патсаға қызмет қылдық жолға кіріп,
Бұ қазақ жуасыды қолға кіріп.
Бұрынғы надандықты жерге тастап,
Түзелді осы күнде ғылым біліп, —

деуімен жаңағы сарынынан қайта қайтады. Ананы айтуы негізінде соған қарсы болу емес. Шай екінің біріне ас болды, мырзаның асы еді деп көптен қоруыштағаны сияқты: өнер, мәдениет туындысы, жаңа киім, сән-салтанатты да көпке қимайды. Таңдаулыларынан ғана көргісі келеді. “Сенің не теңің” дегендей қылады. Сондықтан шенейді.

Сол сияқты ғылымын да көптікі демей, ала білетін бірдікі, бастынікі демекке керек. Әбубәкір шығармаларының бағыт-мазмұны, тақырып түрі осындай.

Бұл — Абай кешірген дәуірдің ақыны. Заманы бір. Таптық тұрғылары да жақын. Сондықтан жоғарыда айтылған көп жайлары Абайдікіне ұқсас шығуы ғажап емес. Сонымен қатар екеуінде айырмыс та бар. Ол негізде болмаса да тақырып-тәсілден, сол тақырыпты суретті өнер көлемінде қалыптауынан көрінеді. Мысалы, Абайдың алғашқы дәуірде жоқтағаны бұрынғы күшті феодал күйі болса, сонысын ол атап айтпайды. Ханды да, бұрынғы биді де “сол бола қойса, соның заманы келе қойса” деп шақырмайды.

Бірақ жақтағанда сол таптың күшін жақтайтыны даусыз. Жалғыз-ақ осындай көзқарасын айтқанда, олардың өзін ата-

май отырып, соларға тайталасып жүрген бәсекеші жаналарды мүйіздейді, ылғи осылардың теріс пішінін, мазақ пішінін суреттейді. Тартыстың шебер түрі. Оның орайына Әбубәкір жалпылаған, құрғақ санаумен ханды, биді, батырды түгел айтып бос мақтауды көбейте береді.

Нені айтса да, Абай терең шомып, кең суреттеп, көрінісін түгендеп, бағасын таныта айтады. Және өлшеу біледі. Тартымды болам деген жерінде сыр ұшығын бермей тұспалдап қана қояды. Әбубәкір көп нәрсені санағыш, бірақ еш нәрсені де көкейіне қондырмайды. Сыдыра жортып өте береді.

Өлеңінің тіліндей бірқалыпты айнымас тақ-тақ ұйқасындай мазмұны да жадағай, жайдақ. Шегі жоқ көп сөзінде, әдебиет өнерінің көркемдігі жоқ. Саналған тақырып көп болса да, сайлы боп көріктелген бір көрініс, біртұтас пікір де жоқ.

Дәуірі анықталмаған, тарихи орны белгіленбеген азғана топтың кезеген ақыны, ой-өнер жүзінде де қыдырыстап, үдере көше береді. Сонда көп ықтияры өзінде де емес. Бастаушысында. Бұл шашбау көтеруші, қостаушы ғана; сондықтан өз сөзіне өзі тіреліп, тобының қолындағы қайшылықты көрсетіп, неше алуан қайшылық, қос қыртыстыққа да ұшырап отырады.

ШӘҢГЕРЕЙ

Шәңгерей жақында өлген ақын болса да, әлі өмірбаяны жиналып, реттелген жоқ. Қолымыздағы қысқаша мағлұматтарға қарағанда, ол 70-тің ішіне іліне бере, 1921 жылы қайтыс болған. Өзі — Кіші жүзде, Бөкей ордасында, Исатай, Махамбет тұсында хандық құрған Жәңгір ханның немересі. Бөкей ханның тұқымы. Арғы атасы — 1730 жылы Кіші жүзді Ресейдің патша үкіметіне бағындырған Әбілқайыр.

Содан бері Бөкей, Жәңгір — бар-барлығы да хандық құрумен келген. Сол хандық Шәңгерейдің әкесі Сақып-керейдің тұсында ғана қалды. Бұның өзі де әкесі Жәңгір өлген соң Ресей патшасына барып “хан лауазымын” алып қайтып, біраз өмір жүргізіп тұрған.

Қазақта хандық құрған төрелердің ішінде осы Бөкей тұқымы, әсіресе Жәңгір сияқтылардың “лауазым, сән” дегенді түзеуі күштірек болған. Жәңгірдің тұсында хан сарайы деген сарай боп, ол жерде хан қасында уәзір сияқты билері, молда, ишан, қожасы боп, қала салтымен тұрмыс, сән жасап, шарифат жолымен әкімшілік, билік жүргізбек боп талап етілген. Соның көбі баяғы салттың, бұрынғы жораның жоқшысы болған Исатай сияқты билерге ұнамай, белгілі Исатай көтерілісі туған.

Бірақ Исатай жеңе алмаған, жеңілген. Сонымен хан да, хандық тәртіп сәні де сол қалпында қала берген. Қайта бері келе онысын бұрынғыдан да үдеткен. Керегін “шығын” деп, алым қып елден алып отырып, мешіт сарай салдырған. “Нарындағы көк сарай” дейтін сарайды Жәңгірдің немересі Шәңгерей:

Нарынның қызыл құмында
Ай белгілі ақ мешіт,
Алпыс бөлме, жүз есік
Салынған екен көк орда, —

деп жырлайды.

Шәңгерейдің әкесі Сақыпкерей осы орданың иесі боп, хандық жүргізген. Бұның ақын болған баласы Шәңгерей осы “көк ордада туғамын” деп жырлайды.

Бес жасқа шейінгі балалық дәурені әке-шеше ауқымында өткен. Бұл бес жасқа ілінгенде әке-шешесі өледі. Көп мүлік, дүниенің иесі боп қалған хан баласы жетімдік көрмейді. Өсе келе оқу оқиды. Мұсылманша, орысша да білім алады. Орыс оқуын реальный школ мен кадетский корпус дейтін әскер төрелерін дайындап шығаратын мектепте ме, осылардың бірінде оқиды. Бірақ мектеп тауыспай, ғылым іздеу жолынан қайтып, мырзалық, серілікке беріледі.

Балалық дәурені ата мекені Нарында өткенмен, бергін келе Шәңгерей онда тұрмайды. Еділ бойына жақындап кеп, патша өкіметінен таңдаулы қоныс алады. Онысы Борсы деген (көл). Борсы дейтін үлкен өлке — алпауыт мүлкі (имение). Бұндай орын орыс ішінде ақсүйек, дворяндарға патшалыққа істеген еңбегі үшін берілетін сый-мүлік еді.

Шәңгерей өзі ұлық боп іс істемесе де, аталарының сіңірген еңбегі үшін осындай қоныс алады да, Самар губерниясындағы орыс дворян-аксүйектерінің тізіміне жазылып, қазақтан шыққан бірінші дворян боп өмір кешеді. Алған жеріне 30—40 үйлі казак қонсы әкеліп, ортасына солардың иесі боп өзі отырып, сәнді қып үйлер салғызып, алмалы тоғай, бау-бақшалар орнатып, көліне құс шүйгітіп, тоғайына тазы жүгіртіп әрі қазақша бай-сері, әрі орысша дворян-аксүйек боп, өз бетінше кең сайран-тіршілік етеді.

Сондайлық сүт үстінде қаймақ қып еркімен шалқытқан өмірінің жалғыз уайымы үй іші тұрмысында болған деседі. Жасында сүйіп, ынтық боп алған әйелі 30 шамасында қайтыс боп, соның өлімін өмір бойына аза қылып күңіреніп, мұң етумен өткен. Екінші қатын алмаған, баласы да болмаған.

Көп қазақтан жырақ жағып, оңаша жатқан бай-помещик тұрмысына бұл соншалық мәз-ырза кісі боп көрінгісі келмейді. Қанағат қыла алмай, жұбаныш таба алмай қалған адам сияқтанады. Шығармаларында көп күйлеген күйі осындай күй. Өмірде де тоқтық, тыныштық, молдыққа бөгіп, өмірін ажарламақ үшін жүйрік ат, қыран құс, алғыр ит, әнші-ақын жігіттер жиып, бір зауық етеді. Ағайын-туғандарының балаларын алғызып тәрбие беріп, оқу оқытады.

Бертін келе қазақтың оқымысты адамдары шығып, газет-журнал шығарған уақытта соларға атсалысады. Ұлтшыл, байшыл оқығандардың тобын қостап, оларға сыйлы, даңқты болады. Өзі Еуропаша оқуы бар адам, тұсындағы жаңа халдарға атсалысқанда, бұл наданша долбармен араласпайды. Өзінің бет-бағытын, таптық орнын біле отырып араласады. Оқыған адамдағы үйлескен, ұғысқан адамы сол кезде кадет партиясына мүше боп жүрген төре — Бөкейханұлы Әлихан. Оны әрі қандас інісі, әрі серігі есепті біледі. Соның жолын құптайды. Ақындық жолында орыстың дворян жыршыларынан бері келмейді. Солардың ішінен бірен-саранын аударып та байқайды.

Міне, осындай қала байы, өнерлі алпауыт болған күйін екінші жақтан жоғарыда айтылған ескі сері-мырзаның күйімен үйлестіріп, араластырып тұрып келіп, 1921 жылы өз ажалынан, сол Борсыда қайтыс болады. Шаруасын, мүлік қазынасын,

бұрыннан қоңсысы, қызметшісі, батырағы боп келген Борсы кедейлері Кеңес үкіметінің себебімен өз қолдарына алады.

Енді ақындық жайына келсек, Шәңгерей ақындыққа салынған кісі емес. Артында сақталып қалған өлеңі өте азғана. Бірақ сол аз өлеңі де бұның қатардан жоғары, ірі талантты ақын екенін көрсетсе де, Шәңгерей өзі бой салып, көңіл бөліп еңбек етпеген. Мына азғана өлең ұзақ өмірінің әр кезінде әлдеқалай жазыла салған сияқты.

Жазылған, арналған тықырыптары да бұның өз өмірінің, бас халінің кезең-кезең жайларынан ғана туып, соның айналасынан ұзамай аяқтап отырады. Сонымен шығармасының бәрі — өз өмірі, өз сезімі, өз қиялының туындылары ғана болады та, Шәңгерей өзі қазақ әдебиетінде бірінші рет көрінген дарашыл, сыршыл ақын болады. Өз басы, өз көңілімен ғана болған дарашылдығын өлеңдерінің ат, тақырыптары да көрсетеді.

Сондай үлгілері: 1) “Алалы сақа атысқан” — Нарында өткен балалық шағын жыр қылу. 2) “Сұңқардай шалықтаған тас ұяның” — көңіл лирикасы, өлім күйі. 3) “Ғаламға он сегіз мың патса болсам” — көңіл сыры — асықтығының күйі. 4) “Бір ағаға” — туысқан төресіне жазған өз көңілінің сыры — қиялы. 5) “Құдыққа құлан құлаған” — өлім күйі — өмір пәлсапасы. Міне, Шәңгерейдің әр кезде жазған азғана өлеңінің тақырып, сарыны осылар.

Ақын өз тұсында қозғалған, көптің ойын алған әлеуметтік-саяси мәселелердің ешқайсысына да көңіл бөлмейді. Көрмегендей болады. Оның орнына қиялға, сезімге, сырға шомады. Әлденендей тұманды ой, күңгірт мұңға кетеді.

Бірақ қоғамдық тақырыпты сөз қылмауын, атамауын — таптық халден, тартыстан оқшау тұрған бөгде нәрсе деп түсіну дұрыс емес. Сол күнбе-күнгі жайлардан сырттап жүруінің өзінде де үлкен таптық сыр бар.

Шәңгерей, бір жағынан, орыстың дворян табының адамы. Олар құлап бара жатқан тап еді де, XIX ғасыр аяғында XX ғасыр басында сол құлау алдындағы күйректік, сарындамашылыққа түскен еді. Алдыңғы қатар сезімшіл өкілдері неше түрлі қараңғы сезімдерге бой бұрып, діни мистикаға да, елесшілдікке де (символизмге) берілген еді⁶⁹. Бұлардың алды 60-жылдарда өндіріс

капиталы дәуірлей бастап, сонымен қатар ескілік іргесіне таланған дворян тыныштығы бұзылуға айналған кезде-ақ көріне бастаған еді. Өз тұсындағы жаңашыл топтардың екпін, айдынынан сескеніп, Борсыдай (имение) мекендеріне барып жатып, әлеуметтік тақырып дегеннің ешбіріне жоламай, өз бакшаларының ішінде кешірген өз бастарының сезім-киялын ғана жыр қылумен өткендер бар. Бүкіл 60—70-жылдағы дворян, ақ-сүйектер поэзиясы (Фет⁷⁰, Тютчев⁷¹, Полонский⁷² жырлары) осы күймен өткен. Қалың бұқара, қара шаруа атаулының жаңашыл санашылы боп Некрасов, Салтыков-Щедрин, Чернышевскийлер “Шойын жол” сияқты жырлармен майданға шыққанда, жаңағы өз бұрышына тығылып, өз ішіне үңілген күйрек, сыршыл, дарашыл ақындар “Гүл”, “Бұлбұл”, “Көбелек”, “Қарлығаш”, “Махаббат”, “Сәждә”, “Өлім” деген тақырыптарды ғана жыр еткен болатын.

Осы сияқты қоғамдық мазмұндардан кету, сыртынан қарағанда олардың тап тартысынан бас бұруы сияқты көрінеді. Бірақ шынын, сырын байқай келсек, бұл ол ғана емес. Ең әуелі, ана әлеуметтік қанын қоздырып отырған төңкерісшіл тақырыптарға қарсы, сондай әдебиет ағымына қарсы — әдейі ереуіл жасап, қыр көрсетіп, “сен оны айтсаң, мен бұлай шегінемін” деп әдейі шегіншектеп, бұққан болады. Онысы — тәсілі. Ал програмдық ниетіне келсек, осындай: қиял, сезім, сыр, бас мұңы дегендермен заманындағы жастың, жалпы оқушының ой-сезімін тұсамақ, сонымен күндегі тартыстан алаңдатып, басқа жаққа бұрып әкетпек. Айналып кеп әлеумет әуесіне тыныштық орнатып, сол арқылы өз тыныштығын, өз тоқтығын сақтап қалмақ болады. Бұл үлгідегі сарындамашылдық (романтизм) дарашылдық — бәрі де төңкеріске қарсы реакция тобының, құлауға айналған бай, ақсүйек тобының күйі болады.

Біздің әдебиетте Шәңгерей осы бағыттың, осындай әлеуметтік, таптық күйдің жыршысы.

Бүгінгіден ол да қашады. Тыңдаушы, оқушысын да жалтартып бұрып әкетпек болады. Құлау алдындағы күйректік, сарындамашылдық бұнда да мол. Күңгірт қиял, мұңды сарын, өлім күйі бұның да табиғи халінен туған тарихи шыны. Орыс үлгісінде ақсүйек болу арқылы туған ерекшелік осы деу керек.

Бұл ретте Шәңгерейдің де алған: “асықтық”, “өлім”, “көңіл сыры”, “қиял” сияқты тақырыптың бәрі — бүкіл дүние тарихындағы, байшыл, ақсүйек, күйрек ақын атаулының барлығының тақырыптары болады. Тарихи халдері осындай кезеңге тақағанда, бәрінің де “құлақ күйі” осы болған.

Сонымен қатар Шәңгерей — қазақтың ақыны. Бұның таптық орнында, қоғамдық қалпында, өз бойында да қазақ төресі болғандық бар. Өзі кешегі хан тұқымы. Қазақ тарихының көрнекті кезеңдерінде “жақсы-жаман” атқа ие болған топтың санашылы. Бүгінгі халі де жаман емес, олқы емес. Бірақ ендігі бұлдыр күн күдік туғызады. Жүрегін қобалжытады. Сондықтан сол бүгінгінің соқталы тақырыптары мен шаншулы жерлеріне соққысы келмейді. Өзге де қажамаса екен дейді. Бұ да бір басқа мекен сая тауып, сонымен өзгенің ықыласын алдандырсам дейді.

Оқушысы қазақ. Сол себепті қазақтың бойын ерітетін “құлақ күйін” бұл бұрынғыдан, өткен тарихтан таппақ болады.

Оған өзі сеніп отырған жоқ. Алданып жұбана да алмайды. Бірақ сүйтсе де, тыңдаушыны сонымен балқытпақ, қалғытып-мүлгітпек. Ескінің әуенін алып, тәтті жыр қып, күңіренше шертіп бермек. Бірақ ескі қалып бұны зарзаман ақындарынша тартпайды. Ол арасын өте айыра түсу қажет. Шын зарзаман ақындары өздерінің надандық, аңқаулық қалпымен сол “жоқтау-көксеулеріне” сеніп жырлаған. Шынында сол ескі заман қайта оралмас па екен деген, “оралса жақсы болар еді-ау” деген аңқау наныммен жырлаған. Ал Шәңгерейге ескілік олай көрінбейді. Өз кезегіне соның әуенін, үлгісін ғана алады. Бұған бөлейтін мазмұн сарыны тіпті басқа.

Ол ескіден де, жаңадан да пәленді ала ғой демейді. Дей алмайды. Бұл — сарындамашылдыққа біткен тұманды, мағлұмсыз ғана бір тұлға. Дағдарыс үстіндегі, құлар алдындағы құр елту, сенделу. Шығыс таба алмай, тығырыққа қамалудың күйі. Сондықтан ол ескіліктің өзі соғып өтетін күйлерін өзіне де жол қыла алмайды. Өзгеге де ұсына алмайды. Дәме мен дәрмен, сенім мен үміт те бұны тастаған. Дәл осы жағымен Шәңгерей,

кейін кеңес уағында шығатын ұлтшыл-байшыл, сарындамашыл, дарашыл ақындардың басы болады. Жоғарыдағы “өлім”, “асықтық”, “көңіл сыры”, “қиял”, “ескілік елестері” — барлығы сол кейінгілердің де әрі тақырыбы, әрі негізгі сарыны болатын. Бұл үйлестік қалай болса солай туған үйлестік емес. Төркіні, тамыр-түбірі бір болғандықтан туған үйлестік.

Шәңгерейдің осы айтылған тақырып-мазмұн жайындағы ерекшеліктерінің барлығын — шығармаларының түрі, тілі, құрылысы да баян етеді.

“Алалы сақа атысқан” деген өлеңде ардақтаулы бай ұлы, мырза ұлының туысын, балалығын суреттейді. Өз балалығы, өз туысын:

Сол көк орданың ішінде...
Ата-ананың зауқынан,
Қай жылы тамыз ішінде,
Шығып ана қарнынан
Мүлкі болдым пән дүние, —

дейді. Өзінің дүниеге келісін “жиһан”: “Қош келдің!” деп қабыл етті дейді. “Пән дүние”, “жиһан” сияқты кітап — араб сөздері, мәдениетті ақынның, талғаулы, таңдама тілмен сөйлеймін деген дарашыл, сәншіл, сыршыл ақынның әдетін көрсетеді. Ақын тілге бай, бірақ талғамы өте зор. Түрге, күйге, сыртқы көрініске, үн атаулыға қатты зер салған ақын. Мағынадағы нық басар орны жоқ аламыттыққа тілдегі мағынасы аз, бірақ күйі күшті термелеген аламыштық орай кеп отырады. Мазмұн жағында сезімді жыр қылатын сыршыл ақын тілде сенді сүйеді, үн жарастығын іздейді. Жалпы үн үйлестігін құру байланысы күшті, терең мағына бермейді. Бірақ Шәңгерей ол жағын кеп іздемейді, ол құлақ күйін ғана шертпек.

Осы жайды жоғарыда саналған өлеңінің бәрі де дәлелдейді. Әсіресе “Бір ағаға” деген өлеңде ылғи “а” дыбысымен тізілген резонанс: алыпұшқан, аспандаған кердең, кербез күйді көрсетсе де, мағынасы көптірген жадағай, саяз ғана нәрсе болады. Сарнап тұрған үн бар, бірақ еніп тұрған нәр аз. Табиғи хал.

Алған тақырыптарының көбін Шәңгерей осылайша үкілеп-тұмарлап, айшық сала сөйлейді.

Сөзден бедер салып, зергерлік жағын көп бағып, жалт-жұлтын күшейтеді.

Кейде сондай тілдегі шеберлік, тілмен құралған сурет шеберлігіне де айналады. Онда Шәңгерей өзінің ірі суретшіге лайық болған талантын көрсетіп те кетеді.

Сұңқардай шалықтаған тас ұяның,
Болжаған жер қияны, ер қиялым.
Мерт болған арыстандай айға шапшып,
Қайғылы қайтып болған шер қиялым.
Жер-жебір, жермен-жексен болайын деп,
Сен тұрсың кезеңінде пән дүниенің, —

деп, қиялына арнап көңіл сырын шығарады. Бірақ тілдегі үлкен кесек суреттермен қатар мағына, мазмұн: “өлім”, “қиял” боп астарлана береді. Белгілі айналып соға беретін “пән дүние”, “көңіл шері” ескілік әулеттеріне бөлініп, күңіренген үн сияқтанып шығады.

Ескіні пайдалануы осы қалыпта болады. Сыртымен ғана ескі “құлақ күйі” боп шығады.

Осындай сұлу, кесек суреттің бірі — балалығын айтқан өлеңнің ішіндегі “қосаяқтың” суреті. Оны сарыншыл ақынның үлгісімен балалық қиялына жарастырып, сағымдандырып, көтеріп суреттейді. Шын қосаяқтан гөрі сұлулық, сән іздеген дарашыл қиялдың жасаған қосаяғы болады. Өз басының көңіл күйі, сезімі солайша елестетуді тілейді. “Қосаяғы” оңаша мүлік-мекенінде жатып жырлаған дворян ақындарының “қарлығаш”, “көбелектері” сияқтанып шығады.

Жекешіл, сыршыл сезімнің бұл ақындардан шығысы осылайша болу керек.

Сондай бұлдыр сезіммен өмір кешкен тоқтық-тыныштық ақынына жеке-дара бас қайғысы да керек. Ол — жолы болмаған махаббат.

“Ғаламға он сегіз мың патса” бол десе де, “алтыннан асқар таудай тақ құрылса да”:

Олардың бәрін тастап, сені алар ем,
Бір өзің ел Нарында аман тұрсаң, —

дейді. Сондай қып аспандатқан асығына айтқан сөзі де, байқап қараған уақытта, сөз жалт-жұлтына бойұрып кеткен сияқты.

Адамнан артық екен ақыл-айлаң,
Ажары ақ бетіңнің асқан айдан.
Адасқан арық құдай болдым асық
Айдындай ақ төсіңе асыл айнам, —

деген сөздер жаңағы сағымдандырып, көтеріп, шынды айтпай мұнар қуа сөйлеген жайды білдіреді. Бас шерін алғанда, орыс ақындарынан да қазақы үлгіге қарай бойұра сөйлейді. Үн, сарыны ескішелеу келіп, тілді үндестік заңымен ескі қордан теріп ап кеп, “ақ төсің” деп толғанады. Салыстырған суретінде “ай”, “аққу”, “айдын” деп көптіріп әкелген, дәлдіктен алыс тұманды айшық көп. Есеңгірете айтқан боп жалғыз сөз күйін қуып кетеді. Бұндай жерде Шәңгерей қазақ әдебиетінде бұрын болмаған өрістерді табады. Күйлі сөздің күштісін айтқан ескек ақынның бірі болады. Қазақ поэзиясы бұның шығармалары арқылы суретті күйлілік тапқандай болады. Бұл дыбыс күйлілігіне жанасатын сөз.

Бірақ құлауға айналған таптың дағдарысты мазмұны мен күйректік, үмітсіздігін — бұл сыртқы күй жеңіп, меңгеріп кете алмайды. Толық, күшті ырғағымен Шәңгерейдің өзі айтқан:

Кен сарай сахарада өтті күнім,
Тас болат тар қапада шықпайды үнім.
Жалғыздық жанға батса шер тарқатқан
Қобыздай күңіренген қайран тілім, —

дегені боп, бір үнді қобыз сарыны боп қала береді.

Л. Н. ТОЛСТОЙ (1828—1910)

Толстойдың ақындығын тексергенде, алдымен айтып кететініміз, халықшыл жазушылардың шығармаларындағы сияқты, Толстойдың шығармаларында да көрнекті орын алатын мәселе — “қара шаруа” мәселесі. Дегенмен, ақсүйектік ортадан шыққан суретші Толстой бұл мәселені бүтіндей басқаша қояды.

Толстойдың өмірі

Толстойдың өмірі өте кенет, бірінен-бірі айырым іздеу, қайшылықтарға лық толы.

Толстой 1828 жылы, 28 августа, Тула қаласының маңындағы Ясная Поляна⁷³ деген өзінің атақонысында туған. Толстойдың

әкесі ескі, күшті туысты атаның ұлына жатқан. Кішкентай бала Толстой өзінің аға-інілері, апа-қарындастарымен ақсүйек үйде, түрлі тәрбиеші әйелдердің қарауында, бағуында болып өскен. Крепостнойлық тұрмыстың жалаңаш әділсіздіктерін, зорлық-зомбылығын Толстой бала күнінде көрмеген. Ол тұрмысты әдемі тұрмыс деп түсініп өскен. “Мамам былай тұрсын, айналамдағы адамдардың барлығы да, әкемнен бастап дебешіге дейін⁷⁴, бала күнімде маған өте жақсы адамдар болып көрінді”. Тағы да: “Бақытты, бақытты балалық шақ! Оны қалай сүйемсін, оны ойлағанда қалай бәйек болмассың!” — дейді бойы өсіп, бұғанасы қатқан ақын Толстой. Бұл сөздерден Толстойдың бала шағындағы тәрбиесінің, өмірінің Некрасов, Шедрин, Успенскийлердің балалық өмірлерінен⁷⁵, тәрбиесінен басқаша болғандығы байқалады.

Он алты жасында Толстой Қазан университетіне түскен. Бірақ екі жылдан кейін деревнеге барып шаруа болам деп, оқуды тастайды. Содан қызметке кірмек болады, университетке емтихан ұстамақ болады. Кешікпей бұл талаптардан да қайтып, жігіттік, салдық өмірге беріледі. Бірақ бұл думан өмірді тағы да кенеттен тастай беріп, “Кавказдағы соғыс армиясына” барып түседі. Бұл аласұрып, ізденіп, ұрынып, безініп жүрген кезеңде 20 жасар Толстой өзінің бауырына мынадай қызық хат жазады: “Мен саған Петербордан жазып отырмын. Петерборда дайым тұрып қалатын ойым бар... Мен мұнда қалып, емтихан беріп, онан кейін қызметке кірмекпін, егер емтихан бере алмасам (бұлай болуы да мүмкін ғой) 14 шеннен бастап болса да қызметке кірем, мен бірінші дәрежелі шенеунік сіздерден кем қызмет етпейтін 20 разряд шенеуніктерін көп көрдім”. Бұдан кейін: “Сен менің өзгердім дегеніме нанбай, “бұл 20 рет беріп отырған уәдең ғой, бәрі бір сенен мәніс шықпайды” дейтінін білем. Жоқ, мен бұрынғы өзгергендерімнен бүтіндей басқаша түрде өзгердім. Бұрын мен “келші, мен өзгерейін” деуші едім, енді мен өзгергендігімді көріп, “мен өзгердім” деп отырмын”. Міне, осылайша Толстой бас-аяғы жоқ өзгеріп отырған, жұлқынған, жолдар іздеген, ағасындай тыныш, жай тұра алмаған.

1855 жылы Толстой әскер қызметін тастап, Петерборға келіп, бірінші рет әдебиет, саясат дүниесіне талантты ақын есебінде

араласқан. Толстой өз заманындағы алдыңғы қатар әдебиеттік, саясаттық ағымдардың біріне де қосылмаған. Кейде ол тіпті кертартпа, реакциялық пікірлер де айтулы. Ол туралы Некрасов бір ретте былай деп жазған: “Кеше менің үйімде, ас үстінде ол нендей мылжынбай соқты! Оның басының ішінде не бар екені белгісіз. Ол өте көп топастық, жүде ақмақтық сөйледі. Егер оның бойындағы байлықтың, әпесерліктің әсерлерінің ізі жойылмаса, үлкен өкініш болады. Әдемі талант жойылып барады”. Толстойдың өзі Некрасовқа жазған хатында Чернышевскийді жаратпайтынын жазған, ол: “мына Чернышевский мырза жүде ұят...” дейді “сүйкімсіз топас. Сөз сөйлейтін шықылықтаған дауысы сөйлеу білмегендігінен де сүйкімсіз, дауысы өте жаман”, — деп, Чернышевскийдің дауысын кемітеді. Дегенмен, төңкерісшіл демократияға қарсы бола тұрса да, Толстой либералдарға да, ескішілдерге де қосылмайды. Ол билеуші төрешілдер табынан да аулақ. Оны жаратылысқа жақын усадьба тұрмысы қызықтырады. Петерборда бір жыл да тұра алмай, Толстой усадьбаға кеткен. Әдеби-саясаттық тартыстан теріс айналып, қалалық мәдениетті жамандап, Толстой өмір “шынын”, өмір “мағынасын” қоныстық тұрмыстың ескі ақсүйектік іргесін қайта құрам деп сенеді. 1862 жылы Толстой үйленеді. Өмірінің бұл кезеңін өзі былайша суреттеген: “Мен дұрыс, таза үй іші тұрмысымен тұрдым... менің бар әрекетім үй ішімді дұрыс ұстауға жұмсалды, байлық арттыруға, әдебиеттік даңқ алуға, түрліше рақатқа жетуге жұмсалды. Бүйте тұрса да үйлі-баранды помещиктің бұл “бақытты өмірі” кешікпей-ақ Толстойды жирендіре бастайды.

80-жылдарда Толстой үлкен ішкі дағдарысқа ұшырайды, өзін-өзі өлтірмекші де болады. Меншікті мүлкінен безбекші болады, жабайыланып қара шаруамен араласпақ болады. Толстой қара шаруаша киініп, қара шаруа жұмысын жасайтын болды, өзінің бастас адамдарының тұрмысын қатты шеней бастады. 1887 жылы Мәскеудегі маскүнемдер, қорғансыздар үйлеріне барып жүреді. Адамның жанын шошытатын кедейлік, жоқтық суреттері Толстойдың тоқ, мұғдарсыз адамдар тұрмысына дұшпандығын бұрынғыдан да күшейтті. “Бұрын да маған жат қалалық өмір енді соншама сүйкімсіз, жиреніш болды, бұрынғы рақатты болып

көрінген тұрмыстың бүкіл байлығы, рақаты маған енді ауыр азап болды. Мен өз бойымнан тұрмысымызды ақтайтын кішкентай да болса тірек табайын деп қаншама ыждағаттансам да, өзімнің болсын, басқаның болсын қонақ бөлмелеріне тыныштық көзбен, салқын қанмен қарай алмадым, байша ұйыстырылған қонағасын да, жылтыр арба-шананы да, тоқ делбеші мен аттарды да, мағазындарды, шатырларды, жиылыстарды қайнаған ашусыз көре алмадым”.

Өмірінің бұл кезеңі туралы Толстой “Тәубеде” (“Исповедь”) жазған: “Мен менің тұрған нәрсемнің сынғанын, тұратын нәрсемнің жоқтығын, менің тірек етіп өмір сүрген нәрсемнің жоқтығын, менің тірегімнің енді жоқ екенін сездім”. Тағы да: “Менің бастас адамдарымның — байлардың, ғалымдардың өмірі маған жиреніш болғандығымен қатар, қандай болса да мәнін жойды, менде болған өзгеріс осы. Біздің барлық қимылдарымыз, пайымдауларымыз, ғылым-өнер, мұның барлығы маған басқа мәнді болып көрінді. Мен барлығы тасқандық, ойыншық екенін, олардың мағынасын іздеудің мүмкін емес екенін түсіндім. Бүкіл еңбекші халықтың өмірі, бүкіл өмір жасайтын адам ұлының өмірі, маған шын мәнінде болып көрінді. Мен осының өзінің өмір екенін, ол өмірдің мағынасы, оның ақтауы ақиқат екенін түсіндім және ол мағынасымен қабыл алдым”.

Алайда өз табының өмірін “байлар мен залымдар” деп қарғай келіп, Толстой саяси күресте одан кеп қарсы шықпайды; төңкерісшілдерді жамандайды; залымдыққа күшпен қарсы тұрма дегенді насихат қылады (“залымдыққа қарсы тұрмау”). 1905 жылы 30 июньде өзінің қойын дәптеріне былай деп жазады: “Орыс төңкерісі өмір сүріп тұрған тәртіпті құрту керек, бірақ, күшпен емес, белсенбей қарсыласумен құрту керек”... “Қазіргі орыс төңкеріс қайраткерлерінің ағаттығы — олар орыс жұртына жаңа менгеру түрін орнатқысы келеді. Орыс жұрты санасына толды, оған еш нәрсенің де дәркері жоқ⁷⁶ сияқты”.

Толстой “орыс халқы”, “халық еңбекшілері” деп төңкерісшіл күрестен сырт қалатын, ақсақалды, қараңғы қара шаруаны ұғады. Ол қара шаруасы қарағанды төңкерістен іздейтін, қиыншылыққа төзіп, шыдай білетін, ең арысына барғанда, өзін қанап отырған-

дармен қарсыласқан ұжымды, табанды, батыл күресте де беті қайтпайтын пролетариатқа сенімсіз көзбен қарайды. Толстой өз табынан жігін айырып, қара шаруа жағына шықты. Сондықтан ол 1905 жылғы төңкерісті түсінбеді, жақтырмады. Толстой қарны тоқ байларды қаламағанмен, өзінің “Залымдыққа қарсыласпа” деген үгіті арқылы барлық қанаушылардың үкіметін нығайтуға солардың қолындағы шоқпары болып кетті. Қайшылық деген осы.

Толстой өзінің қарабасының өмірін өзінің жаңа көзқарасына толық түрде үйлестіргісі келеді. Үйінен, от басынан кеткісі келеді. Жаңа көзқарасынан жігін айырмайтын әдет сол сияқты, бірақ Толстойды үйімен байланыстырған жіп тым күшті. Көпке дейін байланысын үзуге батылы бармайды. Алайда, ақыр аяғында, үйіне енді қайтып келместей болып безеді. Үйінен кетпестен бір жеті бұрын Новиков деген қара шаруамен сөйлесіп отырып былай деген: “Мен осы үйде дозаққа күйгендей күйіп жүргенімді сіздерден ешқашан жасырғаным жоқ, ылғи тоғайға, сыртқа небір деревнеге, бобылдарға кетіп⁷⁷, бір-бірімізге көмек беріп жүруімізді тілеп ойланып, кетуге ынтық болып жүретінмін. Бірақ отбасымнан ат құйрығын үзіп әкететін күшті тәңірі маған бермей жүретін”. Үйден кетсем деген ертеден есін улаған ойын іске асырып кетіп бара жатқанда жолшыбай ауырып, Пенза—Орал теміржолының бойындағы Астапова деген станцияда дүние салады (Бұл күнде ол станция “Лев Толстой” деп аталады).

Толстойдың 50-жылдардағы шығармалары

“Балалық”, “Нәрестелік”, “Жігіттік” — Толстойдың тұңғыш жазған ірі шығармалары осы үшеуі. Бұл үшеуін 6-7 жыл бойында жазған. Үшеуінің де мазмұны бір-біріне байланысты болғандықтан “Трилогия” деп аталады. Қазақша үшем дегенге жуық. Бұлар жазушының белгілі өз өмірбаяны есепті. Әңгіменің басы Николенька Иртеньев деген бас қаһарманынан басталады. Николенька — өз ортасының иіне көне беретін құлы. Екінші жағынан сол ортаның өтірігі мен жалғанын әшкерлеуші. Иленько Граф — “шет жұрт кедейінің баласы” — бұл оған “аяуға

да, ойлауға да тұрмайтын келемеж кісі боп көрінеді”. Оның өміріндегі ірі уақиғасы ұнаған қыздар мен бекзадалар дәстүрін тұту, алғаш тойға бару, атқа міну сияқтылар болады.

Николенька жігіт болғанда “әскер басының бешпентін (мундир) кисем, үш қырлы қалпақ болса, өзімнің солқылдақ арбам болып, алдымен өз басымның еркіндігі болса” дегенді ғана ойлайды. Ол бүкіл адамды екіге бөледі: бірі — “ком ли фо”; екіншісі — “ком ли фо па” еместер. Мұның соңғы екіншісі “ком ли фо” еместер және жай халық болып өз ішінен тағы екіге бөлінеді. “Ком ли фо” кісілерді мен сыйладым, өзіммен терезесі тең болуға жарайтындар деп білдім; екінші тобына сұқтанып қарап, анығында көргім келмейтін, ақырет бергім келіп, жақтырмай тұрамын; ол үшінші топ маған тіпті жат болып көзіме көрінбейді, тіпті қарағым келмейді”, — дейді өзі.

Бір жағынан бұлай болса, екінші жағынан Николеньканың буалдыр санасын белгісіз бір ой кернейді. Ол ойы Иленько Граф туралы. Оны келемеж қылу жақсы әдет емес сияқты көрінеді. Ол “мұның бәрі бір күлкі, көңілді болды” деп қарамайды. Николенька әке мұрасына жалғаншы көзбен қарайды. Өз бетімен бір шындық, өзгеше бағалы, зерделі өмірді іздейді. Ондай жақсы, жаңа өмірді қалай тапқысы келеді? Десеңіз былай, өзі айтады: “Менің Дмитриймен жоралғым өмірге, оның мақсаты мен қарым-қатынасына менде жаңа көзқарас туғызды. Ол көзқарасымның мәні — адам ар-инабатын түзеу жолына тырысу үшін жаралған, ол түзелу оңай, мүмкіндігі бар, мәңгілік тауып қалады дегенге сенім”, — дейді. Толстой өзінің қаһарманына қалай қарайды? Ол алдымен бекзадалар өміріне елігуді сүймейді. Адамды жікке бөлу “тәрбие, қоғамның бойға сіңдіргені, ол кісіні адастыратын жалған сенім” деп қарайды. Сүйтеді де өзінің жасаған қаһарманының жолын қуып, ондай жалған өмірден құтқаратын жалғыз жол — өзіне ғана сену, өзінің ішкі әлеміне мойынсұну, сүйтіп өзінің адамгершілігін тазалап, өзін-өзі өсіруге салыну деп біледі. Мұның адамгершілік жолымен ғана әсер етіп түзеуге тырысқан уағызы алпауыт өмірі, оның жабайы тұрмысы, ақсақалдығы, тағы ата-бабасының жолын қуып, қожасына бас тартпай құл болып, ескіше тұратын жабайы халық өмірін дәріптеушілікке келіп түптеледі.

Бұл ретте басыбайлы экономкасының бейнесі Натали Савие кызық. Бұл бейне аса қызығу, құмарлықпен суреттелген. Жазушының оған қызығатын жері қайсы? Алдымен оның мамандығы, ақкөңілділігі, өз басын ұлы тұтпаушылығы.

Толстойға бектік дәуірінің құрылысы құлап, орыс жұрты капиталды қатынасқа өтіп келе жатқанда бұрынғы алпауыт, ақсүйектердің ескі өмірінің сақталып қалғаны ыңғайлы көрінеді. Оған ақсақалдық өмірінің сақталуы сыпайы саналады. Міне, сондықтан ескі өмірді құлатып, жаңаға аяқ басушыларды Толстой жақтырмады. Өз отанының әлсіздігін көрген Толстой мақсатының қорғанын жабайы халық өмірінен іздейді. Сүйтіп, өз табының шаруашылық-әлеуметтік негізін сезбей, салмақты сырттан ішке түсіреді.

Толстой бұлардан соңғы жазған “Алпауыт таңы” деген шығармасында да егер мырза мұжықтың жабайы өміріне жақындаса, бәрі жақсы болып жайғасады; сонда ар да, инабат та түзеледі деп білді. Сүйтіп, мұндағы жаңалығы — мәдениеттен қашып, жабайы қалып өміріне тартым болды.

Бұл дәуірдегі Толстой салт-санасының негізгі тұтынған жолы — орталықтағы бекзада өміріне қарсы шығу, “жабайы” халықты дәріптеу, мәдениеттен безу, өз бетімен жетілуді көксеу. Осының бәрі берік бір жол іздеудің салдары еді.

Толстой алғашқы жазған шығармаларында (“Соғыс пен татулық”, “Анна Каренинаны” ішке алғанда) іздеген жолының аз күнгі тиынағын жерлі ақсүйек бекзадалардан (поместно-аристократическое дворянство) іздейді. Соның сәл санашылы болады. Ақсақалды өмірді қорғау күресінде Толстой ылғи мұжықтарға қол артады. 80-жылдарға келгенде капитализм күшейіп бел алады. Ақсақалдық өмірдің меншігі, қанауы бар негізін тоздырады. Сондықтан Толстойдың ол сенімінен көңілі торығады. Ендігі шындықты жаратылыспен мидай араласып отырған қара шаруа өмірінен іздейді. Бұл — бір адым болса да ілгерілегені.

Ресейде капитализм өсіп, Некрасов айтпақшы “бір басымен мырзаны, екінші басымен мұжықты ұрды”. Ақсақалдық өмірге жерұйық болған қара шаруа жағы бұзып жарып келе

жатқан жаңа тәртіпке қарсы болды. Олардың қарсылық күші, кезіндегі құрылысты сынауы айқын, ашық болмай, буалдыр болды. Толстой қарсылығының да көп жері осыған сәйкес келіп отырды. Толстой жоғарғы салт-сана көпірін басып, 80-жылдары ақсақалды қара шаруаның жолына түсті.

Ленин жазады: “Ресей деревнесінің барлық “ескі тәртібінің” жылдам бұзылуы, айналадағы болып жатқан уақиғаға оның көңілін аударды; қаттырақ қызықтырды. Оның бүкіл көзқарасын өзгертті. Толстойдың туысы, тәрбиесі Ресейдің жоғарғы атақты алпауыттарына жатады. Бірақ, ол ортаның еккен көзқарасынан бөлінді. Өзінің соңғы шығармаларында көпшілікті тонауға, жүдетуге, қара шаруа мен жалпы уақ қожалықтарды бұзуға негізделген кезіндегі өмірдің басынан аяғына дейін сіңген күштеу, мекерлікке сүйенген кезіндегі мемлекет, шіркеу, қоғамдық, шаруашылық тәртіпті өлтіре сынға алды” (Ленин, “Толстой және осы күнгі жұмысшы қозғалысы” XIV т. 405-бет).

Толстой “Уағыз”, “Өмір мағынасы” деген шығармаларында кезіндегі құрылысты тас-талқан қылып жоғалтқысы келеді. Ол өмір жалған, адамгершілігі жоқ, Құдайдың бұйрығына қарсы деп біледі. Ғылым, өнерден безеді. Тіпті “Соғыс пен татулық”, “Анна Каренина” деген шығармаларынан да қашады. Адамды жаратылыстан әрі айырып жібереді деп техниканы қаламайды: адамды бір-бірімен жауластырады деп жекеменшікке қарсы; төрешілдіктің қайнаған мемлекет мекемесіне қарсы. Ақыр соңында өзінің беделін сала келіп, кезіндегі тұрмыстың сұмдығын көрсетеді. Ақша кісіні бұзады деп, өнерлі кәсіптің өсуін қорғайды. Буржуазияшыл-бекзада мәдениетіне қарсы жалпы жержүзінің адамына бауырмал, Құдайға құлшылық қылуға сүйенген, ар-инабатымен бір-бірін қолдап, залымдық істемейтін мәдениетті ұсынады. Ол капитализмге діншіл-социалды қара шаруа қауымын қарсы қояды.

Толстойдың осы оқуы жөнінде Ленин былай дейді: “Түңілуші бір” қарсыласпау, “Рухқа” шағыну — ескі өмір “аударылып” бара жатқанда сол өмірде тәрбиеленіп, соның әдетін, салтын, иманын ана сүтімен бірге емген көпшілік жаңа “құрылып” жатқан тәртіптің қандай екенін, қоғамдық күші қандай, қалай “құрылып” жатқанын, “қаусату” дәуіріне лайықты ауыр пәледен

айықтыратын қоғамдық күшінің қайсы екенін көрмей, көре алмай туған дәуірде лажсыз пайда болатын салт-сана...” Толстойдың оқуы сөзсіз тиянақсыз болжал: сөзді дәл, терең мағынасында айтқанда, мазмұны жағынан кертартпа.

Әрине, бұдан Толстойдың бар кітабын отқа өртеп жіберу керек, пайдаланатын түк жері жоқ деуге болмайды. Оның жаңа өмірге жарарлық, істеп алуға көнерлік жерлері бар.

80-жылдарда Толстойдың тақырыбы қара шаруа өмірі болады. Қаланың деревнеге істеген озбырлығын жазады. Өзгеріс тұсындағы деревненің қараңғылық жағын сынағанмен, жол көрсете алмай, құдайдан күтеді.

Толстой 90-жылдардың аяғында үстем таптың өмірін көркем әдебиет арқылы көрсетуге ойысып түседі. Бұл кезде “Жексенбі”, “Жалған купон”, “Той тарқар”, “Қажы Мұрат” деген шығармаларын жазады.

“Той тарқар”. Бұл әңгіме 1903 жылы жазылған. 1903 жылы 18 июньде Толстой күнделігіне мынандай деген сөз жазыпты: “Бір (полковник) тойда бір сұлу қызбен би билеп жүріп, ерте кетіп қалғанын білдім. Ондағысы ертең таңертең солдаттықтан қашқан бір татар солдатты өлімге аттандырып, түскі тамаққа үйіне келмек еді”, — дейді.

Осы сөз ол әңгіменің тақырыбы. Жазушы өлгенше қатаң, мекекер полковниктің ішкі пердесін ашық көрсетеді. Тойда қызымен бірге жүреді. Әңгіменің басы — “құрметті Иван Васильевич”. Бұл анау полковниктің сұлу қызы Варенькаға ғашық. Иван бақытты кісі; дүниені құшағына сыйғызады; ғашықтығын төңірегіне салып сынайды; әсіресе Вареньканың әкесі полковникті құрметтейді. “Оның әкесінде біртүрлі еркелік күлкі бар. Оның үстіне, тіксінген нәзік бір сезім барлығын байқадым...” — дейді.

Оқушы жазушының жазғанына қарап көңілді, сұлу, ерке, қайырымды полковникке өзі беріліп кетіп отыр деп түсінуінде сөз жоқ. Бірақ нақ осы арада кемеңгер суретші бірден серпіліп “бүкіл, барлық бет пердесін ашады”. Анығында — қатал сұм жөндеттік пернесі оның сұлу сыртын сылап қана сезілмей тұрады екен.

Тойдағы көріністен соң жазушы оқушыларды бірден полковниктің үйі тұрған далаға аударып жібереді. Иван Васильевич

далада жүріп тойдағы әдемі күйді есітеді. Бірақ артынша ол тәтті күйді “басқа бір түрпідей жаман күй тырнайды”. Ашық көрінген бұл оғаш күй сол болмай сезіледі. Ол — татар солдаттының қуғыны екен. Ұстап алып, оны келістіріп тұрып сабаған: “Әрбір дүре соққан сайын, қуанған кісідей, бір сөзді қайталап айтып, ашулы жүзімен тісін ақситып, дүренің даусы шыққан жаққа қарап тұрды”, — дейді.

“Бауырларым, аясандаршы” деген үн шығады. Бірақ, бауырлары “аяған жоқ”. Шынында аяуды дәметуге де болмайтын еді. Полковник біресе аяғына, біресе жазалыға қарап теңселіп жүр еді”.

Арғы жерде ше? Арғы жерде әбден ұшығына жетеді. Оқушы полковниктің қайырымсыз қаталдығын көреді. Иван Васильевич “татардың қып-қызыл ала қан болған арқасында таяғын жай салып тұрған тапалтақ, әлсіз солдаттың жағына полковник ақ биялайлы күшті қолымен тартып кетті және “Қамшыны алып кел!” — деп айқайлады”. Жазушы алдында полковникті “қайырымды”, “мәйін” деп келіп, артынан оған үш қайнаса сорпасы қосылмайтын екінші қорытынды шығарады. Мұнда үлкен мән бар. Әлеуметтік қатынаспен күресудің жалғыз жолы... өзін-өзі адамгершілікке жеткізу екен. Иван Васильевич полковниктің бұл ғаламатын айта келіп, ақтығында “осы жағдайда өзін-өзі адамгершілікке жеткізуге болады екен”, “кейде ойламаған жерден шыққан уақиға адамның жанын сауықтырады екен” деген қорытынды пікірге келеді. Бұл арада Толстой салт-санасының қайшылығы өте айқын көрінеді. Мұның салт-санасындағы қайшылық: басыбайлы құрылысына қарсылық, алдағы шығатын шын жолды көре алмай ақсақалды қара шаруаның салт-санасына түскендік.

Уақиғаның болған кезі ХІХ ғасырдың 40-жылдарына жатады. Ол кез І Николайдың қылышынан қан тамып, аяздай қысып тұрған кезі. Оның әрбір қадамы ату, асу, алдаумен аяқталып отыратын. Бұл дәуір — кер кетудің асқынып тұрған, көзге түк көрінбей қылыш пен оққа сүйенген дәуір еді. Ол кезде жазаның неше атасының ұлы шыққан: дүре, қамшы, дар, сойыл т.т. бәрі сол кезде кең қолданылды. Халық жағынан болған сол шетіндік

сойыл, дүре өліммен бітіп отырды. Қалың қара шаруа бұдан аз ақырет көрген жоқ.

Толстой ол дәуірге тегін көңіл аударып отырған жоқ. Оны әшкерелеу арқылы өз тұсындағы қоғамдық-саяси тәртіптің ішкі сырын әшкерелегісі келеді. Осының артынан жыл өтпей “Қажы Мұрат” деген әңгімесін бітіреді. Бұ да Николай кер кетуінің сырын ашуға бет қойған шығарма болатын.

“Қажы Мұрат”. 1906 жылы Толстой күнделік дәптеріне былай деп жазыпты: “Қыдыруға шықтым. Күзді күні таңертең. Күн тамаша жібектей жұмсақ, жылы, жапырақтардың иісі аңқиды. Таңырқарлық жаратылыстың кең дала, қалың орманы, суы, құсы, аңмен бірге адамдар да өзіне басқа қала жасалынды жаратылысын соғып жатты; зауыт моржасы, сарай, атсыз арбасы, дауыстаушы сияқты нәрселері пайда болып жатыр. Сұмдық, еш уақытта түзеуге болмайды”. Сол жылы тағы бір жерінде мынандай сөз жазған: “Кеше күзгі жыртылған қара топырақты сүдігірмен келе жаттым. Әзірше көзге айдалған қара топырақтан басқа бір тал көгерген шөп көрінбейді. Бір мезгілде жиектегі шандатқан жолдың бойынан бір шоқ “татар” көрдім. Паясы үшеу екен: біреуі сынып, кірленіп ұйпалақтанған ақ гүл салбырап тұр; енді бірі о да сынған, қара топыраққа былғанған, сабағы сынып балшық боп қалыпты; үшінші паясы бүйірге қарай қисайып тұр, бірақ шанданып қарайғанмен, әлі тірі, ортасы болмашы қызарады. Сол кезде Қажы Мұрат есіме түсті. Жазғым келеді. Ақтық өмір қалғанша тырысып бағады. Осынша кең даладағы шалғын шөптен жалғыз ғана өзі қалыпты”. Алдыңғы бірінші, екінші сынық гүлге “тамаша жаратылыс” өмірін сүйеу көзімен қарайды. Оның өз бетімен өскендігі, бүтіндігі, көріктілігі мұның жүрегін тербетеді.

Толстойдың қаладағы капиталшылар мәдениетіне қарсылығын білеміз. Мына күнделік дәптеріне жазған сөздерінен Толстойдың сол бұрынғы ойын соза түскендігі айқын көрініп тұр.

“Қажы Мұрат” әңгімесінің негізінде Николай заманында Кавказда болған шын уақиға болғандықтан тарихи ат қоюына мүмкін. Кавказдың белгілі атақты ері Қажы Мұрат Шәмілұлы сол кезде орыс үкіметіне беріледі. Толстой бұл еңбегін жазғанда

көп тарихи документтерді пайдаланған; хат, күнделік дәптер, деректеме очерктерден мәлімет алған. Оның қолында Чернышев, Воронцовтармен жазысқан Николайдың хаттары⁷⁸, баяндама хабарға қойған Николайдың қолы бар екен. Осы тарихи документтер Николай, Чернышев, Воронцов, тағы басқа сол кездегі белгілі кісілердің бейнесін барынша шындықпен жазуға Толстойға көп демесін болған.

Әңгіменің бас қаһарманы Қажы Мұрат бейнесіне тоқталайық. Қажы Мұрат — анайы, жат жанды жабайы кісі. Оның жүрегіне қатқан кектің қыжылы, жалпы әдеті — қанды қанмен жуып өшін алу. Қажы Мұрат сондай қанға тойымсыз кер азу жағымсыз кісі болса да, жазушының жақтыратын кісісі болады. Оқушы шүү деп Қажы Мұратпен таныса бастағанда, оның анадай сорақылығын көрмей, оның бойына біткен ерекше көзсіз күші мен сұлулығының жабайы бүтіндігін, оның әдемі “балалық күлкісі” мен “балалық қайырымдылығын” көреді.

Оның мәнісі — жазушының өзі Қажы Мұраттың көзсіз күшін, бүтіндігін шапшандық жаратылыста қалап, дәріптеп көрсетілгендігінен “оның жүрісі мен жауға шабуы жай кісідей емес, орасан өткір, айлакер еді, жорығында қанжығасы қандалмай қайтпайтын”. Тағы: “Қажы Мұрат қашанда өзінің бақытына сенетін. Бір жорыққа аттанарында олжалы боларына кәміл сеніп, белін мықтап алатын. Оған дүниенің бәрі жылы шыраймен қарайтын”. Қажы Мұраттың өлімі қаралы болып көрінеді. Жазушы өзінің сүйген қаһарманына жұртты тамсандырып қою үшін одан кестелі тіл, сырлы сөзді аяған емес.

Қажы Мұрат сынды жабайы, бүтін туған жат мінезді, таужанды кісінің қарсы беті І Николай бастаған сол кездің соғыс-төрешілдік ұстындары. Бұл ұлықтардың Толстой берген сипаты: жауыздық, бықсық әзімшілдік, мақтаншақтық, ұятсыздық, қорқақтық, бос кеуде жасандылығы. Оқушының көз алдында “қырынған жылтыр бетін” көрсетіп, бас қолбасшы Воронцов шал өтеді. Оның жүрісі “соғыс емес, өлім іздеген” сияқты. Онан соң екі араға от салып шағыстырудан басқаны білмейтін соғыс министрі Чернышев көрінеді. Оның артынан “өз дауысына өзі ырза болатын” қорған адъютантынан бастап, “өлгенше ақымақ,

өте нәзік, өлермен алдампаз” Воронцов қолтығындағы грузин князі сияқты уақ төрелерінің тобы шығады.

Бұл ұлы төрелердің барлық жалғандығы, қаттылығы, сасық мекерлігі, құрметсүйгіштігі, дарынсыздығы, ішінде түк жоқ бос екендігі бір Николайдың бейнесіне жиналған. Жазушы Николайдың сырт суретінен де мұны сездіріп қойған. “Салық” қарын, “тынық” мағынасыз көз, зор, өзіне сенгіш келбет оның ішінде түк жоқ екенін аңғартады. Николай Ресейдің әміршісі болғандығы жағынан да, жеке адамдық белгісі жағынан да жұртқа жексұрын көрінеді. Оның дарынсыздығы, өзін тым көкке көтерушілігі (“иә, менсіз жалғыз Ресей емес, бүкіл Еуропа тұра алмайтындай болсын!” деген сөзінен) айқын көрініп тұр. Николайдың серсаумал қаталдығы бақайшағына дейін шағылып ашылған. Әсіресе Бжезовский деген студентпен болған уақиға оны соқырға таяқ ұстатқандай ашып береді. Өзінің жаратылыстық қаталдығы мен полякты жақтырмаушылығынан (мүмкін, бұл жақтырмаушылық 1831 жылғы поляк төңкерісінен қалған болар) келіп, Николай ол студенттің сол ісіне мынадай қаулы шығарады: “Өлім жазасына бұйыруға тұрады. Бірақ, Құдайға шүкір, өлім жазасы бізде жоқ. Мен ондай жазаны қолданбаймын да. Мың адамның арасынан 12 рет еңбектеп өтсін. Николай” деп өзінің жаратылыста жоқ ірі жазуымен қол қояды. Мың адамның арасынан 12 рет өту дегені — 12 мың дүре деген сөз. Бұл не деген қаталдық, не деген жүзікаралық! Мына деген мықты кісіні дүрелеп өлтіру үшін мықтағанда 5000 дүреден артылмайды. Дүрелеп өлтіру өлім жазасынан да ауыр жаза ғой. Бірақ ол мұны жақсы біледі.

Жақсы білгендігі үшін осыны істейді. Өлімнен ауыр жаза беріп отырып, бізде өлім жазасы жоқ деп жұрт көзінде таза болмақ. Шегі жоқ қайырымсыз қатаңдығы бұған батылын барғызып отыр. Бұдан артық қаталдық, бұдан артық мекерлік бола ма? Толстой бұл қаулыны өз басынан шығарып жазған жоқ, Николайдың қағаздарынан тауып алған шын жұмыс.

Батыс облысындағы қара шаруалар ырыққа көнбегендігі үшін соғыс сотына тартылады. Мыңдаған қара шаруа көтеріліс жасайды. Осыны жазған газеттің редакторын Николай әскерге

береді. Николай ісінің арамдығына мұны бір үлкен айғақ қылып Толстой аңыз қылады.

“Николайшылдықты” өлтіре сынау “соғыс әуесінен де” байқалады. Соғыста қанша жан қалып, қанша қан төгіледі, мал-бас ысырап болып шашылады, соғыстың жай халыққа кесепаты тиеді. Николай соғысын Толстой осындай жаман жағынан көрсетеді.

Міне, Николай шенеуніктерінің осындай алты қарыс азуына Қажы Мұратты қарсы қояды. Бұл қарсы қоюдағы мақсат не? Қажы Мұратты неге мұнша ақындық өнерінің шыңына шығарып дәріптеп отыр?

Уақиғаның сабағын қуып келгенінде осындай сауал өз-өзінен келіп шығады.

Жазушыға Қажы Мұрат қымбатты. Өйткені, ол шынайы жаратылыс баласы; жабайы ақсақалдық дағдыға арқандалып өскен ұлттық, жаратылыстық қайтпас құрыш күші бар кісі. Осы тұрғыдан қарап Толстой бүкіл тау елінің туысын дәріптейді. “Әпесерлер бізге келіп ұмақан мен карта ойнап жүретін болды. Оны арақпен суғарып, жаман жерлерге алып кетіп жүреді. Сүйтіп жүріп ол қолындағы барын картаға ұтқызып жібереді” деп, орыс әпесерлерінің тау елінің анайы сұлу тағы тұрмысын бұзғандығын айтып қатты күйінеді.

Кезіндегі төрешіл пәлесей мемлекетін сынап жазған асқан сұлу сырлы, шын уақиғалы шығармасының ақырында Толстойдың қандай қорытындыға келгенін айқын түсіну үшін Авдеев солдаттың бейнесіне тоқталайық. Авдеев “солдат болу — өлу екенін білуші еді”. Сонда да інісінің орнына солдаттыққа кіреді. Оның бұл құрбандығы бар әлемді сүйіп, барлығына өзін сүйдіруіне қоштасқан аса момын ақ пейілділігіне келіп сабақтасады. Оған жауласқалы бара жатқан тау елінен бастап, қызметіне нөкталы басын сұққан мырзаларына дейін бәрі де “жақсы” көрінеді. Жазушы барлық дұрыс қаһармандарының ішінде (тіпті Қажы Мұраттың өзінен де) Авдеевті терең толғаумен жылы жүзді, мәйін кісі қылып көрсетеді. Авдеевтің өлеріндегі көрінісін көрейік. Авдеев өзіне пайдасыз, мағынасы жоқ, керексіз соғыста жүріп жарақаттанады; ақтық минутында да барлығына кексіз таңырқаған көзбен қарап, ешкімге тіс жарып ешбір наразылық білдірмей ақырын ғана тәжіммен көзін жұмады.

Толстой пәлесейлі-төрешіл құрылыстың бет пердесін шеберлікпен сылып алып, өзіне-өзі сеніммен қалады: мұндай сынның аяғынан төңкерісшіл қорытынды шығармайды. Ақтығында жазушы шыдамға, бас июге, қарсыласпауға шақырады. Бұл — бір, екінші жағынан, жаратылыстың, ақсақалдық — жабайы әдеттің мызғымайтын күшін бекітуге шақырады. Толстойдың ақсақалды қара шаруалық салт-санасы осы жерде өте айқын көрінеді.

Толстойдың көркемдік өмірі

Толстой берік, “тапжылмас” (Лениннің берген бағасы) шыншылдықпен жазады; ол өмір, тұрмыс күйін барынша өзіне қас белгі болатын мысалдармен көрсетеді. Бұл — Толстойдың айрықша шеберлік қасиеті. Сондықтан Толстой шығармаларының тұрмысты тану мәні өте күшті. Ленин жазады: “Толстой Ресей деревнесінің, алпауыт пен қара шаруаның тұрмысын жақсы біледі. Өзінің шығармаларында ол тұрмысты дүние әдебиетінің ең жақсыларынан ғана табылатын суретпен көрсетіп берді”.

Толстойда психологиялық талдаудың нәзіктігі аса тамаша.

Чернышевский айтады: “Граф Толстойдың талантындағы айрықшалық сол — ол ой өлкесінің нәтижесін ғана көрсетумен қоймайды; оны қызықтыратын сол ағымның өзі бір-біріне алма-сып жатқан ішкі әлем өмірінің білінер-білінбес нәзік сырларын қуып жазуды сүйеді”, — дейді. Толстойдың (Боткин дейтін) бір замандасы⁷⁹: “Түрлі ішкі қозғалысты қалай, қалай нәзіктеп айтады — тіпті тамаша!” — деп таңырқайды. Толстойдың негізгі көркемдік әдісі — осы жіңішке жан жүйесін талдауы. Мұның бұлай болу мәнісі — Толстой өзінің шығармасындағы қаһармандарын үздіксіз талдап, өзінің ішкі әлемін ашуда өзін-өзі үздіксіз бақылап, ашылған сол сырдан белгілі адамгершілік жасауға дайым тырысып отыратындығынан. Адамгершілікке жету жолында Толстой қаһармандарының көбісі өзінің ішкі әлемін ысырып, “өзін-өзі жетілту” жолымен өмірдің “шындығын”, “мағынасын” іздеуге құлаш ұрады. Оның көп шығармаларындағы басты қаһармандар — Николенька Иртеньев әлемін, Нехлюдов, Пьер, Андрей князь, Левин барлығы да ішкі

әлемдерінің шытырманын ашуға құл болады. Олардың барлығы да қатты, батыл түрде өзін-өзі бақылап, ашып отыруының нәтижесінде бірте-бірте “шындықты” табады. Ол “шындығы” шығарманың негізгі адамгершілік жолы, ар-инабатқа үйрететін идеясы болып шығады. Бұл адамгершілік белгісін егусіз Толстой тіпті көркем әдебиет жазбайды. Онсыз көркем әдебиет жазамын деп те ойламайды. Күнделік дәптерінде былай деп жазғаны бар: “Мен таңғаламын, адамгершілік — әдебиет мақсатының бірлігі туралы ұғым екендігіне қалайша біз сырт орай тастаймыз, әдебиетте адамгершілік оқуының керектігін айтып көріңізші, бұл күнде оны айтқан сізді ешкім ұқпайды. Әрбір көркем әдебиет шығармасының адамгершілік оқуы — оның мақсаты деп жазатын болсақ, теріс болмас еді... Мұндай тұрақты адамгершілік жолы енді бізге айқын”.

Толстойдың тағы бір көркемдік шеберлігі — көркемдік қиқымды тамаша шебер ақылмен келтіреді... Чернышевтің “қарт аяғы”, Николайдың “өмірсіз көзі” т.т. толып жатқан әдемі теңеу, әсірелеулері ой ұсталығын көрсетеді. Кей жерде ондай уақ белгілер аздан көп мағына береді. Мәселен: Воронцовтың таз күлкісі, Қажы Мұраттың сылтып басқаны, балаша жымығаны т.т.

Толстойдың тілі өте түсінікті, жабайы, дәл, анық. Мәселен, “Ұйқы” деген кішкене әңгімесін 29-30 рет жөндеген. Сондағы ойы түсінікті болсын дегендік. Толстой айтады: “Өзіңнің пікіріңді сондай жабайы, дәл, анық күйге келтіруге тырысу керек, тіпті оқыған кісі — осы-ақ па, бұл әшейін-ақ қой деп азсынып қалатындай болсын. Бұл үшін үлкен күш, еңбек керек”.

III. ҰЛТШЫЛДЫҚ ӘДЕБИЕТТІҢ БАС КЕЗІ

XX ғасырдың кірісі, әсіресе 1905 жылғы орыс төңкерісінен кейін қазақ әдебиетінің тарихына үлкен өзгеріс енді. Әдебиет негізінде байшыл-ұлтшыл оқығандардың қолына көшті. Әдебиеттің арнаулы қызметі: қазақ жұртын патша отаршылдығына қарсы ұлт-бостандығына шақыру, мәдениетке жетелеу, солай ұйымдастыру жолына түсті. Әрине, бұл өзгеріс тегіннен-тегін шыға салған өзгеріс емес. Бұл — кезіндегі тарихи жағдайдың әлеуметтік шартынан туған нәрсе. Қазақ әдебиетінің бұл дәуірдегі жайын айқын түсіну үшін сол кездегі қазақ өлкесінің әлеуметтік-шаруашылық күйі қай халде болғандығын қысқаша барлап өтейік.

Отар саясаты

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы патшаның қазақ өлкесін отарлау саясатының әбден күшіне мінген кезі. Қазақ жеріне теміржол салып, базар ашып, өнеркәсіпті сауда жолымен отарлауы былай тұрсын, алдымен қазақ жеріне қол салып, ұзын өріс, кең жайылымды тарылтты. Ішкі Ресейдегі жердің дені ат төбеліндей алпауыттардың қолында болып, — жерсіз кара шаруа таршылық тепкісіне шыдамай, көтеріліс жасай берген соң, патша үкіметі алпауыт құрылысын құлатып алудан қаймығып, жерсіз кара шаруаны қазақ, қырғыз, Сібір сияқты жері кең орта елдерге көшіріп апарып орналастырып отырды. Патша үкіметінің қолдап әкелгені бар, ішкі Ресейдегі жер тапшылығына шыдай алмай арқа-басы кең тұратын алпауыттардан мойыны қашық жерге өз беттерімен ағылып келуі бар, қазақ жеріне келімсектердің келуі жылма-жыл артпаса, кемімейді. Ол мына төменгі келтірілген кестеден анық көрінеді.

Қазақ өзге отар елдерге қарағанда әлеумет, шаруашылық құрылысы әлдеқайда төмен. Қазақ бектік-ақсүйек дәуірінде өмір сүріп, көшіп-қонып мал баққан ел.

Әлеумет құрылысы, шаруашылығы, мәдениеті төмен елді жиһангерлердің қалай етіп қанаймын десе де қолынан келіп,

Облыс аттары	1896 жылдан 1905 жылға дейін	1906 жылдан 1917 жылға дейін
Ақмолаға	163.033	490.257
Семейге	11.047	122.867
Торғайға	60.018	213.793
Оралға	36	56.338
Барлығы	234.134	883.255

қонышынан басады. Бұл бір жағының әлсіздігі бір болса, екінші жағынан, қазақ өлкесін жан-жағынан қорған соғып, тыпырлауға шамасын келтірмейтіндей етіп қоршап алған. Міне, осы жағдайлар патша үкіметінің аяусыз қатал айуаншылық түрде қанауына үлкен мүмкіндік берді.

Патша үкіметінің қазақ даласында еркін қимылдағаны сонша, тіпті 1891 жылы 25 мартта “Дала заңы” деген заң шығады. Ол заңның ережелері бойынша қазақ өлкесіндегі бүкіл артық жердің барлығы “қазыналық” болатын болды. Мәселен, заңның 119-статьясы бойынша:

“Көшіп-қонып жүрген жерлер мен сол жерлерге тиісті нәрселердің бәрі де, ағаштарына дейін, мемлекеттің қарабасының (қазынананың) дербес меншікті мүлкі болып саналады” дейді.

Талай замандар бойы мекендеп иеленіп келген жерді бұлай бір статьяның қолдан көрсетілуімен сыпырып алу деген зорлық, озбырлықтың ең ұштығына жеткені болады. “Ұрысы күшті болса, иесі өледі” дегендей, қазақ өлкесін айдаса — жаудың қолында, ысқырса — желдің өтінде деп іс істегендік.

Бұл заңның жүзеге қатты аса бастағаны 1905 жылдан кейін. Өз ішіндегі жұмысы мен қалың қара шаруаның қаулаған өртті қозғалысынан қысылған патша үкіметі салмақты қазақ, қырғыз сияқты отар елдерге салумен жан сақтау жолына айқындай кірісті. Ішкі Ресейдегі жерсіздіктен тынышсыздыққа түскен қара шаруаның барлығын отар елдердің жеріне айдады. Келген келімсектерге “қазыналық” жердің қайдағы сауырлы, шұрайлы жерлерінің бәрін беріп, тұрғын халықты қайда тау-тас, сортаң, шөл болатын болса, соған ысырып шығарып отырды. Шаруасын

күйзелтіп, жұт, ашаршылық, қырғын селебесіне обықтырып отырды.

Әрине, бұған тұрғын халық “мейлі білсін” деп отыра берген жоқ. Сыртынан патша үкіметі, іштен өзінің бек, байларының үй сыртына үй тіккен қанауында жүрген қазақ еңбекшілері көтеріліс жасап, қарсы қайрат көрсетпей қалған жоқ. Әсіресе 1905 жылдан кейін патша үкіметіне қарсылық әр жерден шаң беріп отырды.

Мәселен, 1905 жылы Ақмола облысының губерниялық генералы Ақмола уезінің бір аулына барғанда, кезекті ылау атын бермеген, генералдың алдындағы даяршысын өлтіріп, қалғандарына қатты қарсылық көрсеткен. Торғайда да осындай қарсылықтар болған.

1905 жылғы төңкерістің толқыны қазақ өлкесіне де жеткен (бұл туралы кейінірек айтылар). Қазақ арасында толқынның шығуы, патша үкіметінің одан сақтануы бұған үлкен дәлел. 1905 жылы 25 декабрьде Түркістан генералына былай деп телеграмма беріледі:

“Менің саған беретін кеңесім — өлкенді уақытша соғыс кезіндегі қалыпта ұста; көтерісшілер мен төңкерісшілерді сарқып басып отыру керек; олай етпеген күнде тұрғын елдің арасындағы айбарды елсіретіп, көтеріліс туғызып алуымыз мүмкін”.

Әуелгі көтеріліс, қарсылықтардың бәрі де жеке-жеке бытыраңқы ұйымсыз болып отырады. Бұл қарсылықтың қанаттасып тұтасқан кезі — 1916 жыл.

1916 жылғы көтерілістің түп себебі әскерге адам алу ғана емес. Әскер алу жарылуға жақындаған шиканның аузын ғана жұлды. Бұрыннан сарылып келе жатқан сабақты себеп: патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясатына қарсылық.

Патшаның белгілі Куропаткин деген генералы⁸⁰ 1916 жылғы қазақ даласында болған көтерілістің себебін айтып, патшаға былай деп көңіл білдіреді:

“Өзімнің адал берілгендігімнің белгісі үшін мұның (1916 жылғы көтерілістің) себебін айта кетуді міндетім деп санаймын.

Соңғы 30 жылдың ішінде Түркістан елдерінің арасында үкіметке наразылық күшейді. Соның ішінде, әсіресе 2.615.000 жаны бар қазақ елі қатты наразылық көрсетулі.

Қазақ өз жерінен еркі өте-мөте қатты жойылған ел. Осы күнгі қолданып отырған жер заңымызға қарағанда қазақ шаруасының осы күйінде тұрғандағы барлық жері мемлекеттік (қазыналық) болып есептеледі. Артық жердің барлығы қазына қорына түседі. 1904 жылдан бері бұл артық жерді тым далитып жіберіп қарадық; қазақтардың күнкөрісіне керекті орасан көп жер алынып кетті... Қазақтардың өзіне деп қалдырылған жердің тарлығы үстіне орман сақтау бұйрығы жамалып, онан сайын тынысын тарылтты, азғана орманды жердің өзі-ақ арық атқа қамшы ауырлық қылып отыр. Бұл айтылғандардан басқа қазақтар өздерінің болыстарына да ырза емес; халық билеріне де наразы”.

Патша үкіметінің қазақ жерін қалай, қайтіп озбырлықпен отарлағаны жоғарғы айтылғандардан анық көрінеді: тұрғын халық “жерім бар, суым бар” деуден мүлде қалып, жердің барлығы қазынаның қолына өткен. “Мұның қалай?” деуші болса, ол үкімет алдында “айыпты”, надандықтан туған “тәртіпсіз”, “бұзақылық” болып саналған.

1905 жылдың қазақ өлкесіне еткен әсері

1905 жылғы орыс төңкерісі отар елдерге де шарпуын қатты тигізді. Ескі Ресей патшалығы — өзіне көп елді қаратып отырған көпұлтты мемлекет. Барлық халқының бестің үшіне жақын (анығы 57%) — езілген ұсақ ұлттар. Бұл отарда отырған елдердің жер-суының билігі өзінен кеткендігі былай тұрсын, өздерінің тілін де дұрыс пайдалана алмаған. Өз тілдерінде мектеп, баспасөз ашуға еркіндік берілмейді. Күшпен орыстандырып жіберуге тырысып отырған (Мұны *миссионер саясаты* деп атайды. Өткен мақаланы қара). 1905 жылдың дүмпуімен “Ресей құлдығындағы халықтардың арасында ұлт бостандық қозғалысы көтерілді” (Ленин). Қозғалыстың күші езілген көптікі. Бірақ оны бастаушылар — байшыл-ұлтшылдар.

Патша үкіметінің қамшысы етінен өтіп, сүйегіне жеткен сол езгіде, аяусыз қанауда келе жатқан “бұратана” ұлттың бірі — қазақ. 1905 жылдан кейін қазақ арасында да ұлт сезімі оянып, теңдікке қол соза бастады.

Патша үкіметі 1905 жылғы жұмысшы, қара шаруа көтерілісіне ешқандай күшпен тосқау сала алмайтындығына көзі жеткен соң, үкіметтің құлап қалу қаупі туып, бұрынғы күйінде қасарып тұра алмай, белін босатты. 1905 жылдың 17 октябрінде патша үкіметі “аты шулы” манифесін шығарды. Манифестегі жұртқа жарияланған кеңшілігі мынау:

“Жиылысқа еркіндік беріледі”;

“Сөзге еркіндік беріледі”;

“Пәнге еркіндік беріледі”;

“Адамның қара басына еркіндік беріледі”;

“Үкіметті бұдан былай халық кеңесі басқарады”.

Патша үкіметі бұл уәдесіне тұра алмады. Ашынып майданға шыққан көпшілікті тек сылдыраған бос сөзге жұбауратып, алдарқатып болды. “Жыланның көп жүрсе аяғы көрінеді” дегендей, патша үкіметінің бұл саясаты да көп ұзамай көпке мәлім болды. Артынша Мемлекеттік дума шақырылмақшы болып қаулы шықты. Әрине, бұл дума да қалың көптің тілегіне жанасымды еш нәрсе берген жоқ. Бірақ әрбір езілген ұсақ ұлттар ортасынан уәкіл сайлап, тілек-арыздарын ұсынысты.

Манифест пен Думаға уәкіл сайлау мәселесі кезінде қазақ даласы да қатты қозғалды. Ақындар халыққа үгіт өлеңдер жазып, бостандықты аңсап, қамыққан көңілін уәкіл сайлап, оған артқан міндеті мен күтетін үмітті тілегін жырлап, көптің көңілін бостандық қозғалысына тарта бастады. Патша саясатының саясында жүріп, етегінен жем жеген азын-аулақ тілмаш, кер кеткен топтан басқа халық бүкілінен бостандықты аңсады. Қазақ даласының әр жерінен ақ тілек арыздар жолданылып жатты. Оны ұйымдастырып, басшылық қылып жүргендер, көбіне, көптің өз ішінен шыққандар. Ал бергі жерде жаңа туып, қатарын түзеп келе жатқан байшыл-ұлтшыл оқығандар болды.

Патша үкіметінің алдына қандай тілектер қойып, не сұрағанын анық көру үшін тілек арыздардың бірін мысалға келтірейік. Бұл 1905 жылы июнь айында Қоянды жәрмеңкесінен 14.500 кісі қол қойып, министр кеңесіне жіберілген тілек арыз. Нағыз түйінді мәселелері мыналар:

1. Қазақ өлкесінде өз бетінше іс істейтін рухани басқарма сайланатын болсын... Қазақ, татар, араб тілінде жазылған дін кітаптарына цензура болмасын.

2. Ауыл мектептерінде қазақша оқылсын да... мемлекет тілін оқу міндетті болсын; Омбы гимназиясының жанындағы таратылған, жатып оқитын интернат қайта ашылып, айрықша қазақ балалары үшін Семей гимназиясының жанынан интернат ашылсын.

3. Қазақ елінің күнделікті мұқтажын ашып отыратын қазақ тілінде газет шығатын болсын...

4. Қазақтың мекендеп отырған жерлері өзіне меншікті деп саналсын...

5. Қазақтардан уәкіл алынып отырып, дала заңы (stepное положение) қайта құралсын.

6. Болыс пен халық судьяларында іс қазақ тілінде жүргізілсін; тілмаштардың орнына қазақ тілі мен хатын жақсы білетін кісіні қойып, қазақ өтініш арызын өз тілінде бермесін деген ереже бұзылсын...

7. Крестьян начальнигі мен урядник болмайтын болсын.

8. Шақырылып отырған мемлекеттік думаға қазақтан уәкіл баратын болсын.

Бұл өтініш арыз кезінде “жалпы қазаққа” бірдей тілек болды. “Алаш” партиясының құрылуы февраль төңкерісінен кейін болса да, шу баста жанданып шыға бастауы 1905 жылдан кейінгі ұлт бостандық қозғалысына барып сабақтасады. Қазақ далаларындағы қозғалысқа ат төбеліндей ұлтшыл оқығандар бас бола шығады. Бірақ олардың бастауы сырт көзге көптің тілегін жетелеп, патша саясатына қарсы ұйымдастырып көрінсе де, аңғарған кісіге күрес әдісінде, түпкі мақсатында үлкен жетімсіздік, әлеумет әлсіздігі, көп тілегінен басқалығы бар еді.

Рас, ұлтшыл оқығандар халықты бостандыққа үгіттеді, оқуға шақырды, патша үкіметінің дорбасынан жем жеген болыс, тілмаштарға, ескі қожа-молдаларға қарсы болды; қазақ өлкесіне батыс мәдениетін жайып, мәдениетті ел қылмақ болды. Әрине, бұл — олардың ілгері басуға ұмтылған тысқы төңкерісшілдік бояуы. Олар осы төңкерісшілдігін үздіксіз жүзеге асырып, табан тіреп отыра алған жоқ. Қазақ еңбекшілері көпшілігін шын бостандыққа жетелемегендігі қолданып отырған күрес-әдісінен де мәлім; “Бермес астан дәметкен — тарыққанның салдары; жаудан жәрдем тілеген — зарыққанның салдары” дегендей, жау деп қарсы шығып отырған патша үкіметіне көптің көтеріліс күшін

қарсы шығарып күресудің орнына, “тендікті” патша үкіметінен сұрап алуға тырысқан. Сұрап алған “тендік” қашанда теңдік емес екендігі тарихтан мәлім. Жауының аяғына бас ұрып отырып теңдік іздеу, қалың көппен байланысын күшейтуге ұмтылғандық емес. Көпшіліктің шын бостандық тілегінен бөлек өздерінше бір мақсат көздегенін көрсетеді.

Шынында да солай болып шықты. 1916 жылғы көтерілісте көптің “көсемі” болып келе жатқан ұлтшыл оқығандар үркердей боп көптен бөлініп шыға келді. Көптің құралды көтерілісіне басшылық ете алмағандығы былай тұрсын, тіпті көпке өздері қарсы шықты.

Ол заңды нәрсе. Өйткені, ұлтшыл оқығандар қазақ ішіндегі белгілі бір таптың — байлардың ғана уәкілі. Олардың мақсаты қазақтың қалың еңбекшілерін шын бостандыққа жеткізу емес; туып келе жатқан өз табының да қанауына кеңшілік табу болады; бұдан еш уақытта асыра мақсат қоя алған жоқ.

“Ұлт буржуазиясы “өз елін” ұлт езгісінен босатуға тырыспайды; өз абыройы мен капиталын сақтау еркіндігіне тырысады” (Сталин).

Үстем ұлт байларының азуынан айырып алып, ұлт еңбекшілерін өз ұлт байларының азуынан дербес алған күнде де ол еңбекшілерге шын бостандық емес. Байшыл-ұлтшылдардың түпкі мақсатына тереңдей қарайтын болсақ, еңбекшілерді қанаудан шығармайтындығы анық көрінеді.

“Ұлт езгісін жойып, ұлт еңбекшілеріне бостандық беру — жиһангерлікті жойып, өз байларын құлатып, үкіметті еңбекшілер өз қолына алмайынша болмайтын нәрсе” (Сталин).

Патша үкіметі 1905 жылғы орыс төңкерісіне дейін ұлт елдерінің жер-суын алып, еркін жойып, мектеп, баспасөзін аштырмай, бұрынғысы болса жаптырып, ұлт тілінен бездіріп, орыс тілін еріксіз қолдандырып, жанын көзіне көрсетіп келді. Төңкеріс кезінде жаппай көтерілген бостандық қозғалысынан қаймығып, ұлт буржуазияларына азырақ мүмкіндік береді: төңкеріс қозғалысын құралды күшпен қан сасытып басты да, ұлт буржуазияларына мәдени кеңшілік берді. Ұлт буржуазиялары

баспасөз, мектеп, тіл еркі аз да болса қолына тиген соң, одан арғысына барған жоқ. Ұлт еңбекшілерін шын бостандық күрес майданына жібермеуге тырысты.

Міне, қазақ ұлтшыл оқығандары да сол ішкі реформа (өзгеріс) жолында қалды. Үстем ұлт пен отар ұлт байларының бірігіп кеткені деп осыны айтамыз. “Қарға қарғаның көзін шұқымайды”.

Қазақ еңбекшілері бытыранды, қараңғы, саяси күрес санасы жетілмеген кезінде олардың бұл сырын түсіне алған жоқ. Бірақ бұқара ұлтшыл оқығандарының іс жүзіндегі амалына қосылған жоқ. Өз бетінше істейді.

Әдебиет қозғалысы

Жоғарғы айтылғандардан шығатын тобықтай түйін 1905 жылғы орыс төңкерісі қазақ өлкесінде бүкілдей өзгеріс туғызды. Бірінші — қазақ жерін патша үкіметінің отарлау саясаты күшейді. Екінші — қазақ өлкесінде патша үкіметіне қарсы ұлт бостандық қозғалысы туды. Бостандыққа ұмтылу бұқара көпшілігінің болды. Бірақ мұны өзі жүйелеп басқара алмай, жаңа туып келе жатқан буржуазия уәкілі — ұлтшыл оқығандар өз мақсатына қарай бұрып пайдаланып отырды.

Сөзіміздің басында әдебиетке де үлкен өзгеріс енді деп едік. Енді оның неге, қалай, қай жолмен өзгергендігі белгілі. Әдебиет қоғам тілегінен сырт кететін, өзінше туған нәрсе емес. Кезіндегі әлеумет құрылысының белгілі табының құралы. Сол таптың еткен амалы, алып отырған орны, ісі қандай болса, әдебиет те сол жолда болып отырады. Әдебиетке қарап кезінде сол тап қандай қызмет атқарып отырғандығын айқын ашуға болады.

1905 жылдан кейін қазақ даласында ұлттық сезім оянып, ұлт бостандық қозғалысы жандана бастаса, ол қозғалыс күшінің асылы қосарлы қанауда отырған еңбекші қалың бұқараныкі болады. Еңбекшілердің тілегі — қашанда құлдықтан құтылу. Бірақ қазақ еңбекшілері оқымаған, қараңғы, бытырама, ұйымсыз; өз ішіндегі бек, ақсақалдарының құрығынан шыға алмай отырады. Бұл негізгі қозғалыс күшін пайдаланып арманына жету жаңа туып келе жатқан ұлт буржуазиясында болады. Ұлт буржуазиясының,

қалың кара бұқараның тілегі уақытша бір бетте болды. Міне, осы арадан жас буржуазия уәкілі ұлтшыл оқығандардың қолына көшкен әдебиеттің не қызмет атқарып отырғандығы белгілі. Кезіндегі қозғалыс шартынан туатын тарихи мәселелерді жырлады.

Әдебиетте қатты қозғалған мәселенің басты бірі — жер. Қазақ жерінің алынуын, өрістің қысқарып, жайылымның тарылуын жырлады. Бұрынғы арқа-басы бүтін кезіндегі көшсе кезеңге, қонса өзенге сыйғысыз, күреңітіп көшкен елдей ең әмір, еркін тұрмысын жырлады. Омар Қарашұлы “Аға тұлпарында” былай дейді:

Атаңа сенің, Қазақ-ай,
Бар еді-ау өткен күндерің.
Көп еді дәурен сүргенің.
Еділ, Жайық суынан,
Жем, Сағыздың бойынан,
Қысырақтап жаз жайлап,
Көше-қона жүргенің...
Күдері бел, күшпек сан,
Арғымақ аттар үстінде,
Үдере жортқан ерлердің.
Жүзден-жүзден нар байлап,
Күңіреніп боздатып,
Жағалай қонған елдердің.
Сол дәулеттің шағында,
Қияға құлаш сермедің.
Күндердің күні болғанда
Мұндай болам дер ме едің?

Бұл кездегі әдебиет балақтан басқа өрмелеп, ел билігіне араласып, сөз тиер болып жүргендерге де қарсы. Жаңадан шыққан атқамінер, пысықтарды, қазақ патшаға бағынып, азғындаған заманның белгісі деп біледі.

Жаңа заманның әкімдеріне тақымы толмай:

Хан бар еді ол күнде,
Ақ сұңқарға ұсаған.
Билер жүйрік бар еді,
Қас тұлпарға ұсаған.
Әділ қазы бар еді,
Алмас кылышқа ұсаған, —

(“Аға тұлпар”)

деп, бұрынғы феодалдың бастан бағы ұшпай тұрған кезін дәріптейді. Бұрынғы қазақ өмірінің “салтанатын”, “рақатын” көксейді.

Бірақ ылғи ескіні көкसेп, өткенді аңсаумен ғана шырмалып қалған жоқ. Бұрынды-соңды қазақ өмірінде болмаған, қазақ тарихының даму жолындағы таңнан күткен тарихи соны жаңалықтарды да жырлады. Өткен өмірдің көп істеріне қарсы болды. Ескі тұрмыстың қалың мал беріп, қатын алуына, көп қатын алу, жас қыздың кеудіреген шалға кетуіне қарсы болды. Елдің саудамен тіршілік етуін қолайттады.

Осылармен қатар ол кездегі әдебиеттің ең қатты көңіл бөлгені — халықты оқуға шақырып, мәдениетке жетелеу болды. Халықты жапа-тармағай өнер-білім өрге жүзуге иектеді. Сұлтанмахмұт “Оқуда мақсат не?” деген өлеңінде оқып, қожа, молда, ел жейтін тілмаш болуды өлтіре сынап келіп, оқу оқудағы мақсат мынау дейді:

Өнер-білім алуға,
Алға қарай баруға...
Мілләт көзін ашуға,
Терістіктен қашуға.
Заманаға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға...
Өнер тұқымын етуге,
Жарыққа қарай келуге...
Отанымызды сақтауға...
Рақат өмір жасауға...

Отар болып езіліп отыруымыз надан қалғандығымыздан. Енді оқып, өнер-білімді болып, “отанды қорғап, рақат өмір жасауымыз керек” дейді.

Осы арада бақан тіреу айғышақтық туғызатын бір сауал бар. Ол сауал мынау: ол кездегі әдебиеттің ескі өмірдің салтанатын көкसेп отырып, оның көп әдеттеріне қарсы болуы қалай? Онымен де тұрмай, ілгері өрлеп, өнер-білімге қол созуы қалай? Бұл рақатын ілгеріден ғана күтіп, бел байлаған қозғалысқа қайшы келмей ме? Сөз жоқ, бұл жерде үлкен қайшылық бар. Бірақ, орынды, заңды қайшылық.

Бұл қайшылықтың түп тамыры патша үкіметінің отарында отырған қазақ өлкесінің әлеуметтік-шаруашылық құрылысында. Қазақ патша үкіметіне бағынар кезде-ақ бұрынғы феодал

құрылысы тоза бастаған, ХХ ғасырға енген кезде оның тозып, тұғырынан таюы күшейді. Феодалдардың бір тобы заманға қарай бойұрып, үйлесе бастады; енді бір жағы замананың сазына үйлесе алмай, кер кетіп шөгуге айналған. Жаңа байығандар елдің билігіне таласып, көбіне бұрынғы шонжарларға дес бермей кетіп жүрді.

Ежелгі семіз арықтап,
Кенелі болған заман-ай!
Ежелгі арық семіріп,
Денелі болған заман-ай!
Аяқ басқа, бас аяққа теңеліп,
Бәйге бермес жүйріктен
Сұр күшік озған заман-ай! —

деп, Досбол датқа тегін айтқан емес, басына тигесін айтқан. Мұның үстіне қазақ даласынан базарлар ашылып, орыс, татар, өзбек саудагерлері сауда қатынасын жүргізіп, жергілікті саудагерлерді туғыза бастады. Осы қатынастың салдарынан қазақ жастары татар мектептерінде оқып, қазақ оқығандарының тобы құралды. Қазақ оқығандарының шығуына себеп болған — сауда қатынасы. Бұлардың күрес майданындағы қолдаған пікірі де сол сауда капиталының мүддесі болды. Бірақ, бұл жаңалық қазақ тарихының табиғи өз жүрісі мен толғағы жетіп туған жаңалық емес; отар саясатының қыспағынан, айналаны қоршаған саудалы елдің ықпалынан туған тез жетілген нәрсе. Сондықтан қазақтың өз ішінде сауда капиталы белгілі тап болып майданға шыға алмайтын, жаңадан бейімделу кезі болса да, оның жоғын жоқтап, сөзін сөйлейтіндер ерте жетілді. Оқығандар оның өсу жолының алғашқы кезіндегі атқаратын төңкерісшілдік қызметтерін ерте көтереді. Жоғарыда айтқандай, жұртты өнер-білімге шақырады; ескі молдаға, молдалық оқуға қарсы болып, төте оқуды тарата бастады. Газет, журналдар шығарып, күресінде құрал қылып алды.

Бірақ өзінің сүйенетін табы әлі әлсіз болғандықтан, әрі тарихи таза емес, отар ел болып, алдында жалпы жауы патша үкіметі болғандықтан, қанаушылық тап тегі бір болғандықтан, шама-шарқынша тиянақты болу үшін ескі құрылысты бүкілдей ұмытып кете алмады. Ұлт буржуазиясының мақсаты — патшадан кеңшілік алу; көптің мақсаты — отар езгісінен құтылу. Сондықтан беттің бірыңғай болуы дәл келіп, ұраны бірлік болды.

Ескіні жырлау көптің ұлттық сезімін оятып, бірлікке жетелейтін үгіт болды. Ал, бірліктің түп тамыры байшылық болғанмен, ондай тарихи кезеңде қашан ұлт буржуазиясы жиһангерлермен бірігіп, кертартпалыққа түскенше бірігу заңды нәрсе. Сондықтан ол кездегі әдебиеттің көтерген бір ұраны ұлт бірлігі болды.

Бірінді, қазақ, бірің дос
Көрмесең, істің бәрі бос, —

деп, Абай айтқан ақыл соңғы ұлтшылдардың аузына түспеді.

Әрине, негізгі қозғалыс қалың көптікі бола тұрып, көптің сойылын соғатын ешкім болмады десек, қателескен болар едік. Ұлтшыл қозғалыстың бұқаралық қанатын ала шыққан ақындар да болды (Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнентайұлы, т.т.).

Бірақ, бұлар байшыл ұлтшылдардың жетегінен шыға алмай, жігін аша алмай отырғанмен, сөздерінің негізгі сарынында бұқараның көз жасын анығырақ көріп, жақынырақ жырлаушылық бар. Ол жігі, әсіресе, төңкеріс кезінде анық ашылды. Көбі төңкеріске қосылып, кей біреулері шөре-шөре болыңқырап барып соңынан келді. Мәселен, Сұлтанмахмұт социализм идеясына елегізіп отырып, уақ байшылық, қанына сіңіп қалған ұлтшыл-байшылық салтынан жазыла алмай, қан төгу, тап күресінен қаймығып қалды. Дөнентайұлы, соңырақ, шаруашылықты сабасына түсіру дәуірі кезінде барып жөнін біліп, бері ойысты. Осы күнгі пролетариат жазушыларымыздың басшылары деп жүрген Сәкен, Бейімбеттердің де алғашқы беті бұқарашыл болып шыққан. Бірақ, бұлар жігін ерте айырып, төңкеріске іле-шала қосылып кетті.

ОМАР ҚАРАШҰЛЫ **(1876—1919)**

Омардың өмірі

Омар, шамасы, 1876 жылы туған. Туған жері осы күнгі Батыс Қазақстан облысы, Талөкпе ауданы. Бұрынғыша Бокей ордасы, Талөкпе қысымы, бірінші болысындағы Қырық құдық деген жерде туған. Ноғайлы руынан. Омардың әулеті ноғайлының

ішінде беделді, жуан ата болған. Бірақ өз әкесі Омар момын шаруа адам болса керек. Әкесі жасында өліп, бір енеден Сыдық, Құспан, Омар деген үш бала қалады.

Омар жас кезінде Бөкей елінің Беріш дейтін руындағы Ғұмар қалпе Жазықұлы дегеннен ескіше оқып, сауатын ашады. Одан сауатын ашқаннан соң, Қазан қаласының маңындағы татардың Қашқар деген поселкесінде медресе ашқан Ысмағұл дейтін татар молдасына барып оқиды. Ысмағұл молда кезіндегі қадымшылдардың ішіндегі атақтысының бірі болған.

Ысмағұлдан біраз оқығаннан кейін, одан шығып, бұрынғы Орал облысы, Жалпақтал (Сламихинс) қаласында медресе ашқан Ғұбайдулла Ғаликеев деген ишанның әрі шәкірті, әрі мүриті болып тұрады. Біраз оқығаннан кейін ишан Омарға зеректігі арқасында ершар (дәреже) қағаз беріп, ишандық құруға рұқсат етеді. Бірақ бұларының қай жылы, неше жасында екені мәлімсіз. Содан шығысына Омар ауылына келіп, мешіт салдырып, ишандық салтын құрады. Бөкей ордасы ол кезде дін жөнінен Упі қаласындағы⁸¹ рухани мәжіліске (духовное собрание) бағынады екен. Омар ел атынан рухани мәжіліске указной молда болып сайланып, имам хатым, я мударес (әрі оқытушы, әрі үгітші молда) боп белгіленеді. Омар 1905 жылға дейін осы қалыппен келген.

Омар қазақ арасындағы қарапайым ишан болмайды. Өзіне ес енгеннен бастап араб, түрік газет, журналдарын алдырып, татар тілінде шығатын “Уақыт”, “Тәржіман” газеттерін⁸² үзбей оқып тұрады. Осының арқасында Омар айналадағы әлеумет ахуалын өзгеден бұрынырақ көріп, бұрынырақ сезеді, алды-артын бұрынырақ барлайды. 1905 жылдың халін Омар осы газет, журналдар арқылы түсінеді. 1905 жылдан бастап Омардың пікірі, дүниеге көзқарасы, әлеуметтік ісіне үлкен өзгеріс туады. Жаңа пікірлі кісілермен көбірек әуестеніп, өзінің ишандық жолынан ғылым жолын жоғары қоя бастайды.

Өзінің “Өрнек” деген кітабында ишандық жолының қателігін түсіндірген бір адамға алғыс айтады. Онысы Шәңгерей Бөкейұлы болса керек. Шәңгерей Саратовтағы Кадет корпусын бітірген,

жаңалық, ғылымнан хабары мол адам. Омарды жаңалық жолға түсіруге Шәңгерей қатты көмектеседі.

Осыдан кейін Омар мұсылманша оқуды жәдит жолына түсіріп, мешіт жанынан орысша школ ашады. Омардың санасында белгілі ұлттық сезім күшейеді. Мешітте сөйлейтін уағыздарын қазақ тіліне аударып, ұлтшылдық мазмұн бере бастайды. Омарды ескішіл қожа, молда, ишандар жек көретін болады. Бірақ Омар оларға қынбай, ісін өзінше жүргізумен қатар әдебиет, үгіт майданына белсеніп түсе бастайды.

Омардың тұңғыш әдеби еңбегінің қаламынан төгілген сия ұлтшылдық жүрегінің ащы зарымен уытталып төгіледі.

Омардың ең алғаш жазғандары татар баспасөзінде басылып жүріп, 1911 жылы “Қарлығаш” атты кішкене кітапша болып, Қазан баспасында басылып шықты. Одан соғысқа дейін “Өрнек”, “Бала тұлпар”, “Аға тұлпар”, “Тұмыш” деген кітапшалары мен “Шайыр”, “Көксілдір” деген кітап қылып, халық әдебиетін бастырды. Бірнеше фәлсафа мақалалар жазды. Оның бәрінде де қозғаған мәселелері ұлттық сезімнің ояну тұрғысынан қараған кезіндегі қозғалыстың мінезіне қас ояну, ояту, бірлік сияқты мәселелер болды. Осы бетімен төңкеріске келіп жетті.

Төңкерістен кейін елі Үпіндегі муфтиге қазы қып сайлады. Сол қазы кезінде жүріп, 17-жылғы Орынборда шақырылған Алаш съезіне келіп, Алашорда үкімет молдасының бірі боп белгіленді. Сол кезде Орынборда шығатын “Қазақ” газеті мен Бөкей ордасында шығатын “Ұран” газетіне кезек жазып тұрды. Ол жазған өлеңдерінің сарыны ұлтшылдық, төңкеріске қарсылық еді. Оны жинап “Тұрымтай” атты кітапша етіп бастырды.

Жылы Бөкейде Кеңес үкіметі орнай бастағанда, Омар біраз аулында жатып, сентябрьден бастап, кеңес жұмысына араласа бастайды. “Ұран” газетінің орнына шыққан “Дұрыстық жолы” деген газет пен “Мұғалім” деген журналдың шығарушылар алқасында қызмет етеді. Оларда да бірсыпыра өлең, әңгімелері басылып жүрді.

Жылы коммунист партиясына кіреді. Коммунист кезінде ауылына қайтып кетеді. Әрине, оның ол қайтуы — алдан торыққан, түңілгендіктің салдары. 1919 жылы ауылында жатқан кезінде

Малай өзен қаласынан шыққан бандылар Омарды үйінде жатқан жерінен қылышпен шапқылап өлтіріп кеткен.

Омардың өмір ағымындағы бір қызықты жері: өзі ғұлама молда бола тұрып, ол жолды жаңа заманның сазына айырбастап, жаңашылдық жолға түсіп кетуі. Бұл қазақ елінің қоғам қатынасы жиһангер отаршылық қатынасының әсерінен бұзылып, өмірге қабілеттілерінің жаңаға бой ұрып, жаңаса бастағанына үлкен айғақ. Мұны өз шығармаларын қараған кезде анығырақ көреміз.

Омар Қарашұлының шығармалары

Омар төңкеріске дейін де, төңкерістен кейін де жазған ақын. Бұл екі дәуірдің екеуінен де ішкі әлеуметтік тұрғысын, негізгі таптық бетін өзгерткен жоқ. Баяғы байшыл ұлтшылдық жолында қалды. Тек тарихи жағдайдың сазына қарай сыртқы түрін өзгертті. Алғашқы жазуларында объективний төңкерісшілдік жолды алып келсе, соңынан тура төңкеріске қарсы болып шықты. Тағы бұл екі дәуірдің аралығындағы болған 1916 жылғы көтеріліс, февраль төңкерісі сияқты ірі әлеуметтік-тарихи уақиғаларға қалай қарағандығы мәлімсіз. Бұлар туралы қолға түскен дайынды дерек жоқ. Бірақ бұрынғы-соңғы тұтынған жолдары Алашорда партиясының сүреңімен бір болғандықтан, әрі әдеби еңбектерінің жазылу кезі солай болғандықтан, 1916 жылға дейін бір дәуір, төңкерістен кейін екінші дәуір деп бөліп отырмыз. Әрине, 1916 жылғы уақиға туралы Омардың пікірінің қалай болғандығы жайында дерек жоқ болды дегенге, 16-жыл уақиғасына ол өзге байшыл-ұлтшыл оқығандардан басқаша көзбен қарады деуге болмайды. 16-жыл тұсында Омар да басқаларымен бірдей әлеуметтік әлсіздігін жасап, байшылық жолының шағындығынан аса алмайды деп тану керек. Бұған 16-жыл туралы үні шықпай кетуінің өзі де дәлел.

1916 жылға дейін

Омар Қарашұлының көп жазған кезі 1910—16 жылдар арасы. Осы кезде Омар “Қарлығаш”, “Өрнек”, “Бала тұлпар”, “Аға тұлпар”, “Тумыш” деген өлең жинақтары мен “Шайыр”, “Көксілдір” деген атпен халық аузындағы үлгілі әдебиет жинақтарын бастырды. Омардың санасында ұлт сезімі оя-

нып, жаңалыққа қарай бет алғандығы осы еңбектерінен ашық көрінеді.

Әрине, ұлтшыл-оқығандар әдебиет, баспасөзді қолына ұстап, құрал қылып, халықты ілгеріге жетелегенде, қазақ даласында туған ұлт-бостандық қозғалысының негізгі күші-бұлар емес. Төңкерісшіл қозғалыс қашанда халық көпшілігінікі. Бірақ оны басқарған жаңа туып келе жатқан қазақтың сауда капиталының, байларының уәкілі ұлтшыл оқығандар болды. Омар да жаңа туып келе жатқан таптың салт-санашылы. Сондықтан Омар шүу деп қалам ұстағаннан халықты өнер-білімге шақырды:

Ау, қазақ! Балаларың өнер білсін,
Жасынан жақсылықтың жолын қусын.
Бұ заман өнерлінің заманы да,
Өнердің арқасында ерге жүзсін.
Таянып әрқайсысы өз басына,
Өз жолын жүретұғын өзі білсін.
Жақсылық ғылымына берік тұрып.
Жолынан жамандықтың жырақ жүрсін.
Мал жиып ғылым, өнер арқасында
Ракат жұртпен бірдей дәурен сүрсін.

(“Қарлығаш”, 18-бет)

Қазақтың өнер-білімнен кенже қалғандығына қатты қайғырады. Қазақ елінің дұшпанның қолына қарап, қор болып отырғаны осы өнер-білімнің жоқтығы, оқуды бақ, дәулеттің басы деп санамағандық дейді.

Жаныштау білімсізді қиын емес,
Мағыналы тыңдағанға бұл бір кеңес.
Наданды құл орнына құлданса да,
Жаны ашып ешкім “обал болды-ау” демес.
— Сазайы өнер-білім үйренбеген, —
Десе дер, һама оған қайғы жемес⁸³.
Халықтың оқып кезі ашық болса,
һеш дұшпан оған батып жақын жүрмес.
Қаруы бұ заманның өнер-ғылым;
һеш құрал екеуіне қарсы келмес.
Құралды екі жеңсе, бір жеңілер;
Өнерлі, ғылымдыны ешкім жеңбес.
Құралы өнер-ғылым болса қолда,
Ар-һамыс дұшпандарға қолдан бермес.

(“Қарлығаш”, 21-бет)

Өнер-ғылымның осындайлық маңызын айта келіп, аяғында қазақ жұртының алдында екі түрлі жол бар екенін айтады. Оның бірі — барса келмес, көрге апаратын надандық жол; енді бірі — азапсыз төрге шығаратын айқын білім жолы. Қазақ барса келмес жолында жүр дейді.

Алдында біздің халықтың екі жол бар,
Біреуі сол екінші — барса келмес.
Айқын жол ашық жатқан, екіншісі —
Қор болып, оған түскен, азап көрмес.
“Надандық” — барса келмес біздер сонда,
“Білікті” екінші жол ол бізге емес.

Жаңа туып келе жатқан тап қашанда талапты, жігерлі, іскер, төңкерісшіл болмақ. Омар да осы жолды қолдайды.

Жігіттер! Жалқау болма, жігерлі бол.
Жігітке еткен жігер ашықты жол.
Табарсың қылсаң талап жігер тұтып,
Жауады талаптыға әр уақыт нұр.
Таңдап ал бір өнерді өзің біліп,
Айырылма дайым соның соңында бол.
Көшірме өміріңді бос жүріске
Тыңдар деп, жігіт, саған айтқаным сол.
Қолданып бір өнерді берік тұтсаң,
Тартылмас күндік рызык, жетісер мол.
Бұ дүние жігер-талап дүниесі,
Жалқаулық, қор боларым, еместі қол.

Қазақ даласындағы басталған бостандық қозғалысы отар ел болғандықтан байға да, кедейге де бірдей жау — патша үкіметі. Қалың еңбекшілер қосарлы қанаудың салмағына шыдамай қарсы көтерілсе, ұлт байлары ұлт байлығын емін-еркін өзім билеп, өзім пайдаланайын деген мақсатпен қарсы болады (осы бірлік 16-жылғы көтеріліске дейін жұбын жазбай келіп, нағыз қозғалыс үстінде айырылып кетті ғой). Жалпы ұлт дұшпанына қарсы көптің ұлтшылдығын қоздыру мақсаты — бір жағынан, жаңа туып келе жатқан бай табының қанаушылық жолының бірлігі, екінші жағынан, себеп болып, ұлтшыл оқығандар қазақтың ескі феодалдық өмірін де жырлатты.

Солардың ішінде ескі өмірді көбірек, тереңірек жырлағаны — осы Омар. Омардың ескіні жырлауы (ұлтшылдардың бәрінікі де) бұрынғыны мақтап келіп, қазір соның бірі жоқ, патша үкіметі

отарлап алып қойдыға әкеп тірейді. Жер-судың кеткендігіне қайғырады:

Ата-ана бізден бұрын жайлаған көл,
Қаптагып төрт түлікті айдаған көл.
Жібектей жал-құйрығын тігіп алып,
Құлын, тай жағасында ойнаған көл.
Қанатты акбоз орда ауыл қонып,
Нар бота желісіне байлаған көл.
Пырылдап тереңнен жылқы жүзіп,
Суынан ішіп тұнық бойлаған көл.

Енді қандай болған? —
Кешегі кең айдынды шалқыған көл.
Суы жоқ жалғыз қасық, шөлді көрдім.
Қай күні жау жағадан алады деп,
Уайым жеп, түсі қашқан өнді көрдім.
“Көз көрер құлағыңның естігенін”, —
Деуші еді, мен тап соны енді көрдім.

Бұрынғы кең шаруашылық, жер-су, ел билеген хан, би, ба-тыр, байларын мадақтап келіп, өз тұсына тіпті көңілі толмайды. Үлкенге жағымпаз, жемқор, халық пайдасынан өз қарабасының қамын артық көретін болыс, тілмаш, әкімдерді жақтырмайды. “Қазақтың атқа мінген адамдарына” деген өлеңінде әкімдерге былай дейді:

Ант беріп, аманатты болып әкім,
Лайық па алым, пара, сөзге еруің?
Пайдаға біраз ғана қызығасың,
Білмейсің адамдығың өзгеруін.

(“Шайыр”, 5-бет)

Омар өткенді мақтап, тұсын жамандағанда, алдан үміті кесіліп, түңілгендіктен жырламайды. Бұл былай тұрсын, сол дәріптеген өткен күйі қалпынша қайта айналып келеді деп те сенбейді. Ескі өмірдің енді қайтып келмейтінін, келгенмен оның жаңа замананың сазына үйлеспейтінін Омар айқын біліп, ашық жырлайды:

... Қор қазақ! Жалқау қазақ! Надан қазақ!
Адасып, алды-алдына тозған заман.
Кең жайлау, еркін қоныс, ендеген мал,
Ол дәурен келмес қайта, озған заман.

(“Қарлығаш”, 5-бет)

Оның үстіне ескі заманның көп әдеттеріне қарсы “Қазағым, заманы өтті батырлықтың” деп, бұрынғы найза ұстаған батырлық қайратты ұлт жолына қызмет етуге айналдырады. Ескі сопылық, өнер-ғылымсыздық, жалқаулық, кәсіпсіздік т.т. осындай замана сазына үйлеспейтін әдеттеріне қарсы шығады.

“Бұл заман жігер, талап, оқу, білім заманы, мұны қолға түсіре алсаң — өрге жүзгенің, терезеңнің теңелгені” дейді.

Дінге көзқарасы

Омар ескіше көп оқып, ишандық құрған кісі екендігі өмірбаянында айтылған. Енді сол дінге көзқарасы қалай, ескі дін мен жаңа таптың тілегін қайтып байланыстыра алды екен, соған келейік.

Омар “Өрнек” деген кітабында бастан-аяқ дін мәселесін қозғаған. Бірақ Омардың дінді тануы, дүниеге көзқарасы бұрынғы жабайы молдалардың тануындай емес: мұнда үлкен айырмашылық бар. Омар дінді жаңа туып келе жатқан табының мақсатынан қарауыл қарап барып таниды. Дінді өз табының керегіне асырғысы келеді.

Оның мәнісі бар. Дін қашанда өзгермейтін қатып қалған нәрсе емес. Қоғам өмірінің жағдайы өзгеріп, қоғамның өндіріс күші бір таптан екінші таптың қолына өткен сайын, жаңа құрылысқа лайықты қоғамның салт-санасы да өзгеріп отырады. Дін — салт-сананың бір түрі. Сондықтан дін де өзгеріс табады. Қоғам тарихынан мәлім: қай дәуірде болсын қанаушы үстем тап еш уақытта діннен безген емес. Тек түсін өзгертіп, өзіне құрал алып отырған. Дін үстем таптың еңбек қанау құралы. Жалғыз-ақ дінді қолданбай, оған қарсы күрес ашатын — пролетариат. Пролетариат “діннің халықтың миын улайтын апиын” екендігін ашық айтып, оған қарсы ашық күреседі.

Жаңа туып келе жатқан буржуазия табы өмірге үміт, талаппен қарайды. Бір-бірімен бәсекеге түсіп, өзімшілдік, дарашылдық күшейеді. Алғашқы кезінде аз да болса, дүниеге затшылдық көзбен қарайтын болады. Бірақ жаратылысы қанаушы тап болғаннан кейін еңбекшілерді алдайтын күшті құралы діннен ада-жұда ат құйрығын кесіп кете алмай, дүниенің қожасы жасы-

рын күш бар деумен бірге талап иесі жеке адамның сапасына кең орын қалдырады. Қолындағы өнер-ғылымына байланыстырып, құдайды көзбен таныма, көңілмен таны деп нәзік түрде түсіреді.

Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.
Ынталы жүрек, шын көңіл,
Өзгесі аққа қол емес.
Дүниенің барша қуаты
Өнерге салар бас күшін.
Жүректің ақыл-суаты,
Махаббат қылса тәңірі үшін, —

деп, Абай дәл айтады. Абайдың Алланы бұлайша тануы ескіше емес, жаңаша тану. Омар да дінді құлды Абайша таниды.

Омар дінді халыққа былай түсіндіреді: Тәңірге де жалбарынудың жөні осы екен ғой деп, құранның тек қарақатын түсінбей, суылдата беруден түк мағына жоқ⁸⁴. Не істесең де, шын көңіл, ынтаң мен зейінің жетіп істесін. Алла туралы көзі соқыр, көкірегі көр болып отырып жалбарыну тәңіріні тану емес, алдау дейді.

“Қашанда тәңірге деп істеген екі рәкәт намаз үшін мәңгілік жауап күту⁸⁵, тамығ ету — ғибадаттың рухын жоятын бір әдепсіздік ... Аның үшін; жалданып іс еткен жалшы үкімінде болады. Жалшыда нендей ықылас, нендей сынықтық болмақ керек? Міне, соның адам жақсылықты сауап үшін, атақ үшін, яки басқа бір ғариза үшін істеу керек емес; бәлки, тек жақсылық болғандығы үшін, һәм жақсы ғамалды істеу тәңірге ғибадат ету⁸⁶ пәндеге міндет болғандығы үшін істеу керек” (“Өрнек”, 6-бет).

Тәңіріні бұрынғыша соқыр назыңмен “мәңгілік” бақыт табу үшін таныма; бақ, атақ үшін құрғақ құлшылық — жалшылықтың ізі дейді. Бірақ не үшін құлшылық қылу керек дегенде, ашық жауап бере алмады. Тек “ғибадат ету пәндеге міндет болғандығы үшін істеу керек” деп, астында тіреу, үстінде байлау жоқ желге асылған дәлелін ұсынады.

Омар ескі молдаларша жақсылық, жамандық, бақыт дегенді сыртқы құдіретке теліп қоймайды, оны төмен жерге түсіреді. “Құдайдың көрсеткен жолымен жүру керек” дегенді құрғақ құлшылық емес, қоғам ішіндегі тіршілік ағымының себебіне

айналдырмақ болады. “Әр істің себебін тауып істесе, сол Алланың көрсеткен жолымен жүру” дейді.

“Алланың жолы деген сол: құдіреті күшті Алла өз күкіметімен біздің бұ ғаламды себеп ғаламы ғып жаратқан. Әр нәрсенің бір себебі бар. Мәселен, екпей егін шықпайды, кәсіп, қаракет етпей рызық болмайды, мал жиылмайды, өнер-ғылымсыз кәсіп, қаракет қолдан келмейді.

Енді адамдар әр ісінде Алланың көрсеткен жолымен жүрмесе, яғни себебіне кіріспесе, ыждаһат етпесе, ғылым, өнер үйреніп, орнына қолданбаса⁸⁷, ол Аллаға иман келтіріп, оның әміріне бойсұну боп табылмайды” (7-бет).

Мұнда дінді өз табының тілегіне қарай бұрып отырғандығы айқын көрініп отыр. “Құдайдың жолын” ұстаймын десең, әрекет, кәсіп істе; әрекет, кәсіп істеу үшін өнер, ғылым тап” дейді. Міне, Омар дінге осылай жаңа туып келе жатқан қазақ бай табының көзімен қараған.

Омар төңкерістен кейін “Тұрымтай” деген өлендер жинағын шығарды. Онда төңкеріске қарсы жау болып шықты. Кеңес жолына қарсы болып, торығып, аулына барып жатқан жерінде 19-жылы бандылар өлтіріп кетті.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРҰЛЫ (1893—1920)

Сұлтанмахмұттың өмірі

Сұлтанмахмұт Семей губерниясы, Павлодар үйезі, Шідерті ауданында⁸⁸ 1893 жылы октябрьдің 15-інде туады. Өз әкесі — Шоқпыт. Торайғыр жетінші атасы. Шоқпыт кедей кісі болған. Жұрт көзінде момын, біреудің ала жібін аттамайтын ақ пейіл, ашық жанды адам екен. Қолы хат білетін болған Сұлтанмахмұттың нағашысы Қарауылдың Шабар Шаншар деген бай ауылы⁸⁹.

Бір жасарында шешесі өліп, жетім қалып, Мұнтай деген әжесі (ұлы анасы) бауырына басқан. Махмұт жасында өте момын, салқам, аңқау бала болып өскен. Алты жасар күнінде әкесінен оқып, “еже” таныған. Одан кейін әр молдада бір оқып жүріп,

12—13 жасқа келгенде Мұқан молдадан оқиды. Мұқан ептеп өлең шығарарлығы бар шайыр кісі екен. Молдасына еліктеп, 13 жасар Махмұт та өлең жаза бастайды.

Махмұт одан кейін Баяннан медресе ашқан Әбдірақман молданың үйінде жатып оқиды. Махмұтты ол отын жарып, от жаққызып, су әкеліп, дәрет суын жылытқызып, малай қып жұмсайды. “Өлең жазған күнә”, — деп, жас Махмұттың асқарға құлаш сермеп келе жатқан асыл талабын тойтарып, жазған өлеңдерін отқа жаққызады. Молданың ұрып-соғып, езіп ұстауына шыдай алмай, Махмұт одан шығып кетеді.

Сұлтанмахмұт оқуға жаны құмар, қатарынан зерек болған. Бірақ тегін жетелейтін көзі ашық кісі кездеспейді, көрген үлгісі ұстазы Әбдірақман молда болғандықтан, ескінің ауанына түсіп, қари болам деп құранды жаттайды. Жас басынан молданың “өнегесін” ұстап, аузынан зікір, мойнында тәспі, алдында намаз, 19 жасын осындай шірік салттың құрсауында өткізеді.

Бірақ солай боп жүрсе де, саналы жастың ой сонарын кеңітіп, ескіліктің қауданына өрт болып тиген жаңалық Махмұтқа жат көрінбейді. Ескі молдадан алған “өнегесі” мен тасыған судай қанаттасып, жайылып келе жатқан өнер-білім жаңалығының екісімі тоғысып⁹⁰, Махмұттың албырт жүрегінде арпалыс күшейеді. Екі дүниенің тартысына түскен Махмұттың бақытына Тройцкіден жаңа тәртіппен оқып келген Нұрғали душар болып, 19 жасында (1911 жылы) содан оқиды. Одан ғылым пәндерін оқып, тарихпен танысып, газет, журналдармен көңілін ашады. Неше жылдай арпалысып күткен жаңалығына қолы жетіп, жақсылығына көңілмен сенгендей, ескі жолының болжалы таусылған адасу екеніне көзі жетіп, ада-жұда безіп шығады. Жаңа оқуға ден қояды. Пікірі ашылып, ақыл ауданы кеңіп, ойы сонарлай бастаған Махмұт жоғарғы жерге барып оқысам деген арманға түседі. Сол кезде елді өліктей басқан ескілік, қараңғылыққа қарсы өлең шығара бастайды. Ескі молдалардың “жолдан тайды, жын-данды” деген есегіне пысқырып та қарамайды; олардың надан елді алдап, көзін тұнжыратып, текке үрей ғып қараңғыға қамап келгендігін әшкерелеп, тілдеуден танбайды.

Өзінің, өзіндей жастардың жаңа оқу мен білім алғанын ынтық көреді. Бірақ жақын жерде мектептің орайы жоқ, алысқа баруға қаражаттан қолдың қысқалығы еңсе көтертпейді. Осындай қамаған тілек, қолын кескен мұқтаждықтың қапасында жүріп, 12-жылы “Зарландым” деген әңгіме жазады. Мұнда өзі сияқты кезіндегі шәкірт өмірінің ауырлығын жыр қылады. Сөйтіп жүріп 80 сомдай ақша тауып, қалашыларға селбесіп, Омбы келіп, Тройцк тартады (ол кездегі қазақ жастарының оқитын ордасы Тройцк пен Упі болатын). Жол көрмеген, дүние танымаған жас бала үміт дариясының көкірек жарған талабына тәуекелді қайық қып, көп азап шегіп, зарығып жүріп, Тройцкідегі медресеге кіреді. Бірақ оқып жүрген кезінде көзі басыр болып ауырады. Көзі жазылғанша оқудан шығарылады. Арық атқа қамшы ауыр дегендей, оның үстіне жөтел пайда болады. Дегенмен жөтелге бой бермей, Қабібұлла деген жігіттің демеуімен доқтырға көрініп, көзін жазады. Бірақ медресеге қайта кіруге қаражаты таусылып, зарығып, ауылдағы әкесіне хат жазып, 60 сомдай алдырып, қайта кіреді. 1912—1913 жылдары сонда оқиды.

Оқып жүріп әлеумет жұмысына араласады. “Қазақ” газетінің шығайын деп жатқандығын айтып, ауылына хат жазады, шәкірттердің киімін сатып, жарна ақша төлегенін, өзінің екі сом бергенін жазады.

Білімін тереңдету арманы барған сайын арта береді. Орысша оқығысы келеді. Орыс тілін білмейді. Жасы 20-ға келіп қалған. Орыс мектебінің шарты келмейді. Сүйтсе де қаржы жинап, тәуекел ету үшін Тройцк маңындағы елге шығып, бала оқытады. Күзге Тройцкіге келіп 13—14 жылғы қыста “Айқап” журналына хатшы болып кіріп қызмет істейді.

“Айқап” журналының редакторы Мұхаметжан Сералыұлымен пікірі үйлеспей⁹¹, одан шығып кетеді. Онда тұрған кезде журналға жиі-жиі өлеңдер жазып тұрады. Әдебиетке сын да жазып қоятын болады. Сол кезде жазған “Тентектің жинаған шоқпары”, “Тамшы” деген өлеңдер жинағы мен қазақ әкімдерінің тұрмысынан алынған үш перделі театр кітабы дерексіз жоғалып кетеді.

Сералыұлымен не мәселеде үйлеспегені туралы анық мәлімет жоқ. Бірақ “Айқап” пен “Қазақ” газетінің арасында бірқатар

қырынқабактық болатын. Мәселен, қазаққа жер беру жөнінде “Айқап” отар саясатының ығын есіп, отырықшылықты қолдады; “Қазақ” газеті отарлауға өздерінше көлденеңдік жасаймыз деп, қазаққа көшпелі күйінде кеңірек жер беру керек дегенді қолдаған. Осы жөнінде айналдырған екі баспасөздің бір-біріне қарсы шығып жамандасуын Махмұт жақтырмаған болуы керек.

Махмұт 1914 жылдың жазында еліне келіп, елдегі жастардың сезімін оятпақ ниетпен “Шоң серіктігі” атты мәдени ұйым ашпақ болады. Бірақ онысына қаржы жия алмай, Шорман аулына барса, олар жәрдем бермей, қарайып қайтады. Сол барысында “Бір адамға” деген өлеңін жазады.

Келісіне Семей барып, одан Алтай шығып бала оқытып, екінші жағынан Әбдікәрім Ержанұлы деген учительге айна 7 сом төлеп орысша оқиды. Сол кезде “Қазақ” газетінде Мамановтың романға бәйгесі жарияланып⁹², Махмұт “Әжібай болыс немесе кім жазықты” деген романын жазбақ болады. Бірақ жатқан үйі Әбдікәрімнің Бағила деген қызымен көңіл қосып, аламын дегенде қыздың әке-шешесі қарсы болып, қызын тез ұзатып жібереді. Оқуы бар, бұл бар романын жаза алмайды. Тағы сол кезде жөтелі қайта шығады. Одан Зайсанға келіп, екі ай жатып романын бітіреді де, “Қазаққа” бәйгеге қосады.

Кеселі үдей бастаған соң, Тарбағатай еліне барады. 1916 жылғы июнь жарлығында ол сонда еді. Ел үркіп Қытайға ауа бастаған. Семейге келіп семинарияға түсуге талап қылады. Орысшасының нашарлығынан кіре алмай, Томск қаласындағы жоғарғы дәрежелі мектепке даярлайтын курсқа түседі. Онда қаражат жағынан көп қысымшылық көреді. Дегенмен, 16—17-жыл қысында сонда оқып шығады.

Оқушының ауыр тұрмысымен еңсесі кетіп, оқыған оқу қажытады. Науқасы қайта қозады. Курсқа қайта барып оқиын дегенде дәрігерлер кеңес бермеген соң, 18-жылы еліне келеді. Елде жатып ел арасының дау-шарасына араласады. Орыстың классиктері, Плеханов еңбектерімен танысады⁹³. Сүйтіп жүріп, “Кедей”, “Өмір”, “Айтыс” деген поэмаларын жазады. Соңғысын бітіре алмайды.

19-жылы Сібірде Колчак үкіметі құлап, қызылдар Керекуге келді дегенде, Семей келеді. Онда Егоров деген кісіге кездесіп,

жай мәнісін біліскеннен кейін Егоров Махмұтты Кеңес үкіметінің жолын түсіндіруші, кәмитет мүшесін сайлаушы қылып елге шығарады. Сол шабуылда науқасын үдетіп алып, төсек тартып қалады. Сол жатқаннан көтеріле алмай, 1920 жылдың 21 май күні қайтыс болады.

Сұлтакмахмұттың шығармасы

Сұлтанмахмұт өзге ұлтшыл оқығандармен бірге қазақ елін білімді ел қылып, елінің есіктегі басын төрге шығаруға тырысқан ақын. Мәдениеттен шет өскен жұрттың таптаурыны боп, сыбағасынан ұтылып келе жатқан елді жарыққа сүйреп, қатарға қосу — ақынның басты арманы. Ақын бұл жолда қандай қиыншылық кездесе де, бәрін бір арманның мерейіне жеңгізіп, шыдас береді: тар тұрмыс, жоқшылық қолын кесіп отырса да, елемей оқу оқиды. Білгенін жатқызбай бойындағы асыл өнері арқылы жұртының алдына тартып отырады. Қажу білмес қайраты, жігері, өнері, оқуын бірегейлеп, түпкі арманының шыңына шығып, мұратының асыл болу жолына жұмсайды⁹⁴.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың оқу оқып, білім алуға құштар болғандығы өмірбаянынан мәлім болып еді. Сол құштарлық, құмарлық сөз сарынынан да естіліп отырады. Қараңғы түнді қақ жарып, жұртына өмір нұрын төгетін күн — оқып жүрген жастар деп, жастарға үлкен міндет артады. “Оқып жүрген жастарға” (1912) деген өлеңінде:

Үмітпенен жоқ қуған,
Талабы алда баламыз.
Басқалар жоғын тапқанда,
Біздер қайтіп қаламыз?
Тәуекелге бел бусақ,
Көрдегіні аламыз!
Жеткізбейтін жүйрік жоқ,
Қусақ бәрін аламыз, —

деп, жастарды тәуекелге бел байлап, батыл қимылдауға шақырады. Қазақтың бұрынғы “жоққа жүйрік жетпес” деген ескілік нақылын былай қойып, талап қылып қияға қол сермесе, ұстатпай кететін жүйрік жоқ деп көңілді алдағы үмітін кесімді, кепілді түрде айтады.

Әрине, мұндай аталы мақсатқа жету жолында талпынудың жолы осы екен деп көзсіз, бағдарсыз, қау көкірек, бос үмітпен құрғақ жұбаныш қылуға болмайды. Сондықтан:

Іс істейік бір болып,
Ашылмасын саламыз, —

деп, қимылдың асылына берік бірлікті алып, алыстан ата жауын майданның ортасына шығарып, жалпының көзіне көрсетіп қояды:

Сұмдар салған жүректе
Аз ба біздің жарамыз?
Тепкісінде басқаның
Қор боп жүдеп барамыз.

Елін езіп отырған жауына қарсы жастарды бірлікке шақырғанда, жайдақ бірлік емес, оның асылына ұлттық сезімді төсеп, ұлт ұранының мағынасын береді. Жастарды ұлтшылдық рухының бірлігіне шақырады. “Талыптарға (Шәкірттерге)” (1912) деген өлеңінде:

Мелаттың кел майданға талыптары!⁹⁵
Дерті бар, дәрмені жоқ ғарыптары.
Оқыған жастарының арқасында,
Көз ашты көрші жұрттың халықтары.
Көрдің бе меллатыңды ұйқы басқан?
Төбіренбей жер қозғалып жарылса аспан.
Ойлайық бәріміз де меллат қамын,
Бірігіп ынтымақтан еш қашпастан, —

деп, шәкірттерге ұлт бірлігінің ұранын тұмар қылып тағады. Ұлт міндетін оқыған жастардың мойнына жүктеп, жастарға тарихи қызметтің төрінен орын береді.

“Оқудан мақсат не?” (1912) деген өлеңінде осы сарын жырланады. Оқудан мақсат: ой жоқ, сезім жоқ медреседе тек жату емес, “Қашыйа”⁹⁶, “мантық” жинап жүретін зікірші де емес⁹⁷, қазандай сәлде орап, қазы мен қымызға тойып, елдің ішін құртша жайлайтын молда болу да емес, төреге жағымпаз, халыққа қайырымсыз, несібесін жұрт үстінен тақыммен тауып жеп, шырт түкіріп, шірене басатын, көктемнің күніндей құбылғыш, жарамсақшыл тілмаш болу да емес — мұның бәрі ел ішін жайлаған зияндасты арам бездер. Осыларды байжайлап айта келіп:

Кім дейсіз әр халықты тентіреткен?
Әуелгі үш түрлі оқу түпке жеткен.
Бұл үшеу көзін сағып көмілгенде,
Кейінгі жалғыз мақсұт көкке жеткен.

Оқығанда халықтың қолын “көкке жеткізіп”, добын өрге до-
малататын қай мақсат десеңіз, мынау:

Өнер-білім алуға,
Алға қарай баруға.
Меллат көзін ашуға,
Терістіктен қашуға.
Заманаға көз салып,
Аяқты жөндеп басуға,
Отанымызды сақтауға,
Ақиқатты жақтауға,
Біз де басты көтерсек,
Қала бермей таптауда.

Буржуазия табы майданға жаңа шығып өсіп келе жатқанда оның амалы төңкерісшіл келеді. Өзінің тез бел алып, өсу жолында жас буржуазия бұрынғы қанаушы тапқа қарсы қозғалған қалың қаналушы таптың қимылын пайдаланады. Көпті еркіндік, теңдік, бауырмалдық ұранымен ұйымдастырады, мәдениетке шақырады. Бұл қызметті атқаратын “буржуазияның төңкерісшілдік амалын көтеруші кәсіпкерлердің өздері емес — оқыған зиялылар” (Покровский)⁹⁸. Сондықтан, алғашқы кездегі қазақ оқығандарының да көпке басшылық етуі ақылға сыймастық іс емес.

Бұл күнде бастаушылар шықты бізден,
Солардың айрылмайық салған ізден.
Басшының соңынан ер, айтқанын қыл,
Тілейтін бар тілегім осы сізден.

(“Жұртыма”, 32-бет)

Төңкеріс — қашанда халық көпшілігінің қимылы. Өсіп келе жатқан буржуазия табы ол қимылды пайдаланбасқа әдді жоқ. Ескі бектік құрылысты жеңіп шығып, әлеуметтік майданнан құрық әкету үшін олар көптің жоғын жоқтаған боп, өзіне бірлікке шақырады дедік. Олай болса, ұлтшыл оқығандардың сөзінде, жаңашыл ақындардың сарынында нашарды, кедейді есіркеушілік, солардың көрген жәбір-жапасын айтушылық өзінен-өзі түсінікті нәрсе. Ұлтшыл ақындардың қайсысы болса

да, кедей мәселесіне азды-көпті тоқталмай өткені жоқ десек болады. Бәрі де кедейдің, нашардың ел ішіндегі әкім, пысықтардан көрген кемшілігін жырлап отырды.

Бірақ басқаларға қарағанда Сұлтанмахмұттың айтуында көп айырмашылық, өзіншелік бар. Бұл нашардың өмірін Шортанбай, Әбубәкір, Омарларға қарағанда әлдеқайда тереңірек, жандырақ, батылырақ көрсетеді. “Бір адамға” деген өлеңі патшадан алған шен-шекпен, заттарын мақтаныш қылып көрсеткен Шоң Шорманның Садуақасына айтылған⁹⁹. Көргенін айта келіп, күміс көсені көргенде:

Көргенде күміс кесе, алтын аяқ,
Бір сөзді тамағыма қойдым таяп.
Қай момынның малы бар бұл аяқта?
Демейінше болмады қарап жай-ақ.
Көсені қолыма алып қарай бердім,
Ішінде нақақ көзден жас бар ма деп! —

дейді. Бұл өлеңінде бір жағынан, патшадан шен-шекпен алушыларға қарсылық сезілсе, екінші жағынан, ол дүние момынның малы, күнәсіздің көз жасы дегені аңғарылады. “Анау-мынау”, “Қымыз”, “Айт” деген өлеңдерінде кедейшілдік күшті.

Төңкеріске дейінгі басты оқығандар бірегей бір-ақ топ деп қарауға болмайды. Олардың ішінде жаңа туып келе жатқан сауда капиталының уәкілдері де бар; замананың сазына үйлесіп, жаңа тапқа бой ұрып келе жатқан пайымды бексымақтар да бар. Сонымен қатар көпке жақын бұқарашыл қанаты да болды. Бұлардың сыртқы мақсаты кезінде біріккенмен, ішінара өзгешеліктері болмай қалмайды. Тақырып, бейне (образ) жағынан да, мәселені түсінуі, талдау көлемінің кең-тарлығы жағынан да айырмашылықтары болды. Өзге ұлтшыл ақындардан өзгешелігі бар ақынның бірі — Сұлтанмахмұт. Сұлтанмахмұт — өз кезіндегі ұлтшылдық қозғалыстың бұқара жағындағы қанатын ала шыққан ақын. Қазақ кедейінің байдан көрген зорлығын айтып, оқуға тартады. Бұл жолдағы басшыны оқығандар деп түсінеді. Ұсақ байшылдық, ұлтшылдық сезімі ақынды одан әрі жібермейді. Бұл ақын өміріндегі үлкен қайшылығы болды. Осы қайшылық

бастан-аяқ жазғандарының бәрінен де шығып отырады. Бірақ осы жолының дұрыстығына көзі жетпей, ылғи тың жол ізденумен адасқанын артынан сезіп, торығып қалып отырады.

1917 жылы февраль төңкерісінен кейін құрылған “Алаш” партиясының ақ туын көкке көтереді, қуанады:

Алаш туы астында
Біз Алаштың баласы.
Күніміз туып көгерді
Сарыарканың даласы.
Алаш туы астында
Күн сөнгенше сөнбейміз.
Енді ешкімнің Алашты
Қорлығына бермейміз.
Адамдықтың жолына,
Бастаған ерлер соңында.
Басқаға көңіл бермейміз.
Қандай шайтан келсе де,
Алдауына көнбейміз.
Өлер жерден кеттік біз,
Бұл заманға жеттік біз.
Жасайды Алаш, өлмейміз,
Жасасын, Алаш жасасын!...

Соның артынша өткен жолының барлығы адасу екенін көреді. Өз тұсына көңілі толмай “А, дүние” деген өлеңінде жерден безіп, аспанға ұшады:

Неменеге мақтандық көкірек керіп?
Өзімізге сонша артық мағына беріп.
“Барша әлем жаралған адам үшін” —
деп қалайша адасып жүрдік сеніп? —

деп демі басыла қалады. “Жас жүрек” деген өлеңінде:

Жас жүрек, қайда сенің ыстық қаның?
Тап мұндай мұздауыңның айтшы мәнін?
Тәтті үміттің қиялы сәуле беріп,
Ұйықтатпайтын толқынның жойды бәрін...
Шындық, достық таппадым сандал қағып,
Өмір бойы алдандым тапқанымнан.
Бұ күнде адасудан көз ашпадым.
Не нәрсені көздесем тап баспадым.
Дүниеден басқа рақат тілемеймін,
Кеш, арым! Мен білместің адасқанын, —

дейді. Бұл торығуы, әрине, сенген Алаш партиясының Октябрьмен бірге отаса алмайтынына көзі жеткендіктен шыққан.

Бірақ осы бетімен, алдымен торығып, үміті кесілмейді. 18-жылы жазған “Неге жасаймын” деген өлеңінде бұқарашылдық жағының таразысы басып, жерге түседі. Бұған, әрине, сол кездегі Каутский¹⁰⁰, Плеханов сияқты кісілердің сөздерімен танысу себеп болған. Алдағы мақсаттың елесі көзге түсіп, дүниеге затшыл көзбен үміттеніп қарайды:

Сусыз, шетсіз шөлдерден,
Тұманды, түпсіз көлдерден,
Адамдық көші өткенше
Қасқыр мен қой дос болып,
Достықсыз өмір бос болып,
Шын өмірге жеткенше;
Іштен өсіп адамдық,
Сырттан түлеп жамаңдық,
Тазарып әбден кеткенше;
Талай шаштар ағарар;
Талай тәнді жер алар,
Талай буын қуарар,
Талай өмір суалар, —

деп, қиыншылығын айта келіп, өз өміріне мағына береді:

Жасаймын: “Еңбектің
Жемісін көзбен көрем”, — деп.
Жасаймын: “Бір қолғабыс,
Кейінгіге берем”, — деп.

“Социализм” — сол 18-жылы жазған мақаласы, бітпей қалған. Бірақ Сұлтанмахмұттың кім екенін, оның қандай қайшылығы бар екенін ашығырақ көруге болады. Мұнда ақын ілгеріде “адам баласының күнкөруіне” жайлы, “тегіс бақытты болатын” тұрмысы болады дегенге сенеді. Ондай тұрмыстың іздесе табылуына күмән келтірмейді. Алайда ақынның қанына сіңген ұсақ байшылдық сана еңсесін жоғары алдырған жоқ. Сұлтанмахмұттың “социализмі” утопистердің ғана социализмі болып шықты¹⁰¹. XVIII ғасырда ағылшын жұртының Сен-Симон¹⁰², Фурье сияқты білімпаздары¹⁰³ капитализм құрылысын қатты сынап, ілгеріде адам баласының тең, адамды адам қанау болмайтын — социализм тұрмысы болады дегенді

айтқан болатын. Бірақ социалды жаңа қоғам құру жолында олар түзу жол, айқын күшті айта алған жоқ. Социализмнің мұрагері пролетариатты көрмей, жалпы “еңбекші халыққа” арқа сүйеді; “мәдениетті байлардың жалпы адам баласылық сезімі”, адамның біргелескіштік жаратылысынан үміт күтті.

Утопистер капитализм құрылысының жүйесіне түгел қарсы болуға уақ байшылық өресі жетпей, тек жеке қылықтарына ғана қарсылық көрсетті. Олардың табан тірей алмауы, істі аяғына дейін жеткізе алмай, толқумен отырғандығының себебі — ия ірі бай емес, я жалаңаш еңбекші емес, екі орталықтағы уақ байшыл салтынан. Олар тегістік тұрмысқа жету жолын, сондықтан шын өмірдің өз ішінен іздеген жоқ, тапсыздықты негізге алып, “биік инабат”, “естілік”, “бұлдыр” жөнімен ізденді.

Сұлтанмахмұттың да түсінуі осы сияқты. Сұлтанмахмұттың ойынша социализм болу үшін екі шарт керек:

“Бірі — дене азығы; бірі — ар азығы. Дене азығы дегеніміз — осы күнгі адам баласының жеңіл күнкөруіне себеп болып жүрген саймандар білімі. Мысалы: пароход, отарба, телеграмма, телефон, ұшатын аэроплан, көліксіз электр т.т... Дене азығы дегеніміз бұлар болса, ар азығы дегеніміз — әділдік. Осы соңғы ар азығы табылмай, басқа дене азығы өнерлерінің көбеюімен жалпы адам баласының күнкөруі ауырламаса, жеңілдемейді; бақытсыздық көбеймесе, азаймайды. Ар азығының ер жетпегендігінен Еуропадағы “адам баласының күнкөрісін жеңілдетеді, бақытты қылады” деген өнерлерінің бәрі адам баласының бірінің етін бірі жеуіне, бірінің қанын бірі ұрттауына жұмсалып жатыр” деп, соғыстың қырғынын мысалға келтіреді. Өнерлі, техникалы болады деуі ағат емес; бірақ, тап күресін аттап өтіп, өзінен-өзі “ар әділдік” орнайды дегені — өз өрісінен аса алмағандық.

Әр ұлттың өз ішіндегі тап тартысын жоғары қоймай, өнерлі ел мен өнерсіз, өнерліге жем болып отырған ұлттар арасындағы тартысты көреді. Кенже жатқан ел тегістік тұрмысқа баруы үшін әуелі ілгері ұлтқа теңеліп асып барып, бірге іздеуі керек дейді.

“Қазаққа ілгерілеу керек болса, мұны таз қалыпта қалдырмай, жетілген жұрттың қатарына қосылуы керек. Олармен бірге адам баласының жеңіл күнкөруіне, тегіс бақытты болуына жол табу ке-

рек. Іздесіп, атсалысу керек. Жол іздеп, атсалысу — сол жетілген жұрттардың қатарына келіп алғаннан кейінгі болатын жұмыс”.

Әрине, мұны айтқызып отырған — қазақ даласының кейін калып отарлану күйінен туған ұлтшылдығы. Қазақ жұртын тегістік тұрмысқа жеткізу үшін Еуропа жұртының ана жоғарғы айтқан шарттарын үйрете бару керек дейді.

“Біздің солай жылдам жетуіміз үшін тегіс, жұмыла үйренуге кірісуіміз керек. Солай болған соң мектеп, медресе, газет, журнал, кітаптарымыз көбейіп, Еуропадағы адам баласының ауыр күн-көрістен құтылып, бақытты болуына себеп болатын ілімдерді үйрете беру керек...” деп, социализмді мектеп, өнер, тәрбие арқылы орнатқысы келеді.

Осы пікір 19-жылы жазған поэмаларынан да табылады. Олар да осы жөнмен жазылған.

“Кедей”. Бұл жоғарыдағы “Социализмнен” кейін жазғаны. Мұндағы сүйенгені де жалпы еңбекші халық — кедей. Кедей тұрмысының тарлығы, бай мен кедей арасындағы қайшылық. Кедей еңбегінің қаналуы, одан қала берді қаладағы күшін сатып, күнін көріп жүрген жұмысшы тұрмысының ауырлығын айтады. Осындай жоқшылық тұрмыста ата-бабасынан бері келе жатқандығы, оның аяғы қайыршылыққа соғатынын, дін, үкіметтің байға болысатындығын қалдырмай қатты сынап келіп, еңбекшінің жаратылысын жоғары көтереді:

Малым кедей болғанмен, жаным биік,
Жүрегім жек көре алар, жаным сүйіп.
Қара көз, алтын сәуле, ақ ерке үшін,
Бай ұлындай тарта алам мен де күйік, —

деп, байға ақыл, сезім, парасат жағынан бой теңдесті жасайды да:

Жоқ мен бұған разы тіпті болман.
Бақытты іздеу керек басқа жолдан, —

деп, бақыт дариясына жол іздейді. Бірақ, тапқан жолы баяғы — оқу, ойдан жорыған “ар”, “әділдік” болады:

Жол қайсы Құдай салған, шайтан салған?
Білмеймін осы арасы маған арман.
Мейілі Құдай берсін, шайтан берсін —
Мақсатым — оқу оқу көңліме алған!..
Жүрегімді белгісіз нәрсе қысып,
Шақырып тұр, мінекей, кеттім сонда, —

деп, арманының жолына ақын басын бәйгеге салады. Мұндай ұзақ сапарға жол шегу, жол азабына төзім беру ақынның бойына біткен ұсақ байшылдық жаратылысына сыймайды. Қантөгіс пен қантөгістің арасындағы аспан мен жердей айырмашылықты білмейді. Бақытқа жету жолындағы қызу күрестің тепкісіне шыдамай, бұрын да қан төгу бар, бақытқа жетемін деушілер де қан төгіп отыр, тегінде анау айтқан бақыт жоқ екен деген қорытындыға келіп, өмірден мүлде көңілі қалады. Бұл әдет орыстың Короленко деген¹⁰⁴ даңқты жазушысында болған. О да төңкерістің алғашқы кезінде енді қантөгушілер жойылды, жер жүзіне бақыт орнады деп төңкеріске сүйініп қарап, артынан азамат соғысы кезіндегі қатал тап күресінің ызғарына төзім бере алмай, тез түңілген болатын. Оның ойынша, тіпті қан төгу деген болмай, лезде бейбіт заман орнай қалса дейді. Әрине, бұ әдет уақ байлардың от басы, ошақ бұтынан оза алмайтын топас тоғышарлығы. Аумаған осы мінез біздің Сұлтанмахмұта да болды. Оның соңғы жазған “Адасқан өмір” деген поэмасының әеуметтік сыры осы арасында. Поэманың жазылуы Алаш партиясының құлап, ұлт байларының дәмі таусылмағандықтан деп қана бағалау, Сұлтанмахмұттың әлеуметтік жаратылысын жете түсінбей, мәселеге сынаржак, үстірт, схемашылдық көзбен қарағандық болады.

“Адасқан өмірде” ақын алда таусылмайтын бақыт бар деп алданғанын, ол бақытқа жету жолындағы тап күресінің қиыншылығына балуандығы жетпей бақытқа жететін жолы мынандай қантөгіс болатын болса, тәңір жарылқасын деп тез суынып, негізіне тартады.

Сезімнің сыртқа шықпас түсі бар ма?
Оны жасырар адамның күші бар ма?
Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен,
Жүректің көрсетпейтін ісі бар ма?—

деп, жүрегімнің шын сырын бүкпей, қалдырмай айтамын деп бастайды. Содан кейін балалық өміріне келеді:

Мен сәби мейірімді ана құшағында,
Ақ мамасын сүйемін, құшамын да...
Мен ұжмақ періштесі, көңілім таза,
Қандай нәрсе білмеймін: пәле, қаза...
Менде жоқ мынау — орыс, мынау — казак,

Не мақтау, не кеміту, қорлау, мазақ.
Бай, кедей, сау, кем-кетік, бәрі бір бос,
Не нәрсе, айтшы, кәрілік, ауру, азап?
Мен білмеймін не нәрсе: “өлім” деген.
“Қорқу” деген, “көму” деген, “көрің” деген.
Тамағыма пышақ таяп тұрған жан да,
Күлуден басқа жауап алмас менен, —

деп, ағынан жарылып келіп жарық дүниеге өзін-өзі сыйлыққа тартады:

Мен азатпын, мен ақпын, мен өсемін,
Не қылсаң да басымды бердім, міне!

Бұл алғашқы бетте Қап тауының ар жағында таусылмайтын бақыт бар, тайлы-таяғымыз қалмай соған жетеміз деген арнайы сенімі. Ол “бақытқа” қалай, қай жолмен жететіндігі жүрегі алып ұшқан балалық кезінде ойланылмайды. Жол, әдіс тандауды жігіттігіне береді:

Мен — жігіт он бес-отыз арасында.
Бұл жаста көп бересі, аласың да.
Алдымда толған мақсат, толған тандау,
Алайын мынасын ба, анасын ба?..
Лепіріп бақ іздейді, жар іздейді,
Ол ғашық көрмесе де жардың түсін.
Тәніме жаным сыймас іздеп кімді
Кеудем қызып, құриды әбден мысым?
Іздеймін, түсін әлі бір көргем жоқ.
Қандай түрде, қай жерде, білемісің? —

деп, дақпыртқа шауып, шарық ұрып бақыт іздейді. Іздеген нәрсесінің түсін көрген жоқ, қай жерде екенін де білмейді. Әлеуметтік тегіне маталған қысқа тұсау, тар шідер құлашын әр тарапқа бір жаяды. Бірақ, жан жұмбағына алыстан шешу іздей алмайды. Ауыл арасынан іздейді. Бақыт байлықта болар ма деп байқайды. Жок:

Несі қызық байлықтың, несі бақыт?
Байлықпен алмаған соң бақыт сатып...
Қарын тоққа қанағат қылатұғын,
Мен емес: тәнім тірі, жаным елік.
Игі мақсат болмаса, ұсақ іске,
Неге мен алданайын уақыт бөліп!

Ақын “әкімшіліктің” де тамырын тартып байқайды. Оған да көңілі байсал таппайды. Үкімет, молдалық, теңсіздік тұрған жерде әкім болу әділдік емес. Әкім жүрген жердің бәрі зорлық деп біледі.

Өмірдің бұл түрінде ешбір әкім
Мүмкін емес әділдік қылуға елге.
Себебі, тастап әкім бола алмайды
Байлар мен молдалардың сөзін жерге.
Күшті таптың ыңғайын қылмасқа жоқ,
Мүбәдә әкім болсам егер мен де.
Бір сағат та қыла ма мені әкім
Болыса бастасам мен күші кемге?
“Әкім” деген — күштіге шокпар болу,
Зорлығын істегенде күшсіздерге...

Әділетсіз болып, нашарды нақақтан жазалаймын деп, әкімдікке де жоламайды. Ендігі әділ бақытты өмір әскер басы болу ма екен деп те көреді. Бірақ ондай найзаның ұшындағы бақыттан оқыс нәрсе жоқ. Бүтін сен біреудің қанын төгесің, ертең сенің қаныңды ол ішеді. Ақынның қан төгу дегенде сіркесі су көтермейтін жұмсақ жаратылысы әскер деген жерде төбе шашы тік тұрады.

Бұл іспен бүгін менің жолым болса,
Күні ертең басым жолда қалмай қоймас...
Найзаның күшіменен жанған бақыт
Бір кезде найза ұшында ұшпасқа жоқ.
Соқырлығы кімде-кім болса солдат,
Жыртқыш қылар аздырып оларды алдап.
Жыртқыштығы емес пе “төре айтты” деп:
Көрген жерде бір-бірін қанға малмақ.
Адамдыққа сия ма кісі өлтіріп,
“Батыр” деген ат тауып, медаль алмақ.

Ақын санасының өлшеулі, шағын екендігі осы арасынан көрінеді. Әскердің әскері бар. Капиталшылар қолындағы әскер көптің қанын судай шашып отырып, ат тебеліндей бір топ капиталшылардың қалтасын қалындатады. Бұл жөніндегі қан төгуге жержүзі еңбекшілерінің бәрі қарсы. Ал, сондай жыртқыштық, қанау жолындағы қан төгуді тыю үшін қан төгу — алдағы бақытты өмірдің ең бірінші шарты. Сұлтанмахмұт бұған да қарсы шығып, бақыт атпай-шаппай көктен түсе қалса екен дейді. Сүйтіп тарихтың буынсыз жеріне пышақ ұрады.

Ақынның бұл пікірі келесі таңдаған жолынан да көрінеді. Онысы ғалым болып, өнер дүниесін байытпақ. Жұртқа ілім-білім таратып, тарихта “данышпан” деген атағын қалдырмақ болады. Алайда, мейілі оңай күнкөрудің жаңа тәсілдерін тапсын, мейілі адамды өлтірмейтін амал тапсын, бәрі бір өнер, амал өскен сайын адамды көп қыруға соғады да отырады. Үстем таптың құралы болып, нашарларды жеген үстіне жегізе түседі.

Бірақ бүгін ғылымның тапқандары
Пайдасын көрсеткен жоқ кедейге әлі.
Азусыз қасқырларға азу болып,
Қай халін ауырлатар онан әрі.
Бұрын көл болса, енді теңіз болды,
Өнердің аркасында адам қаны.
Бұл қалыпта ғылымды пайдалы деп,
Алғыс айтып тұрған жоқ жанның бәрі...
Бұлай болса, сондағы үйретуші
Сорысқан боп табылар кедей қанын.

Қайда барса да, нені алса да бәрі де кедейге шоқпар болып отырады. Мұнша қор болғандай кедейге не болды? Өмір анасы жердің адамға беретін тамағы таусылып, тапшыланғандықтан адам бір-бірімен қырғи қабақ бола ма? Жоқ. Жер таусылмайтын қазына. Жерден ала білген жанға бәрі де табылмақшы. Ендеше, жерден тамақ өндіру тәсілі нашарлық қылып, көп қып үлгеріп жеткізе алмай таласа ма? Жоқ. Адам баласының өмірі оған ба-луан. Қайта өнер өскен сайын адам баласында бір-бірінің етін жұлып жеушілік, ашқарақтық күшейе түседі. Мұнда қандай ікмәт бар?¹⁰⁵ Қоғам ішіндегі бұл не қылған сиқыр? Ақыры адам қоғамындағы сиқырдың өзін көре алмайды, көлеңкесін көреді:

Ә, жоқтығы жақындық әділдіктің,
Адамды сорлы қылған бақсыз айлап.
Сондықтан адам біткен ертең әлі,
Бас иіп әділдікке келер бәрі.

Адам баласының бір-біріне мұнша жауыз болғандығы бір-біріне “жақындық”, “әділдіктің” болмауы, ертең есі енгесін өздері-ақ ұялып, “әділдік”, “жақындық” туын көкке көтереді деп біледі. Ол “әділдік”, “жақындықтың” болмауы қоғамның тап-

тапқа бөлінуінен екенін білмейді. Адам қоғамның әр алуан тарихи шытырманынан бақыттың тұтқасы деп “әділдікті ұстайды”:

Ендеше мен жабысам негізгі іске,
Әділдікте бар негіз бақ та, күш те.
Қарғаймын әділдіктен басқа жолды,
Өңім тұрсын, кірмесін түнде түске, —

деп, басқа жолдың бәріне қош айтысады. Енді сол әділдіктің жолын қуады:

Адамды “күнкөрістің” өзі қосып,
Жақындату әне тұр алдан тосып.
Сондықтан әділдікті, жақындықты,
Кім жатырқап бой тартар “жат” деп шошып.
Сол уақытты тездетуге қылмақ қызмет.
Бақ іздеген адамға парыз міндет! —

деп, социализм идеясына қосылған болып қалады. Алдына бірталай соқталы міндеттер қояды. Олары да социализм мақсатынан қашық емес.

Жоғалсын бұл “сенікі-менікілік”
Осы ғой адамзатты қырған індет, —

деп, жеке меншіктің жойылуын кездейді.

Кәрі демей, жас демей, күшсіз демей,
Олжадан бірдей пайда алмақ үшін.
“Әкімін”, “әулиемін”, “әскермін” деп,
Бір-бірін жейтін сылтау қалмақ үшін.
“Әділдік”, “ұлт” деген сөз, “дін” деген сөз,
Залымның жем болмауға қармағы үшін, —

деп, бұрынғы “әділдік”, “ұлт”, “дін” дегендер үстем таптың қанау құралы болғандығын айтып, оның жойылғанын көздейді. Алайда, бұған жету себебінің күшін тап күресіне бермейді, жеке адамға береді. Тап күресінің деңгейіне дейін көтеріле алмағандықтан, адам баласын бақытқа қарай тербиелеуді тап күресінің амалынан тысқары оңаша себепке тірейді. Ол себептің тізгінін адамның еркіне береді.

Себеп жеміс: еділдік, адалдық та.
Себеп жеміс: залымдық, арамдық та.
Себеп жоқ адам ұлы жаратпайтын,
Және де еш нәрсе жоқ себепке ермес, —

дейді. Сол себепті қолдан жаратып барып, жоғарғы айтқан бақытқа сол арқылы бармақ болады. Әрине, мәселені себепке байлап қарауы теріс емес. Бірақ, қандай себеп? Әңгіме осы арасында. Сұлтанмахмұттың мынау айтып отырған себебі қоғам тарихының кезіндегі тәжірибесінде бар себеп емес. Сырттан, адамның ақылымен келтіретін себеп. Сондықтан қоғам тәжірибесін өзгертуге ондай белі байлаусыз себептің ешқандай әсері болмақ емес.

Өмір тәжірибесі Сұлтанмахмұттың ойлағанындай болмайды. Күрес, тартыс “кімді кім?” деген мәселе пролетариат төңкерісінің алдына ірі міндеттер тастап отырады. Азамат соғысы басталып, ақынның арман қылған “бақыты” ертең, бүрсігүннің әңгімесі болмай шығады. Тап пен тап арасындағы қантөгіс қапелінде тоқталмайтындығын көреді. Ол күрестің бақыт үшін күрес екенін ақын сезбейді. Сондықтан бақыт дегеннің бәрі бір қантөгіс екен ғой деген ой түседі. Дереву бақыттан күдер үзіп, тайқып асылына қайтады. Өз демін өлшеуге алып:

Өмір аз әлде болса күресуге,
Мақсат жоқ, мақсат үшін сіресуге, —

дейді.

Шығарған қорытындысы:

Қайткенмен кедей өмірі бұл қалыпта,
Жүз бұлқынса, қол әкел, онбасына, —

деген ойға келеді. Алғашқы бетте желігіп қалған көңіл, жақын жерде оңай бақыттың жоқ екенін сезіп, біртеп суына бастайды.

Ақ ниет, адал ойлар түкке тұрмай,
Барады ешкім оған мойын бұрмай.
Әділдік орнамасқа кезім жетті,
Дүниеден ет жейтұғын ауыз құрымай.
Дүние алдау екен, алдасуда,
Өз обалым өзіме қалсам кейін.

Дүние — жеу, жегізу майданы екен,
Жеңе алсам жеймін демей, мен не дейін.
Әділдік болады деп тоса берсем,
Өзімді жеп қоятын оған дейін.
Әділ болып байқадым, не өндірдім?
Бұл басым залым болып бір байқасын, —

деп, жігіттік кезіндегі іздеген “адамшылық ары” залым болуға келіп соғады. Залым болып та еш нәрсе өндіре алмайтын болған соң, жалғыз кетіп, өлімге басын байлап береді.

Сұлтанмахмұттың өлеңінің көркемдік сыры

Сұлтанмахмұттың өлеңі — қазақ әдебиет тарихындағы бұқарашыл әдебиеттің тұңғышы. Өлең жазғанда өзімен-өзі әуре болып, ойымен алысып, кімге жазып отырғандығын ұмытып кетпейді. Көпшіліктің өз тілімен түсінікті қылып жазады. Ол өлеңнің тұр сұлулығын жалаң тұр қуып іздемейді, ұғымын тереңдетіп, мазмұн арқылы іздейді. Сондықтан мазмұнның төсегіне қарай түрі сәйкес келіп, сөзі күшті болып шығады.

Қараңғы қазақ көгіне
Өрмелеп шығып күн болам!
Қараңғылықтың көгіне
Күн болмағанда кім болам?

Мұндай терең мағыналы әрі сұлу, әрі шешен айтылған сөздер Сұлтанмахмұттан кездесіп отырады.

Сұлтанмахмұт — сөз екпініне елігіп, шыға жайылмайтын, әр сөзін ақылға салып салмақтап отырып жазатын ақын. Сондықтан өлеңінің айшығы, буыны бір тегіс тақтадай болып келе бермейді. Реті келген жерде өлең өлшеуін аямай бұзып та жібереді.

Сұлтанмахмұттың қазақ әдебиетіне енгізген үлкен жаңалығы — қазақ әдебиетінде бірінші рет поэма жанрын туғызды. Бұл жағынан қарағанда, Сұлтанмахмұттың маңызы өте зор.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЙҰЛЫ

(1894—1933)

Сәбиттің өмірі

Сәбит Дөнентайұлы 1894 жылы бұрынғы Кереку уезі, Ақсу болысында (осы күнгі Шығыс Қазақстан облысы, Павлодар ауданы) туған. Әкесі Дөнентай молдасымақтау, еті тірі, көзі қарақты кедей кісі болған.

Дөнентай маңдайындағы жалғыз баласы Сәбитті оқытып, ескіше молда қылмақ оймен елдегі Мұхамет-Садық дегеннен оқытып, онан кейін Павлодар қаласындағы Қасым қажы Ертісбайұлы дегеннің медресесіне берген. Бұл Қасым қажының медресесі бұрын ескі дін оқуын оқытатын мектеп болса да, артынан замананың сазына қарай жаңашыл төте оқу жолына түскен. Жас Сәбит зеректігінің арқасында орысша оқуды арман қылып, оған ешбір орайы келмеген соң, ептеп өзі қарастыра бастаған. Әкесінің баламды молда қылам деген арманы сырт қалып, Сәбит алдағы өмірінің бақыт есігін өз сезім парасатымен ашуға со күннен бастап-ақ қадам ұра бастайды. Заманы туып келе жатқан жалынды жастың кеудесіндегі асыл сөздің қазынасын ашқызбайтын күш бар дейсіз бе? Жаппай қозғалған ұлтшылдық сезімнің әсерімен бойына дарыған ақындық өнерін жұртын өнер-білімге сүйреу жолына қарыштай бастайды¹⁰⁶. 1914—15 жылдарда жазған өлеңдер жинағы Упиде “Уақ-түйек” деген атпен екі бөлім болып басылып шықты. Оны бастырушы мектеп ашқан Қасым қажының Сәния дейтін қызы болған. Сәния Уәлихан Омарұлы деген оқыған азаматқа тиген.

1915 жылдар Сәбит орысша үйрену мақсатымен орыс тілінде оқытатын бір школда жабайы тыңдаушы болып оқиды.

1916 жылы солдат алатын июнь жарлығы шыққанда Сәбиттің жасы ілініп, содан қалу үшін Екібастұз бен Жармақ теміржол бойындағы¹⁰⁷ Жолқұдық дейтін қызыл үйдің жұмысына түскен. Онда вагонға топырақ салып жүретін қара жұмысшы болып істеген.

1917 жылы февральдан кейін Семей келіп, сонда ашылған мұғалімдер курсына оқып, бір жағынан “Сарыарқа” газетінде, соңынан “Абай” журналында қызмет істеп, жазып жүрген.

1919 жылдың аяғында елде болып, қазақ даласы ақтардан сейіліп, Кеңес үкіметі орнағаннан кейін 20-жылдың бас кезінде партияға кіреді. Содан 22-жылға дейін аудандық сот болып қызмет істейді. Бұл кезде әйелі Қорлығайдың көкірек ауруы күшейіп, қалада тұруға мүмкіншілігі болмайды. Оның үстіне, партияға кіргелі Баянауылдан шықпай, ақыл, үлгі, басшылық алатын тұрақты коммунист болмай, өз айналасындағылардың көбі білімдар таза коммунист болмай, әрі мектепке барып жаңаша білім ала алмай тұрған ортаның мешеулігінен булығып өсе алмайды. Артынша өзінің тіленуі бойынша партиядан шығып, қызметтен босанып, бір-екі жыл ауылда болады.

1924 жылдың басында Досұлы¹⁰⁸, Токжігітұлы¹⁰⁹ жолдастардың шақыруымен Семей келіп, ұдайы 6 жыл “Қазақ тілі” газетінің басқармасында істейді. Әрине, ол кезде басқарма қызметіне лайықты қызметкерлердің өте кемтар кезі, Басқарманың қызметін 6 жылдай бір өзі атқарған есебінде болады. Жұмысқа немқұрайды қарап, самарқау қимылдауына оның биік адамшылық ары көтермейді. Бар ынта, жігерін сала қимылдайды. Соның салдарынан денсаулығы жұқарады. Оның үстіне, әйелінің ескі кеселі күшейіп, қалада тұруға реті келмейтін болғандықтан, 30-жылы еліне барып, елде тұрақтай алмай, Павлодарда бір қыс мұғалім болады. Тағы да денсаулық жағдайынан 31-жылы Бесқарағай кетіп, Бөген дейтін жерде оқу-ағарту қызметінде болады. Артынан “Семей” газетінің округтік болып шығуымен бірге Сәбит қайта шақыртылып, байырғы қызметіне қайта кіріседі.

Бірақ бұл жолғы қызметі созымды болмайды. Соңғы 6-7 жылдың бойында бірде сау, бірде ауру болып, әсіресе Сәбиттің шалғайынан ұстап қалмай келе жатқан безгектің ауыр түрі — кәрі жолдас 32-жылдың октябрі басынан 33-жылдың ғынауар ішіне дейін төсек тартқызып тастайды. Бұл жату өзіне қатты батады. Беті бері қарап, қызықты өмір думанындағы жора-жолдас, дос-жарды есіне алған бір хатында:

“Қатындар ең соңғы баласын, осы иттің толғағы қатты болды ғой” деп иыққа бір салып қалушы еді. Соларға ұқсап, менің

де ең қатты ауырғаным биылғы болды, нелер азапты тарттым. Танымастық болып жүдеп, “көр аузынан қайтқандай болдым” деп жазады.

Денсаулығын жөндеу үшін 33-жылы марттың 2—26-на дейін демалыс үйіне барады, бірақ шыңына жеткен ауру бой бермейді. Сонда да шамалы ондалып, артынан Алматыға келіп, “Қазақстан” баспасына өлеңдер жинағын тапсырады (Бұрын да 25—26, 27—28-жылдары екі рет жинағын тапсырса да, басылмай, жоғалып қалған).

Сәбит бұрын ұлтшыл ұранның шынжыр қатары бір жыршысы болса да, 20-жылдан бастап ол кеңес жолына түсіп, езілген таптың жырын жырлай бастаған. Кеңес жолына шын беріліп, жырлап келе жатқан ақын еді. 29-жылдан бері ҚазАП-қа мүше. Әсіресе, сол жылдары “10 жылдағы олжа”, “9 жылдың олжасы”, “Ленин”, “Бай мен комсомол” сияқты өлеңдер жазып, өзін көрсетіп қалып еді. Сол жолын енді ұлғайтамын деп құлшынып кірісе бастағанда (мақсаты — партияға қайта кіріп, бұрынғы қатесін ісімен жумақшы еді), тұрмыс шарты тура келмей, 33-жылдың 23 май күні көзін жұмды.

Сәбит төңкерістен бұрын ұлт бостандық қозғалысы туғызған қазақ бұқарашыл ақынының көрнектісі. Бұл Сәбит ақындық өмірінің терең сарынынан есіледі.

Сәбит Дөнентайұлының ақындығы

Сәбит Дөнентайұлы төңкерістен бұрын, қазақ өлкесі отар кезде, ұлтшылдық қозғалысының дәуірлеп келе жатқан ұлттық бостандық көзімен бірге шыққан ақын. Оның ақындығы да сол сезіммен баулынып, күшін сол бағытқа жұмсайды.

Әрине, ұлттық күрес “туысында байшылдық, ол алдымен байларға пайдалы, қолайлы” (Сталин). Ұлттық күресті көкке көтеріп, өз ұлты аталған халықтың санасын содан асырмай, бір жеңнен қол, бір ауыздан сөз шығаруға шақырушы да, бастаушылар да — ұлт байлары. Күрестің асылы байшылдық, бірақ бұдан қалың қара бұқара сырт қашады, болмаса байлардың жетегімен ғана күреске шығады деген сөз шықпайды. Алдымен бостандық қосарлы қанауда отырған еңбекшілерге керек.

Енбекшілер арасында қозғалыс уыты болмаса, байлар қанша ілгеріге ұмтылғыш болғанмен, еш нәрсе бітіре алмаған болар еді. Қара бұқараны өз ішіндегі бектер, байлар, би, болыстар іштен қанаса, Ресей жиһангерлері отар жолымен сырттан қанайды. Бұл сыртқы патшаның отарлауы ұлт ішіндегі екі таптың қайсысына болса да қолайсыз. Байларда қызғанушылық, бұқарада қанаудан құтылушылық күшейеді. Екеуінің де жауы бір болғандықтан, екеуінің де отардан құтылу тілегінің сырты бір болады, жауына біргелесіп аттанады. Бірақ қазақ ұлтшылдары отардан қарулы күш жұмсап, жеңіп барып құтыламыз деген жоқ. Патшаның ұлт байларына берген азырақ мәдени (тіл, мектеп, баспасөз) сыйлығынан пайдалану ғана болатын. Қазақ байларының мүддесін қорғаған ұлтшыл-оқығандардың елге “оқы, өнер-білім үйрен, мәдениетті ел қатарына қосыл, қорлықтан сонда ғана құтыласың” деп мәдениетпен ғана қанағат етушілігінің түр мәнісі осы болатын. Олардың бұл сыры, әсіресе, 1916 жылғы көтерілісте айқын көрінеді. Патшаға қарсы бұқараның құралды көтерілісіне байлар да, ұлтшыл-оқығандар да қарсы шығып, көпшілік алдында мысын шығарып алды.

16-жылға дейін бұл ішкі алалық көрінбей келді. Қазақтың байларындай бұқарасы да ұлтшыл оқығандарға сеніп, шылбырын беріп келді. Ұлтшыл оқығандардың 16-жылға дейінгі амалы, ішкі алалығы кертартпа болып, түбінде өзінің дербес қанауына соқтыратындығы былай тұрсын, патша үкіметінен босану бетінде шын күрес жолына жете алмағандығы, жете алмайтындығы бола тұрса да, жұртты өнер-білімге, мәдениетке жетелеуімен сырт пішіні төңкерісшіл болып келді.

Сүйтіп, сырт тілектің патшаға қарсы бір жерден шығуы ұлтшыл оқығандардың көпті мәдениетке сүйреп, сырт көзге төңкерісшіл болып көрінуі, оның үстіне, езгіде жатқан бұқара санасының оң-солын айыра алмай қараңғы жатқандығы қосылып келіп, ұлтшыл оқығандарға сенімін күшейтті. Оларды нағыз ел қамын ойлайтын адал жанды кісілер екен деп түсінді. Көппен бірге азды-көпті шыққан қалың бұқараның санашылдары да оларға қол берді, қатты сенді. Әрине, бұқараның ұлт буржуазия көсемдеріне ондай тарихи жағдайда сенуі табиғи нәрсе; отар ұлттардың бостандық қозғалысының белгілі дәуіріне дейін қосылуы лажсыз керек. Отар ұлт тәжірибесінің бәрінде де бұл жағдай болады.

Сондай тарихи жағдайдағы бұқарадан шыққан Сұлтанмахмұт сияқты бұқарашыл ақынның бірі — Сәбит Дөнентайұлы. Күні бүгінге дейін бұл екеуін ұлт мүддесін жырлады деп байшыл-ұлтшыл оқығандардың табына қоса санап келді. Әрине, ат төбеліндей қазақ байларының мүддесін қорғап шыққан байшыл-ұлтшыл көсемдердің жолына елігіп, төңкеріс кезінде айқын жолдан адасушылық бұларда күшті болды. Уақ байшылдыққа түсіп, кейде орынды, кейде қараға ұрып, бөгеліп шыға алмаушылық, толқу бірінде көп, бірінде аз болып отырды. Бірақ оған қарап, негізгі тұрғысын із басты көмескі қылып өшіріп жіберуге болмайды. Егер олардың өлеңіндегі бұқарашылдық санасының ішкі өзегін үзіп жібереміз десек, осы күнгі пролетариат жазушыларымыздың шу баста бұқарашыл болып бастағанын ұмытқандық болады. Олай болса, ол кезде қалың бұқарада тілек болған жоқ, олардың арасынан шыққан тілек тізгіншілері шыққан жоқ дегендік болатыны даусыз. Күні бүгінге дейінге әдебиет сыны мен мектеп сабағында бұл жерді аттап өтіп келдік.

Сәбит 16-жылға дейін екі белімді “Уақ-түйек” деген өлеңдер жинағын бастырып шығарды. Ондағы өлеңдерінің бәрінде де ұлтшыл оқығандармен ойын, өрісін біріктіріп, сол кездегі алға тартылған негізгі мәселелерді ұлтшылдарша жырлады.

Алдымен Сәбиттің көздегені бірлік. “Бірлік” деген өлеңінде:

Әуелі егіп бірлік басыңды қос,
Сонан соң әр мұраттан қалмасың бос.
Жеке дақ үнің шықпас, ісің бітпес,
Жан қорқып, жалғыз қурай көрініп бос.

“Қазақтың білгендеріне” деген өлеңінде бұл бірліктің тізгінін оқығандарға ұстатады:

Қазақтан шыққан білгендер,
Халқыңды өрге сүйрендер!
Қазаққа да туды “ай, күн”
Жарық мұнда, жүр дендер.
Сөзді ұғарлық адам жоқ,
Не қыламыз демендер.
Түзу жетсін мақсатқа,
Арттарында жүргендер.

Мұндағы айтып отырған “ай, күні” — сол кезде шығатын “Қазақ” газеті мен “Айқап” журналы. Мәдениетке халықты бастап отырған оқығандардың “мақсатқа” жету жолындағы жалғыз үміті болғандықтан, ол екеуін ай, күнге балап, бақтың басы деп санаған.

Әрине, өнер, білім, баспасөз, тіл мәселелері қазақ тарихына соны жаңалық. Ұлттық сезіммен бірге туған мәселелер. Оған ұмтылу, көптің көңілін оятып, талабын арттыру өркендеу жолында ірі жұмыс. Бірақ екінші жағынан қарағанда, байшылдық өренің қысқалығы бар. Ол былай: үстем ұлт байларының партиясы отар елдерді өз жиһангерлерінің уысынан шығармау үшін ұлт елдері өз тілінде мектеп, газет, журналдарын шығарып, “мәдени автономиясын” алатын болсын. Әкімшілік еркін үстем ұлт билесін деген ұранды көтерген, бұл, әрине, ұлт еңбекшілеріне жеңілдік емес. Әр ұлттың үстем болып тұрған байларына ғана дербес тартылған табақ. Мәдениет қашан да үстем таптың құралы. Байлар үстем болып тұрғандағы “ұлт мәдениеті” деген ұран түрі ұлттық, мазмұны байшылдық кертартпа ұран. Бұл ұранмен ұлт байлары пайдаланып, еңбекшілерін ұлт бірлігіне қарай баулиды, тап жігін сүртіп, бәрі бір адамның баласындай болуға жетелейді. Ұлт еңбекшілерін ішті-тысты қол ұстасып қанауға құрған тор болып шығады. Екі ұлт үстем табының әлеуметтік тұрғыластығы еріксіз ішкі ынтымақтарын қосып, еңбекшілерді әлеуметтік төңкеріске жібермейді. Бірақ мұның ішкі мәнісі осылай болғанмен, мәдениет жөніндегі жеңілдіктер көптің сана сезімі артуына үлкен себепкер.

Баспасөздің қазақ арасына жайына бастауы, әсіресе, татар әдебиеті қазақ оқығандарының ой өрісін бір ғана “қазақ” дегенге қадалтпай есіріп, бүкіл отар елдердің байлары тастаған: түрікшілдік, исламшылдық ұрандарына үн қосуға дейін жеткізді. Сәбит Дөнентайұлы:

Дос тұттым, болдым жақын, соңына ердім,
Басқадан бір түсінді артық көрдім.
Көрініс шырайында еш кіршік жоқ,
Өзің мен жүрегінді қаққа бердім, —

деп, өз ұлтшыл көсемдерін дос тұтумен бірге “Замандастар” деген өлеңінде бірлік меселесін кеңірек қояды.

Жабылайық өнерге,
Ынтықпай қарап өлерге.
Өзіміз керек демесек,
Керек қып бізді келер ме?
Қызмет көрсет халқына,
Игі ат қалсын артыңа,
Діндесінді бауыр тұт,
Қарамай қазақ, сартына.
Ұлт керегі дегеннен
Жан қиналып жолында,
Бас кетсе де, тартынба!

Әрине, мұндағы “діндесінді бауыр тұт” деп дін жағынан бірлікке шақыруы — байшылдық, кертартпалық. Бұл ұран сол көздің бай табының әлеумет пікірінен үлкен орын алып жүрді. Екінші сөзбен айтқанда, мұны “Ислам бірлігі” деп атайды.

Оқығандардың бәрі бірдей жаңашыл бола бермейді, кертартпа, тозып бара жатқан таптан шыққан оқығандар елдің өнерленуіне қарсы, өзі әкім болып, ел жеп жүргенін артық көреді. Сәбит оқығанның бәрі ұлтшыл-басшы болуы керек деп ойлайды, бірақ бұлардың аты “оқыған” болғанмен, заты тіпті басқаша. Іс жүзіндегі олардың қылығы жақпағандығынан Сәбит “Ұлтшылға”, “Қайтіп қарғыс алмайсың” деген өлеңдерін жазады. Олардың жаман әдетін сынап, бетіне басады.

Ат төбеліндей оқығандар екі түрлі болып, бір жағы ел бастап, екінші жағы атақ, амал қуып, ынтымақтың бірікпеуі ақынға шешілмейтін жұмбақ сияқты көрінеді. Өз ісіне өзі сенбейді. “Биік тау” деген өлеңінде оқығандарды биік тауға балап, өзінің көңілін білдіреді:

Біз келдік биік таудың панасына,
Жаһанның сыймай сақара арасына.
Құйыннан, жел, дауылдан аман-есен,
Биік тау, бізді сақтап қаласың ба?
Тынышты алып, төбемізге тас құлатып,
Әлде өзің тырнағыңды саласың ба?
Келген тау панасына оны кылса,
От болып есіл жүрек жанасың да!

“Менің жайым” деген өлеңінде де ұлтшыл оқығандардан күдер үзе бастаған сенімсіздігін көрсетеді:

Кімнің дос, кімнің дұшпан екендігін,
Менде жоқ тырнақтай іс андауыма.
Соқырдай жетекшіден мықтап ұстап,
Лаж жоқ бір ерген соң бармауыма.

Осымен қатар “Қиял”, “Үміт” деген өлеңдерінде қиялы мен үмітіне арыма, азба, түзулікке баста дейді. Мұнда ұлтшыл-байшыл оқығандардан бөлегірек екені көрінеді.

Дөнентайұлы февраль төңкерісіне дейін осы бетпен келді. Әрине, бұл — саяси жолының ұлы сүрлеуі. Өзгелер қатарында әйел мәселесін де жыр қылады. “У жеген қасқырға” деген өлеңде ауылдағы жемқор болыс, атқамінерлерге де қарсы шығады. “Көк төбетке” дегенінде де солардың берсең дос, бермесең қас құбылмалы мінезін көрсетеді.

Сәбит февраль төңкерісін қарсы алады:

Тілекті бүгін қақтың берген күні,
Көл дария көздің жасын көрген күні.
Талайдың тіршіліктен қол сермеген,
Қайғысын тас-талқан ғып бөлген күні.
Жаз шығып, бір сағатта күркіреп күн,
Тырбаңдап тана, торпақ ерген күні.
Құл болған екі аяқты айуандардың,
Қатарға адам болып енген күні.
Ғаламға аузын ашқан айдаһардың
Мерт болып мақсатының өлген күні.
Алланың азат құлы екеніне
Әркімнің көзі жетіп, сенген күні.
Тендестік, адамшылық, құрдастықтың
Алдына мойынсұнып, келген күні.
“Бостандық өмір сүріп, өшсін құлдық”
Деп жұрттың мойын созып, төнген күні.
А, Құдай! Ұзағыңнан жаза гөр деп,
Іркілдеп көзге жастың келген күні.

Февраль төңкерісінен кейін ұлт буржуазиялары “патша құлады, бостандық туды” деп қуанысқан болатын. Бірақ ол төңкеріс қара бұқараға шын “теңдік”, “адамшылық”, “құрдастық” емес еді. Бұрынғы патша саясатынан ар жағында өте жіңішке жиһангерлік қанау саясатының таза өзі құралып еді. “Жұрттың” бастап жүрген ұлтшыл оқығандар оның ол ішкі сырын ұтудың орнына, көптің көзін алдап, қадірін кетірді. Оның үстіне, туып келе жатқан социалды төңкерісті құбыжық етіп көрсетті.

Қараңғы кара бұқара, олардан шыққан бірлі-жарым оқығандар саясат жаңалығын солардың аузынан есітті. Сондықтан “Алаш” партиясының жолы кертартпалыққа түсіп кеткенін жұрттың көбі сезбей де қалды. Оны сезуге білім көлемі бір жағынан шолақтық етсе, екінші жағынан, бұқарашыл ақындарымыздың жаратылысындағы уақ байшылық сана көбісінің құлашын жаздырмады. Алғашқы бетімен “Алаш” ұранын көтерді:

Біз бәйгеге ат қосқамыз “Алаш” деп,
Аянбай шап, егей төспен талас деп.
Барды аптап, тілеп тұрмыс құдайдан,
Е, жасаған! Аруақ көтер, бақ аш деп.

Алашордашылар қанша “қазақ”, “қазақ” дегенмен, қазақ ішіндегі ат төбеліндей байларының ғана мұңын мұндады. Қалың кара бұқарадан сыртқы жылтыраған сөзі болмаса, ісі әлдеқайда алшақ, кереғар жатты. Осы ісіне келгенде кара бұқара етпеттеп құлай сене берген жоқ. Әсіресе, олар “Алаш орда” шығынын елден жинағанда, бай демей, кедей демей, теңдей ғып шаңырақтан алатын болды. Міне, бұл араға келгенде бұрын “Алашым, Алашым” деп жүрген ақын “Алашқа” сырт орай болып қалады. Оларға наразы болады. “Қаулы” деген өлеңінде осы наразылығы көрінеді:

... Мынау бай, алалық жоқ, анау кедей,
Бәрі де шамасынша салмақ болды.
Ат демей, атан демей, ақша демей,
Қаулыдан көрінбеді қалатындар.
Бері де өлімге айда, баратындар
Қалса да жалғыз өзі қайтар емес,
Жоқ болса көк шолағын салатындар, —

деп, Алашордада болған қаулыны айта келіп:

Сөз бітті, ет желінді, қаулы қалды,
“Халықта өкпе бар ма?” аузына алды.
Еттің де, халықтың да өркені өссін!
Ермектік бір әңгіме болды, қалды, —

дейді. Алашорданың көпті жиренткен жалғыз бұл ісі емес, қай жұмысын алсаңыз да, көпке ыңғайлы тиген жоқ. Сондықтан көпке жаным ашиды деп жүрген Сұлтанмахмұт, Сәбит Дөнен-тайұлы сияқты ақындардың да соңынан тауы шағыла бастады.

Сәбит Дөнентайұлы азамат соғысының аяғын ала бере-ақ Алаш жолынан безіп, кеңес жолына түсе бастады. Ұлтшыл-байшыл оқыған ақындар сияқты салын суға қайырлатып алып, зар қақсап қалған жоқ. Ескі уақ байшылдық санасынан тез арылып кетпегенмен, кеңес туының ардақты екенін түсініп, қаламын жүргізе бастады. Берігірек келгесін “10 жылдың жемісі”, “9 жылғы олжа”, “Бай мен комсомол”, “Жалғызқұдықтағы әйелдер мектебі”, тағы осындай тақырыптарға жазып, көпшілікпен қол ұстасуға тырысты.

МАКСИМ ГОРЬКИЙ ӘДЕБИ ЕҢБЕГІНІҢ ҚЫРЫҚ ЖЫЛДЫҒЫ

(Горькийдің әдеби еңбегіне 40 жыл толған мерекесіне жасаған Стетский жолдастың баяндамасы)

Жолдастар, Горький әдеби еңбегінің басы — аты шулы кез. Сол кезде жұмысшы табы отанымыздағы жаңа күш боп майданға тұңғыш шығып, жұмысшылар қозғалысы көтеріле бастап еді; партиямыз әуелгі ұясын жасап, В.И.Ленин еңбегі басталып еді. Горький еңбегінің басы осылармен тұстас шығуы тегін нәрсе емес. Оның әдеби қызметі Ресейдегі төңкерісшіл жұмысшы қозғалысымен тығыз астарлас: төңкеріс рухының сазы Горькийдің талай ірі шығармаларынан көрініп отырды.

Горькийдің 40 жылдық қызметін аз сөзбен айтып жеткізу қиын.

Оның қызметі орасан ірі маңызы бар тарихи белестерді құшағына алады. 90-жылдардағы жұмысшы қозғалысының күшеюі, 1905 жылғы төңкеріс, кер кету дәуірі, жиһангер соғысы, октябрь төңкерісі, азамат соғысының кезі, социалды құрылыс, міні, Горькийдің қызмет еткен, қызмет етіп отырған тарихи белестері осылар. Оның жазық жауырынында тұтас жатқан тарих бар; тарих болғанда қандай? Мен тобына қосылатын үзеңгілес ұрпақтар дүниеге келіп, тұңғыш дауыс шығарғанда Горький сол кездегі Ресейге бар дауысымен айтатынын айтып еді.

Жолдастар, мен бәріңізге түгел таныс Горькийдің биік мәртебелі жекебасына азырақ тоқталып өткім келеді. Біздің ұлы

жазушымыз ұзақ өмір жолын басып өтті; балалық, жігіттік кезінде тұрмыс тақсіретінің ауыр азабын тартты, жалаңаяқ жар кешіп, қызыл аяқ қар кешіп тентіреп жүрді, буржуазиялы алпауыт Ресейінің қат-қабат ауырмалығын басынан кешірді. Алайда соның бәрін елеместен тиянақты, берік табандылық қажырмен әдеби қоғам қызметінің даңғыл жолына түсті.

Бұдан 40 жыл бұрын Горькийдің тұңғыш “Макар Чудрасы” жарыққа шыққанда, оның паспортында “бояушылар цехының ұстасы” деген жазу бар еді. Содан бері көп заман өткен жоқ. Бояушылар цехының ұстасы, көркем сөздің ұлы ұстасы болып шықты, оны біз бүгін қуанышпен құттықтап отырмыз.

Жолдастар, Алексей Максимовичтің көркем шығармасын бүгін түгел мінездеп шығуға мүмкіндік жоқ. Ол аса зор, алуан-алуан сансыз перне — Горький шағын қылып ерліктің көркем қиссасын қысқа әңгіме, дарынды сөз, драмалар жазды. Сол сияқты бұл шығармаларының сазы, күйі де әр алуан. Мен бүгін Горький шығармасындағы Горькийді ұлы пролетариат суретшілігіне жеткізген Горький көркем шығармасы арқылы өзін асса жержүзі қалды Ресейдегі жұмысшы көзғалысымен тығыз байланыстырады; Горький пролетариат өнеріне орасан ұлы абырой деп Лениннің айтуына билік әперген ең басты сазына тоқталмақпын.

Горький әдеби әлеумет қызметіне адамды жаншып, мүгедектікке түсіріп отырған буржуазиялы алпауыт тәртібіне, езіп, қанап отырған құрылысқа қарсы күресті қиындататын күңкілшіл, топастық, кертартпалық, ізетшіл тағдырды жек көрумен шықты.

Горький көркем шығармасында езіп, күштеп отырған құрылысты сын үкіміне өлтіре тартты. Қатал сынды ол көркем сөзінің құралы қылып алды.

Өзінің көркем шығармасында қолданған бұл тақырып — капитализмнің сырын ашу — орыс әдебиетінде соны тақырып болмас. Бұл тақырыпты Толстой да жазған. Ленин оны буржуазиялы алпауыт тәртібінің бүкіл барлық бет пердесін ашқандығы үшін қатты бағалаған. Алайда Горький бұл тақырыпқа жаңалық енгізді. Тақырыпты өзінше көрсетіп, орыс әдебиетінің өсетін жаңа сатысын, бұрылатын шығанағын жаңадан көрсетті.

Егер де Горькийдің ірі шығармаларын да, уақ әңгімелерін де алып қарасаңыз, бәрінде де бас күй капитализмнің айуаншылық қатал күшін әшкерелеу болады. Мәселен: “Фома Гордеев”, “Үшеу”, “Артамоновтардың істері”, тағы басқа шығармаларын алып қараңыз, бәрінде де Горькийдің ол күшті есінен тандыра ұрғанын, барлық бет перделерін жыртқанын, оның жаратылысын, тірлігін көрсеткенін көресіз. Ол: капиталшылық баюдың ласы мен қаны, алдауы мен арбауы, барып сарқатын сайы — езу, қанау. Горький күштің адамның жекебасын қалай тұншықтырып көзсіз көбелек қылатынын, еркін ойды қалай сөндіріп, жаңалыққа сермелген қолды қалай қырқып отыратынын суреттеп көрсетеді. Фома Гордеев буржуазияның былай деп бетінен алады: “Сендер өмір құрған жоқсындар, ит шұқанақ қаздыңдар! Сендер қолдарыңмен ластық, әлем сасыған тұншықтырғыш өсірдіңдер. Сендерде ар бар ма? Құдайды білесіңдер ме? Сендердің құдайларың бес тиын? Қанішерлер!.. Бөтеннің, көпшілікпен өмір сүресіңдер... Бөтеннің қолымен іс істейсіңдер? Сендердің істеріңнен қанша адам қан төгіп жыламады? Сендердей нағыллеттерге орын дозактан беріледі, қызметтеріңе парық берілмейді... Сендерді от емес, қайнап жатқан балшыққа салып пісіреді. Ғасыр бойы азапта шірісің”.

Горький капитализмді өз өнерінің шеберлігіне балуан ірі айқын суретшісі ретінде ақтарады. Оның ісі капитализм сырын жайдақ сөзбен ақтарып ашуға ғана тірелмейді. Оның шығармалары жалаңаш саясат талқысы емес, өнер. Онда экономиканы талқылау, қосымша құнның өрнегі болмайды. Горький көркем шығарма, көркем тілмен капиталшылардың сүйегіне таңба салады; олардың мәнін әшкерелейді, бұл аса күрделі, оның шығармаларына ерекше күш береді.

Энгельс¹¹⁰ Бальзак жайында жазған сөзінде¹¹¹ Бальзакты: “Орасан ұлы сыншыл суретші”, — деді. Бальзак жалаңаш саясат тіліне, тарихқа салынып кетпейді, қашанда өзінің көркемдік жолында тұрады; оның француз қоғамы тарихын күшті, ашық, айқын көрсете алғандығы сонша, тіпті, Энгельс Бальзак шығармаларын оқығанда, бөтен ондаған шаруашылық, тарих, санақ жұмыстарынан басым мағлұмат алған.

Міне, Энгельстің Бальзакқа салған осы өлшеуіші Алексей Максимовичке да тура келеді. Горький өнердің кейіптеу түрімен іс істейді. Капиталына ымды бетке алып, саудагер, барлық сезімдерге қияпат көлеңкесін түсіріп тұрады. Бугиров дейтін Болжы саудагері (Горькийдің “Фома Гордеев” деген шығармасын оқып отырып) Маякин саудагердің (көпестің) бейнесін көргенде, “Апырым-ай, мұны қайдан көшіріп жазды екен?!” — деп таңырқаған екен. Оның ойынша, Маякин дейтін көпес бір тірі кісі болып көрінген. Осыдан мәлім, Горький Маякинді ешкімнен көшіріп жазған да жоқ, сырт сәулетін суретке салып та қойған жоқ, ол бейнені өзінің бақылауы, өмір тәжірибесі бойынша өз тұсынан көрсетті. Горький ол бейненің күшін, шындығын соншалықты айқындап бере алған, тіпті, оқып отырғанымызда әдебиеттегі бейне екенін ұмытып, ондай кісі бір жерде сөзсіз тірі кісі екен ғой деп қаласыз. Оның бір жағын сезіміңізге айқын түсіп тұрған шын, жеке әр бір бейнелердің ішінен қорытып шығарған көркемдік бірлігінің аса зор күшін көресіз. Шурып, Артамонов, Маякин сияқты бейнелердің сыртында тұрған Морозов, Бугиров, Мамонтов сияқты мұралы капиталшы мен капиталистсымақтардың тоқсан тоғызын көресіз. Осының бәрін Алексей Максимович бақылап, көркем шығармасында бейнелеп бере білген.

Бұл бейнелердің бәрі де талай өзі сияқтыларды еске түсіріп, талай ойларды қоздатады. Мысалға “Фома Гордеевтегі” Шурып көпесті алыңыз. Бұл Еділ жағасында қан мен кірге малынып өскен Еділдің қанқұйлы қара бет қарақшысы. Горький біздің алдымызға қонақ үйдің есігін ашып жібергенде, әр жағынан сол иіс мұңк ете қалады. Одан әрі көпесті істің көркін көлденеңі көзге тартқанда капиталшылардың қорлану жолын айтқан “капиталдың” беті көзіне елестейді. Төрден көрінген көпес көркі тәңірі иелік сопы жолын қолдаған ескі сенімшіл, сонымен қатар кімде-кім оның өнегесін ұстаса, жұлын жотасы қаусайтыны аңқып тұрады. Міне, осындай кескін капиталшылар қорлануына көркем бейне емес пе? Маркс темір логикасындағы өрнегінде берілген Маркс мінездемесін еске түсірмей ме?... Жеткілікті артық аспай, пайдасы болса, капитал батылдықтыққа мінеді. 10

процент пайда беріңізші, капитал барлығына да көне береді. 20 процентке ол қыза бастайды; 50 процент болса, өзінің басын да беруге құл. 100 процент пайда ол адам баласының барлық заңын аяғына таптайды, пайда 300 процентке жетсе, алдына дар құрып қойып, осыған асып өлтіремін десең де аянып істемей қалатын қылмысы болмайды. Маркс темір логикасындағы айтылған бұл өрнек Алексей Максимовичтің көркем шығармаларында көркемдік сіңірімділігін тапты.

Бір ұрыншақ сыншы “Артамоновтардың істері” деген шығармасын оқи салып: “Осы да шығарма ма фабрик кейінге қалдырылған, фабриктегі қанау көрінбейді” деп жазыпты.

Рас, капиталшылық қорлану үшін азулылардың әдетін Горький шаруашылық жағынан зерттеп көрсетпейді. Жазушы бізді тура фабриктің ішіне алып кірмейді, бірақ сүйте тұрса да, Артамоновтар қалай, неге сүйеніп есіп келе жатқанын ашық көрсетеді; олардың жұмысшы жұртын бүйі сияқты қалай уысына алып, қалай соратынын сезіп отырсыз. Ашық, айқын көрсеткен көркем шытырмандармен қатар капиталшы Артамоновтар мен жұмысшылар арасындағы қарым-қатысты білдіреді, шытырманды асқан ұсталықпен өрнектеп көрсетеді. Өйткені, ол шытырманнан жұмысшы табы мен капиталшылар арасындағы қайшылық қарым-қатысы, әрбір тарихи дәуірдегі күресі көрініп отырады. Онда капитализмнің құлауы турадан тура көрсетілмейді. Бірақ шығарманың барлық жүріс арасынан “істің ақтығына жақындап келе жатқандығын көресіздер, сезесіз. Артамонов шалға Тихон: “Бұл саған қарсы соғыс, Петр Григорич!” — десе, мұндағы “саған қарсы соғыс” дегені бүкіл көркем шығарманың ұзына бойында даусыз тағдырға жақындата бергенін көрсетеді...

Горький шығармаларына басқарақ, ұшқары мағына беруге тырысқан сыншылар мен қисын сыншылары болды. Бірақ бұлар — жалғаншы қисын еді.

Бізде басқа да жазушы оз табының шегінен еш уақытта аса алмайды. Басқа таптың бейнесін көрсетіп бере алмайды. Жазушының әрбір шығармасына сөзсіз өзінің орталық бел қып ұстаған бейнесі болады. Жазушы не айтқысы келсе, соған

сығыстырады. Ол өзінің таптық жаратылысын сипаттайды дейтін қисындар болады.

Горький шығармалары бұл қисынның қисыны келмейтін қисын екенін айқыннан да айқын етіп көрсетіп беріп отыр. Қалай десеңіз, суретшілдіктің барлық күші, барлық көріктеу құралымен жұмысшы көркін бірдей қып ашық беріп отырады. Мәселен, Павел қақол, Пелагей Ниловна (“Ана” деген романында) Алексей Максимовичтің өмірде ұмытпай сүйіп жырлайтын артықша бейнелері: сонымен қатар көпес, өсек аяңшыларды айқын бере білді. Ана қисын түкке тұрғысыз, бастан-аяқ жалған, ол қисын көркем әдебиетті түсінуге, тануға жол бермейді, көркем шығарманы теріс бағалатады. Көркем әдебиеттің қымбатты жері — оның идеясы, салдары, мағынасы, мазмұны, оқушыға еткен әсері. Бұл жағынан да қарағанда, Горький шығармаларының нәтижесі, амалы аса маңызды: оның шығармалары оқушыны кертартпа тоңазыған басын құлдық ноктасына берген, топас жасқа адамдыққа қарсы шығарады, езгі қанауға қарсы социализм құру күресіне тартады: “Адам тірлікте тыныштық таппайтындай етіп, мына кірпі тастау керек”. Горькийдің бір қаһарманы осылай деген. Сонда Горький өзінің әрбір шығармасының өтіне сондай кірпі салатын болды.

Горький адамның жан сарайын ұсталықпен суреттейді. Бірақ Горький адамның жан сарайының барлық нәзік жібі мен құйылысын, күйін өнерсүйгіш шабытынан шыққан өз бетінше бір зерттеу көрсету емес. Ол жан сарайының өмірін томаға-тұйық, бүкіл өмірден оңаша деп қарамайды. Горький адамның жан сарайын, көңіл сазын әлеуметтік шарттармен байланыстырып қарайды. Солай алып, солай көрсетеді. Оның бір шығармалары көркем жазылған ұзақ өмірбаян болып келеді. Адамды туған күннен бастап, өмір жолының бүкіл белестерінен өткізеді; ондағы орта, ақуал бөгеттерін көрсетеді, осы өмір жолының уақиғалары адамның жан сарайын құрады. Осы Горький биік шеберлігін төгеді. Мысалға, “Матвей Кожемякин”, “Фома Гордеев”, “Клим Самгин” сияқты ірі шығармаларын алыңыз. Бұларда бастан-аяқ жеке адам басының қалай құрылғанын көрсетеді. Бұл үлкен ұсталық. Өйткені мұнда адамның затты жан сарайын көрсетеді.

Горький жеке адамның тағдыры арқылы бүтін әлеуметтік өмірді көрсетеді. Бірақ мұнда еш уақытта көркем саясат тілі, не сын жолына түсіп кетпейді, қашанда өзінің суретшілдік жолынан аумайды.

Горькийдің мұндай орасан ұсталығынан біздің жазушыларымыз оқу керек, оқысын.

Горький зор көркемдік жалпылаудың ұстасы. Ол әшейін бір көпесті, Еділ бойындағы фабрик иелерін кейде ақымақ қылып, кейде айуан мінезді, қорқынышты жыртқыш қылып көрсеткен болып көрінеді. Бірақ ол соның бәрінде асқан төңкерісшіл таптың көзімен суреттейді. Өзі пролетариат тұрғысынан аумайды. Пролетариатқа Маякин, Артамоновтар адамгершілікке сыймайтын өмір сүру жағдайын жасағанын айқындайды. Горький арадан келіп бүкіл ескі тәртіпті, бүкіл қоғам сойларын көрсетуімен¹¹² басқа таптың ешбір суретшісінің қолынан келмейтін күшке ие болады. Горький сонау төңкерісшіл таптың тұрғысынан қарап отырып, мекерлік, ұлттық мәдени жылтырақтық, жөгілікпен адамсүюшіліктің пердесін барынша жырттып береді. Горький өзінің жасаған қаһармандарына осыларды кигізіп, тағып отырып терісін сылиды. Оларды әбден жалаңаштық капиталшы, жыртқыштық жаратылыс ақиқатын анықтап көрсете біледі. Сондықтан оның көркем шығармалары зор жалпылағыштық мінезіне ие болады.

Бұл мінез оның ірі шығармаларында ғана бар емес. “Кирилка” деген қысқа әңгімесін алып қарасаңыз, ілкі қарағанда өткел аузындағы болған уақиғаны жазған қысқа очеркі болып көрінуіне мүмкін. Бірақ сол қысқа очеркінің өзінде-ақ әлеуметті қатынастың бай сезімді күйі берілген қара шаруа мінез-құлқының кейбір анық белгілері алынып көрсетілген. Бұл сарын “Кирилканы” Алексей Максимовичтің тәуір шығармаларының қатарына қосады.

“Городок Окуров” ше! Алексей Максимовичтен бұрын Окуров Ресейінің айуан тұрмысын кім осындай күшпен көрсете білген. Бұдан басқа жазушылардың бірі де қызық кейіпті, жайдары жанды орыстың тыныштық қабығын ғана көрсетіп жүрді. Алексей Максимович Ресейдің аузына не түссе, соны талғамай жұтатын айуан тұрмысының терісін сыдырып отырып жарып көрсетті. Мұндай күш, мұндай тағандық пролетариат

суретшісінің ғана қолынан келеді. Окуров қалашығы деген ат Ресейдің барлық уйездік мешандарына ортақ ат болып жайылып кеткендігі тегін жайылу емес! Окуровшілдердің ауыр тұрмысын асырмай-жасырмай, өмір шындығын бүркемей, Артамоновтар ісінің ыласын, қанын көрсете отырып, сонымен қатар Алексей Максимович еш уақытта үмітсіздіктің жел жетпесіне мінбейді. Кейінде ол жан шошынарлық өмір кесегінің барлық үрейлі қорқынышты, қаны-ыласымен суреттейді. Бірақ ол өмірді төңкерісшіл социалды жолмен жаңғыртуға шақырады.

Кейбір жүрегі жарым кісілер Алексей Максимовичтің шығармаларын оқығанда үрейленіп қалады; ал буржуазия сыншылары Горький шығармаларын не көпшілік, не үй кітапханаларына енгізу керек деп соқты. Горькийдің әрбір шығармаларының бетінде құдайдың да, адамның да жасаған заңын бұзуға шақырады. Өстіп отырған Горькийдің атағы неғып жайылып кетті деп таңырқайтын тар ақыл топастар да болған; дегенмен алдыңғы сөздің жаны бар, неге десеніз, Горький — өмірдің тозған заңын жойып, орнына жаңа заң шығаруға ұмтылған таптың адамы.

Тағы айтам, Горький еш уақытта үмітсіздіктің жол жетпесіне мінген жоқ, мінбейді. Ол өмір тартысында жеңіліс тауып көрген емес. Ол әлеуметтік өмірімен әдебиетке өмірдің ащы шындығын сөйлеп, өмірдің құлдық ақуалына қарсы өзінің жалынды қарсылығын білдіру үшін келді. Бұл оның әрбір кітабының бетінен есіп отырады. Бұл сияқты жалынды қарсылық күреске шақыру мұны өзге ірі суретшілердің бәрінен де бөлек, үздік шығарады.

Толстой буржуазиялы алпауыт тәртібінің бүкіл барлық бет пердесін, жымыртты бекзалардың терісін сылып, жалаңаштады. Төрешіл шенеунік капитализмді өлтіре сынады, сүйте отырып қарсыласпа деп диуаналық таратты. Тарих ұлы жолдың сүрлеуінің үстінде байлауда, астында тіреу жоқ тиянақсыз кер-тартпа қиялдың саясына шақырды.

Чехов жап-жақсы шығармаларын торығу, түңілу, қасірет, бұдан 100—200 жыл кейін адамға жақсы болар ма деген үмітсіз қиялмен сырлады.

Горький әдебиетіне жауынгер боп шықты. Әрбір шығармасына өзгелердің қолынан келмейтін жауынгер мінезін қойып отырды.

900 жылдардың бір сыншысы былай деп келжіреп жүрді: Горькийдегі бұл не деген жат поэзия, әшейін бір бос көк, бір дауылпаз, сұңқар құстар, олар неге төбелесе береді? Бұл не қылған жат сарын? Ондағы “түнгі аспанда періште ақырын ұшып ән салды” деген ескі сарынның өзі артық емес пе? деп. Ол кезде бұл сынды шынымен айтқан ақылгөй сыншы бір нәрсені естен шығарған: сол кезде отанда төңкеріс қазаны қайнай бастап еді, төңкеріс толқыны поэзиядан барлық періште, жын-шайтандарды жуып тастап еді. Бұл жер сыншысының есіне кіріп те шықпаған отанға жаңа өлең керек болды. Ол өлеңді, міне, осы Горький жырлаған болатын. Сол кезде жазған Горькийдің “Дауылпаз жыры” бүкіл төңкерісшіл Ресейге түгел жайылды. В.И.Ленин төңкеріске арналған бір мақаласын жазып отырып, мақаласын “дауылпаздың” бейнесімен сырлап, аяғын “мейлі, дауыл бұдан да қатты күңіренсін!” деп бітірген.

Оның шығармаға қолданған әдісі мен көркем шығарманың міндетіне қалай қарайтын көзқарасын Горькийдің өзінен асырып ешкім айта алған жоқ. Киев студенттерін жегу жөнінде Владимир Боруске жазған бір хатында Горький былай деген: “Көңілім шынжырда тұрған қабаған иттей, егер сіз, мырза, адам сүйетін болсаңыз, мені түсінерсіз деп ойлаймын. Байқасаңыз, мен жастарды солдаттыққа беруді есуастық, адам басының еркіншілігіне қарсы бетіне көп жамаған ұятсыз қылмыс, үкімет етегінен жем жеп семірген құйыршықтардың есалаң шарасы деп білемін. Менің зығырданым қайнайды; адамды жек көрушілердің бетіне түкірсем, рақаттанар едім, сіздің “теріскей күлкіңізді оқыған кісі мені мақтағандай сізді де мақтайды. Бұл адам ойлап, ұшына шыға алмастық халге жеткен ашулы жаманшылық естен тандыратын жұмыс, тіпті, бүгінге де осылай қарайды. Бунинді мен сүйем, бірақ түсінбеймін, тамаша, жақсы таланты биязы жұмсақ күміс сияқты, пышақтай өткірлемейді, керекті жерге қарамайды”.

Міне, Горький өзінің шығармаларына осылай қарайды. Кейбіреулер көркем әдебиетке бұл не қылған жат көзқарас? Не

деген тенденцияшылдық деуіне мүмкін. Сабыр етіңіздер, жолдастар, бұған жауап ретінде басқа замандағы басқа бір ақынды, Дантенің көлеңкесін есімізге түсірейік. Рас, кейбір сақ сыншылар маған мұның қалай дер де. Өйткені, Дантенің әлдеқашан біздің салымыздан шығып қалған “Тәңірі комедиясы” дозак, бейіш, күнәдан пәк қылу сарынын айтқалы тұрмын¹¹³. Дантенің емеуріні осылай болса да, ол өнердің жоғары тұрған бір биігі. Оның бер жағында сол сияқты шығармалардың ішкі сазында көркемдік жөнімен керсетілген саяси ыза жатыр. Данте өзінің саяси дұшпаны мен тума жолы Флоренцияның ата жауларын дозактың ернеуіне мінгізіп, көрмеген қорлығын көрсетеді. Сол сан дұшпандарының азулысы III Николай, Папаны өтті көрге салып¹¹⁴, қолын жоғары қаратып, басынан төмен шаншылдырып, айрықша қорлық көр азабын көрсеткен. Папаға ол заман орын емес! Ал өзінің жылы да, суық та қарамайтын, тәуір де, жек көрмейтін кісілерін пейіштің қара көлеңкелі есік алдына, жел құған жапырақтай, көлеңкесін ғана түсіріп қойған.

Осындай кісілер тобын Горький өзінің шығармасында лағынет қарғысқа кіріптар қылған жоқ па? Көркем жазылған соңғы ірі ерлік дастаны — “Клим Самгинінде” осыларды қарғамай ма? Горький ұлы дүр ақын; алдымен — жазушы жауынгер.

Горький өзінің хатын жазғанынан бері көп жылдар етті. Көп өзгерістер болды. Күмістей жылтыраған үлпілдек таланттар бұл күнде арып-ашып, діңкелеп, шетелдегі қашқындардың шайласын сырлап жүр¹¹⁵. Ал, Горький талантты алда аспандай жарқылдатып, буржуазиялы алпауыт табының жүрегін тіліп, миллионның жержүзіне даңқы жайылған сүйікті жаушысы болды (Қол шапалақтау).

Горький алғашқы кездегі құл өмірге қарсы көрсеткен жалынды қайратын, жалаң аяқтардың сәулейтін алып, сыршылдық түрде білдірді. Ол кезде оның өзі мүсәпір болды, ол сәулеттер Ресей мүсәпірлерінің бірі еді деу дұрыс емес. Бұлай деудің түк қисыны жоқ. Бұл адамның салтқа қарсы, адамды еркінен айырушылыққа қарсы көрсеткен Горький қарсылығының көркемөнердегі өрнегі еді. Бірақ ескі өмірді өзгерту мақсатының жолында сонау жалаңаяқтар сәулеті тіреу болуға жарамайтындығы беп-белгілі.

Жұмысшы қозғалысы күшейіп, оған Горькийдің байланысы, қатынасы беки бастаған сайын Горький шығармасындағы бел қылатын бейне, ескі өмірді өзгертудің жолын көрсететін басқа сәулет шыға бастайды; ол сәулет төңкерісшіл жұмысшы, төңкерісшіл оқығандар шығып, жаңа тәртіп социализм құру жолындағы күресті ұйымдастырады. Мұндай көпті күрес жолына, кезіндегі дәурен сүріп тұрған тәртіпті өзгерту жолына ұрандата, шақыра шыққан сәулеттер Горькийдің алғашқы шығармаларында да болатын. Ол “Фома Гордеевте”, “Үшеу” деген повесте, соңынан “Дұшпандар” деген пьесасында, әсіресе “Ана” деген повесте, тағы басқаларында әдемі көрсетілген.

“Ана” деген повесінде Горький пролетариат төңкерісшіл күресінің сүрлеуін тамаша көрсете білді. Жаңа жолға шақырды. Бұл повесть жарыққа шыққан кезде, одан бұрын да әлденеше рет енгізді. Горький бітті, сарқылды деп сәуегөйлік қылып жүрген буржуазия жазушылары былай тұрсын, социал-демократтар да, меньшевиктер де, Плеханов та қарсы дүрсе қоя берді. Бұл повесті жалғыз Ленин ғана шу бастан дәл бағасын берді. Шынында да, “Анада” жұмысшылардың ұйымдасқан саяси күресінің картинасы көркем түрде толық түсірілгенін көреміз, көркем әдебиетте тұңғыш көрсетілген жұмысшы большевик бейнесін көреміз; әдемі суреттелген ана бейнесінде Горький социализм идеясының барлық күшін көрсетіп отыр. Надан, езілген әйел санасының қалай оянғанын, оның ескі әдет, ескі салт, ескі пікірімен қалай күрескенін, олардың жаңа социализм идеясынан қалай жеңіліп, жол бергенін Горький көркем шытырмандармен тамаша көрсете білді. Ол қараңғы, езілген әйелдің социализм жолындағы төңкерісшіл тартысқа бірте-бірте қалай түскенін тайға таңба басқандай анық, сенімді қылып, асқан күшпен суреттеп берген. Пелагея Ниловнаның бейнесі Горькийдің асқан бейнелерінің бірі; ал оның “Ана” деген шығармасы — пролетариат төңкерісінің күні бүгінге дейін осы жөндегі берген олжасының ең жақсысы.

Горький неғұрлым жұмысшы қозғалысымен көбірек қатынасса, оның шығармасындағы бас белгі реализм солғұрлым айқынырақ көрінеді. Горький қиқымды термейді; анықтыққа

сеп болатын уақ-түйектерінің өзін көрсету ниетімен жинамайды. Жок, ол өмір шындығын өзінің көркем дүкені арқылы үзіп өткізеді. Шығармасында қас мінезді қас жағдайға қойып көрсетеді, Энгельстің Бальзакқа берген өлшеуі Горькийге де шақ келеді. Мұның көп шығармалары өз заманымызды түсінуге кейбір талай шаруашылық, тарих, санақ кітаптарынан әлдеқайда артық деп бұған да айта аламыз.

Бірақ Горький шығармасы — төңкерісшіл реализм. Бұл кейбіреудің айтқанындай, тұрмыстың сыртын суреттеуі емес. Бұл тұрмысты жай ғана жентек (фиксация) кып жазып қоймайды¹¹⁶, оған бұл әдет жексұрын көрінеді. Мұндай өмірдің ілгерілеуіне оралғы болатын, адамның басын қатыратын мұздаған өлі тұрмыс оның көңілін күніштейді¹¹⁷. Горький тұрмысты, өмір шартын өзгертуге шақырады, езу, құлдық тәртібіне қарсы күреске атой береді. Міне, Горькийдің әрбір шығармасындағы осы шақыру, осы атой, осы ерлік Горькийдің алдымызға ақиқатты суреттеуі ғана емес, оның қайшылығын төңкерісшілдікпен шешетін, ілгеріге шақыратын төңкерісшіл реализм қас суреті екенін дәлелдейді.

Горький шығармасында терең ұлттық мінез бар. Оның сөздерін оқып отырғаныңызда, көрініс тарихи уақиғаларымыздың көп болған жерінде, сол тайпыда болатынын аңғарасыз. Ол әр тап, әр ақуалдағы орыс кісілерін барлық жетімді, жетімсіз жағынан түгел алып суреттейді. Оның шығармаларынан Еділдің алапат кең өлкесі шалқиып, жарқырап жатады. Оның кітаптарынан осы күйі төгіліп тұрады. Себебі, Горький құйқылжыған күйді сүйеді; өзі де күйді салудан кет әрі болмаған.

**ҒЫЛЫМИ
ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР**



“Новый аул. Русский букварь для казахских детей”

М.Әуезовтің Д.Ысқақовпен бірге жазған әліппе оқулығы 1929 жылы Қызылорда қаласында “Казиздат” баспасынан шыққан. Кітапта “Қзыл-Орда. Типография №174, Тираж 30000” деген баспа деректері бар.

Алғашқы бетте “Научно-методическим Советам Казнаркомпроса одобрен, как учебник для каз. школ I ступени” деп көрсетілген. Әліппе шыққан жылдардағы қалыптасқан талап-дәстүр бойынша, оқулықтың алғашқы бетінің жоғарғы жағында “Пролетарий всех стран, соединяйтесь” деген белгілі ұран берілген.

Қазақ балаларына арналған орысша әліппені алғаш Ыбырай Алтынсарин жазды (“Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку”, 1879). Сонымен қатар А.Е.Алекторовтың “К мудрости ступенька. Азбука для учеников начальных русско- киргизских школ” (1891), “Русско-киргизская азбука” (1910), В.В.Катаринскийдің “Букварь для киргизских детей” (1882), “Первоначальный учебник русского языка для киргизов” (1893), В.Рогинскийдің “Букварь для киргиз. Букуар” (1912) атты қазақ балаларына арналған орыс әліппелері шықты. Бұл әліппелер қазақша және орысша екі бөлімнен тұрды. Әліппе авторлары орыстың ұлы ағартушы ғалымы КД.Ушинскийдің (“Родное слово. I Азбука. II Первая книга после азбуки”. 1864) басқа ұлт балалары орыс тілін меңгеру үшін алдымен ана тілінде сауатын ашу керек деген принципін ұстанып, негізінен, сәтті еңбектер туғызған.

Жиырмамыншы жылдары Қазақстанда әртүрлі сатыдағы жалпы білім беретін, сауат ашатын мектептер санының, арнаулы оқу орындарының күрт көбеюіне байланысты үкімет орындары бірнеше қаулылар қабылдады. Бұл қаулылардың негізгі талаптарының бірі — түрлі оқулықтар жазу болатын. Алдыңғы қатарлы басқа қазақ зиялыларымен қатар М.Әуезов “Қазақ әдебиетінің тарихы” (Қызылорда, 1927), “Новый аул. 2-я книга для чтения по русскому языку для казахских детей школ I-ступени” (Қызылорда, 1929), “Жеткіншек. Ересек жастар мектебіне арналған оқу құралы” (Алматы, 1930) атты оқулықтар жазып, Ю.Вагнердің “Жердің жаратылысы жайлы әңгімелер”, В.Эвальдтің “Құрылыс материалдары” атты оқулық кітаптарын қазақ тіліне аударды. Осы томда басылып отырған “Новый аул. Русский букварь для казах-

ских детей” әліппесінің екінші авторы Даниял Ысқақов та жазушылық, аудармашылық жұмыстарымен қатар оқу-ағартушылық қызметке де көп еңбек сіңірген. Аталған әліппе шыққан 1929 жылы Д.Ысқақов “Балдырған” атты Өзбекстандағы қазақ балаларына арналған жаңа әліпби жазды. Әліпби Самарқанд-Ташкент қалаларында Өзбекстан мемлекет баспасында басылып шықты. Д.Ысқақов әліппесінің “Жазушыдан” деп берілген алғы сөзінде, негізінде, К.Д.Ушинский қалыптастырған принциптерге сәйкес бес түрлі талап көрсетілген. Осы талаптардың “Русский букварьда...” да негізге алынғаны анық байқалады.

Аталған әліппелердің жазылуына бірнеше себептер әсер еткен. Оның бірі — жоғарыда айтылған мектептер санының өсуі. 1927 жылы Қызылорда қаласында “Қазақтың жаңа әліппе комитеті” “Жаңа әліппе жолында” атты 103 беттен тұратын оқу-әдістемелік құрал шығарған (Басқарушылары: Тоқтабайұлы К., Мырзабайұлы М.). Бұл еңбекте әліппе жасау жолындағы талаптар, теориялық, әдістемелік түсініктер жан-жақты берілген. 1928 жылы еткен мұғалімдердің әдіс (методикалық) конференциясында да жаңа әліппелер шығару мәселесі жайында көп айтылған. Жаңа әліппелердің шығуына есер еткен тағы бір себеп — латын әліппесіне көшу болды. Осыдан кейін жоғарыда аталған “Балдырған”, “Сауат. Бірінші басқыш мектептерге арналған әліппе кітабы” (1930), “Пионер әліппесі” (1931), “I класс үшін әліппе” (1932) т.б. әліппе-оқулықтар шыққан.

М.Әуезов пен Д.Ысқақовтың орысша әліппесі осындай себептердің тоғысуынан барып жазылған сияқты. Әліппе кейін қайта басылмаған. Энциклопедиялық, педагогикалық еңбектер ден бұл әліппе жайында деректер кездестіре алмадық. Педагогикалық еңбектерде, мақалаларда сол кезеңдерде шыққан әліппелер тізімінде аталмайды. Мұның себебі, әліппе шыққаннан кейін көп ұзамай-ақ М.Әуезовтің де, Д.Ысқақовтың да қамалып, НКВД түрмесіне түсуінде, айдалып кетуінде болар. 1927 жылы шығып, бар таралымы НКВД бұйрығымен жойылған “Әдебиет тарихы” оқулығының кебін киген сияқты. Әйтпесе қазіргі күнгі педагогика, әдістеме ғылымдарының талаптары тұрғысынан қарағанда, К.Д.Ушинский қалыптастырған аналитикалық-синтетикалық әдістер негізінде жазылған мінсіз дерлік еңбек.

Әліппе 67 параграфқа бөлінген. Көлемі 115 бет. Екі бөлімнен және сөздіктен тұрады. Алғашқы бөлімі — әліппе, екінші бөлімі — хрестоматия. Оқулық бастан-аяқ мақсатты түрде беріліп отырған суреттермен безендірілген. Әліппе бөлімінде әр атаудың жанында суреті бар. Алдымен айтуға, оқуға жеңіл сөздер беріліп, бірте-бірте күрделендірілген. Суреттер мен сөздер оқушы баланың түсінуіне, еске сақтауына оңай,

ыңғайлы түрде алынған. Баланың ойлау дәрежесіне орай бірге-бірге жеке сөздерден екі-үш сөзді тіркестерге, қысқа сөйлемдерге ауысады. Оқулық материалдарын педагогика, әдістеме принциптеріне сәйкес дамыта қиындатып отырған. Әліппелік бөлімнен кейін жеке тақырыптық параграфтарға, одан әрі қысқа мәтіндерге, диалогтерге, сұрақ-жауап үлгілеріне ауысқан. Берілген мәтіндермен жүйелі түрдегі байланыста грамматикалық, синтаксистік ережелер нақты мысалдармен түсіндіріліп отырады. Әліппе бөлімінің соңында орыс әліпбиі, тыныс белгілері, арифметикалық амалдар белгілері бір бетге сызба (схема) түрінде қамтылған. Бұл арада оқытушының түсіндіруіне қажет материалдар да бар.

Кітаптың II бөлімі (хрестоматия) екіге бөлінген. Алғашқы бөлімінде (37-47-параграфтар) мәтіндер беріліп, осы мәтіндер бойынша жазу тапсырмалары (Пиши) беріліп отырған. Мәтіндер грамматикалық, синтаксистік ережелерді бекітіп отыру мақсатында алынған. Осы үшін бөлек мысалдар да келтірілген. Хрестоматияның екінші бөлімінде көлемі үлкендеу, мөлтек әңгіме үлгісіндегі мәтіндер орын алған. Осы бөлімде хат жазу үлгілері, күн тәртібін жасау мысалдары бар. Тұрмысқа қатысты мысалдар балалар өміріне негізделген. Ұғымды, түсінікті түрде шаруашылық түрлеріне байланысты мәтіндер берілген. Жыл, жыл мезгілдері, ай аттары жүйелі түсінік сызба арқылы көрсетілген. Жұмбақ тақырыптары өмірдегі жаңа құбылыстармен (электр, телеграф) сабақтас. Өленді мәтінде кездескен “погуляли” сөзін “погулять” сөзі деп анықтап кеткен.

Кітап соңында тақырыптық (постатейный) сөздік бар. Балалардың тауып алуына оңай болу үшін әр параграфтың сөздігі жеке берілген. Сөздердің қазақша баламалары сол кезде қолданыста болған латын әріптерімен терілген. Ол сөздер сол уақыттағы орфографиялық, орфоэпиялық ережелерге сәйкес.

Әліппенің негізгі мәтінінде ешбір қате жоқ. Сөздіктің латын әріптерімен берілген қазақша баламаларында қателер өте көп. Осыған қарағанда, машинка басушының, не баспахана әріп терушісінің қазақ тілін білмегендігі анық байқалады. Томға ол қателер түзетіліп берілді. Сөздіктің орыс сөздерінде де кездескен бірен-саран орфографиялық қателер түзетілді. Сөздікте кездескен қос сөздер мен біріккен сөздердің жазылуы қазіргі грамматикалық ережелерге сай берілді. Осында бөлек жазылған көмектес септік жалғаулары да қазіргі грамматикалық талаптарға орай бірге жазылды.

Әліппе-оқулық педагогикалық, әдістемелік ережелерге сай жазылған. Баланың ұғынуына жеңіл, ыңғайлы. Мысалдар, мәтіндер сәтті алынған. Барлығы сөздік қорды байыту, грамматикалық, синтаксистік ерекшеліктерді бекіту қызметін атқарып тұр. Сол дәуірдегі

қоғамдық идеологияның әсері байқалмайды. Әліппе-оқулықты қазіргі кезде де бастауыш мектептің 1-сыныбы үшін өте тиімді қосымша оқу құралы ретінде пайдалануға болады.

Д.Ысқақовқа қатысты біраз деректер бар. Қазақстан ҒА ғылыми кітапханасында, сирек басылымдар қорында, Ұлттық кітапхана қорында, М.Әуезов мұражайында Д.Ысқақовқа қатысты материалдар сақталған. Т.Жұртбайдың әуезовтануға қатысты еңбектерінде, Б.Атығаевтың “Қазақ әдебиеті” газетінде (15.12.2000) шыққан мақалаларында Д.Ысқақовтың өмірі мен шығармашылығына қатысты деректер бар. Алматы қаласының Фрунзе аудандық ЗАГС-ы берген Өлім туралы анықтамада “1894 жылы туып, 5.05.1945 жылы өлді” делінген. 1957 жылғы Қазақстан республикасы Жоғары сотының Д.Ысқақовты ақтау туралы құжатында 1898 жылы туған делінеді. “М.Әуезов энциклопедиясындағы” материалдарға қарағанда, Д.Ысқақов пен М. Әуезовтің жақын достық қарым-қатынаста болғандығы және жастарының қатар екендігі анық байқалады.

Д.Ысқақовтың да М.Әуезов оқыған Семей қалалық училищесінде, Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінде оқығаны белгілі. Сонымен қатар халық ағарту, саяси-әлеуметтік қызметтері жиі-жиі бір жерден шығып отырған. М.Әуезовтің қызы Мұғалима апайдың естелігінде (“Әуезов үйі” ҒМО қолжазба қоры, 633-п.): “... Содан кейін әкемнен көз жазып қалдық... Мен Даниял Ысқақовтың үйінде жүрдім. Ол кісіден бір түнде көз жазып қалған соң, Мүкәраманың (Д.Ысқақовтың әйелі. Р.Ә.) қолында қалдым... Бұл 1930 жылдың қазан айының соңғы күндері болатын” дейді. Осы естеліктен М.Әуезов пен Д.Ысқақовтың бір мезгілде тұтқындалғаны байқалады. Д.Ысқақов 1937 жылдың қыркүйек айында қайта ұсталып, 1945 жылы айдауда жүріп қайтыс болған.

Д.Ысқақовтың Ташкентте “Сана” журналында жариялаған “Қорғансыздар” атты мақаласы — М.Әуезов шығармашылығына арналған алғашқы мақалалардың бірі. Д.Ысқақовты қазақ әдеби сынының негізін салушылардың қатарына қосуға толық негіз бар. Аудармашылық қызметпен де айналысып, Чехов, Гаршин, Абдулла Қаһһар, Р.Роллан т.б. жазушылардың шығармаларын қазақ тілінде сөйлеткен. Сонымен қатар В.И.Лениннің “Три источника и три составные части марксизма”, Вольфсонның “Политграмма”, А.Почтеннаяның “Учебное пособие для библиотекарей” сияқты саяси-педагогикалық сипаттағы еңбектерді де қазақшалаған. Жоғарыда аталған Өзбекстандағы қазақ балаларына арналған әліппе мен осы томға еніп отырған орыс әліппесінен кейін де оқулықтар жазу жұмысына ара-

ласып, 1934 жылы Қызылордадағы “Казиздат» баспасынан “Учебник казахского языка для русских школ. 7-8 классы” (М.Ф.Гавриловтың редакциясымен) оқулығын шығарды.

Р. Әбдіғұлов, Д. Қонаев

“Новый аул. 2-я книга для чтения по русскому языку для казахских детей школ I ступени”.

М.Әуезовтің хрестоматиялық сипаттағы әдебиеттік оқу кітабы. 1929 жылы Қызылорда қаласында “Казиздат” баспасынан шыққан. Оқулық осы жылы М.Әуезов пен Д.Ысқақовтың авторлығымен шыққан “Новый аул. Русский букварь для казахских детей” әліппесінен кейінгі сатыдағы оқу құралы. Оны “2-я книга для чтения”, по русскому языку “для казахских детей школ I-ступени” деген оқулық атауынан алған сөздер де дәлелдеп тұр. Мұндағы мәтіндердің көлемі, күрделілік дәрежесі аталған орыс әліппесін оқып игерген баланың білім дәрежесіне сәйкес екендігін де көрсетіп тұр. Бір автордың әліппеден кейін оқу кітабын да жазуы педагогика тарихында, оқулық шығару тәжірибесінде жиі кездесіп отыратын жағдай. Оған орыстың ұлы ағартушы педагогі, бастауыш білім берудің, балаларға арнап оқулық жазудың әдістемелік негізін салушылардың бірі К.Д.Ушинскийдің “Родное слово” оқу құралының құрамындағы “Азбука” және “Первая книга после азбуки” (1864) атты, Ы.Алтынсариннің “Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку” және “Киргизская хрестоматия” (1873) атты, А.Е.Алекторовтың “Азбука для учеников начальных русско-киргизских школ” (1894), “Русско-киргизская азбука” (1910) және “Киргизская хрестоматия” атты әліппелер мен оқу кітаптарын қосарлай жазғандығы дәлел. М.Әуезов пен Д.Ысқақовтың авторлығымен шыққан орыс әліппесінде басшылыққа алынған педагогикалық-әдістемелік принциптер осы томға кіріп отырған оқу кітабында да қолданылған. Соның бірі — әліппенің де, оқу кітабының да алдымен ана тілінде сауатын ашқан балаларға арналғандығы. Материалдарды бірте-бірте күрделендіру, бала ұғымына ауыр мәтіндердің, күнделікті қолданылуда сирек кездесетін оқшау сөздердің қолданылмауы, тілінің ұғымды, ырғақты болуы, жеке шығармалардың танымдық маңыздылығы, грамматикалық категорияларға түсінік беріп отыруы сияқты талаптар қатаң сақталған. Сонымен қатар екі оқулықта стильдік бірлік бар. Екеуі де пішімі, полиграфиялық орындалуы жағынан бір тектес. Бұл оқулықтың

шығуына осы томда беріліп отырған “Новый аул. Русский букварь для казахских детей” әліппесінің түсініктемесінде айтылған себептер мен жағдайлар әсер еткен. Аталған әліппе сияқты, М.Әуезовтің бұл оқулығы да педагогикалық, энциклопедиялық, анықтамалық еңбектерде аталмайды. Бұған тағы да оқулық авторының 1930 жылы НКВД тарапынан айыпталып, абақтыға жабылуы себеп болған болу керек. Оқулықтың бір данасы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында сақталған. Ғылым академиясының Ғылыми кітапханасының сирек басылымдар қорында микропенкаға түсірілген нұсқасы сақталған. Жазушының 20-томдық шығармалар жинағының (Алматы. “Жазушы”, 1985) 16-томында (293-393-беттер) шыққан. Бұл басылымда (16-том) оқулықтың түпнұсқасындағы IV тараудың 9-шығармасы “Как Кусаин болел чечоткой”, 11-шығармасы “В зимовке”, 12-шығармасы “Как заражаются чахоткой”, 16-шығармасы “Как уберечься от заразы” атты шағын әңгімелер берілмеген. IV тараудағы 8-шығарма “Постель наше жилище” 16-томда “Наша постель”, VII тараудағы 18-шығарма “Приготовление к посевам” 16-томда “Приготовление к севу”, осы тараудағы 45-шығарма “Четыре бабочки” 16-томда “Бабочки” деп берілген. Түпнұсқадағы рим цифрларымен көрсетілген тарау нөмірлері мен араб цифрларымен көрсетілген тараулардағы шығармалардың рет сандары да 16-томда жоқ. Сонымен қатар түпнұсқада бар үлкен орысша-қазақша сөздік пен ескертпелер (примечание) томға кірмеген.

Оқулық материалдары “Воспоминание о лете”, “Школа”, “Осень”, “Охрана здоровья”, “Город и аул”, “Зима”, “Весна” атты жеті тарауға белінген. Барлығы 198 шығарма. 89 шығарма М.Әуезовтікі. Қалған 109 шығарма “Жаңа арна”, “Малый Туркестан”, “Мак”, “Новый путь”, “Наш язык”, “Игра и труд”, “Красная зорька”, “Школа и деревня”, “Книга для рассказывания” атты кітаптардан, оқулық-хрестоматиялардан, “Журнал юных пионеров”, “Юный строитель”, “Смена” журналдарынан, А.С.Пушкин, А.Н.Майков, Демьян Бедный, И.С.Никитин, С.Д.Дрожжин, Д.Амичис, В.Штамм т.б. ақын, жазушылардың шығармаларынан алынған. М.Әуезовтің өз шығармалары сан жағынан оқу кітабына енген шығармалардың жартысынан аз болғанымен, көлемі жағынан алғанда шамамен оқулықтың үштен екі бөлігіндей. Әуезовтің өзіне тән шығармалар шағын мөлтек әңгімелер түрінде жазылған. Жалпы прозасында құрмалас сөйлемді кең көсілетін эпикалық стильді ұстанған жазушы мұнда сөйлемдері қысқа қайырылатын, балалар ұғымына жеңіл, әрбір сөзді дәл, айқын мағынасында қолданатын стильде жазған. Балалар әдебиеті талаптарын үнемі ескеріп отырған. Бұл әңгімелерде қазақ халқының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктері,

тұрмысы, шаруашылығы, өндірісі жайлы жан-жақты мәліметтер берілген. Жыл мезгілдері, төрт түлік мал, жыл мезгілдеріне орай мал бағу ерекшеліктері, табиғат құбылыстары, ұлттық өндіріс түрлері, мезгілдік көші-қон, аңшылық, қазақ халқының өміріне тарихи-әлеуметтік өзгерістерге байланысты келген жаңалықтар жайлы жазылған. Басқа кітаптардан, хрестоматиялардан, журналдардан, орыс ақын-жазушыларынан көбіне өлеңдер алынған. Сол кездегі саяси талаптарға байланысты алынған шығармалар екені айқын байқалады. Оқу кітабының ішінен М.Әуезовтің өзіне тән шығармаларды бөліп алған жағдайда, оқулықтың көлемі кішірейгенмен, құндылығы еш төмендемейтіні анық. Қарасөзді шығармалардан тұратын көркемдік, танымдық дәрежесі өте жоғары оқу құралы болып шығар еді.

Оқу кітабы Қазақстан білім кеңесінің бастауыш мектепке арналған бағдарламасына сәйкес жазылған. Оқулықтағы жеті тараудың төртеуі жыл мезгілдеріне орай аталған. Шығармаларды оқу барысында күз айларынан (қыркүйек) бастап жаздың басына дейінгі табиғат, ауа райы, мал күтімі, тұрмыс, аңшылық, балалар ойындары жайлы айтылып отырады. Сонымен қатар әртүрлі даталарға қатысты (В.И.Лениннің туған күні, қайтыс болған күні, 1905 жылғы қаңтар көтерілісі, қазан, ақпан төңкерістері, Париж коммунасы (1871, наурыз), 8 март, 1 май т.б.) шығармалар берілген. Бұдан басқа “Школа”, “Охрана здоровья”, “Город и аул” тарауларында мектеп өмірі, пионерлер ұйымы, денсаулық сақтау, ауру түрлері, тарихи өзгерістерге байланысты тұрмыстағы өзгерістер жайлы шығармалар берілген. Бұл үш тарауға енген шығармалардың дені М.Әуезовтікі емес. Кітаптың соңында ескертпелер (Примечание) және үлкен орысша-қазақша сөздік берілген. Ескертпелерде шығармаларға енгенде орыс әліпбиінің мүмкіндіктеріне қарай жазылуы өзгерген сөздерге латын әріптерімен жазылған таза қазақша баламалары берілген. Осы арада кейбір сөздерге қатысты арнайы түсініктер де беріп кеткен. Сөздік оқушы балалардың қажет сөзді тауып алуына оңай болу мақсатында тарауларға бөлініп, әр шығармаға қатысты сөздер оқу кітабындағы реттік нөмірлерімен берілген.

М.Әуезовтің бұл 50 томдық шығармалар жинағы толық, академиялық жинақ болғандықтан, түпнұсқаны (Ұлттық кітапханада сақталған кітап бойынша) толықтай ескертпелерімен, сөздігімен беріп отырмыз. Жазушының 20 томдық шығармалар жинағының 16-томында берілмеген төрт шығарма томды дайындаушылардың эстетикалық талғамына байланысты алынбағанын байқауға болады. Ол шығармаларда негізінде қотыр-қышыма, туберкулез аурулары, жұқпалы аурулардан сақтану жолдары жайында айтылған. Бұл томға бұл шығармалар да

берілді. Оқу кітабының негізгі мәтінің ішінде “Волчонок” (I тараудағы 17-шығарманың аты) “Волчонок” деп алынды. Ескертпелер мен сөздіктегі латын әріптерімен берілген қазақ сөздерінде қателер өте көп. “Новый аул. Русский букварь для казахских детей” әліппесіндегі қателер сипаты бұл оқу кітабында да қайталанған. Машинка басушының не баспахана әріп терушісінің қазақ тілін білмегені анық байқалады. Бұл басылымға сондай дәрекі қателер түзетіліп берілді. Сөздіктегі орыс сөздерінде де кездескен біраз қателер түзетілді. Сол кездегі орфоэпиялық, орфографиялық ережелерге сәйкес берілген сөздер сол қалпында алынды.

Станция — станса, морковь — мәркоп, аптека — әптік т.б. осы тектес баламалар түпнұсқадағы жазылуымен берілді. Қос сөздер мен біріккен сөздер, жалғаулық шылаулар мен көмектес септік жалғауларына қатысты қазіргі грамматикалық, орфографиялық ережелерге сай келмейтін сөздер қазіргі ережелерге сай берілді. Сөздікте әдебиетшілер, тілші ғалымдар үшін көптеген қызықты балама сөздер бар. Пила — пышқы, пропеллер — зырылдауық, потолок — төбе тактай, демонстрация — көрнекті жүріс, куколка — қуыршақша сияқты балама сөздерді сәтті баламалар деуге болады.

Оқулық түгелдей алғанда да, М.Әуезов шығармаларын бөліп алғанда да, өте сәтті оқу құралы. Әсіресе Әуезовтің өзіне тән шығармалар әлі күнге дейін өте бағалы. Қазіргі кезде құндылығы тіптен өсіп отыр. Ол әңгімелерде айтылған қазақ халқының ұлттық-этнографиялық ерекшеліктеріне, тұрмысына қатысты жайлар қалада тұратын балаларға да, ауылда тұратын балаларға да көп жағдайда таныс емес. Осы себепті оқу кітабын толық күйінде немесе М.Әуезовке тән шығармаларын теріп алып шығарғанда да бастауыш мектеп оқушыларына арналған оқулық ретінде де, қосымша оқу құралы ретінде де пайдалануға болады.

*Р. Әбдіғұлов,
Д. Қонаев*

“XIX ҒАСЫР МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ”

Орта, орталау мектептің 6-сыныбына арналған “XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” деп аталатын оқулығы (1933 жыл, Алматы, 164 бет) басылды. Содан кейін кітап ішіндегі “Бұқар жырау”, “Махамбет”, “Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті”, “Шортанбай шығармалары”, “Әбубәкір”, “Шәңгерей” жиырма томдықтың 15 томынан (256—302-беттерде) орын алғаны болмаса, тұтас күйінде қайтадан ешқайда басылған емес.

Елу томдық академиялық толық басылымның бұл томына кітап ешбір өзгеріссіз сол қалпында ұсынылып отыр.

Жалпы оқулық өзінің типіне қарай (бастауыш, орталау, орта, кәсіптік техникалық, жоғарғы оқу орны) жасалынады екен. Сол ретпен әртүрлі ұлт мектептері оқулықты өздерінің ерекшеліктеріне орайластырып жүйелейді және сол ұлттың ана тілі мен әдебиетінің өзгешеліктері ескеріледі. Ол үшін алдымен мынадай педагогикалық талаптар қойылады: ондағы материалдар ғылым мен техникалық дәрежелеріне сәйкес баяндалуы, тәрбиелік міндеті заманымен үндесуі, мазмұны ұстанған мақсаты, оқушыларының танымдық ерекшеліктері, баяндалуы, қорытындылары, ережелері, заңдары мен анықтамаларының тілі әдеби, жатық және ықшам, түсінікті, оқушылардың ұғымына лайықты болуы шарт.

Қазақ оқулықтары жайы сөз бола қалса, ұлы ағартушы, Ыбырай Алтынсариннің еңбектері алдымен “Қазақ хрестоматиясы” (“Киргизская хрестоматия”, Оренбург, 1879) ауызға ілінеді.

Бұдан кейінгі оқулығы “Мактубат” деп аталады. Бұл еңбек өзі қайтыс болғаннан кейін достарының араласуымен 1899 жылы басылып шықты. Мазмұны жағынан әдеби, тарихи, ғылыми, хрестоматиялық кітап. Бірінші бөлімі төрт тарауға бөлінген; біріншісі — балалар өмірінен, екіншісі — әртүрлі жастағы адамдар өмірінен, үшіншісі — қазақ ақындарының өлең жырлары, төртіншісі — қазақтың мақал-мәтелдері. Екінші бөлімде қазақтың төл әңгімелерімен бірге тарихы, географиясы, өндірісі, техникасы, кеңсе жүргізу жөніндегі мақалаларды қоспақ болған, бірақ ол аяқталмай қалған.

Ал автор қазақтай дарынды халық кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетіндей бағыт алуы аса қажет деп білген, хрестоматия тұңғыш еңбек болған соң кемшіліктері болатындығын да ескерткен. Осыдан кейін үлкенді-кішілі әр алуан ағартушылық атқарған кітаптар жарық көре бастады: әліппе, оқу кітаптары, әдебиет үлгілері басында сол кездің мұғалімдерінің жеке қолжазбалары түрінде көрініс берді, педагогикалық мәні бар жинақтар (өлең-жыр, проза) мен кітапшалардың арасында орыс тілінен аударылған оқулықтар да кездесіп қалып жатты.

М.Әуезовтің оқулықтары дәрежесіне көтерілгенге дейінгі аралықта Қашафуддин Шахмарданұлының “Кел, балалар, оқылық” (1898), “Мінез” (1898), А.Жандыбаевтың “Жас ғұмырым” (1907), М.Қашимовтың “Әдеп” (1907), “Ақыл кітабы” (1908), М.Нұрбаевтың “Қазақша әліппе” (1910), Ғ.Мұштақтың “Тумыш” (1911), “Ғалия” медресесінде оқитын

шәкірттердің құрастырған оқулығы “Әліппе яки төте жазу” (1911), С.Көбеевтің “Үлгілі бала” (1912), К.Сырғалиннің “Өнеге”, “Қазақ балаларына жәрдем” (1913), А.Маметұлының “Әбрият” (1916) сияқты кітаптары тұрды. Бұларға Ишанғали Бейсенұлы (“Қазақша дұрыс жазу қағидалары”, 1914), Мұхамеджан Дибердиев (“Қазақ балаларына қырағат кітабы”, 1910), Мұхаметораз Нұрбаев (“Қазақша әліппе”, 1910), Қоңырқожа Қожықов, Мұстақым Малдыбаев, Закария Ерғалиұлы тағы басқаларының еңбектері қосылады. Закария Ерғалиұлының “Қазақ әліппесінде” (1910) балаларды оқуға, өнер-білімге шақырған, оны қалай игерудің, қайдан іздеудің бағытын нұсқаған, Әбділкәрім Мажитов “Қазақ шакирдларына гадиясында” (“Қазақ шәкірттеріне ақыл”, 1910): “Біздің ұлтымыз үнсіз, тірліксіз жата бере ме? Ешкім бас көтермегеніне қаның қайнайды. Қазақтан төмен кім бар, бұған жаны ашитындар бар ма?! Жок, бір-бірімізге қарсы жағаласып өтеміз бе? Кәнеки, бірігейік. Маңдайға темір таяқ тисе де мызғымаймыз. Ал енді ағарту жолында алға басайық, ғылымнан басқа прогрестік жол қалмады. Басқа азат елден үлгі алайық, бізге бостандық керек. Кітапсыз, баспаханасыз өмір-бақи қараңғыда қаламыз... Басқа жұртта баспаханалар көп. Ойлы адамдар ақша жинап баспахана, кітапхана, мектеп салғандар” (16-18-бб.) деген сарындағы сөздер өнер-білімге ұмтылғандарды ойлантай қоймады.

К.Сырғалиннің “Өнегесі” өз кезі үшін дүниетанымдық маңызы зор оқулық болды. Мұнда ата-анаға көзқарас, көрші-қолаң, ауыл-аймақпен қарым-қатынас, әліппе, төте оқудың мазмұны, мұғалімдер рөлі, әлеуметтік, қоғамдық педагогикалық, дидактикалық мәселелер көтерілді: тәжірибелі мұғалім оқытудың тиімді тәсілін іздестіріп, дыбыстан әріпті ажыратудың, әр дыбыс пен әріпті, буынды үйретудің төте, оңай жолдары күнбе-күнге сөйлеу тәжірибесімен байланыстырылды, қазақ тілінің дыбыс жүйесінде қолтума әліпби түзеудің қажеттілігі айтылды да, дыбысты өткізудің тәртібі басқаша жүйеленді: буын сөз арқылы балаларға бұрыннан таныс заттардың аттарын берді.

Енді оның осыдан кейінгі кітабы “Қазақ балаларына жәрдемде” (қазақ әліппе кітабы) әріптерді бір-бірлеп оқығанда сөздің басында, аяғында жазғанда қандай мағына беретіндігі анықталған, әрине, бұл оқытудың дидактикалық талаптары әдісінің бірі ғана; сұрау-жауап түрінде жүзеге асырылатын оқытудың осы жүйелі тәжірибесі әліппенің осал тұстары анықталатынына, балаларға таныс заттарды көрсету және олардың таныс емес қасиеттерін айту арқылы бірте-бірте табиғатта бар нақтылы заттарды танытатынына назарды аударады. Дыбыс арқылы әріпке көшудің кезінде оқытылатын мәтіндері мұнда әліппеден бөлек берілген. Әріп танытудан кейін жаттығу, әдістемелік, грамматикалық

ережелерді танытуға көшкенде әріптер сурет арқылы тануына лайықталып жасалған. М.Әуезов те өзінің “Жеткіншек”, “Новый аул”, “Букварь” оқулықтарын жазғанда осы принципті ұстанады. Олар әліппені оқытуда бұл әдіс әрі тездетеді, әрі оңтайлатады деп қарады.

Мектеп балаларына арналып шыққан кейінгі кітаптардың жазылу дәрежесі мен сапасы да, ауқым-аумағы мен алған нысанасы да әлдеқайда ілгерілеп, әлдеқайда жетілді. Сондағы олардың бар мақсат, армандары білімді шәкірттер тәрбиелеп, көзін ашу, сауатты ету ғана еді. Тіпті өзбектердің өзбек тіліндегі алғашқы оқулығын жазған Нәзір Төрекұловтың сүйенгені де осылардың тәжірибесі болатын. Ал, қырғыздар кейінгі кезге дейін осы қазақ оқулықтарын пайдаланды. Бертініректегі Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытовтардың оқулықтары көп жаңғырып, көп жаңартылды. Халық мағынасындағы оқулық болып табылатын М.Әуезовтің осы “XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті” бұрынғылардың барлығынан бөлек, кейінгілерге жаңа, тың жол салған, үлгілі еңбек десе де болады. Бұған дейінгі бірде-бір оқулықта дәл осындағыдай әдебиет қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығы жеке-жеке талданып, әрқайсысына түйінді баға беріліп, танымдық тұрғыда екшелмейтін және бұндағыдай кезеңіне қарай шолу мақалалар берілмейтін.

Оқулықты үш автор болып жазғанымен, жетекшілікті, негізінен, М.Әуезовтің жасағандығы көрінеді. Бұлай етуге “Әдебиет тарихын” жазған және осы алуандас дүниелерге орыс, қазақ тілінде талпыныс жасап көрген ол қосымша авторларсыз-ақ жеке атқаруына әбден тәжірибесі де, білім-біліктілігі де жетерлік еді. Бірақ сол кездің саяси ағымының ол дегенде күдік пен сенімсіздіктен арылмауы олай етуіне мүмкіндік бермеді. Сондықтан да осы салада бірсыпыра еңбектерімен көзге түскен авторлармен бірлесуіне тура келді. Сөйтсе де М.Әуезов оларға емес, олар М.Әуезовке қосылған сияқтанды. Соның бірі Молдағали Жолдыбайұлы осы кезге дейін Т.Шонанұлымен бірге “Жаңа арна” (1929), “Колхоз ауыл” (үшінші жылдық оқу кітабы, 1931), “Жаңалық” (Колхоз мектептері үшін әліппе, 1932) оқулықтарын жазумен, К.Маркс пен Ф.Энгельстің “Коммунистік манифестін” (1926) аударып бастырумен танылған болса, екіншісі Әлібек Қоңыратбаев жазушы, сыншы, аудармашы ретінде жаңадан танылып келе жатқан жас болатын. Оның “Неміс ақыны Лессинг туралы”, “Торький қазақ әдебиетінде”, “Ұлт өнерін өркендетелік”, “Абайдың әлеуметтік беті” сияқты әдеби-сын еңбектері өз уақытында жақсы бағаланды. Кітаптың

жазушы мұрағатында төлнұсқа ретінде сақталып қалған бір данасында қайсысы қай тақырыпты жазғандығы көрсетілген. “А.С.Пушкин”, “М.Ю.Лермонтов”, “Некрасовтың өмірі”, осындағы өлеңдерді аударған — М.Жолдыбайұлы, “Л.Н.Толстой”, “Омар Қарашұлы”, “Сұлтанмахмұт Торайғырұлы”, “Сәбит Дөнентайұлы”, “Максим Горький әдеби еңбегінің қырық жылдығын” жазған — Ә.Қоңыратбайұлы. Осылардың ішінде “Өлкенің патша үкіметіне бағынып, отарлану дәуірінің әдебиеті”, “Ұлтшылдық әдебиеттің бас кезі” атты шолу тарауларын кімнің жазғандығы көрсетілмеген, бірақ бұдан М.Әуезовтің сөз саптасы, ой оралымдары анық білініп тұр.

Ал, мұндағы оның үлесіне келсек, оған “Бұқар жырау”, “Махамбет”, “Нысанбайдың өз жайы мен еңбегі туралы”, “Бектік құлауга айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті (70-жылдар мен 1905 жылдар арасы)”, “Шортанбай шығармалары”, “Мұрат ақын”, “Абай”, “Әбубәкір”, “Шәңгерей” деген тақырыптар кіреді, оқулықтың ішкі құрылымы мен мазмұндылығына, жүйеленуіне жалпы редакциясына басшылық еткені мұрағатында сақталды деген әлгі жалғыз данасындағы ол енгізген түзетулер анық ұқтыра алады: толықтырған, қысқартқан көптеген сөз-сөйлем, абзацтарды қайта құрған. Бұл әрекеттері кітаптың қайта басылуына жүргізген дайындығы да болуы мүмкін. Енді сондағы жүргізген түзетулердің кейбірі мына төмендегідей болып келеді:

“Ақынның әке-шешесінің барлық уақыты тек қонақ күтуге кеткен”. — “Ақынның балалық кезінде оның әке-шешесінің барлық уақыты тек қонақпен, сауықпен өткен” (33-бет), “Кітапты шетінен алып оқи берген”. — “Тілеген кітабын алып оқи берген” (33-б.), “Кавказда, Қырымда, Бессарабияда айдауда жүрген жылдарында мынадай ірі шығармаларын жазды: “Кавказ тұтқыны”, “Ағайынды қарақшылар”, “Бақиасарай фонтаны”, “Евгений Онегин”. Бұл жұмысы қысқа уақыттың ішінде ірі ақындық даңқын шығарды”. — “Ақын Кавказда, Қырымда, Бессарабияда айдауда жүрген жылдарында “Кавказ тұтқыны”, “Ағайынды қарақшылар”, “Бақиасарай фонтаны”, “Цыгандар” деген ірі поэмаларын жазды, “Евгений Онегин” сияқты ірі поэмасының бас жағын жазды” (33-б.), “Некрасовта наразының дені қара шаруаға ауысады”. — “Некрасов қара шаруаға мұңын жырлайтын ақын болады ” (61-б.), “Темір жол” деген өлеңін жазып, жол салушының суретін берген. Бұл өлеңді М.Н.Покровский “Орыс поэзиясының өте ірі пролетариаттық табысы, бүкіл дүниелік поэзияның ірісі” деп баяндаған. Бұл бағалар өте дұрыс бағалау. Еңбек пен капиталды қарама-қарсы айырым жөнінен салыстырып, Некрасов капиталшылардың ауыр түрде жалаң жыртықшытықпен

жұмысшыларды қанауын көрсеткен”. — “Шойын жол” деген өлеңін жазып, жол салушылардың суретін көрсеткен. Еңбек пен капиталды қарама-қарсы қойып салыстырып, Некрасов капиталиштықпен жыртықшылықпен жұмысшыларды қанауын көрсеткен” (61-б.). “Шынында аяуға да болмай- тын еді. Неге десеңіз, полковник біресе аяғына, біресе жазалыға қарап тепсініп жүр еді. Арғы жерде ше? Арғы жерде әбден ұшығына жетеді. Оқушы полковниктің қайырымсыз қаталдығын көреді. Иван Васильевич татардың қып-қызыл ала қан болған арқасына таяғын жай салып тұрған тапалтақ, әлсіз солдаттың жағына ақ биалайлы күшті қолымен тартып кетті және “қамшыны алып кел” деп айқайлады”. — “Шынында аяуды дәмметуге де болмайтын еді. Полковник біресе аяғына, біресе жазалыға қарап нашаланып, тепсініп жүр еді. Оқушы полковниктің қайырымсыз қаталдығын көреді. Татардың қып-қызыл ала қан болған арқасына ұрған тапалтақ, әлсіз солдаттың жағына полковник ақ биалайлы күшті қолымен тартып кетті және “қамшыны әкел” деп айқайлады. Жазушы әуелде полковникті қайырымды” (114-б.), “Жол көрмеген, дүние танымаған қып, көп азап шегіп, зарығып жүріп, Троицкідегі медресеге кіреді. Оның сорына оқып жүрген кезінде басыр (трахома) болып ауырады. Көзі жазылғанша оқудан шығарылады. “Арық атқа қамшы ауыр” дегендей, оның үстіне, жәтел пайда болады. Дегенмен жәтелге бой бермей, Хабиболла деген жігіттің демеуімен докторға көрініп, көзін жазады. Бірақ медресеге қайта кіруге қаражаты таусылып, зарығып ауылдағы әкесіне хат жазып, 60 сомдай алдырып, қайта кіреді”. — “Көп азап шегіп, зарығып жүріп Троицкідегі медресеге кіреді. Бірақ оқып жүрген кезінде көзі басыр (трахома) болып ауырады. Көзі жазылғанша оқудан шығарылады. Оның үстіне жәтел пайда болады. Бірақ медресеге қайта кіріп, 1912—13 жылдарда сонда оқиды” (135-б.). “Кедей”. Бұл жоғарғы “Социализмнен” кейін жазғаны. Мұндағы сүйенгені де жалты еңбекші халық — кедей. Кедей тұрмысының тарлығы, бай мен кедей арасындағы қайшылық. Кедей еңбегінің қаналуы, одан қала берді күшін сатып, күнін көріп жүрген жұмысшы тұрмысының ауырлығын айтады. Осындай жоқшылық тұрмыста”. — “Кедей” деген поэмасында кедей тұрмысының тарлығы, бай мен кедей арасындағы қайшылық, кедей еңбегінің қаналуы, одан қала берді қаладағы күшін сатып, күнін көріп жүрген жұмысшы тұрмысының ауырлығын айтады. Бірақ кедейге жаны ашығанмен шығар жолды тауып бере алмайды. Кедейге құр сырттан жаны ашушы, бірақ еңбекші таптың күресіне ілесуші емес... ” (141-б.).

Кезінде жиырма томдыққа бұл оқулықты тұтас енгізудің мүмкіндігі болмады, тіпті осылардың ішінен іріктеп-іріктеп алып ұсынылғандардың өзінен “Нысанбайдың өз жайы мен еңбегі туралы”, “Мұрат

ақын”, “Омар Қарашев” еңбектері дәл кітап басылайын деп тұрған жерінен алынып тасталды. Оның себебін, әрине, түсінуге болады. Бірі “Көп сарғайтып келместей Кене хан саған не болды” деп Ресейдің, отаршылдықтың, тіпті орыстың да жауы Кенені жоқтаған, екіншісі, “Еділдің бойы қанды қиян, Жайықтың бойы майлы қиян” деп бұрынғы ата қонысты ойлап зарланған, үшіншісі “Қай күні жау жағадан алады деп, уайым жеп түсі қашқан өңді көрдім” деп шұрайлы мекен-жайларынан айырылған елдің мұңын мұндағандар қалай жіберілсін. Бір рет басылған кітаптың қайтып оқушыларымен табыспауына осындай себептердің өзі де жетіп жатыр. Жиырма томдықтың 15-томында (1984) басылғандарының өзінде мына төмендегідей тұстары қысқартылып берілді.

“БҰҚАР ЖЫРАУ”: “Көпшілікке хан әкімшілігі қажет деп миландыру керек. Ханның қазір салмақ, атақ, айбынын зорайтып ұстау керек. Ол өз билігі. Сонымен қатар патсалық үкіметтің және орыс елін де көпшілікке құбыжық қып көрсету қажет.

Құбыладан келген бір кәпір,
Аузы-басы жүн кәпір.

Елдің ханға бағынған іргесі ыдырамай, шашылмай тұтас, бүтін тұру керек. Қиыр жайлап, шет қонып, ауқымынан кетіп, уысынан шығамын десе, ондай руларды шақар айғырдай сауырлап әкеп, хан үйіріне қайта тығу керек. Ел мен ру саясаты ол күндері Бұқардан осыны тілеген. Алыс жақынын, қай-қасысынан шығатын қауіп қатер болса, соның бәрінің таразысын ондайтын тамыршысы — Бұқар. Сондықтан бұның сөзі тағы да еріккеннің ермегі емес, “күндегінің керегі боп отырады” (15-том, 260-бет).

“МАХАМБЕТ”: “Сондықтан Махамбет ондай басшы емес еді, атасы даңқты емес еді дегендер сияқты Халел сөзінің көбі орынсыз. Тарихи шындықпен жанаспайды” (264-б.). “Бұл сөзді Кенесары қозғалысын баяндаған жерде айтқамыз.

Негізгі мазмұнына келгенде Исатай қозғалысының Кенесарынікінен айырмасы жоқ. Анау хан тұқымынан шықса, мынау хан қасындағы биден шықты. Кенесарының түп мақсаты атасының хандығын қайта табу болса, Исатай да не жақсы хан тауып қойып, не мықты биге билетпек. Патса үкіметінің тым айқын, қатаң атарманы боп отырған Жәңгірдей ханды түсіріп, орнына басқаны сайламақ. Бәрі бір, бұ да шыққанда үстем таптан шығып, сол үстемдік үшін алысады. Жалғыз-ақ үстемдіктің бір түрін екінші бір түрімен ауыстырмақ, жаңғыртпақ.

Екеуінде айырмыс болса, Кенеден гөрі Исатайдың жолы айқын. Жорығы бір-ақ ханға қарсы. Бұл бір-ақ сапар, оқиғасы да ұзақ емес. Жолы болса алғашқы ордаға шапқан шабуылмен бітіп те қаларлық сапар” (265-б.).

“Көпті ертіп хан кешеуілдеп өткенде түптің түбінде мынау сияқты, Жәңгір сияқты ханды құлатып, артын өзі баурап алмақ. Ханмен бастас, бәсекелес боп жүрген билеуші тап адамының үні осы жерде шығады. Қыздырмалап желіктірем дейтін көп жоқ. Енді алдында отырған, бұрын жеңген жауы.

Соған айтқан соңғы сөзде жүрісінің сырын да, шынын да айтады. Бұл сыры жоғарыда айтылған билеуші тап адамының таптық сыры, таптық жоғы боп айқындалады” (271-б.).

“Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей бастаған кездің әдебиеті”: “Бұл кезде қазақ өлкесі алдыңғы дәуірлерде патса үкіметіне, отар шабуылдарына қарсы жасаған ереуілдерінің бәрін тауысып болып, енді сол патсалық Ресейінің табынан нық басып тұратын, көлеміне әбден кірген, тапжылмас отары болып қалған-ды” (272-б.). Өндіріс буржуазиясымен қапталдана бастаған феодалдар болады. Осылардың қолындағы өндіріс капиталы” (273-б.). “Алуды талап етеді. Бұрынғы Ресей тарихынан бұрынғы” (273-б.). “Бірақ сондағы соңғы шыққан төбесі жаңағы либерал буржуа тұрғысы болғандықтан, Абай шығармаларының қоғамдық-таптық нәтижесі, мағынасы — феодалшылдықтан капиталшылдыққа қарай бастаған таптың алдыңғы либерал тобының салт-санасын көрсетуге лайық келеді”. “Елді жаңа үлгіде билейтін әкім бол деп үгіттеу, сонымен қатар үстем таптан шығатын би, болысқа қарсылық көрсетушілер болса, оларды шенеу, жерлеу” (278-б.).

“Шортанбай шығармалары”: “19 ғасырдың алғашқы жарымы бір жағынан өлкені отарлау, екінші жағынан сол отар шабуылына әр жолмен әр алуан топтың ұлт бостандығы үшін алысуымен (Исатай, Кенесары, Бекет қозғалыстары) өтеді. Ал сол ғасырдың екінші жарымы Шортанбай, Мұраттар заманы болса, бұдан бұрынғы, алдыңғы бағыттағы тартыс атаулы біткен-ді. Жеңілу артынан әлеумет тіршілігінде болған өзгеріс: көпшілік жаңа қалыпқа мойындаған” (280-б.).

“Адыра қалғыр Сарыарқа,
Болмайын деді баянды.
Еділді алды, елді алды,
Есілді алды, жерді алды,
Енді алмаған нең қалды, —

деп бір қойып, содан кейін еңбекші, қанаушы қалың бұқараның күнделік шаруашылық тұрмысы күйіне соғып” (284 б.). “Енді осы сияқты саналған белгілердің ар жағынан барып көксейтініне келсек, онысы:

Әуелі бастан ханды алды,
Қараны санап малды алды.
Көшіп кетер жерің жоқ,

Жау айбынар ерің жоқ,
Кетейін десең жерің жоқ,
Қамалып қазақ саналды, —

деп, саяси салмақты бір түйін қып, оны айтып, содан әрі” (284-б.).

“ШӘҢГЕРЕЙ”: “Бертін келе қазақтың оқымысты адамдары шығып, газет-журнал шығарған уақытта соларға атсалысады. Ұлтшыл-байшыл оқығандардың тобын қостап, оларға да сыйлы, даңқты болады. Өзі еуропаша оқуы бар, тұсындағы жаңа халдарға атсалысқанда бұл на-данша долбармен араласпайды, өзінің бет бағытын, таптық орнын біле отырып араласады. Оқыған адамдағы үйлескен, ұғысқан адамы — сол кезде кадет партиясына мүше боп жүрген төре Бөкейханұлы Әлихан. Оның әрі қандас інісі, әрі серігі есепті біледі. Соның жолын құптайды. Ақындық жолында орыстың дворян жыршыларынан бері келмейді. Солардың ішінен бірін-саранын аударып та байқайды” (298-б.). “Фет, Тютчев, Полонский жырлары” (299-б.).

1. 248-бет. **“Алтын Орда хандарының қарамағында жүрген уақытындағы әдебиетінен”** — Алтын Орданың аумағы өте кең, өте үлкен, негізінен алғанда, оның көп бөлігі Қазақстан жеріндегі мемлекет болып табылады: халқы — түркі жұрты, тілі де түркі тілі, жеке, айырым мемлекеттер мен аймақтарға бөлінгеніне қарамастан халқының түрі де, тілі де бір екендігін ел кезген, осында болған саяхатшылардың бәрі де жазған. Кезінде мұндай іргелі, мұндай беделді, қуатты, күшті мемлекетті алыс-жақыннан кездестіре қою қиын еді, көршілерімен шаруашылық, мәдени қарым-қатынасы күшті болды. Берке мен Сарайшықтың зәулім, сәулетті сарайлары сырттан келгендердің таңдайын қақтырды, қарамағындағы қалалар мен өлке-аймақтарда ғылым, әдебиет, көркемөнер дамыды, бұлардың әдебиеті мен мәдениеті, ғылымы да сол тұстағы Шағатай ұлысы атанған елдің ғылым-білім, өнер-мәдениетімен қоян-қолтық байланыста болды. Кейін келе осында туған ғылыми, мәдени, әдеби ескерткіштердің көпшілігі, сол Шағатай мәдениетімен араласып кетті. Мемлекеттің де, жергілікті халықтың да тілі — түркі болғанымен, араб, парсы тілінде де көп дүниелер жазылды. Бірақ олардың әлі күнге дейін анықталып, зерттеліп, нақтыланып жатқаны сезілмейді. Осыдан кейін зерттеушілердің Алтын Орда әдебиетіне жатқызып жүргендері санаулы, бас-аяғы он шақтыдан аспайтын болып шығады. Осылардың алғашқыларына Иассауидің өмірі, діни қайраткерлігі жайындағы “Насаб нама” атты кітапты жатқызуға болады. Оны жазған — Ахметтің ағасы Садыр шайқының немересі Орын Қойлақы. Бұдан кейін Рабғұзи, Әли, Саиф Сарай, Хорезми, Хұсам Қатиб, Құтб, Дурбектер аталады. Рабғұзидің “Хиса-сул-әнбиясы” 79

кисса, хикая, аңыз-әңгіме, ертегі, өлең-жыр, тарих, шежірелерлерден тұрады: жер, көк, адамзат, адам ата, әулие-әнбие, пайғамбар мен сахабалар, ізгілік, адамгершілік, қайырымдылық, махаббат, ғадауат, қастық, достық әңгімеленеді. Саиф Сарай өзінің “Тұлстанын” Сағдидің “Бұстанына” еліктеп жазды. Хорезми “Мұхаббатнама” туралы алғашқы ой Сырдария жағасында келгенін айтады. Хұсам Қатибтің “Жұм-жұма”, Құтбтың “Хысрау-Шырын”, “Фархад-Шырын”, Дүрбектің “Жүсіп-Зылиха”, Сайдахметтің “Тахшшукнама”, “Салнама” дас-тандары бүкіл шығысқа белгілі тақырыптарды өздерінше баяндап, өздерінше жырлаған шығармалар қатарынан көрінеді. Ахмед Иүгнеки, Сүлеймен Бақырғанилар Сыр бойында туып, еңбектерін сонда жазды. Әдебиетімізде айтылып, оқылып жүрген Қазтуған, Асанқайғыларды да сол Алтын Орда дәуірінің өкілдері десе болады.

2. 248-бет. **“Шығарушысы белгілі, уақыты қасталған”** — қасталған — анықталған, дәлелденген деген мағынада.

3. 249-бет. **“...аты шулы “Ақтабан шұбырынды”, “алқа көл сұлама” уақиғаларына ұшыраған”** — Бұлар жөнінде алдыңғы томдардың түсініктерінде айтылды.

4. 249-бет. **“Мырза Тепкіліп жазуларының бірінде”** — Тевкелев — Ресей мен Әбілқайыр ханның арасындағы келісімшартқа дәнекерлік жасаған адам.

5. 251-бет. **“Бұқар XIX ғасырдың наразы ақындарына”** — наразы ақындар деп “зар заман” өкілдері Дулат, Шортанбай, Нысанбай, Мұрат сияқтыларды меңзеп отыр.

6. 252-бет. **“...бірінші дәуірі 1456—1730 жылдар арасы”** — Осындағы 1456 қазақ хандығы құрылғандығының жылы болса, 1730 Ресей бодандығының ноктасына бас сұғуының басталған жылы саналады.

7. 252-бет. **“парсы жазушысы Мұхамбет Хайдардың қазақтың Қыпшақтан қашып Моңғолстан, Ташкен келген Жәнібек, Герей хандары туралы әңгімесі”** — Шығармалары, соның ішінде атақты “Тарихи-Рашиди” еңбегі де парсы тілінде жазылғандықтан, Дулаттан шыққан Мұхаммед Хайдар бұл жерде парсы жазушысы атанып отыр. Оның Керей, Жәнібектерді Қыпшақтан қашып шыққан деуінің мәнісі Алтын Ордаға қарайтын ұлан ғайыр өлке Дешті Қыпшақ атанған. Ал, Жәнібек, Керейлер бөлініп шыққанда өзбек ұлысы деу басымырақ еді. Бұлар Жошының үлкен ұлы Орда-Еженнен тарайтын Орысханның немерелері өзбек атанып жүрген біраз тайпаларды бастап, Моғолстан шекарасына жақын жерде, Шу өзенінің бойына келіп қазақ хандығын көтерген. Алтын Ордаға қарасты ұлыстардың өзбек атануы Тоқты ханның ағасы Тоғылықтың баласы, атақты хан Мөңке-Темірдің

шөбересі Өзбек тұсында болды, ол отыз жыл (1312—1342) Алтын Ордаға билік жүргізді. Бұл жерде Мұхаммед Хайдар бұрынғы атауын ауызға алған.

8. 253-бет. **“Орта Азиядағы Қоқан, Самарқан, Хиуа, Бұқар хандықтары”** — Қазақстанның Оңтүстік өлкесі мен Жетісу, Қызылорда облысының біраз жерлері осы хандықтарға тәуелді болды.

9. 253-бет. **“Кенесары Қасымұлының көтерілістері”** — Бұл қозғалыс туралы осы басылымның 4,6-томдарында айтылды.

10. 253-бет. **“1816 жылы Бөкей өледі. Орнына баласы Жәңгір хан болады”** — Бөкей ордасы патшалық Ресейдің “бөліп ал да билер бер” саясатымен 1801 жылы Еділ-Жайық аралығында Павел бірінші Бөкей ханның өтінішін қабыл алып, жарлыққа қолы қойылғаннан кейінгі құрылған хандық. Бөкейден кейін мұрагері Жәңгірдің жасы жетпегендіктен басқару ісі інісі Шығайға жүктеледі, алты жылдан кейін барып ол хандық тағына отырады. Ел тұрмысының көп саласында, ағарту ісінде прогрестік рөл атқарған Жәңгір Исатай-Махамбет көтерілісіне байланысты кейінгі уақытқа дейін датталып келді. Соңғы жылдары ғана ол істеген істердің жақсылық жағы көбірек айтыла бастады.

11. 255-бет. **“Бұл келімсектердің ішінде Қарауыл Бабажанов деген қайратты, білімді қожа болған”** — Қарауыл қожа Бабажанов — Бөкей хандығының сұлтаны, Жәңгір ханның қайын атасы, ірі феодал. Ол істеген зорлық-зомбылық сол кездің өлең-жырларының арқауына айналды.

12. 255-бет. **“Бұрынғы хандар заманынан заң болып келе жатқан хан қасындағы 12 би”** — Хан қасында 12 бидің болуы Шыңғысхан заманында қалыптасқан жол. Олар ханның ақылшысы, мемлекет ісі сеніп тапсырылатын адамдары. Мысалға Шыңғыстың 12 биінің бірі және Төбе биі Майқы ел басқару ісіне көмектесумен бірге хан жорыққа аттанғанда орнында қалатын би болды. Жошы ханның: “Оң қанаты оған сеніп тапсырылған, оң қанаты” деген сөзі қазіргі бүкіл қазақ жерін, Алтын Ордаға қарайтын басқа да аумақтарды алып жатқан өлкелер.

13,14,15. 258—259-беттер. **“Мойнына бұғау атқан соң”** — **Қайырлы, “Жәннаттың бір қақпасын ашпаққа”** — Егеубай, **“Биік асқар тауына”** — Бекжан — Егеубай да, Қайырлы, Бекжан да қай жылы туып, қай жылы өлгені және нендей дүниелері бары белгісіз.

16. 263-бет. **“1869 жылы уақытша заңға қарсы болып, көтеріліс жасаған Кіші жүз қазақтары Шыңға қарай үркіп көшіп”** — Осындағы Шың дегені — Қытай.

17. 266-бет. **“Патшамен соғысамыз ба, жоқ па?”** деген дүдәлдің үстінде” — Дүдәл — сенімсіз, екі ойлы, *дүдәмал* деген мағынада қолданылған.

18. 270-бет. **“Мәлі тұқымы өздерін парсы патшасы Нәдіршенің нәсіліміз дейді екен”** — Нәдір шаһ (1688—1747) таққа отырған

соң (1736) Иранды ұлан-байтақ империяға айналдырды. Армения, Әзірбайжан, Грузия, Дағыстан, Ауғанстан, Белуджистан, Хиуа, Бұхар хандықтары оның қоластына қарады. 1739 жылы Үндістанның біраз жерлерін, тіпті Делиді де басып алды.

19. 270-бет. **“Тайсойған деген жер”** — Тайсойған қазіргі Атырау облысындағы Құм. Ол Ойыл өзенінің төменгі сағасында.

20. 280-бет. **“Арқадан қырғызға қарай ере шыққан Ағыбай, Бұқарбай, Бұғыбай”** — Бұлар жөніндегі деректі осы басылымның 6-томындағы “Хан Кене” пьесасының түсініктерінен қараңыз.

21. 282-бет. **“...ақыры бұларды қуа шыққан әскер Есенгелдінің ауылын шапты”** — Есенгелді Кіші жүз Жетіру бірлестігіндегі Тама руының бір атасы. Одан Атамшал, Қызылқұрт, Кенжебай, Дәулеткелді ұрпақтары тарайды.

22. 282-бет. **“Қасым балаларымен Сібірден Түркістанға қарай ауа көшеді”** — Қасым қазақ жеріне бекіністер салуға қарсы шықты. Патшалық үкімет қарсылықты тыңдамай, өз ойларын жүзеге асыра берген соң, Қасым балалары Саржан, Есенгелді, Кенесары және арғын, тоқа, уақ сияқты рулардың қырық мың шаңырағымен Көкшетаудан Қокан хандығының жеріне өтеді. Саржанның ерлігін естіген Ташкент құсбегісі ұлы жүз қазақтарын бағындыру мақсатымен Қасымға балаларын келісім жүргізуге сұрап, өкілдерін жіберді. Осыдан кейін Қасым балалары Саржан, Есенгелді, Ержан бастаған жиырма жігітті жолға салады. Бірақ сондағы әрекеттері нәтижесіз аяқталып, оның ақыры Саржан мен Есенгелдінің, артынан өзінің де өлімімен бітеді.

23. 289-бет. **“Вальтер Скоттың романдарын оқып”** — Скотт Вальтер Эдинбург (1771—1832) ағылшын жазушысы. Романист ретінде оның “Смагольм қамалы” (1800), “Марлтон” (1808), “Рокби” (1813), “Уеверли” (1814), “Пуритандар” (1816), “Роб Рой” (1818), “Ламмермұрлық қалыңдық” (1819), “Айвенго” (1820), “Кекелворт” (1821), “Квентин Дорвад” (1823) сияқты романдары кезінде-ақ көптеген тілдерге аударылды.

24. 289-бет. **“Бұл еңбекті жазып шығу үшін ақынға Карамзиннің тарихын”** — Карамзин Николай Михайлович (1776—1826) он екі томдық “Россия мемлекетінің тарихы” деп аталатын еңбек жазған адам.

25. 290-бет. **“...оның шефі Бенкендорфтың Пушкинді бұрынғыдан да қаттырақ аңдуын күшейтеді”** — Бенкендорф Александр Христофорович (1783—1844) граф, генерал-адъютант, патшалық іс басқармасының бастығы, орыс массоның мүшесі.

26. 290-бет. **“Сарай айналасында II Екатерина заманынан басталған”** — Екатерина II (1729—1798) Ресей императоры, таққа 1762 жылы отырды.

27. 291-бет. **“Бұл Наполеон соғыстары болып өтіп”** — 1812 жылғы соғыс туралы айтып отыр.

28. 291-бет. **“1818 жылы Чаадаев деген өте оқымысты”** — Чаадаев Петр Яковлевич (1794—1856) жазушы, философ, қоғам қайраткері. Ол өзінің арғы тегі Шыңғысханның екінші ұлы Шағатайға барып тірелетінін мақтаныш еткен. Пушкиннің бұған “Чаадаевқа” деп арнаған өлеңі бар.

29. 293-бет. **“Аракчеевке сықак” сияқты төңкерісшіл өлендерін** — Аракчеев Алексей Андреевич (1769—1834) граф, артиллерия генералы, әскери министр, әскер істері департаментінің төрағасы. Қатыгездігімен, зұлымдығымен, әпербақандығымен аты шыққан.

30. 294-бет. **“Пушкин мен Байронның дәреже-күйлері бірдей бола тұрса да”** — Байрон шығармашылығы Пушкинге қатты әсер еткен, өзінің көптеген шығармаларын жазуына түрткі болған.

31. 307-бет. **“Бектік, феодалдық қалпы”** — Бектік буржуазиялық деген ұғымға жақын.

32,33,34. 313-бет. **“...мұсылман ғаламында Шагабуддин Маржани, Қайым Насыри, Ысмағұл Гаспринский сияқтылар болса”** — Маржани Багауддинов Шагабуддин (1818—1899) татар тарихының негізін қалаушы. Оның еңбектері Орта Азия, Қазақстан, Еділ бойы халықтарының тарихына арналған. Ақ Орда хандығына, Дешті қыпшақтағы қазақ хандығына, Сібір хандығына арналған “Вафиат әл-Аслаф” атты 7 томдық еңбегінің әдеби, ғылыми, ағартушылық мәні зор. Араб тілінде жарық көрген кітапта қазақ халқы, қазақ жеріндегі тарихи тұлғалар жөнінде мол деректер кездеседі. Насыри (1825—1902), татардың ағартушы-педагогі, жазушы, ғалымы. Гаспринский Исмаил (1851—1914) қырым татары, арғы тегі қырым хандығына барып тіреледі. Ол туралы Зөки Валиди Тоғанның “Орта түркілердегі Шоқанға ұқсас тұлға — қырымдық Исмаилбей Гаспринский. Ол да орыс әскери ортасының түлегі. Щедрин, Тургенев, Чернышевский шығармалары, XIX ғасырдағы орыс либерализмі “батысшылдық” пен “славяншылдық” ағымдарының тартысы, әскери мектептердегі орыс еместерге деген сенімсіздік, орыс армиясындағы бүкіл-әлемдік бүлікке ұмтылу пиғылдары Исмаил Гаспринскийдің ұлтжандылық сезімін оятты” (“Бүгінгі түрік елі және оның таяудағы тарихы” Стамбул, 1981, 551-б.) деген бағалауы бар. Осы бір тұлға жөнінде Ахмет Байтұрсынның да өте жоғары пікірде екендігі көрінеді: “Егер де Гаспринскийдің сөзін тірілтеміз десек, ұлы іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып, соған қарап басқа емлелерді түзету керек” (“Шора”, 1913) десе, тағы бірде “Россия мұсылмандары арасында бес-алты мыңға жуық тәртібі бастауыш мектептің бәрінің үлгісі Гаспринский мектебі еді. Бұл күнде төте оқу үшін шығарылған неше түрлі

әліппе болса, бәрі де үлгіні Гаспринский шығарған әліппеден алған еді. Бұл күнде он мыңға жуық мұғалімдердің бас ұстазы, жолбасшысы Гаспринский жанапылары еді” (“Қазақ”, 1914) алуандас бағалары жиі айтылады. Оның “Түрік синтаксисі” (1878), “Түркі тілінің ерекшелігі” (1888), “Мемлекеттік тіл жөнінде” (1891), “Түрік тілі жөнінде” (1892), “Әліпби тарихынан” (1893), “Дыбыспен оқыту әдісі жөнінде” (1899), “Тіл және тіл”, “Түркі тілі және оның адамзат қоғамына қосатын үлесі” (1907), “Емле жөнінде” дегендей еңбектері толып жатыр. Көп еңбектері өзі басшылық еткен газет “Тәржіманда” жарияланды, бүкіл дүниеге есімі белгілі болды. Француздың “Мұсылман әлеміне шолу” журналы 1910 жылы оған халықаралық Нобель сыйлығын беру жөнінде ұсыныс жасады, бұл ұсынысты әлемдегі көптеген зиялылар қолдады. Бірақ не себептен екені белгісіз, сыйлық берілмей қалды.

35. 314-бет. **“сынмен қарайтын рационализм дінін ұсынады”** — Рационализм — болмыстың, танымның, моральдың негізі ақыл деп санайтын философиялық ілім.

36. 318-бет. **“Орта Азия мен Иран, араб сопылары”** — сопылыққа аз сөзбен анықтама беру қиын. Шығыстағы негізі алдымен Басра қаласында қаланды. Бізде оның ең ірі өкілдері ретінде Ахмет Иассауи, Сүлеймен Бақырғани, Софы Аллаярды атауға болады.

37. 319-бет. **“...көп сарыны Қожа Ахмет Яссауидың “Дивани хикметіне” ұқсайды** — “Диуани хикмет” екі дүниенің мән-жайына, сыпат-сырына ойды аударатын туынды. Онда: имандылық, адамгершілік, қайырымдылық, қанағат, мейір-шапағат, адалдық, әділдік, тәубашылдық, хаққа сиыну сияқты толып жатқан мәселелер көтеріледі. Мұндағы негізгі ой шариғат, тарихат, мағрипат, хақиқат төңірегінде өрбиді. Бұлардың әрқайсысы он мақамнан тұрады: біріншісі — иман келтіру, намаз оқу, ораза тұту, зекет беру, Меккеге бару, ғылымға талаптану, пайғамбар сүннетін орындау, бойын таза ұстап мәкүрліктен аулақ жүру, машайықтың қоғамында болу; екіншісі — тәубаға келу, пірге қол беру, Алла қаһарынан қорқу, рақметінен үміт үзбеу, насихат тыңдау, тәжірибе жинақтау т.б.; үшіншісі — жетім-жесірге пана болу, жарлыларға жердемдесу, дәруіштерді қабылдау, адал рызыкпен күнелту, ғылым-білім үйрену, шариғат пен тарихатты берік ұстау, хақиқат сырларына үңілу; төртіншісі — хақты тану, жақсы-жаманды айыру, қанағатшыл болу, сеждеге бас ұру, машайықтарды мойындау т.б. Сөйтіп хақ жолын адам белгіленген тәртіппен: шариғат — жабарут, тарихат — малакут, мағрифат — лахут, хақиқат — насут жолымен ұғына алу. Хақпен арада рухани қатынас туып, өзінің адамдық қасиетін белгілеу. Бұлар лахут-насут арақатынасын теңестіруінен көрінеді. Осылайша

Иассауи ілімі хақ жолындағы белгі-нышандарды танытатын амал-әрекеттер жиынтығы болып шығады. Бұнда жоғарыда айтылған қырық мақамның теңгерілу шарттары қарастырылады, оларда әр заттың мағынасын Аллаға деген махаббат арқылы сезінуге көңіл бөлінеді. “Диуани хикметтің” ендігі ұстанған негізгі мақсатының бірі және бірегейі “Құран Кәрімді” арабшасына түсінігі жете бермейтіндерге оның ішкі сыр, мән-маңызын өз тілдерінде ұғындыру, баяндау болатын, әсіресе, көшпенділердің тіліне жақындатып жазуы да сондықтан еді.

38,39. 323-бет. **“Ол кезде Некраев Чернышевский, Добролюбов дегендермен”** — Чернышевский Николай Гаврилович (1828—1889), Добролюбов Николай Александрович (1836—1861) орыстың ұлы әдеби сыншылары, публицист, философ, революцияшыл демократтары.

40. 323-бет. **“Некрасов “Современник” деген журналдың редакторы болған”** — “Современник” журналы 1847—66 жылдар аралығында шығып тұрған. Н.Г.Чернышевский, Н.А.Добролюбов т.б. осы журнал арқылы жақын танысады.

41. 323-бет. **“Ол уақытта разношинецтер — Белинский”** — Белинский Виссарион Григорьевич (1811—1848) орыстың әдебиет сыншысы, публицисі.

42,43,44. 324-бет. **“...ақсүйектер әдебиетінің қаймағы — Тургенев, Толстой, Григорьевич”** — Тургенев Иван Сергеевич (1818—1883), Толстой Лев Николаевич (1829—1910), Григорьевич (1822—1900) орыстың ең ірі жазушылары.

45. 325-бет. **“...жазушы Булгарин жандармға шағым берген”** — Булгарин Фаддей Венедиктович (1789—1959) — орыс жазушысы.

46. 328-бет. **“Қазақтың ұлтшыл, лирик ақындары — Махамбет, Шәңгерей, Досбол”** — Досбол — қазақтың шешені. Туған, өлген жылдары белгісіз.

47. 328-бет. **“Сондықтан бұл өленді әуелі Герцен шет мемлекетте”** — Герцен Александр Иванович (Лақап аты — Искандер 1812—1870). Орыстың философ-материалист жазушысы, публицист.

48. 333-бет. **“белгілі төңкерісшіл Дейш”** — Анықталмады.

49,50. 333-бет. **“Маяковский мен Демьян Бедныйге”** — Маяковский Владимир Владимирович (1893—1930), Демьян Бедный (шын фамилиясы мен аты — Придворов Ефим Алексевич (1883—1945) кеңес дәуірінің ақындары.

51. 334-бет. **“Некрасов пен Салтыков та үйретіп кеткен”** — Салтыков Михаил Евграфович (лақап аты — Щедрин, 1826—1889) орыстың белгілі жазушысы.

52. 335-бет. **“Ол салт-сананы Қалел ойлағандай”** — Халел Досмұхамедов туралы бұдан алдыңғы томдарда айтылды.

53. 342-бет. **“Есет би сияқты бірен-саран ескішіл феодалдың”** — Есет (1807—1888) — Шекті руындағы Қабақ елінің белді адамы. Көтібар Бисенұлының үлкен баласы. Жоламан батырмен көтеріліске, Жанғожа батырмен Қоқан, Хиуа хандығы билігіне қарсы күреске қатынасты.

54. 55. 353-бет. **“Құнанбай тұсында кезектесіп аға сұлтан болып жүргендер Жамантай, Құсбек дегендер болды”** — Құсбек Тәукеұлы (1849—1853) жылдары қатарынан екі рет Қарқаралы дуанының аға сұлтаны, кейін болыс та болған. Оның Жамантаймен арасындағы тартысын пайдаланып, Құнанбай аға сұлтандықты жеңіп алған.

56. 354-бет. **“Ахмет-Риза деген имамның медресесіне оқуға береді”** — Семей қаласындағы қадым (ескі) жүйесімен сабақ жүргізетін бұл оқу орнын дінге, философия мен көне шығыс әдебиетіне жетік ғұлама Ахмет Риза ұйымдастырған. Бұл өз заманында басқа оқу орындарынан озықтау саналған, өйткені, оқыту ерекшеліктеріндегі оның өзіндік артықшылықтары бар еді. Абай осында оқып жүріп, Семейдің кітапханасында болды, өз бетімен орысша да оқыды.

57. 357-бет. **“Семей кітапханасында Михаэлиспен таныс болады”** — Михаэли Евгений Петрович (1841—1913) Абайдың досы. Петербургте студенттердің қозғалысын басқарғаны үшін жер аударылып, Семей қаласына келеді. Абаймен осында танысады.

58,59. 357-бет. **“...айдалып келген дос серіктері Гросс, Долгополов”** — Гросс Северин Северинович (1857, өлген жылы белгісіз), Долгополов Нифонт Иванович (1857—1922) Абайдың достары.

60,61,62. 358-бет. **“Бұл оқыған кітаптардың ішінде Дарвин, Спенсер, Дрепперлер де бар”** — Дарвин Чарльз Роберт (1809—1882) ағылшынның табиғат зерттеушісі, жануарлар мен өсімдіктердің табиғи сұрыпталуы арқылы пайда болуы жөніндегі ілімнің негізін қалаушы; Спенсер Герберт (1820—1903) ағылшын психологі, социолог, философ; Дреппер Джон Уильям (1811—1882) ғалым, философ. Оның екі томнан тұратын “Еуропа ақыл-ойы дамуының тарихы” көптеген тілдерге (орыс тіліне 1866 ж.) аударылған. Абайдың оқығаны осы кітап, ал М.Әуезов көңіл ойын аударған тұстарын дәптеріне жазып отырып оқыған.

63. 359-бет. **“эпесер болған баласы Әбдірахман”** — Әбдірахман Абайұлы (1869—1895) Петербургтің Михайлов артиллерия училищесін бітірген. Абай осы баласына арнап бірсыпыра өлеңдер жазған.

64. 359-бет. **“Тобықты ішінде бұнымен көп сілкілесіп келген бастас жуан Оразбай”** — Оразбай Аққұлыұлы (1837—1921) — Тобықты ішіндегі Есболат Бұғылы болысындағы ең бай адам. Оның қатарға

қосылуына, билікке араласуына Абайдың көп көмегі тиген, Жиренше екеуіне үлкен үміт артқан. Эпопеясына жинаған деректерінің ішінде “Ауызды, қақсап отыратын қара қабан кісі еді. Ақшыл, үлкен, Медеуге ұқсас, семізше, ақсоқыр, сақалы шамалы, ер пішінді кісі” деген жолдар кездеседі. Сол дерек арасында ақынның оған арнаған мынадай өлеңі бар:

Ән салайын арарай,
Әнім қалмас жарамай — арарай-арарай.
Арғы атам Тобықты,
Даңқым шыққан Оразбай — арарай-арарай.
Оразбай деген ер екен,
Сегіз қырлы сері екен
Айттырғаны бір байдың,
Он бес жасар қызы екен.
Шымылдық құрдым оң жаққа,
Шыбын қонар балдаққа,
Қор болып шалға барғанша,
Алсашы Құдай оң жақта.
Оразбай отыр тақылдап,
Қыз келмейді жақындап.

(папка №29, 193-6). Оразбай 60-қа келген шағында пішенші Арық Матай қызын алғанда қалжыңдап шығарыпты. Ол Абаймен көп алысқан, қастандық та жасаған, бергін келе өткендегілерді ұмытып, татуласқан да.

65. 359-бет. “...ойлы баласы Мағауия” — Мағауия Абайұлы (1870—1904) ақын, оның “Еңлік — Кебек”, “Абылай”, “Медғат — Қасым” деген белгілі поэмалары бар.

66. 362-бет. “Ильяс Жансүгірұлының мақаласын оқу керек” — Илияс 1922 жылы Ташкентте Х.Досмұхамедовтің құрастыруымен басылған Абайдың таңдамалы өлеңдер жинағы туралы “Абай кітабы” (“Тілші”, 1923, 8 мамыр) деп аталатын мақала жазған. Мұнда Абайдың жиырма шақты сөз тіркестерін келтіріп, дұрыс нұсқасы қалай керектігін көрсетеді. Мысалы: “Шалғыннан жүні қылтылдап” емес, “Шалғыннан жоны қылтылдап”.

67. 364-бет. “Орыстың атақты жазушысы Гоголь” — Гоголь Николай Васильевич (1809—1852) белгілі “Ревизор”, “Өлі жандардың” авторы.

68. 384-бет. “Әлхамды шала білген молда болды” — Әлхамды деп отырғаны — “Алхамду лиллаһи” деп басталатын “Құранның” бірінші сүресі “Фатиха”.

69. 388-бет. “...елесшілдікке де (символизмге) берілген еді” — Символизм ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында Еуропа, Ресейдің әдебиеті мен өнерінде өріс алған ағым. Шындықтан, әлеуметтік

мәселелерден алыстаған символикалық дүниелер мистикалық, декаденттік сарынға бой алдырды. П.Верлен, С.Малларме, А.Рэмбо, Д.Мережковский, Ф.Сологуб, К.Бальмонт символистер атанды. Осы ағымдағы А.Блок, В.Брюсовтар кейінірек одан бас тартты.

70,71,72. 389-бет. **“...аксүйектер поэзиясы (Фет, Тютчев, Полонский жырлары) осы күймен өткен”** — Фет Афанасий Афанасьевич (шын фамилиясы — Шеншин) (1820—1892) орыс ақыны, “Таза өнердің” жақтаушысы Тютчев Федор Иванович (1803—1874), Полонский Яков Петрович (1819—1898) орыстың дворян ақындары. Шәңгерей де өмір-салтын осылар сияқты өткізген.

73. 393-бет. **“...Тула қаласының маңындағы Ясная Поляна”** — Ясная Поляна Л.Н.Толстой дүниеге келген мекен. Бұл кейін мұражай-қорыққа айналды. М.Әуезов осында 1949 жылдың 29—30 мамырында болды.

74. 394-бет. **“...әкемнен бастап дебешіге дейін”** — Дебеші — делбеші, ат айдаушы.

75. 394-бет. **“...Успенскийлердің балалық өмірлерінен”** — Успенский Глеб Иванович (1843—1902). Оның алғашқы шығармалары “Ясная Поляна” журналында жарияланады. Ол Толстойдың үй ішімен жақсы қарым-қатынаста болған.

76. 396-бет. **“...оған еш нәрсенің дәркері жоқ”** — дәркері — қажеті, мұқтаждығы.

77. 397-бет. **“...сыртқа, небір бобылдарға кетіп”** — Бобыл — кара басты, жекебасты шаруалар.

78. 404-бет. **“Оның қолында Чернышев, Воронцовтармен жазысқан Николайдың хаттары”** — Воронцов Михаил Семенович (1782—1856). Мемлекет қайраткері. Генерал, фельдмаршал.

79. 407-бет. **“Толстойдың (Боткин дейтін) бір замандасы”** — Боткин Сергей Петрович (1832—1889) — дәрігер терапевт, физиологияның негізін салушы. И.Павлов, А.А.Нечаев, Яновскийлер осы Боткиннің шәкірттері.

80. 411-бет. **“Патшаның белгілі Куропаткин деген генералы”** — Куропаткин А. Н. Түркістан генерал-губернаторы (1916 жылдың тамызы). Осы жөнінде “Қазақ” газеті мыналарды жазды: “А. Н. Куропаткин біздің қазақ жұртшылығына белгілі. Жапон соғысында әскербасы болған, онан бұрын 12 жыл соғыс министрі болған. Онан бұрын Түркістанда Скобелев Түркпенді алғанда, штабының басы болған. Закаспий облысында губернатор болып тұрған. Біздің Россия жандаралдарының арасында Куропаткиннен артық Түркістан тұрмыс-халін білетін адам жоқ. Куропаткин жұмсақ, жұртты тәрбиелі закон жолымен билеп, жұртқа тынышты болатын адам. Осы басқа қиыншылық түскен уақытта Куропаткин Түркістанға барғаны көп жақсылық. Мысалы, мұнан көп жақсылыққа үміт, Куропаткинге патша зор билік берген.

Куропаткиннің Түркістан жұртына істеген ісінен өзге уаляяттарға да ақ жол шығуы мүмкін. Куропаткиндей адам бұл болып тұрған іске кіріскені біздің өзге қазаққа да болатын жақсылық мысалы”.

81. 421-бет. “...дін жөнінен Упі қаласындағы” — Упі — Уфа, Башқұртстанның астанасы.

82. 421-бет. “...татар тілінде шығатын “Уақыт”, “Тәржіман” газеттерін” — “Айкап” журналы шығып тұрған кезде “Уақыт” татар тілінде Қазанда шығып тұрды. “Тәржіман” Исмаил Гаспринскийдің редакторлығымен жүзеге асқан бұл газет 33 жыл бойы (1883—1916) шығып тұрды. Мұнда қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне тікелей қатысты “Торғай һәм Орал облыстарындағы қазақтардың жағдайы” (1883), “Қазақтар” (1888), “Түркістанды орыстардың басқаруы” (1889), “Орыс қоныстанушылары қазақтарды шұрайлы жерлерінен ығыстыруда” (1897), “Қазақтар және отарлау саясаты” (1899), “Тұтас халықтың қырғыны” (1908), “Түркістанның жаңа тарихы” (1905) дегендей мақалалар көптеп жарияланды. Оның “Милли матбұғат” айдарында “Айкап”, “Қазақ” басылымдары туралы хабарлар берілді. Газет жөнінде Ахмет Байтұрсыновтың “Төрт-бес жылдың ішінде шығып тоқтаған һәм осы күнде шығып тұрған түрліше газет-журналдардың бәрі “Тәржіманның” балалары” деген де бағасы бар.

Бірақ жер туралы жарияланымдарына қатысты мынаны айтады: “Бұл екеуі де мұсылман мәтбұғаты ғаламында белгілі газеталар. Бұлардың басқа біліміне біздер таласпаймыз, бірақ қазақ жері турасында біліміне таласамыз. Ноғай бауырларымыз қазақ жерін қазақтан артық білетін болса, думада қазақ жайын жақсы білетін депутат жоқ деп біз неге айтып жатырмыз? Думадағы ноғай бауырларымыздың депутаттары қазақ жайын білмейді деп неге айтып жатыр?” (“Қазақ”, 1914 ж.).

83. 424-бет. “Десе дер, һама оған қайғы жемес” — һама — бірақ.

84. 428-бет. “...құранның тек қарақатын түсінбей суылдата беруден түк мағына жоқ” — Қарақат — қолжазбалардағы әріптердің асты-үстіне қойылатын белгілер, яғни үсті, асты және үтір; һамза, тамдид, сукун, мадда, уасла. Осылардың ішінде қысқа дауыстылар фатха, касра, дамма. Астында да, үстіне де қойылатын екілік белгілер және бар, оның жуан дауыстылары *-ан, -ын, -он*, жіңішке дауыстылары *-ән, -ин, -он* болып оқылады. Қарақаттар өз орнына қойылмаса, дұрыс оқылмаса, сөздің мағынасы бұзылады.

85. 428-бет. “...екі рәкәт намаз үшін мәңгілік жауап күту” — Бұл бес уақыт намаздан басқа кезде оқылатын намаз, оны “нәфіл” немесе “қажет” намазы дейді. Бұның — тәуба (күнә-ларының кешірілуін тілеу), қауіп (табиғи апаттар болғанда халықтың амандығын тілеу),

хүсуф (ай тұтылғанда), күсуф (күн тұтылғанда), сапар (сапарынын оң болуын тілеу), шүкір (бір игілікке ие болғанда Аллаға шүкіршілік ету), тәһәжхүд (түнде ұйқыдан оянғанда), тахиматүл месжит (мешітке кіргенде), салотол үзу (дәрет алғаннан, ғұсыл құйынғаннан кейін), салату тасбих (тасбих тартыларда) сияқты түрлері бар.

86. 428-бет. “...**һәм жақсы ғамалды істеу, тәнірге ғибадат ету**” — Ғамал — әрбір атқарылатын істің амалы болады, мысалға өз ықтиярымен оқып отырған намаздың суннат болған бір амалын істемей, орындамай кетсе, онда оның намазы бұзылады.

87. 429-бет. “...**ыждаһат етпесе, ғылым-өнер үйреніп орнына колданбаса**” — Ыждаһат — ынта, ықылас қою, көңіл бөлу.

88. 429-бет. “...**Павлодар уезі, Шідерті ауданында**” — Шідерті Екібастұз қаласының батысындағы Шідерті өзені жағасындағы ауыл.

89. 429-бет. “Сұлтанмахмұттың нағашысы Қарауылдың Шабар шаншар деген бай ауылы” — Қарауыл — Арғын тайпасының бір руы, одан: Құрманқожа, Құлынша, Құлымбет, Түнқатар, Ботпан, Жарлыбай, Ақонай, Қоңырша ұрпақтары тарайды. Шаншар туралы өткен томдардың түсініктерінде айтылды.

90. 430-бет. “...**өнер-білім жаңалығының ексімі тоғысып**” — Ексімі — басы.

91. 431-бет. “**Айқап**” журналының редакторы Мұхамеджан Сералыұлымен пікірі үйлеспей” — Сералин Мұхамеджан (1872—1929) басқарған журналда Сұлтанмахмұт 1913—14 жылдары істейді. Өзінің жазғандары ма, әлде журналдағы дүниелер жөніндегі ойлары үйлеспеді ме, ол жағын дәлдеп айту қиын.

92. 432-бет. “Сол кезде “**Қазақ**” газетінде Мамановтың романға бәйгесі жарияланып” — Романға бәйге (1914, 30 наурыз) жарияланғанның келесі жылында (1915, 26 сәуір) Есенғұл қажы Маманов роман жарысының мезгілі жақындағанын, енді солардың жазғандарын қарау жұмысы Семей қаласында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Сералин, Райымжан Мерсеков, Шәкәрім Құдайбердиев, Жақып Ақбаев, Нармамбет Орманбетов, Нұрғали Құлжановтарға жүктелуі лайық екендігін айтып, “Қазақ” газетінде ашық хат жазады. Осы хаттан кейін Әлиханның мақаласы шығады, онда Бөкейханов: “Роман бәйгесінің күні осы майда толатын көрінеді. Қажы сыншыларды өзі атап, Семейге шақырып тұр. Өзге мәдени жұрттардың бұл сияқты бәйгесінен бір-екі ауыз сөз жазайын. Кен қазып, тас бұзып, адам баласы қазынасын байытқанда, мына Европа соғысып, адам баласын қырғанда екі іске бірден пайдасы тиген динамитті шығарған Швед инженері Альфред Нобель бәйгеге 18

миллион қазына қалдырды, үш жылда бір мұның процент өсімі үкімет, химия, дәрігерлік, роман жазып озғанға, адам баласының татулығы жолына аса өнер қылғанға берілсін деп (Л.Н.Толстой, Америкада бұрын болған президент Рузвельттер сол айтқандай кісілер). Л.Н.Толстой бәйгені алған жоқ. “Мен ақшаны алмаймын. Адам баласын хайуан жолына сүйреп отырған қазына жиған құмарлық” деп...

Бізде мұнан бұрын роман жазылған емес. Міржакып романы “Бақытсыз Жамал” кішкентай ғана кітап. Мен мұны “Қазаққа” сын жазбақ болып қолға алып едім. Екі жұма отырдым. Бұл менің бұрын қылмаған ісім еді. Сонан ба, жоқ сын өнері менде жоқтықтан ба, оны оқушылар білер. “Қазақ” басқармасында неше роман бар, бұлар неше беттер екенін білмеймін. Анау “Бақытсыз Жамал” десек, сынға аз болмас. Сын мақала болып хатқа жазылмаса, аты бәйгеден қалған талапкер дәлел сұраса қиын болады. Кітап жазған адам қулық құлындаған биеден де қызғаншақ болады.

Менің бұл сын туралы пікірім жоғарыда жазылғаннан анық болар. Бізде академия, университет секілді ғылыми дүкендер, бұлардың комитеті де жоқ. Сынға түсетін кітаптар жазба, басылмаған. Кітап баспа болғанда ана қажы көрсеткен, бұлардың ішінде сыншы парызын алам деген сыншы болмақ оңай жұмыс емес. Әр шебер өз орнында іс атқарса, іс орнына келеді. Маған өлең айтқызса, мұнан түк пайдалы нәрсе шықпайды. Сыншыларға кітапты жіберіп, бұлар жазған мақалаларын қажы қалаған 2-3 кісі қараса, жол осы еді. Жазулы кітап біреу-ақ болып, амалды құртып тұр. Жиылып бұл неше адамның жазба кітаптарын сөз сынына салсақ, бұған жеке би билігінде көндім дегендей роман жазушысынан уағда шарт. Бұл сыншыларға да, роман жазушыларға да ыңғайсыз. Әлі де болса кітаптарды сыншы болам деген кісілерге поштамен жіберіп, жылдам қайтаруын сұрап, бұлардан сын мақаласын жиып, мұны кісі саны аз жазушы басы құраулы Семей (Шәкәрім бар), Тройск (Мұқаметжан бар), Оренбургтің (Ахмет, Міржакып бар) бірінде комитет қараған дұрыс. Бұған қажы мен роман жазушылар не айтар екен?

Мен мақаланы газетаға роман, өлең, өзге де көркем сөз емес, білем деген жолмен жазып отырмын. Роман сыны маған қол емес. Бірақ бұл күнде қажы атаған соң мұнан қашу маған жол емес. Мәдени жұртта көркем кітап жазып отыратын Ахмет, Міржакып газетаның уақ ісіне есіл ғұмырды байлап отыр. Білгенді қылам дегенге жұрт керегі қойып та жағыр ма. Шәкәрім, Ахмет, Міржакып (бұлар Апполоннан баға алған жоқ) жеріме түсті демесе, мен сыншы қарызын өткеруге құл болдым.

Әлихан. 18 сәуір, 1915”.

Осы пікірге орай басқа да хабарлама, мақалалар жарияланды.

93. 432-бет. **“...Плеханов еңбектерімен танысады”** — Плеханов Георгий Валентинович (1856—1918) марксист-философ, “Тарихтағы монистік көзқарасты дамыту жөнінде”, “Материализм жөніндегі очерктер”, “Тарихты материалистік тұрғыдан ұғыну туралы”, “Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде” сияқты еңбектері бар.

94. 433-бет. **“...мұратының асыл болу жолына жұмсайды”** — Асылдың арабшасы хасл — орындалу, жүзеге асу деген мағынада.

95. 434-бет. **“Меллаттың кел майданға талыптары”** — Меллат — ұлт.

96, 97. 434-бет. **“Қашыйа”, “мантық” жинап жүретін зікірші де емес** — Шығыста белгілі бір еңбекті, қолжазбаны немесе кітапты оқыған адамның оның бос жиектеріне жазған ой-пікір, ұсыныстары хашийя атанған. Мантық — логика.

98. 435-бет. **“...кәсіпкерлердің өздері емес — оқыған зиялылар (Покровский)”** — Покровский Михаил Николаевич (1868—1932) тарихшы.

99. 436-бет. **“...Шоң Шорманның Сәдуақасына айтылған”** — Шорманның Мұсасы Баянауылдың аға сұлтаны (1853—1868), Омбының әскери училищесінде оқыған, француз тілін жетік білген. “Қазақ халқы ғылым-білімсіз надандықтан қатып-семіп барады” деп Г.Н. Потанинге жазғаны да бар. Ал Сәдуақас Мұсаұлы қазақ қолжазбаларын жинаумен шұғылданған. П.М.Мелиоранскийге Абайдың өлеңдерін тапсырған. Қазақ елінің шаруашылығы, оқу-ағарту, мәдениеті, этнографиясы, әкімшілік, сот құрылысындағы өзгерістер, бұрынғы билер мен кейінгі билерді салыстырған мақалалары “Дала уәлаятының газетінде”, “Айқап” журналдарында басылған. Абайдың “Бір адамға екі бірдей адамның атын қояды екен, ол Сағид бин Уақас әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?” дегені осы Сәдуақасқа байланысты айтылған.

100. 438-бет. **“Бұған, әрине, сол кездегі Каутский”** — Каутский Карл (1854—1938) бастапқыда — марксист, кейіннен — ренегат.

101. 438-бет. **“Сұлтанмахмұттың “социализмі” утопистердің ғана социализмі болып шықты”** — Ақынның бұл туындысы алғаш “Абай” (1918, №3) журналында жарық көрді. “Социализм” — алдына басты мақсаты етіп, қайтсек мәдениетті елдер қатарына қосыламыз деген мәселені қояды. Еуропа болса біліммен тапқан жетістікті отар-шылықты күшейтуге, бірінің қанын бірі төуге жұмсап жатыр, мұндағы мақсат — әділетті қоғам құру, соған жету. Ғылыми негізі жоқ қоғамдық құрылысты бейнелейтін утопия атауын алғаш Томас Мор қолданысқа енгізген еді. Дж.Гаррингтон, Жан-Жак Руссо, Дени Дидролар утопистер атанды. Бұған Сұлтанмахмұтты жатқызудың қисыны келмейтін сияқты.

102. 103. 438-бет. **“XVIII ғасырда ағылшын жұртының Сен-Симон, Фурье сияқты білімпаздары”** — Сен-Симон Клод Анри

де Рубруа (1760—1837) француз ойшылы, социалист-утописті, “Жаңа христианшылдық” деген соңғы шығармасында ізгі қоғам жөніндегі утопиялық жоспарлар бағытын көрсетеді, Фурье Француа Мари Шарли (1772—1837) француздың сыншыл утописті.

104. 441-бет. **“Бұл әдет орыстың Короленко деген”** — Короленко Владимир Галактионович (1853—1921) Л. Н. Толстой, А. П. Чехов, М. Горький аса жоғары бағалаған жазушы. Қазақ тіліне “Тілсіз” (1936), “Соқыр музыкант” (1951), “Таңдамалы әңгімелер” (1952) деген шығармалары аударылған.

105. 444-бет. **“Мұнда қандай ікмәт бар?”** — Ікмәт — кінәрат, айып, кемшілік.

106. 448-бет. **“...жұртын өнер-білімге сүйреу жолына қарыштай бастады”** — Қарыштай бастады — жұмсай бастады.

107. 448-бет. **“...Екібастұз бен Жармақ теміржол бойындағы”** — Жармақ — Ермак.

108, 109. 449-бет. **“1924 жылдың басында Досұлы, Тоқжігітұлы”** — Досов Әбілқайыр (1899—1930) партия, мемлекет қайраткері. Тоқжігітов жөніндегі деректер жоқ (туған, өлген жылы белгісіз).

110, 111. 459-бет. **“Энгельс Бальзак жайында жазған сөзінде”** — Энгельс Фридрих (1820—1895) марксизм, ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың бірі, үлкен философ, ғалым ретінде де алатын орны зор. Жас кезінде Ф. Шлейермахер, Д. Штраус философияларын оқумен айналысты, Гегельдің “Тарих философиясын” терең талдап зерттеді. “Саяси экономияға сын”, “Неміс идеологиясы” (Маркспен бірге), “Анти Дюринг”, “Табиғат диалектикасы”, “Семьяның, жеке-меншіктің және мемлекеттің шығуы”, “Людвиг Фейербах және немістің классикалық философиясының ақыры” сияқты еңбектері кеңінен белгілі. Оноре де Бальзактың (1799—1851) ұлы туындылары қоғамның азғындануының азалы әні, “Адамдар комедиясы” Франция қоғамының тамаша, шынайы тарихы деп бағалады. Франция қоғамының тарихын тарихшылардың, экономистердің, статистердің кітаптарынан гөрі Бальзак шығармаларынан көбірек білгенін айтты.

112. 463-бет. **“...бүкіл қоғам сойларын көрсетумен”** — Сойлары — бетке ұстарлары, мықтылары.

113. 466-бет. **“...Дантениң әлдеқашан біздің салымыздан шығып қалған “Тәңірі комедиясы”** дозақ, бейіш күнәдан пәк қылу сарынын айтқалы тұрмын” — Данте Алигьери (1265—1321) итальян ақыны, геологі, философы. Оның “Тәңірі комедиясы” “Тамұқ”, “Күнәдан тазару”, “Ұжмақ” деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Әр бөлімде отыз үш жыр бар, “Тамұққа” қосылған бір жырмен барлығы жүз жыр болып шығады.

114. 466-бет. **“Сол сан дұшпандарынын азулысы Ш Николай, Папаны өтті көрге салып”** — Романовтар әулетінің патшалығы II Николаймен (1868—1918) аяқталады. Ол үй ішімен 1917 жылдың 8 наурызында тұтқындалып, 1918 жылдың 17 шілдесінде Екатеринбургте атылды. Ш Николай деп атылғандардың ішінде болған ұлын айтпаса, басқа Ш Николайдың бары белгісіз.

115. 466-бет. **“...діңкелеп, шетелдегі қашқындардың шайласын сырлап жүр”** — “Шайла — күрке, бұл жерде үйшік мағынасында қолданылған.

116. 468-бет. **“Бұл тұрмысты жай ғана жентек (фиксация) қып жазып қоймайды”** — Фиксация — белгілеу, назар аудару, жазып алу.

117. 468-бет. **“...адамның басын қатыратын мұздаған әлі тұрмыс оның көңілін күніштейді”** — Күніштейді — езгілейді, жаныштайды.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. ОҚУЛЫҚТАР	3
Новый аул. Русский букварь для казахских детей	5
Новый аул. 2-я книга для чтения по русскому языку для казахских детей школ I ступени.....	73
ХІХ ғасыр мен ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	245
 II. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	469

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

7-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан*
Көркемдеуші редакторы *Л. Өтебаева*
Техникалық редакторы *И. Селиванова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 11.03.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$, Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 26,5.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1251.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rrik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-149-4



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 4 9 4